

Сәттіғұл Жанғабылұлы  
**АМАНАТ**





САППИҒА ЖАНҒАБЫЛАҒА



**Сәттігүл Жанғабылұлы**  
**АМАНАТ**

---



**Алматы**  
**Er-Дәулет - 1996**

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 26

Жанғабылұлы Сәттігүл  
Аманат: Өлең толғаулар, жыр-дастандар. — Алматы:  
Ер-Дәулет, 1996. 386 — бет.  
ISBN 5-7667-3828-5

Бұл кітапқа жыр алыбы Сәттігүлдың қолға тиген барлық өлең-жырлары, толғаулары мен айтыстары енгізілді. Ақын шығармалары оқырманға мұндай толық көлемде тұңғыш рет ұсынылып отыр.

Жинақтың алғысөзін жазған филология ғылымдарының  
кадидаты Қабіболла Сыдиықұлы.

Жинақты құрастырып, түсініктерін жазған  
Жетібай Жылқышыұлы.

4702250202-15

Ж

00(05)-96

ББК 84 Қаз 7-5

© Жанғабылұлы С., 1996

Көркемдеуші редакторы  
Техникалық редакторы  
Суретші  
Теруші

Е.Зада-Ұлы  
А.Қонысбек  
В.Черданцев  
М.Төленқызы

«ЕР-ДӘУЛЕТ» ақпарат  
агенттігінің құрылтайшылары: Дәулет Тұрлықанов  
Еркін Қалиев  
ХБ № 22

---

Теруге 20.11.95. жіберілді. Басуға 18.01.96 қол қойылды. 60х90<sup>1/16</sup>. Қағазы  
офсеттік. Қарып түрі Академия. Офсеттік басылыс. Шартты баста табағы  
18.00. Есептік баста табағы 16,75. Таралымы 5 000 дана.

---

«Ер-Дәулет» ақпарат агенттігі.  
480013, Алматы, Сәтбаев көшесі 16-22.  
ҚР Жоғарғы Кенесінің баспаханасы, 480016, Алматы, Д.Қонаев 15/1.



## ХАЛЫҚ ЖЫРШЫСЫ

...1964 жыл. Қазан айының 1 жұлдызы. Мұңайлы Маңғыстау жүрегі Жетібай мекені. Сәттігүл ақынға сәлемдесуге келеміз. Қасында Қашаған ақынның немере інісі Өсербайдың Көпеші.

— Ассалаумағалейкум!!!

Сексен сегіз жастағы қарт ақын балалы қуанып, орнынан көтеріліп келеді.

— Қабиболламысың?

«Маңғыстауға келіп, Таушық, Өзен жағын аралап, Жетібайға келеді екен» дегенді естіп отырса керек.

Жауырыны қақпақтай Сәтекең соңғы жылдары кәрілік алқымдан, едәуір еңкіп тартып, қиярлейін, пөгірсіреп кетіпті. Сақал-пашы шарған. Өткен-кеткенді есіне алып ақтарыла сөйлейді. Абыл мен Нұрым, Қашаған мен Ақтан жайында, «Адайдың жеті қайқысы» жақынды өзгімелейді. Керемет деректер, келісті өлеңдер, жақынтай жырлар ағыла түседі. Бірақ, қайыра сұрап, қарт ақынды қалжыратқың келмейді, ілесің ілесіп жазып отырарсың.

Гүс аутан пықта Сәтекең үйіне үлкеңді-кішілі біраз адам жиналды. Бірқатары ақынға сәлемдесе, кейбіреулері бізді естіп келіпті.

.. Үй сыртындағы сәкіде ақын, жыршылар. Ортасында басын қар шалған қарт емендей Сәтекең. Кәрі жолдас қоңыр домбырасын шіршіп-пәртіп жіберіп, ақын алысқа қарайды... Көз алдында қиярсыз созылған Жетібай даласы, алдаған мұнаралар, қан тамырындай сан тарау дала жолдарында көз ұшында ағындап бара жатқан мапиялар... Ақ пайдқан үйлер... Ақын жырлап кетті. Бабына гүскен қырандай парықтан-пығаңдал, ағындап келіп домбырасын сүйеді. Ақын жазары өлі алыста. Ол көзкөрінім көкжиекке ғаша емес, сонау бұлдырап қалған алыс жылдарға, жүдеу де жұшыны балалық шағы өткен Бозапшы мекеніш ойша еске алып, қыялға, әріге көз салғандай...

... Нар біткенге қалы кілем жауып, ызы-пу болып жұрт жайлауға көпкенде қыстау басында жылжи алмай қалған қарапаң үйлер. «Тепше» мекепін гебіндеген қалың жатақ, мыжырайған папшық, қисайған қалың күркелер. Көріні еште көзтүрткі болғаннан ырыздықты жер анадан күткен жарлы ауыл. Бірді-екіі күш көлігін құдықтан су тартып, егін суару үшін пығырға жегіп, жалғыз жарым лақты епкісін боз палап етіп отырған жарлы-жақыбайлар, күн ұзағына жер тырнаған, жоқшылық еңсесін езген, бірақ қиындық жетегінде қисая кетпей, тіршілік қамында тырбының жүрген жаңдар. Дала өмірінен томаға-тұйық, бейхабар қалмай, іпінара ел ішінде етік тігіп, пымырау қазып, зират салып, ел хабарын, жыры мен күйін ала келетін талапкерлері бар қауым. Ұзақкүнге іс соққан етік тіккен, балға тақылы тынбайғын, кеште қатықсыз көжеден кейін жүректерін күймен, жырман жалғаған ауыл...

Осы ауылда жарлы Жаңғабыл үйінде 1876 жылы Сәттігүл ақын дүниеге келген. Ол кезде бұл өңір Маңғыстау уезінің 2-Бозапты болысы аталатын. Келешек ақынның балалық, жастық пағы да өмір толқыны палғаға әкеліп тастаған салындыдай күнептісі кем, байлық бақыр, білімнен кеңде осы ауылда өткен. Жас Сәттігүлдың көкірегіне берік ұялаған, сезіне, көре өскені михнатты еңбек, кештегі ауыл өнерпаздарының жыры мен күйі, жоқшылық тұрмыс еңселерін езген абзал жаңдардың ауыр өмірі. Сол бір қиын кездерді ақын былай деп ақтарыла, апына айтады,

*... Бес атадан бер қарай  
Мал бітпеген сорлымын.  
Өзімнің әкем Жаңғабыл  
Сорқұдық, Теппе ойлардан  
Егін салып, жер қазған, —  
Шертетін көрген қорлығын,  
Мен де көрдім жарлықтың  
Әрбір түрлі тарлығын.  
Жиырма жасқа келген соң  
Кесірінен жарлықтың  
Тастадым қоныс жерімді,  
Қарындас, халық-елімді...*

1896 жылдары тұрмыс тарпылығынан Бозапты мекенін тастап, Хорезмге босқан жарлылармен бірге Жаңғабыл үйі де кетеді. Сол жақта мақта жинайды, егін салады — жалдамалы кәсіп етеді, қайтсе де еңбектері жанбайды. Қайда барса да ауыр тұрмыс арнасынан пыға алмаған Жаңғабыл үйі біраз жылдан соң Бозаптыға оралады. Сол жылдар Сәттігүлдың әкесі мен ағасы дүние салады. Енді екі үйлі жаңды асырау миңдегі Сәттігүлға қалады. Ата-бабасынан бері қарай еңсесін көтертпеген жоқшылық өмір келешек ақынның жігерін қайран, сезімтал, сергек ойға бастайды.

Сәттігүл жастайынан жалдамалы еңбекке араласып, жоқшылық зарын гарта жүріп, жыр-күйе құмарта өседі. Абыл мен Махамбеттің, Шерияз бен Қапағаштың озырылық пен ездікті әпкерелейтін отты жырлары, Ақтан мен Нұрымшың ерлік дастандарын жаттап, өмір бойы жанына жалау етер күшті бір құрал тапқандай болады.

*... Қолыма домбыра алдым он бесімде  
Жол өттім асу-асу ел көшімен,  
Ел сүйген ер Махамбет, Абыл ақын  
Өтіпті өртті өмірмен белдесумен...*

деген жыр жолдарында ақын өз өмірінің біраз сырын дәл толғай білген. Көкірегі шерлі жастың ызалы бір өлеңі әкесі хал үстінде жатқанда туады:

*... Жоқтықтан құтылатын күн болар ма?  
Жарлыны жаратқан ба жүн боларға?  
Ай, әке-ау, қарғанамыз, жылаймыз  
Көңілді өте алмады-ау бір айымыз...*

Өмір теңсіздігіне деген қапа-қайғысын білдірген осы өлеңінен бастап Сәттігүл Қазан төңкерісіне дейін әділетсіздікті өшкереlep, ел ерлерін дәріптеген өлең толғаулар шығарып, халық ақындарының өлең-жырларын айтып жүреді. Ел ішіндегі ақындармен айтысқа түседі, солардың кейбіреулері ғана болмаса, көбі ақын есінде сақталмаған, ұмытылған, сауатсыз болғандықтан оларды хатқа түсірерлік мүмкіндігі де болмаған.

Сәттігүл көкірегіне шер байлаған жоқшылық өмір болса, оның ақындық талантын оятқан Атырау алқабындағы телегей теңіздей ақындық, әншілік, күйшілік өнер ортасы. Ол халық әдебиетінің көне де асыл мұраларынан, Асан мен Сыпыра толғауларынан, Абыл мен Махамбет, Ақтан мен Нұрым, Шернияз бен Қаулаған жырларынан сусындай өседі. «Адайдың жеті қайғысы» атанған әнші-күйшілер, Аралбай, Өмір сияқты ақындар Сәттігүлдың бір жүріп жыр өрбіткен өнер ортасы еді.

Топ жарын айтысқа түсіп, кейбір өгірем де өзімшіл атқа мінерлер мен жерлікті патша әкімдерін тілдеген уығты да өткір жырларымен Сәттігүл жас кезінен-ақ ақын атанады. Ол бүкіл елді күйзелткен 1910 жылғы алапат жұт пен 1916 жылғы июнь жарлығы кезіндегі бұқара халін үнемі тебірене толғап отырған. Бұрын өмірдегі әділетсіздікті өшкереlep, бұқара арманын толғаған ақын Қазан төңкерісі жеңісінің алғашқы күндерінен бастап жаңалық атаулыға белсене үн қосып, ұзақ жылдар (1926-1957) аудандық мәдениет мекемелерінде ақын-үгітші міндетін атқарып келген. Колхозды ауыл мен өндірісті өлкенің ойы-қырын тынбай аралап, еңбек адамдарының еңбегін шабыттана жыр етеді. Алғашқы бесжылдықтар, Отан соғысы, одан кейінгі дәуірлердің қай-қайсысында да ақын көшпелік көңіліне жол тапқан насихатшы бола білді.

1936 жылы қарт ақын қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне Мәскеуге сапар шегеді. Осы сапарда атын естігені болмаса бұрын кездеспеген халық таланттарымен дидаласады, қазақ-кеңес ауыз әдебиетінің ағынды бұлақтары Жамбылмен, Нүрпейіспен танысады.

1937 жылы Сәттігүл Алматыда болған көркемөнерпаздардың республикалық байқауына қатысады. Ақын дарыны байқауда ерекше табылып, сол жылы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылданады. Бұл сапарда ақын Қазақстанның өнер, әдебиет қайраткерлерінің көбімен кездеседі. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен танысады. Алматы әсері жолшыбай көргендері ақынға

ерекше әсер етеді. 1939 жылы июльде болған Қазақстан кеңес жазушылары мен халық ақындарының екінші съезіне қатысады.

Ақын өміріндегі елеулі кезең 1939 жыл. Еліміздің алыс түкпірінде жатқан қарт ақын тамыз айында бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінің ашылу құрметіне әрбір одақтас республикадан келген халық өнерпаздары қатарында Мәскеуге барады. Қазақ өнерпаздары астананың «Зеленый театр» өнер көрсетеді. Мәскеу жұртшылығы баспасөз бетінде қазақ өнерпаздарының өнерін ерекше бағалайды. Сол бағаға ие болған халық таланттарының ішінде Сәттіғұл ақын да болған.

Әлі мен күйі, алдызы мен жыры ғана емес, халық басынан өткен тарихи әңгімеге бай Маңғыстау елінде болған елеулі оқиғаларға Сәттіғұл ақын ерекше көңіл аудара бастайды. Өзіне етене табыс тарихи оқиға негізінде 1939 жылы «Досан батыр» дастанын шығарады.

1941 жылы июльде Семей, Қызылорда, Ақтөбе, Орал қалаларында халық ақындарының облысаралық слеті өткізіледі. Слеттің алғашқы тақырыбы Қазақстанның 25 жылдық мерекесіне дайындық жайлы еді. Фашистер тұтқиылдан соғыс ашты. Слет күні тәртібі кенет Отан қорғау мәселесіне ауысты. Слетке қатысушы халық ақындары бүкіл елді Отан қорғауға шақырған отты сөздер сөйлеп, қанарлы жырлар төгеді. Ақындар жыры жалынды үндеуге айналады. Жыр бұлағы Жамбыл сияқты Сәттіғұлдың да Отан соғысының алғашқы кезеңінің өзінде кеңес адамдары берік сенімге үлдеген «Фашизмді жоямыз!» — деген уығты жыры («Социалистік Қазақстан», 28. VIII. 1941 жыл) осы кезде туды.

Отан соғысы жылдарында қарт ақын жасының алшыстан асқаңдығына қарамастан гәлі облыс көлемін аралап, жауды жайратып, жеңісті тездетуге, еңбек қарқынын үдетуге шақырған жалынды жырлар төгеді. 1943 жылы облыста ұйымдастырылған аудан, өңдіісаралық айтыстарға қатысады.

1943 жылы республикалық айтысқа, 1946 жылы Жамбыл ақынының жүз жылдық тойына қатысу, 1954 жылы қазақтың ұлы ақыны Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналған мәжілісте болу, оңда Абайға арнаған өлеңінің ілтипатқа ие болуы қарт ақынды қанааттаңдыра түседі.

Сәттіғұл тоқсан жылдық өмірінің соңғы кезеңін мұнайлы Маңғыстау жүрегі Жетібайда өткізеді, өмірдің алуан тақырыбына арналған жырлар толғайды.

Сәткен көп жылғы ақындық еңбегі үшін 1944 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен, Отан соғысынан кейін «1941-1945 жылдардағы Отан соғысы кезіндегі айбынды еңбегі үшін» медалімен наградталады. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы бойынша 1961 жылы «Халық ақыны» деген құрметті атақты иеленіп, 1966 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен сыйланады.

Көптеген перзенттері мен жұбайы қаза болып, өмір қайғысы қабырғасын қаншама қайыстырса да, халық тағдырын өз мұрнынан артық санаған оптимист ақын елімен бірге саналуан оқиғаны



басынан көптіріп, бір ғасырға жуық ғұмыр сүрді. Елінің жыр дүлдiлi атапған дауылпаздай дауысты ақып 1966 жылы дүниеден өттi. Бейтi ата қонысы Түшiкүдүқта.



Сәттiгүл ақын өзi хат танып, жаза бiлмегенмен мүмкiндiгiне орай өлең, толғауларын жырпыларға жеткiзуге әрекеттенген. Өнер сүйер жастар қарт ақыпқа көмекке келген. Ақып оларға өлең, жырларын, өзi бiлетiн ақындар мұрасын жаздырып 1937 жылдан бастап республикамыздың ғылыми зерттеу орындарына жiберiп отырады. 1946 жылдан СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының пiл және әдебиет секторымен тығыз байланыс жасайды. Пығармаларын баспасөзге жолдайды. Жырмасыпшы жылдардағы өлеңдерi «Жұмыскер тiлi», «Еңбекшi қазақ» газеттерiнде жарық көрген. Ақып жырлары содан берi облыстық, республикалық газет-журналдарда үзбей жарияланпн келедi. Таңдаулы өлең, толғаулары «Ленин» (Қызылорда, 1928), «Ленин мен партия туралы жырлар» (Алматы, 1949), «Ақын жырлары» (Алматы, 1958), «Пернедегi термелер» (Алматы, 1965), «Ленин деп халық жырлайды» (Алматы, 1969) сияқты жинақтарға енген. 1967 жылы «Тоқсан толғау», 1986 жылы «Ой толғау» атты жеке жыр жинақтары жарық көрдi.

Халық ақыны Сәттiгүл пығармашылығына қаламгерлер елуiншi жылдардан бастап ерекше назар аудара бастады. «Облысымыздың халық ақындары Ұлы Отан соғысы жылдарында» (Гурьев, 1943) деген жинақта жарияланған Т.Малаев пен С.Хайдаровтың «Ақын — үйтпiш» атты мақаласында Сәттiгүлдың өмiр жолы мен ақындық қызметiн, Отан соғысы кезiндегi жалынды үйтпiлiк iсiн орыңды сөз еткен. Соңдай-ақ «Қазақ әдебиетi тарихының» 1 томында (1948) ақынның «Досан батыр» дастаны туралы зерттеу жарық көрдi (авторы Б.Шалабаев). Бұл зерттеу «Қазақ әдебиетi тарихының» (1-кiтап) 1960 жылғы басылымында да жарияланды. «Ленин мен партия туралы жырлар» (1949), «Пернедегi термелер» (1965) атты жинақтар мен проф. Ысмайловтың «Ақындар» (1986) атты монографиясында ақын өмiрi өмiрi туралы қысқаша мағлұматтар берiлiп, оның өмiр шыңдығын жырлап келе жатқан майталман ақын екендiгi орыңды бағаланады. Мұндай пiкiрлер «Ақындар жыры» (1963), «Қазақтың қазiргi халық поэзиясы» (1973) жинақтарында да бар.

Сәттiгүлдың өмiрi мен ақындығына, пығармашылығына қағысты мақалалар мен зерттеулер жетпiсiншi жылдардан бастап көбiрек жазылды. Ақыпның тоқсан, жүз жылдық мерейтойлары қарсаңында, той кездерiнде республикалық және жергiлiктi мерзiмдi баспасөз беттерiнде С.Мұқанов, Ә.Сәрсенбаев, Х.Ерғалиев, А.Әбдiров, Қ.Сыдықов, М.Әбдiхалықов, Б.Қолқытов, Ш.Әленов, Г.Шайкөзов, Ж.Тiлсенов, О.Бәлдсков, Е.Өмiрбаев, О.Ізбасаров, У.Қайралипов, Ө.Алпынбаев, Е.Оразақов, М.Атымов, Ә.Кекiлбаев, Л.Әпианов, Т.Медетбсков, Д.Хасанов, Ә.Қонарбаев, Қ.Досболов сияқты жазушылар мен журналистердiң мақала, зерттеу, естелiктерi

Сәттігүл ақындығын халыққа кеңінен насихаттай алды. Ақынның мерейтойы тұстарыңда Маңғыстау, Атырау облыстық, Красноводск аудандық газеттері арнайы беттер берді, хабарлар жариялады. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1964), «Маңғыстау» (1973), «Ақын, жыраулар» (1974), «Гоқсан толғау» (1967), «Ой толғау» (1986) кітаптарыңда Сәттігүл шығармашылығына орынды да орнықты, байыпты да байсалды бағалар берілді.

\*\*\*

Сәттігүл шығармалары жанрлық жағынан өлеңдер мен толғаулар, жыр-дастандар мен айтыстар болып келеді.

Өлең-толғаулар тақырыбы мен мән-мазмұны жағынан насихат сөздер, үгіт-насихат, арнау, жоқтау, жұбату, көңіл айту, бата, тілек өлең толғаулар және халықтар достығы, Отан қорғау, туған ел хақындағы палқыма жырлар түрінде кездеседі.

Жоқшылық тұрмыс пен өзі ұстаз тұтқан ақын, жыраулардың сыпшылық әуені әлеуметтік теңсіздік жайын Сәттігүлдың ерте ұғуына ерекше әсер етеді. Ақынның бізге жеткен Қазан төңкерісіне дейінгі шығармаларыңда өмір теңсіздігін сезінуі айқын аңғарылады.

«Хорезмге көшкенде» — ақынның алғашқы өлеңдерінің бірі болса керек.

*... Келмейді кедейліктен көңіл хошы,  
Қалған жоқ біздеі неше кімнің досы,  
Бозашы — суың тәтті, құмың жұмсақ  
Адыра қалдың бізден бүгін осы...*

Бұл бүкіл елді күйзелткен алапат жұт салдарымен күнелтіс іздеп Хорезмге көшкендегі он алты жасар жас ақынның жүрек түбінен шымырлап шыққан «кір жуып кіндік кескен» туған жерді қимас сезімі еді.

Бұл өмірімен біте қайнаса өскен Сәттігүл ақынды халықтың қабырғасын қайыстырған ірі оқиғалар тебіренгіп отырған. «Ыза» «1916 жыл» сияқты өлең толғауларыңда бүкіл елдің ортақ тағдырын суреттейді. Замана қысаңдығы, өмір әділетсіздігі бір ғана ақын басындағы қапа-қайғы емес, кемтар қауымның ғасырлар тартып келе жатқан қасіреті күйінде сезіледі.

Сәттігүл Қазан төңкерісіне дейін мадақ-мақтау, арнау өлеңдерді, насихат сөздерді, жұбату, көңіл айту өлең толғауларын көп шығарған. Ондай шығармаларыңда ақын ислам діні қағидаларын ел шежіресін мол білетін зерделігімен ерекше танылады. Жұбату, көңіл айту, жоқтау толғауларыңда жүректі жаралаған ауыр шерді ақтара айтып, көңіл қайғысын сөйлер серпінді де сезімтал жырлар толғаса, мадақ-арнауларыңда елдің өткен-кеткен азамат-ерлерін еске алып, рухын ұлғылап, мақтан тұта тебіренеді. Насихат толғауларын ислам мысалдарын негізге ала жырлайды. Ақынның бұл сипаттағы өлең толғаулары кеңестік кезеңде халықтың көңілінде ғана жүрді. Оларды той-думаңда, жиып-кештерде ашық айтуға мүмкін болмады. Ондай жырларының бірлі-жарымы баспа жүзінен көрер болса, олар сол кездің тәртіп-тәртіне сай күзеліп, қысқарып

жарияланатын. Ал «Тоқсан толғау», «Ой толғау» жинақтарына еш еш толғау, дастандарының өзі де сондай тезден өтуге тиіс болды. Бұл орайда сол кездің жағдайын білмеген кейбір оқырманның «қысқарып кеткен», «дұрыс жарияланбаған» деп жағдай түзелгесін отыз жылдан кейін от басында отырып палқып сөз айтатыны да кездеседі, немесе ақынның бір-екі өлеңін жариялап, не бірер мақала жазып, сол алақандай жазбасымен «жарық дүниені жарылқап тастадым, өзгелер түк істемеген» дейтіндер де бар. Өткеннің өзгенің еңбегін көрмей, оларды орынсыз мансұқ ету арқылы игілік істеймін деу үлкен әбестік. Қай заманда да өзіңнен бұрынғы игілікті істерді жалған жоққа шығару арқылы епкім мұратқа жеткен емес.

Көп уақыт оқырман назарынан тыс келген Сәттігүл шығармалары қатарына «Тобанияз туралы толғаулары» да жатады. Оның бірі «Тобанияз хан тұрғанда», екіншісі «Тобанияз ұсталғанда» деп аталады.

Ақын көңілін терең тебіреніске түсірген Тобанияз кім еді? Ол 1918 жылы қазақ даласының төтенше комиссары Әліби Жангелдин Қаратөбеде өткізген он екі болыс өкілдері съезінде сайланған Адай төңкеріс комитетінің төрағасы. Әрине бұл орынға кез-келген адам ұсынылмайтыншы белгілі. Осы кезде Маңғыстау елінде Тобанияздан гөрі байлық, бағы жоғары, орысппа, қазақпа білімі артық азаматтары да болған. Бірақ он екі болыс өкілдері, Адай ақсақалдары түбек халқын етене білетін, ел мүддесін қорғай алатын, өзге жерлерде тиісті орындарда қажетті сөзін айта алатын иепкен, би, өткір, тура, әділ, ұйымдастырушылық қабілеті зор, үлкен жүректі азамат деп Тобаниязды таныған. Оны Адай елінің бетке ұстар беделі деп білген.

Міне, халық осылай бағалаған Тобанияз төңкеріс комитетінің төрағалығына сайланғанда Сәттігүл қуана, жүрек жарды ақтарыла толғаса, қара күндердің қармағына ілінгенде қабырғасы қайыса, қайғыра тебіренген. Бірақ, бұл толғаулардың бірі 1918, екіншісі 1929 жылдарда шығарылса да күні бүгінге дейін аса мәлім бола бермеген. Оған себеп — Тобанияз ұсталып кетті. Ол туралы жыр-толғау айтушылар қатыгез мезгілдің қаңарынан қорқып, қаймыға түсті. Кезінде жазып алғандар қағаздарын тасаға тығып, үйренгендер үндемей қалды. Елдің негізгі табанынан жырақта иекен-салқ, азкем той, садақада қарақалпақ, түркімен жеріндегі — күм өрсеңдегі қазақ ауылдарында ғана айтылып жүрді.

Сәттігүлдың бұл екі толғауды, әсіресе Тобанияз тағдыры тығырыққа тірелгеннен кейінгі екінші толғауды шығаруы үлкен ерлік еді. Бұл не нәрсеге ұшыраса да нар тәуекел деп халық сезімін білдіруге бел бұтқан, борап тұрған оққа қарсы барумен бірдей ақындық азаматтық әрекеті.

Сәттігүл «Төңкеріс комитетінің төрағасы» дегенді қазақпа «хан» деп ұғынған. Көп ғасырлық тарихымызда тура би, парасатты хандар ғана елді дұрыс жолға бастаған. Сондықтан Сәттігүлдың олай атауы орынды да. Тобанияздың мақсат-мұратын, ел алдындағы қызметін танытуда бұл толғаулар неғұрлым шынайы деректер

береді. Себебі, Сәттігүл Тобашиязды да, сол кезең оқиғаларын да жақсы білген.

Сәттігүл кеңестік дәуірде өмірдің әрбір жаңалығына үнемі үн қосып, халық арасында жүрді. Ақынының бұл дәуіріндегі жырларының тақырыбы да сан алуан. Жамбыл бастаған Сәттігүл замандас халық ақындарының қай-қайсысы да, Сәттігүл да заман ыңғайына орай Қазақ төңкерісін, Ленигі мен Сталинді, социализм мен коммунизмді, коммунистік партияны жырлады. Ондай пығармалар қазір ел арасында айтылудан қалып, мұражайлар мен отбасылық архивтердің мүлкіне айналды. Оның есесіне ел тағдыры туралы жазылған қасиетті жырлар халқымен қайта габысты.

Сәттігүл ақынының Пушкинге, Абайға, Қағып Сәтбаевқа, ер Исатайға, Сыдық Жұбаевқа, үпқышпарға, жауынгер жастарға, украин халқына, Алексей Стахановқа, Каспий ерлеріне арналған өлең, толғаулары және туған ел, отан байлығы туралы тебіреністері бүгінде асқақ та айбынды, көркем де келісті оқылады.

Сәттігүлдың бір топ өлеңдері ел байлығы, туған жер жайында. «Маңғыстау» (1935), «Алматы шаарында» (1937), «Москва» (1939), «Барбынок журналына» (1951), «Өлке байлығы» (1960), «Жетібай жыры» (1963), «Маңғыстау — малдың анасы» (1963), «Бүгінгі Қазақстаным» (1963), т.б. өлеңдерде ақын туған ел — Қазақтан бейнесі мен көп ұлтты халықтар достығын пәбыттана толғаған.

*... Ерлерім құрып жатыр мұнараны  
Байлыққа бөлеуіміз деп бұл араны,  
Бақытты, әр еңбектің күйін шертіп  
Ақ қала самсап қырда тұрар әлі...*

Ақын туған жер келешегіне сенім көзімен армандай қарайды.

Қаһарман еңбек адамдары қиынға құлаш ұрды. Тұлпар гүяғы күйген, сұңқар қашаты талған, күйін мен ебелек қана мекендеп, сан жыл сарғайған даланы тасқынды еңбек түлетін жатыр. Қиындық атаулыдан, табиғат табымшылығынан қаймықпай, безбүйрек табиғатты береген етуде. Соңдай мекеннің бірі мұнайлы Маңғыстау. Сәттігүлдың «Жетібай туралы жыры» осы өлкені түлеткен еңбек қаһармандары жайлы. Ақын мұнда мұндай қаһармандық килті бірлік, ынтымақ екенін желісті жеткізе алған.

Сәттігүл ақын өзі хат тағып жаза білмесе де елдің арғы-бергі тарихын, ақын-өкі рияздарын оқытып, тыңдап, мейіріне тебіренеді. Еліміздің әдебиет пен мәдениет, ғылым мен еңбек саласында өпшес із қалдырған азамат ерлері туралы толғанады. Өзіне өлең сөзден өпшес ескерткіш соғып кеткен поэзия асқары А.С.Пушкин мүсінін ақын көркем де мәнді етіп бейнелеген. Ол өлмес өлегімен бүгінгі ұрпағымен тілдесін жатқан Абайды да «ойы — асқақ, арманы — асқар, өлең — алтын» деп бағалай білді.

Отанды қорғау ақын жырларындағы өзекті тақырыптың бірі. Сәттігүлдың қырқышы жылдардағы өлеңдерінің қай-қайсысында да уақыт ұрашын жырлай білген азаматтық үні сезіледі. Ақын Отан соғысының алғашқы күндерінің өзінде неміс фашистерін құс азғышы құладыға, біздің Оташымызды асқар тауға теңеп, біздің жеңіске

жететіпмізді зор сепіммен толғады. Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде ақынның сол бір айбынды толғауы әр жүрекке жалын қосын жойғын жігерге үндегені аян. Сәттіғұл Отан соғысы жылдарында ауыл мен өндірісті аралап, ел еңбеккерлерін жеңс үлпін қажырлы еңбек майданына шақырады («Қолхозпы жолдастарға», «Үгіт жыры», «Ақындарға»). Арсыз жау арапын апын ұмтылған пақта ұлы Оталымыздың ар-намысын қорғап, ел мерейін өсірген ерлерді жырлады. Қарт ақынды ерекпе пабыттандырған өзі кепе ғана ақ тілеу айтып атаңдырған жерлесі Исатай Сүйеубаевтың Еділдегі ерлік ісі еді. Исатай батырлығы бүкіл тыл мен майдан даласына аңыз боп тараған болатын. Қас дүппан оғы қардай бораған қан майданның қиын сәттерінде жаралағанына қарамастан «КВ» бронды танкісімен жауға қарсы шауын, жаудың 7 джотын құртын, 150 фаписті жайратқан Исатай ерлігі совет жауынгерлеріне ерекпе рух береді. Сол кезде жерлестері батыр жауынгерді жаңа ерліктерге үңден жігерлендіре түсті. «Исатай, туған елің тарапынан болуға тиіс көмек күпейе береді деп сен. Біз өмір мен өлім белдескен кезеңде Қызыл Армияға сүйіп бола аламыз. Өйткені фапизімді жер бетінен жоюға керекті нәрселердің бәрі бізде бар» — деп жазды олар осы Исатай ерлігі хақында майдан газетінде («За честь Родины», 1943, I.Y.).

А.Безыменский «Біз сепі мақтан етеміз, Сүйеубаев» очеркін жариялады. Сәттіғұл да Исатай ерлігіне «Ер Исатай» толғауын арнады. Ақын оңда батырдың ерлік, азаматтық ісін шап етіп, ел сепімін, ана сүтін ақтаған ұлды үлгі, өнеге етеді. Қарт ақын бір жырында

*... О заманда, бү заман  
Арамның жолы болмаған,  
Адамның жауы фашист  
Қуылды біздің Волгадан,*

деп азаматтық парасатты үн қатады. Кеңес ерлерінің жеңімпаздығын мақтан етеді. 1945 жылы жау талқандалып, қушып хабары әлемге тараған пақта ақын ақ жүрегінен ақтарыла пағтапын, жеңс жырын толғайды. Ол бірқатар өлеңдерінде («Аты өңсін соғыстың») сұрашыл соғыстың қасіретінен мезі болған ақ жүректі адамзат баласының лебізін білдіре үн тастаған азамат ақын.

*... Соғыс десе дүшпенің  
Қарс айырылып көкірегі  
Қабырғасы қақырар,  
Құрысын соғыс аты өңсін  
Үйіңді көтер, дүше,  
Өлімсе қарсы шақырар!*

Ақын айтулы ардагерлер туралы айтса да, елге елеулі қызмет еткен ержүрек ерлер туралы тебіренсе де, халықтың көкейжесті армашына айналған достық пен бейбіт өмір туралы толғаса да, ақша ақындық дәстүрде ағыңдап ақтарыла, палмырқана, палқи жырлайды. Шағын халықтық құнарлы сөздерді, ойлы да әрлі орамдарды түйдектете төгін, тапшаған жорғадай, бабында гүрған жүйіріктей жоснды. Сәттіғұл жырларынан дәуірдің өзі күн тәртібіне қойған

мәселелерді жедел толғап, әлеуметтік өмірімізге қызу араласып келген ақын екендігін танимыз.

\* \* \*

Сәттігүлде айтыстың сөз қағысу, жұмбақ айтысы, дағдылы айтыс түрлері кездеседі. Сөз қағысуы яки қағымдасу түрін ақын қоғамдық мадднің жағдайсыз халін көріп, парнаушылық баспыларын сынау да қолданады. Ал, жұмбақ айтыстың әдемі түрі Сүтір жыраумен жазбап сайысы. Бұл айтыстың ел арасында жинақта беріліп отырған С.Балхаев нұсқасынан да өзге жазбалары бар. Сондай жазбалардың бірі осы жолдардың авторы, жырпы-ақын Сәду Қайырлағовтан 1965 жылы магнитофон таспасына жазып алып қағазға түсірген көркемдік нұсқасы.

Сүтір жырау Бегендікулы есімі Маңғыстау, Қарақалмақ, Түрікмен елдеріне кең тараған. 1894 жылы Маңғыстау түбегіндегі Өгізді-Өреул деген жерде дүниеге келген. Ескіше сауатты бола тұрса да Сүтір ақындар жырын жаза үйреніп, ауызпа толғаған. Жырпылық өнегесі Маңғыстау, Қарақалмақ, Түрікмен жеріндегі ақып-жыраулар. Ол атақты ақындар Қапаған мен Сәттігүлдан, әйгілі әнші Шолтаманнан, атышұлы жырпы Қарасайдан өнеге алады. Қарт жырау 1971 жылы Маңғыстау түбегіндегі Ескі Өзен поселкесінде осы жолдардың авторына бірқатар деректер жаздыра отырып, Қарасаймен кездесуін еске алғаны бар: «Қырықмылтық Қарасай жырпышы Таран дегеннің асында көрдім. Қарасай ол кезде 68-демің деген. Мен 33-те едім».

Сүтір көп жылдарын Қарақалмақ жерінде өткізген. Өзінің айтуынша Қарақалмақ жеріндегі магнитофоны бар үйлерде оның репертуарындағы жырлардың көбі жазылған. Сүтірдің бірқатар жыры Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында. Репертуарында: «Мұңлық-Зарлық», «Алғамыс», «Қарасай-Қазы», «Орақ-Мамай» және Қапаған мен Нұрым, Ақтан мен Сәттігүл жырлары, т.б. мұралар.

Сүтір де негізінен, Мұрын сияқты ұзақ, желілі жырлар айтуға төселген үздік жырпы. Оны да халық сол себепті «жырау» атаған. Жырау 1974 жылы Ескі Өзенде дүние салады.

Сүтір 1971 жылы кездесуде Сәттігүлмен айтысу тарихын баяндап береді: «Жұртқа қызық керек. Біреулер «Сүтір сізбен айтыспақшы көрінеді» депті. Сәтекең илаһып қалып, маған жұмбақ жолдапты. Шепке алмай, білімдар ағайынымыз Размағанбетке бардым. Ол 5-6 қалың кітапты қарап жіберіп, пепун айтып берді. Мен оны жырға айналдырып, Сәтекеңе жібердім. Кейін Сәтекең айтыпты «Япырмай, маған не болғаны, өз иімді әлекке салып жұмбақ жолдағаным. Осы жыры түскірдің желі бар-ау».

Қазақ ақындарында жиі кездесетін бағзы дәстүр бойынша Сәттігүл сұрақтарында жер мен көктің табиғаты, неке негізі, нәжүз-мәжүз тегі туралы мәселелер қозғайды. Ондағы ойы — жас

ақынның білім шамасын байқау, өзіне «сес» көрсеткен Сүтірді мүдірту.

*... Сәттігүлдей ағаңнан  
Көп сәлем шайыр Сүгірге  
Елімді кезіп еңселеп  
Қосылдым талай дүбірге.  
Болғаннан соң жақыным  
Саған айтар ақылым:  
Мойныңды бұрып, көз салып  
Болмайтын жерге үңілме,  
Шамасыз жерге шарқ ұрып  
Тоғыңды шайқап бүлінбе!  
Төңіректе ақын көп  
Өнерің болса тіліңде...*

деп «шамасыз жерге шарқ ұрмай» өз тұрғыластарыңмен өнер сынас дейді. Ағалық өнеге, әрі сын ретіндегі осы сөздерге Сәттігүл сұрағына Сүтір де өзіше жауап берген. Атыс Нұрым мен Қапаған сөз жарыстыруын еске салады. Бұл айтысты халық ақындарының ежелгі дәстүрі бойынша өзін Сәттігүл пәкірті санаған Сүтір жырлап таратқан.

1943 жылы Қазақстанда облыстық, республикалық айтыстар ұйымдастырылды. Айтыс әуелі колхоз, совхоз, өндіріс орталықтарында өтті. Сәттігүл осы тұста Құмар, Сұраубай ақындармен сайысқа күседі.

Сәттігүлдың Құмармен бірінші айтысы Ескене мұнай өндірісінде өтеді. Бұл учаскеаралық айтыс еді. Сәттігүл мастер Еремина басқарған учаскенің, әсіресе мастер қыздың Отан соғысы кезіндегі ерлік еңбегін шабыттана толғайды. Екі ақынның да өткір сынға алары жылаңқия-жалқаулық пен жұмысқа қырсыздық. Айтыс соңында төрепін ақын Сұраубай бүкіл мұнайшы қауымға мәнді ұран тастайды:

*... Күш берейік майданға  
Мұнайменен, жырменен.  
Күлі ұшып күйресін  
Пасық жаулар емексіп  
Баса көктеп күндеген...*

Екі ақынның да өндіріс өмірін терең білмегендігінен кездесетін жалаң сын, құрғақ мақтау, сірескен қарадүрсін жолдары бола тұрса да бұл айтыс кезінде үгіттік мәні зор, кемпілік, оққылықты жоюға ерекше көмектескен өзара сынның өткір құралы болғандығы аян.

Екінші кездесуде (1943) Сәттігүл Бақсай, Құмар Есбол ауданы атынан айтысады. Сәттігүлдың мақтан етері — соғыс жылдарындағы аудан еңбекшілерінің тамақ табысы, қаһармандық еңбегі. Құмар да өз жетістігін суреттей келе:

*Сәтеке, қанша сайрап желгенменен  
Айрылдың Қызыл Тудан ұйықтап қалып,  
Оянсаң қолыңдағы Қызыл Ту жоқ,  
Қалыпсың сасқалақтап естен танып, —*

ден сыға алса, Сәттігүл да оған орай жауап береді:  
*Отырған көп сынайды сөздің парқын,  
Жанаяр, жалқауың көп, екпіндің аз  
Жұмысқа колхоздардың қарайды салқын,  
Керенәу, жалқаулардың себебінен  
Ауданның бағып жүрсің кейінгі артын...*

Енді екі ақын да жетістік жайып желдірте бермей, кемпілік кейіп кенірек көрсетеді. Құмар ақыпның сын семсеріне іліккен қоғамдық мал басып ысырап еткен «Түдгіш бірлік» колхозы болса, Сәттігүл да Есбол ауданындағы оқшылықты бадырата айтып:

*Менімен айтысуға кезге келдің  
Осы ма сенің менен көздегенің?  
Беретін үкіметке борышыңды  
Себебін үш колхоздан болды дейсің,  
Кетіп пе еді жолаушылап өзгелерің? —*

ден уытты сыға алады. Сәттігүл мен Құмар ақын бұл айтыста қиыласқан ішкір, пымпыуыр сын, келісті сөз орамдарын тауып, пекпіле-көсіле сайысады.

Сәттігүл мен Сұраубай айтысында да екі ақын Жылой, Мақат ауданының еңбек ерлерін, жетістік, оқшылықтарын жыр тиегі еткен.

Ақын айтыстарында еңбек қаһармандары, өрелі еңбек үлі естілсе, ойсыраған оқшылық сыға алынады. Бұл айтыстардың негізгі мақсаты — жеңу, жеңілісу бәсекесі емес, қоғамдық істі алға бастыру. Алайда ақындар еңбек адамдарының жан-дүниесін жан-жақты бейнелеуге, пәруапшылықтың жетістік, кемпілігінен басқа өміріміздің өзге саласын кенірек қамтуға бара алмаған. Әйтсе де бұл айтыстар майдан жылдарындағы жұртшылықтың күнд көтерер өнер тойы, әрі кемпілікті түзер айнасы іспеттес әділ сыншы, әрі жігерге үндер насихаттық құралы бола білді.

\*\*\*

Сәттігүлдың тарихи жыр-дастандары қатарына «Ол ит жылы деген жыл еді» жырын да жатқызу орынды.

Қыр елінің жазда қуаңшылықта, қыста сұрапыл боранға ұшырап, тігерге тұяқ қалмай, күзелсіз малынан айырылып, алптыққа ұшырауы ақындардың терең тебіреніске түсіреді. 1970 жылғы мұздай табиғат сұрашылы, ел тағдыры талқыға түскен ауыр жылдар алашаты туралы Қашаған да, Аралбай да, Сәттігүл да толғаған.

Жоқшылық пен жүдеушілік меңдеткен қайғылы жылға арналған үш ақыпның үш пәнармасы да бір-бірімен сарыңдас. Сұрашылаға кезіккен қыр реті, ел жағдайы, адам кейіп әр қайсысында да әрі пышайты, әрі жан тебіренерлік қайғылы да әсерлі суреттелген. Бұл жырлардың өзегінде «мастық пен шаудық, менмендік пен төкашарлық, озбырлық пен жауыздық жол алған кесірлі кезеңде ел кешаятқа кезігеді, толғаңдар тасып төңгеледі, қымбаттардың бәсі кемиді, бірақ халық құрын кетпейді, шабағтылық орнаса ел еңсесей көтереді» дегін ұлағатты ойлар жатыр.



Ақыпның ел арасында кең тараған әйгілі шығармасы — «Досан батыр» дастаны. Досан ерлігін Ақтан, Қапаған, Балаораз сияқты Ағырау ақындарының көбі жырға қосқан. Бірақ арнайы дастан етіп топпаған Сәттігүл ғана. Ел аузындағы аңыз, әңгімелерге сүйеніп «Досан батыр» дастанын ақын 1939 жылы жырлайды, 1952, 1962 жылдары ұстарта толғайды. 1939 жылы ақыпның өзі жолдаған осы алғашқы нұсқасы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталады (669 бума, I дәптер).

1948 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» I-томында Сәттігүлдың «Досан батыр» дастаны туралы ғылыми зерттеулер жарияланады (авторы Б.Шалабаев). Зерттеуде дастан орнықты да орынды таңдалған. Бірақ, автордың қандай материалдарға сүйенгені белгісіз, Сәттігүлдың төл шығармасы «ел аузынан жазып алынған жыр» делінген. Бұл ағат шкіл. Өкінішке орай, 1960 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихында» (I-том, I-кітап) тағы да сол күйінде қайталанған. «Досан батыр» Сәттігүлдың өзі шығарған төл шығармасы. Сәттігүлдан бұрын ел аузында Қазақ таныпты батыс аймағында ондай шығарма болмаған. Яғни бүтінгі көзі тірі ақын, жыршылар, бүкіл ел растайды және ақынның 1952 жылы қаңтардың 20 жұлдызында Қазақстан Жазушылар Одағына жазған хаты дәлелдейді. Хатта былай делінген: «1948 жылы шығарылған «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабында менің бұл шығармамды «1939 жылы ел аузынан жазып алған Жанғабылов Сәттігүл» деп теріс айтылғанына, өз шығармамды бөтешіп сөзі дегеніне ренжіп, қынжыламын. Досан батыр туралы жыр ешкімнен жазылып алынған емес, 1939 жылы өзім шығардым...»

«Досан батыр» — тарихи дастан. Досан туралы жайлар ел аузындағы аңыз, әңгіме ғана емес, нақты шындық, болған оқиға. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Маңғыстау түбегі қазақтарының патша үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ереже» қысымына қарсы наразылығы өршиді. «1870 жылғы Маңғыстауда болған көтеріліс — отаршылық езгіге қарсы, әсіресе салықтың өсуіне және жер, өріс, қонысқа пек қоюға қарсы шыққан... стихиялық паруалар көтерілісі болды» («Қазақ ССР тарихы, I-том. Алматы, 1957, 427-бет»). Осы көтерілістің бір көрінісі — Досан батыр бастаған бас көтерулер еді. Сәттігүл ақын бұл туралы былай дейді: «Тәжіулы Досан батыр мен Тіленбайұлы Иса, Шабайұлы Сүтірлер 1870-1873 жылдары патшаға қарсы халық қозғалысын бастаушы қаһармандар еді. Досан ереуілі менің туып-өскен жерім Маңғыстауда болды. Оқиға мені ғұмастан ұп-ақ жыл бұрын болған. Досан батыр өлгеннен кейін батырдың сүйегін Досан ереуіліне қатысқан өктем Жанғабыл жерлесі. Зираты Маңғыстауда Қарагөбе дейтін жерде. Досан туралы өктем ғалай айтқан. Ол көтеріліс жайын жақсы білемін».

Дастанда ақын тарихи оқиғашы дәл өмірде болған күйінде тізе бермей, кейбір сәттерді өзіндік шешіммен жырлаған. Батыр бейнесін жеңелдетіру үшін айтулы ерліктердің бәрін бір Досанның басына қосқанға ақын. Ақын Досан бейнесін халық көкірегінде сақталған, өмірде болған батырдың өзінде-й бұқара ішкінен шыққан, халық қамты

үшін өлімнен сескенбеген ер, алған бетінен қайтпаған ержүрек, ар-намысын ту еткен жалын жүректі батыр етіп суреттейді.

Батырдың қаңдықкөйлек жолдасы Иса бейнесі де жырда өмірдегі қалыңда елестейді. Маңғыстау приставы Рукиндерді өлтірген кейін болыс болған, пішен, ащы, саятпы, 70-терге келіп, 1910 жылдары өлген Иса халық жадында да дастандағыдай айтылады.

Дастанда суреттелетін Рукин — тарихтағы Маңғыстау приставы подполковник Рукиннің өзі. Патшаның отаршылдық саясатын жан сала орындаушы, 1868 жылы ережені Адай еліне бас-көзіне қарамай енгізіп, күппен салық жинамақшы болған өгірем ояз бейнесі, қайта жырда іпкі, сыртқы ой іппінмен тереңрек көріне алмаған.

Бәйменбет — өмірде болған адам, Адайдың беделді біі, Рукиннің оң қолы Бәйменбет Маяев. Оның Рукин қолымен бірге көтерілісшілер қолынан қаза тапқаны да рас.

Жырдағы Ломакин — бұл да болған адам. Ол 1873 жылы Хиуа жорығына қатынасқан Маңғыстау экспедициялық отрядының әскери басшыларының бірі. Хиуа жорығының, оған қатынасқандарының күәсі болып Форт-Шевченко қаласында, ескі бекініс жоқсызшылық басында бір ескерткіш тұратын. Қазір этнографиялық мұражай қасына қойылған. Ол Хиуа жорығының 20 жылдығы құрметіне арналып Боткин заводынан 1893 жылы пайдаланып құйылған Александр II мүсіні. Қазан төңкерісі жылдарында қызыл солдаттар мүсінінің басын жұлып тастаған. Сол басыз кеудей халық «күйік патша» деп атайды. Осы кеудеде Хиуа жорығына қатысқан Маңғыстау экспедициялық отрядының басшыларынан 21 адамның аты-жөні жазылған. Соның бірі жырда аталатын Ломакин. Демек, Ломакиннің бейнесінің төркіні сол.

«Досан батыр» — отарлаушылық езгіге қарсы бас көтеру, халық бақытын аңсау сияқты өткен өмірдің тарихи пыңдығын елестететін елеулі шығарма, ол — патша үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ереже» реформасына қарсы бұрқаған шаруалар көтерілісінің көркем пәжіресі.

Сәттігүл өзінен бұрынғы ақындар жыры мол білетін. Абыл мен Ақтанның, Қапаған мен Елбайдың бірқатар жыры халық мұрасының алтын сандығындай көңілің көзі Сәттігүл айтуымен жеткен. Ақын жаздырған мұралар — қазақ әдебиеті қорына қосылған елеулі үлес, қымбат қазына.

\*\*\*

Сәттігүл — Қапаған мен Аралбайдан кейінгі Маңғыстау, Жайық бойы ақындарының дарындысы, өресі биігі. Ақын Сүгір жырауға жолдаған хатында:

... Абыл, Нұрым, Кенже, Ақтан  
Қашағандар болмаса  
Ағаңнан озар, шырағым,  
Кім бар еді бүгінде?, —

дегені бар. Бұл ақыпның құр мақтап өйлігі емес, аға ақындарының өзіне берген бағасына орай айтамы. Оны Қапаған ақынның Ізбас ақынмен айтысындағы:

*Жанғабылдың Сәттігүл  
Келе жатқан қашаннан  
Жүйрік еді баға алып  
Үстіне халық қамалып, —*

деген сөздерін де аңғаруға болады.

Сәттігүл есімін қоныстас елдер жақсы біледі. Ақын жырлары Қазақстанның батыс аймағына, түрікмен, қарақалпақ, тәжік, өзбек, иран, ауған, түркия, ресей елдерінің бірқатар аймағына кең тараған. Сәттігүл жырлары алысқа самғатып, ауызша, жазбана таратушылар оны ұстаз гүлшн, талаптың қадірлейтін маңғыстаулық Түмен, Жәнігіт, Дүйсенбай, Шәдіман, Әлқуат, Мұрат, Шамғұл, Айтқұл, Әткелбай, Сәду, Назарбек, Көпкен, Бүркітбай, Хамит, мұқырлық Карағұл, түрікмен жерінде болған Сүгір, Ұзақбай, Қайролла, Ниязхан, Балта, атыраулық Құмар мен Сұраубай, Тәжмұхан мен Ғұбайдолла сияқты майғалман ақын-жыршылар. Ақын осы өнерпаздармен үнемі хабарласып тұрған, реті келгенде олар ақыңды қаумалап халық арасыңда бірге алып жүрген.

«Халықты көрсем, айшаламды қаумалаған ақын-жыршы көрсем жашым кіреді» — дейтін Сәттігүл ақын. Ақын сөзінің мәні бар. Шын жүйрік дүбірі көрсе қызады және ақын халықпен ақын. Ақын — халықтың ой-арманын бейнелейтін жүйрік тілі, бұлбұлы. Әр адам халықтың арман-мұратын өзгеден бұрын ақын сезініп жырына қосқан. Сәттігүлдың да он бес жасынан бастап 75 жыл жырлағаны халықтың ой-сезімі, мұды мен арманы, қуанышы мен паттығы. Ол екі дәуірді көрген, ғасырға жуық ғұмыр кепкен нағыз халық жыршысы еді.

Кезектік кезеңде Сәттігүл жырлары толық жарық көре алмады. Дәуір мінезіне үйлеспейтін көптеген өлең-толғаулары айтылмай, жарияланбай халық көңілінде ғана жүрді. Ол өз мұрасын келепекпен табыстырар деп еліне аманат етті, халық бар болса рухани қазынасының да өлмейтіндігіне сеніммен қарады. Ақын арманын орындау еліміз еркіндік алған қазіргі күндерде ғана мүмкін болып отыр.

**Қабиболла Сыдықұлы**





## АТЫРАУ АҚЫНДАРЫНЫҢ АҚИЫҒЫ

(Құрастырушыдан)

Қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік дәуір халық таланттарының қызыр көзін ашты. Халық өмірін ұзақ жылдар бойы замана ағысына сай жаңа әуенмен шыбыттаға жырлап келген қазақтың суырыпсалма ақындарының бірі — тоқсан жасын бүкіл халқымен бірге тойлап барып туған толқырағында көз жұмған Сәттігүл Жанғабылұлы.

Сәттігүл ақынның дарыны мен шығармашылығы туралы ұлы ғалым жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Адай тарапынан келген Сөтекең» деп үлкен ітіяпатпен атаса, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Есмағанбет Ысмайлов ақынның талантын жоғары бағалаған. Ал, Сәбит Мұқанов атамыз туралы: «Сәттігүл советтік дәуірде қайта жасарып, таланты таққындаған, көпті көріп, көңілі өскен, рухани өмірі бай ақын, екі дәуірдің күесі, тоқсан жасаған ғасыр сырласы, советтік заманның майталман жыршысы, Қапағалдан кейінгі Маңғыстау, Жайық бойындағы суырыпсалма халық ақындарының дарындысы, шоқтығы биігі» — деп баға берді.

Маңғаз Маңғыстау даласының дарынды перзенті Сәттігүл Жанғабылұлы 1876 жылы Маңғыстау уезі, екінші Бозашы болысында дүниеге келді. Бозапаш ақынның есімін қоюда жергілікті халық аласында мынадай әңгіме бар: 1876 жылы Досан батыр Тәжіғұлы Кетім (қазіргі Форт-Шевченко) қаласының түрмесінде өліп, батырдың сүйегін Досанның немере ағасы Ожыр мен Сәттігүлдың әжесі Жанғабыл Қаратөбеге ашырып жерлескешпен кейін екеуі Спржудықта отырған Жанғабылдың үйіне келіпті. Жанғабыл мен Ожыр құрдас болса керек, ауылға келсе Жанғабылдың әйел жас босанып, ер балалы болған екен.

Шай ініп ауылына аттанғалы отырған Ожырға Жанғабыл: «Менің бала саған да бала ғой, баланың атын қойып кет» — депті.

Сонда Ожыр отырып: «Біздің серттескен ісіміз сөтсіз аяқталды ғой. Тым болмаса осы балаларымыздың істері сөтті болмай, аты Сәттігүл болсын» — депті. «Ісіміз сөтсіз аяқталды» дегені Иса — Досандардың патша үкіметіне қарсы көтерілісінің жеңілісінен аяқталғанын айтқаны еді. Ауызы дуалы атасының үміті ақталып, сол Сәттігүл өзі өмірге келмей жатқанда атамекен жері мен халқының тәуелсіздігі жолында жанын пидда еткен батыр атасы Досанға жырдан өшпестей ескерткіш соққан халқының мақтанышы — ақиық ақыны болды.

Сәттігүл ақын Адайдың Мұналынан, Мұналдың Жаулысының ішінде Жары — Назардан тарайды. Сәт-ата Назардың Тастемірінен туылған Құлыштың ұрпағы. Құлыштан тек Түрнийаз деген бала болған, өзі ақын екен, кезінде елге «Түрнийаз тақтақ» атанған кісі болыпты. Сәттігүл сол Түрнийаздың шебересі. Қапаған ақын Сәттігүл туралы:

*... Анау Жанғабылдың Сәттігүл  
Келе жатқан жаралып,  
Жүйрік еді қашаннан  
Танылған көпке баға алып,  
Үстінде тұр көп қамалып...*

дегенде осы Түрнийазды мегзеген сияқты.

Түрнийаздан Дабыл жалғыз. Дабылдан Байғабыл, Жанғабыл туылыпты. Байғабылдан Қопқар деген бала туған, ол жастай үйленбей өлген. Жанғабылдың бірінші әйелі Қамқаптан Ақмағанбет, Әбдіхалық, Сәттігүл, Танау (жастай өлген), екінші әйелі Соқайдан Жұмағали (лақап аты Шодыран) туылған. Ақмағанбет те кезінде сөзге шебер адам болыпты, өзінен ер баласы болмаған соң іпсі Әбдіхалықтың Әбдіразақ деген баласын алған. Сол Әбдіразақтың баласы Кемел қазір Ақтауда тұрады, оның Марат, Мақсым атты балалары үйленген, балалы-шағалы.

Әбдіхалықтың Әбдіразақтан үлкен Әбілхан деген баласы болған. Әбілхан да, Әбдіразақ та халық ағарту саласында қызмет еткен, олар да өлең-сөз шығаруға шебер ақынжанды адамдар болыпты, бірақ Сәттігүл ағасымен қабаттаса сөз шығарумен айналыспаған. Әбілханның Төлесін деген ер баласы үйленбей қайтыс болған.

Жанғабылдың кіші баласы Шодыраннан Мәдениет, Әдебиет, Саясат атты үш ер бала туылған. Мәдениет пен Саясат жастай өлген. Әдебиеттің Ербол, Кабидолла атты ер балалары да үйленген, Қарақия ауданының Жетібай кентінде тұрады, бала-шағалары бар.

Сәттігүл ақынның әуелгі алғаны Беріш аулының қызы Әуес деген пішемізден бір балалы болғасын пішеміз де, баласы да (баласының аты Әндіжан) өлген, ағасы Әбдіхалық қайтыс болған соң жеңге алған екінші әйелі Шалбар аулының қызы Тәрбие пішемізден оннан аса ұл-қызды болған. Тәрбие пішемізден туған Итолы, Әмірхан, Аспархан, Тәшкен, Тезекбай атты ұлдары да, қыздары да түтелдей жасында ауырып өлген. Ағайыны Айдар ипашының Альп деген баласы әліп, соның Биялай атты әйелін 3-4 жасар қызы Ақбибімен Сәттігүл алып, ол әйелі де 1944 жылы бала

үстінен қайтыс болған. Ақбибі Сәттігүлдың тәрбиесінде болып қолынан ұзатылған, қазір Шетпе кентінде тұрады, балалы-шағалы.

Ақын атамыздың өз кіндігінен туылған 12 баласының бәрі жастай, ақыпның көзі тірісінде өлген. Сәттігүл ақын өз басындағы ауыр қайғы — жан күйзелісін былайша баяндап кеткен екен:

*... Әлдилеп баққан ұл-қыздың  
Қалмады артта біреуі,  
Арт жағында кім қалсын  
Болғасын жалғыз бір өзі?  
Он екі екен өрбіген  
Санасам ұл мен қызымды.  
Бәрінен бірдей айырып  
Зарлаттың біздей құлыңды...*

Жастайынан әлеуметтік теңсіздіктің барлық тауқыметін халқымен бірге бөліскен ақыпның патша әкімдері мен байлардың қалың бұқараны аяусыз қанап, сүліктей сорған зорлығын өпкерелеген, халқының мұңын мен зарын жан-жүрегімен сезіне, санасы ерте оянып апына жырлаған ащы үйі сәйің құлағына ерте естілді. Сондықтан да халқы қайсар ақыпты ардақтап, оны «Сәттігүл ақып», «Адайдың айтқышы» деп әспенттеді. Әлеуметтік теңсіздікті, кемтарлықты сыпшыл рухта өпкерелеген ақыпның сол дәуірдегі өмірге наразылығы біздің ұрпаққа жеткен аз ғана туындыларынан да айқын көрінеді.

Халық ақыпы Сәттігүл алқалы топта айтысқа түскен суырыпсалма ақын. Оның айтыскер ақын болғандығын Базар Ізбаспен сөз қағысқанда айтқан:

*... Сен түгіл үш ананың бір жиында  
Жүйрігін, жұртқа мәлім, тауысқаным...*

дәуісі өзi дәлелдейдi. Бірақ ақыпның 1943 жылғы республикалық, облыстық айтыстарда Құмар, Сұраубай ақындармен, ел аузынан ізден табылған Ізбас ақыпмен айтыстарынан, Ескелді Сүгір Бегендікұлымен хат арқылы сөз қағысуынан басқа айтыстары біздің қолымызға түспеді. Сәттігүлдың талай алқалы дуда елді аузына қаратқаны оның Ізбасқа айтқан мына сөзінен де көрінеді:

*... Халыққа Нәһи-мүңкір үйреткендей  
Хазірет, ахун молда сен емессің,  
Мысалы сортаң жерде шұқанақсың,  
Желсөзге мендей шалқар көл емессің,  
Келгенде алтыс жасқа бәдік айттың  
Халыққа сен бір жүрген келемешің...*

Хамит Ергалиев өзінің «Екі жолығыс» атты естелігінде 1936 жылы Орал қаласында өткен Батыс Қазақстан өнерпаздарының байқауында Сәттігүл ақыпның өнер думанын бастағанын былайша суреттейді: «... Ертеңіне жиыңды Мұмат Шауып алғты. Обком секретары Ізмұқан Құрамысов қатысып отырды. Думанды Сәтекең бастады. Асшай-сасшай егіле төккен жырыңда «Адайдың тіл таңбалы ақыпымын» деп, баршаға пашағаты мол замаң туралы,

халықтың қаһармандығы жайлы, «өрепілдердің» құрығынан босаған өнер хақында мол-мол толғап салды... Бұл жолы Сәтекең мақтау примотасымен наградалып, мағыналы сыйлығын алып, манарапшан киіп аттаңды».

Дарынды ақын талаптының бір ерекше қыры — ол өзінен бұрынғы өткен ауыз әдебиеті өкілдерінің бірқатар шығармалары мен дастан-толғауларын жадында сақтап, болу-өрнегін, өрн жоғалтпай қаз-қалпында біздің дәуірімізге жеткізген. Суырыссалма ақберен ақындар Абыл, Ақтан, Нұрым, Қалпаған, Аралбай, Махамбет, Шернияз шығармаларының қазіргі оқырмандарымен табысып, олардың рухани игілігіне айналуына көп еңбек сіңірген. Халқымыздың сан ғасырлар бойындағы кемел ойының жемісі әйгілі «Қырымның қырық батырып» жағғырта жырлап, бүгінгі ұрпаққа жеткізген Мұрып (Тілеген) Сәтірбекұлы туралы Қазақстан Жазушылар Одағына тұңғыш деректер беріп, жыраудың Алматыға алдырылуына тікелей ықпал етуші де Сәттіғұл ақын.

Сәттіғұл ақын діни естіміп сауатты адам болған. Өкінішке орай «Дін — ашып» деген қасап идеология дәуірлеп тұрған кезде дүлділ ақынның Қазан төңкерісіне дейін кезіндегі шығармаларының көбі дерлік діни насихаттан ажыратып алғысыз болғандықтан бұл шығармалар ел аузында да айтылмай, темір тордағы бұлбұлдай күй кепті. Ақынның Құран, «Хисса-сүп-Әнбия» ізімен жазылған шабаттылық, парасаттылық, имаандылық жайындағы насихат шығармаларын халық естімеуге, естісе де айтауға тиісті болды. Осының салдарынан ақынның Қазан төңкерісіне дейінгі, одан кейін де діни ұғым араласқан шығармалары түгелге жуық үкімет тарапынан маш үқталып, ұмытылып, жоғалып кеткен. Дәй тұрғанымен, халық арасында үлкендердің, жыршылардың жадында сақталып қалған кейбір шығармаларды тауып, қазіргі оқырмандардың рухани қажетіне асыру жөнінде аз да болса жұмыс жасалды. Ақынның насихат сөздері, арнау-толғаулары, көңіл айту, жұбату сөздері түгелге дерлік осы тұстағы шығармалары деуге негіз бар. Халық арасында ислам дінін насихаттау бағытындағы «Насихат сөз», «Мүпгәрий сөз», «Абдолла Әбді хазіреттерге» атты шығармалары іздестіріліп табылып, ақын өмір сүрген Мағмыстау ауданының «Жаңа өмір» газеті бетінде жариялашып, оқырмандармен табысты.

Ақын атамыздың шығармаларын жинақтап іздестіру үстінде Сәттіғұл ақынның сүйегі үкімет, партия тарапынан бағаланды дегенмен, ол кісінің қасап саясаттан қыспақ көріп шығармалары қалың оқырмандарға жетпегенін айқын аңғардық. Ғұмырының 75 жылып халқына өлең-жырымен қызмет етуге жұмсап, өмірінің соңғы сәттеріне дейін айықты жырын төгіпкен «әлі де сөзім дәуірлер» деп жыр толғаған ақынның шығармаларының бір шоғырын ғана, онда да көбінің толық нұсқалары емес, әркімдердің есінде қалған үздік-үздік үзінді-қысқалыларын жиіақтай алғанымызды, ұлы Абай атамыз айтқандай «қолымызды мезгілінен кепі ермегенімізді» енді аңғарып отырмыз.

Әз дегені болмаса, басқала ойлағандарды бұғаулап, жоқ қылумен келген қасап саясат қармағынан Сәттіғұл ақынның шығармалары да

құтыла алмаған. Тағдырдың жеке басына салған ауыр жүктерімен қоса ол кісі көзі жұмылғанша ең болмаса бір кітабын көре алмай арманда кетіпті. Көзі тірісінде арманы жүзеге аспай, жанын жегідей жегені, тынышын алып мазасыздандырған. Осы арманын, өкінішін ақын жасырмай айта алған. Мысалы «Халықтың ұлы Қанышқа» атты арнауында халқымыздың адал перзенті, ұлы ғалым Қаныш Имағтайұлына:

*... Жабулы Алматыда көптен бері  
Жарыққа шықпай жатыр өлең-жырым,  
Еленбей еңбектерім кетіп барад —  
Ақ жүрек, адал тұрған партиямыз  
Сенемін — көрсетер деп көңіл шынын...*

десе, «Тайыр ақынға хатында»:

*... Жырларым Алматыда ұйықтап жатыр  
Бір пенде оятатын тап болмаса...  
... Жолдаған бұрында да жырларым бар  
Қолымнан бір кетті де көрінбеді..., —*

деп өзінің әлі де пығармаларының жарық көретінінен үмітсіз еместігін білдіреді. «Халықтың ұлы Қанышқа» арнауында «Ой толғауда» қысқартылып басылған, ал «Тайыр ақынға хаты» еш жерде жарияланбаған, кезінде ақын пығармаларын көпіріп жазып, Алматыға жолдаушы көмекшілерінің есінде сақталып қалған үзінді ғана.

Біз ел арасынан жинап, қолымызға түскен ақын атамыздың мұрасын пама-парқымызша мән-мазмұнына қарай жүйелеп бірнеше бөлімдерге бөлдік. Ақынның жинақталған пығармаларының «Арнау-толғаулар» бөліміне бұрын баспа беттерін көрмеген 22 толғауы енгізілді. Бұл бөлімде бұрынғы «Ой толғау» жинағына енген «Халықтың ұлы Жұбаев» толғауы ғана бар, ол да жинақта жартылай қысқарып берілген, ал «Есенғалиға берген батасы» халық ақышы Есенғали Бөкенбаевтың «Торғыз қайық» жинағында басылған, сол жинақтан алынып отыр. Біз осы жинағымызға Есенғалидың Сәттігүлға бірінші арнауын да қоса енгізіп беріп отырмыз.

«Ой толғауға» ақынның тек қана «Досан батыр» дастаны енгізілген, оның да қысқартылған түрі, біз бұл жинаққа бірнеше нұсқаларды салыстыра отырып жүйелеп табылған 673 жолдық дастанды енгіздік. Ал Мағұыста өңіріне табиғат алапаты әкелген, халықты қатты күйзелтіп кеткен тарихи кезең — атақты 1910 жылғы Мағұыстаудағы жұртқа арнап шығарылған ақынның «Ол ит жылы деген жыл еді» дастаны да бірнеше нұсқалары табылып, салыстырылып, 388 жолдық туынды болды. Ақынның бұл туындысы «Ой толғауда» 16 жолдық «Ит жылы еді» деген атпен өлең болып енгізілген екен. Біз шығарманың тарихи мәні мен көлемін ескеріп, бұл жинағымызға жыр-дастан ретінде енгіздік.

Жинағымыздың «Айтыстар мен сөз қағысулар» бөліміне ел ішінен іздестіріліп табылған «Базар Ізбас ақынның Қалпаған мен Сәттігүлға тиісуі», «Сәттігүл мен Сүгір» атты айтыстар енгізілді, сонымен бірге жинаққа «Ой толғаудағы» үш айтыс та енгізілді.



«Аңыздар, әзіл-қалжың сөздер» бөліміне ел ішінен табылған 8 пығармасы, «Насихат сөздер» бөліміне «Ой толғауда» «Терме» деген атпен енген «Әлеумет, келдің құрала» термесінен басқа «Той бастар», «Әлеумет, келдің алақай» термесі, «Абдолла, Әбдіғазіреттерге», «Насихат сөз», «Мүшгәрий сөз» атты пығармалары сығалды.

Сәттігүл ақынның пығармашылық мұраларында халықтық ауыз әдебиеті үлгісіндегі жұбату, көңіл айту, жоқтаулар да кеңінен орын алған. Біз қолымызға түскен ақын пығармалары ішінен осы тақырыптық толғауларын өз алдына бөлім еттік. Бұл бөлімге ақынның өз балалары Әмірхан мен Аппарханға пығарған жоқтаулары, тағы да әртүрлі көңіл айту, жұбату сөздері енді. Осы бөлімде балалары өліп, налыстық күй кешіп жүрген Сәттігүл ақынға Түмен Балтабасұлының жұбату сөзі мен Сәттігүлдың ризашылық сөздері де берілген.

Осы жерде мына бір жайды оқырмандар қатеріне бергенді жөн санадық: Сәттігүлдың ағасы Әбдіхалық төсек тартып ауырып жатқан кезінде Арқадан арнайы шақырушылар келіп, бір үлкен жиынға Сәттігүлді шақырыпты, бұл ақынның даңқы елге жаңадан белгілі болып келе жатқан кезі болса керек. Ақын ағасының ауырып жатқанын айтып, «жиынға бара алмаспын» десе, хабарды естіп жатқан Әбдіхалық: «Шарағым, мен үйде жатырмын ғой, Алладан бұйрықсыз өле қоймаспын. Ал сен халықтың ақынысың, енді өз еркің өзінде болмайды. Үш анаңның баласы, белгілі ел ағалары мен жақсы-жайсаңдарының жиналатын жиынынан мен үшін қалма, барып бағыңды сына, Алла жазса аман көрісерміз, маған қарайлама» — депті. Ақын ағасының сөзін жерге тастай алмай, әрі «жақсы болып кетер» деп дәмепіл келген шақырушыларға еріп жиынға кетіпті. Інісі кеткесін көп ұзамай Әбдіхалық қайтыс болыпты. Інісінің келуіне қарата алмай ел Әбдіхалықты жер-ананың қойнына беріпті. Ауылға келгесін ағасының өліміне, өз қолымен бір бел топырақ сала алмағанына өкініп, қайғылы жоқтау пығарыпты дейді үлкеңдер, бірақ бұл пығарма қолымызға түспеді.

Нағыз дүлдүл ақындардың қай-қайсысының да өз «Той бастары» мен «Беташары» болатыны белгілі. Сәттігүл атамыз да осы дәстүрді бұзбаған. Үлкендердің айтуы бойынша Сәттігүл Маңғыстауда кеңес үкіметін орнатқан, Тобанияздың орынбасары болған Сыдықты Жүбаевтың үйлену тойын өз «Той бастарымен» апқан екен дейді: ал ақын атамыздың беташарымен осыдан 25-30 жыл бұрын жаңа түскен келіндердің беттерін алпқан деп естідік. Сонымен осы пығармаларды іздестіріп жүріп бейнеулік жыршы Әндіров Қорғанбай деген ағамыздан «Сәттігүлдың тойбастарынан» үзінді жазып алдық, үзінді дейтін себебіміз ақын пығармаларының көбімен таныс болғандықтан, бұл пығармада ой аяқталмаған сияқты әсерде болдық, оны жинаққа енгізіп отырмыз, ал «беташар» іздестірілу үстінде, билетіндер болса жариялағар деген үміттеміз.

Қазіргі Құлсары кентінде тұратын, жасы тоқсаннан асса да, «йіп-шкірі қаппа қоймаған Мырқымбайұлы Сарғали деген қарт ағамыз мынадай дерек айтқан еді: «Бұдан 6-7 жыл бұрын Ералы

(қазіргі Құрық) кепінде тұратын Амантай деген жиенімнің үйіне қыдырып барып жатқанымда үйіндегі магнитофон таспасынан Сәттігүл ақынның бір жыршы орындаған Мағұмыстаудағы 1927-1937 жылдардағы «байдың тұқымысың», «молдасың», «халық жауысың» деп елдің көкірегі ояу, көзі ашық азаматтарып шетінен ұстау-түтқыңдау дүрбелегі кезінде пығарған «Халық қозғалысына» деген жыр-голғауыш тыңдаған едім. Артынан аулыма барғасып, сол жиенімнен әлгі жырды жаздырып алайын деп магнитофон таспасын сұратып едім, ол «таспаны жоғалтып алдым» деп хабар жіберіпті, мүмкін осы пығармашы білетіндер ел ішіннен табылар» деген еді, өкінішке орай Сарғали ағамыздың жиенінің адресін асығыста сұрай алмай қалып, ол жиенді іздестіру мүмкін болмады.

Біз ақын атамыздың 75 жылдық ақындық ғұмырында пығарылған туындыларының тек бір аз ғана бөлігін жинақтай алғанымызды қатерлен, «жұтаған пүкірге тоймайды» демекші, Сәттігүл атамыздың өзі айтыпты ғой:

*«Алқалы дуда көрінбек өрен жүйрік  
шабысы,  
Қиырдан көзге шалынбақ дүлділдің аяқ  
алысы» —*

деп, осы аз ғана пығармаларының өзінен оқырман ақын атамыздың дүлдүл сөз зергері екенін айқып аңғарар десек те, қолымызға түскенмен тоқталмай, ақын мұраларын іздестіріп ойдамыз. «Жүрген аяққа жөргем ілінеді» демей ме, ел ішінде әлі де болса ақынның сөздерін білетіндер болар деген үмітпен, атамыздың жүрек түкірінен пымырлап қайнап пыққан асыл мұраларының бізге тақырыптары белгілі болғанымен қолымызға түспеген мына пығармалары табылар деген үміттеміз:

1. Сәттігүлдың «Беташары» және «Той бастары»
2. «Халық қозғалысында» атты толғауы
3. Ағасы Әбдіхалықтың қазасына байланысты пығарған жоқтауы
4. Абыз Тлеген биге арнауы
5. Абыз Байпазардың Ыбырайына арнауы
6. Ақпакедей Жарықбасқа арнауы
7. Жетімек Жұмағазыға арнауы
8. Байбол Сердальұлы Бекес мырзаға арнауы
9. Шолақ Жаманқұлға арнауы
10. Қыдырша Әбіш пен Смағұлға арнауы
11. Орынбасар мен Жалауға арнауы
12. Дәулеталы Ұзақбайға арнауы
13. Кеңе Жары Өтегүлұлы Нәсухаға арнауы
14. Жәдігер Майланұлы Көпірге арнауы
15. Тастемір Мұрсалұлы Майдыққа арнауы
16. Майдан Жары Ембердіге пығарғаны

Бұл пығармалар осы аталған ел ардақтыларының ұрпақтарында сақталуы мүмкін-ау деп ойлаймыз, бірақ әрқайсысының ұрпақтарын іздестіру оңай шаруа емес, бірталайының ұрпақтарын іздеп барып бос қайтқан жайымыз да бар. Егер осы пығармалар табылып жатса, «ептен кеш жақсы», жұртшылыққа таныстыру үпін бастасөз

беттеріне жолдар деп үміттенеміз, себебі ақын мұрасы барпымызға ортақ игілік қой.

Сәттігүл атамыздың атағы республикамыздың түкпір-түкпіріне, одан асып көрпілес түрікмен, өзбек, қарақалпақ, тәжік елдеріне жайылған. Батыс Қазақстан аймағында Сәттігүлді өзіне ұстаз тұтатын Қызылгүрт Ыбыр, атыраулық Құмар Жүсіпов, доссорлық ақын Сұраубай, Жаңай Жаңжігіт Қосназаров, Әлқуат Қожабергенов, Сәду Қайырлақов, Шамғұл Ыбырайымұлы, Сүтір Бегендіқұлы, Ұзақбай Қазжанұлы Әлиев, Қарагүл Қонарписев, Назарбек, Ғұбайдолла, Бәли Көпиев, Шәдіман Үсембаев, Тәжмұхан, Тастемір Айтқұл Шыманов, Дәулеталы Бүокітбай Керелбаев, Тастемір Гүрарбек Нұрмағанбетов, Шолақ Өткелбай Мұрынов, Бәйбіше Дүйсенбай, ақын Түмен Балтабасұлы, Бейімбет Кенғали Қутымбетов, Жаңай Хамит, Мұрат Өскенбаевтар, Шалбар Әбдірахман Әбубәкіров, тағы да басқа жыршы-термешілер болған, олардың көбі қазір жоқ.

Сәттігүл ақын өзі батасын беріп, «шәкіртім» деп атаған халық ақынны Есенғали Бөкенбаев қазір Жаңа Өзен қаласында тұрады. Есенғали ағамыздың өз айтуы бойынша 1949 жылы Шағадамнан батасын алуға әдейі ізден Маңғыстауға келіп, Сәттігүл ақынмен дидактасқан, қасында біраз болыпты. «Бірақ Сәтекем ол жолы маған ештеңе демеді. Содан кейін памам келгенге жыл сайын еңбек демалысымда ақын ағамызға сәлем беріп, өз шығармаларымды таныстырып, ақынның шығармаларын жаттап жүрдім, 1956 жылы Сәтекең жыршы Айтқұл Шыманов арқылы маған батасын беріп жіберіпті, содан ол кісінің көзі жұмылғанша қатынассымыз үзілген жоқ» — деп еске алады. Бірақ, кейіннен ауырып қалуына байланысты Есенғали ағамыз Сәттігүл ұстазының сөздерін ұмытып қалған екен.

Жинаққа енген әрбір шығарманың кімнен, қайдан алынғандығы жөнінде қысқаша түсініктер берілген. Сол түсінікте аттары аталып, осы жинаққа ақын атамыздың жоғалуға айналған мұраларын жинасуға өз үлестерін қосқан азаматтарға ризашылық сезімдерімізді білдіреміз. Сонымен бірге, қадірлі оқырман, егер осы еңбегіміз сіздің рухани қажетіңіздің бір қадесіне асқан болса сол үшін өз еңбегіңіздің босқа келгені деп есептейміз.

Ұсыныс-ішкірлеріңіз болса асыға күтеміз, қажеттігі болса жауап беруге тырысамыз.

*Сәттігүл ақынның шығармаларын  
жинақтаушы және жүзделіп құрастырып  
ұсынушы Жетібай Жылқышыұлы  
Тастеміртегі.*





## ӨЛЕҢ, ТОЛҒАУЛАР

### ЫЗА

Жоқтықтан құтылатын күн болар ма?  
Жарлыны жаратқан ба жүн боларға?  
Әй, оке-ау, кірмей қойды шырайымыз  
Көңілді өте алмады бір айымыз,  
Жарлыға жыртық үйлі жаудай тиген  
Баулармен құдаңдалы емес пе екен  
«Жасаған, жарылқа» деп жалынатын  
Һәммеге ортақ деген құдайыңыз?

1895 жыл

### ХАРАЗЫМҒА КӨШЕРДЕ

Келмейді кедейліктің көңіл хошы,  
Қалған жоқ біздей кімнің неше досы?  
Боғашы — суың төтті, құмын жұмсақ  
Адыра қалдың бізден бүгін осы...

1896 жыл

### ОН АЛТЫНШЫ ЖЫЛ

Ағамыз Адам-Сафидың  
Дүредік өсіп жұртынан,  
Абыл мен Кабыл екеуі  
Ағайын еді бір туган,  
Бір күні шайтан азғырып  
Араға салды бір тұман,  
Содан бері келеді  
Жүрияттары өшігіп

Бірін-бірі бағып сыртынан.  
Әл-хазірет Салолла  
Бір Алламен дос болып  
Дүниеге келінді  
Бұл Кұрайыш ұлтынан,  
Дін орнатқан патша еді  
Сұлтан болып бұл тұрған.  
Біразырақ айтайын  
Заманның рет-құлқынан:  
Нешелер жүйрік өткен жоқ  
Халқы үшін шауып сыршыған,  
Нешелер шешен өтіпті  
Өрізген жауап ұртынан.  
Баяны жоқ бұл фәни  
Өтеді бастан сусыған,  
Солардан қалды кейінге  
Кең гүмырын сарп еткен  
Хазіреті Нәби-Нухыдан...  
... Тіршілік баста тұрғанда  
Айтатұғын жауапқа  
Бұлданбайын ерініп.  
Жүйріктің, сірә, мирасы  
Халқы үшін шапқан көрініп  
Бабына түссе елігіп,  
Шабанға шабыс бітпейді  
Зорласан да тебініп,  
Жақсының айтқан сөзінен  
Жалықпайд жұрты жерініп.  
Әнестін тұқым-тобынан  
Біз наруа баққан ел едік  
Сахырада жүрген бөлініп.  
Әлек боп босқа ерігіп  
«Әскерім көп» деп желігіп  
Германия, Түріктен  
Ресей қалды жеңіліп...  
... Биылғы жылы жар шықты  
«Патша солдат ала!» деп,  
Садақа беріп әр жерде  
Жылады халық егіліп,  
Патшадан жұртым қорықты  
Тартуға басын шегініп.  
Жиналыстық әр жерде —  
Көніліміз қорқып шошынды.  
Кетпеу жағын қарасып  
Бағырлар басы қосыпты.  
Ел ауытқып ірге бос  
Тауға, тасқа жосылды.

Елмен бірге кете алмай  
Дегеніне жете алмай  
Қалған жарлы баласын  
Көгендеп қойдай айдады  
Көздің ақ пен қарасын,  
Бетке алып шұбыртты  
Форт-Александр қаласын.  
Қорқыныш-қауіп көбейді,  
Атқа мінген әкімдер  
Иірілген жарлының  
Обалы бар демейді,  
Шамалап шақтап бергенді  
Қанағат егіп жемейді  
Толтырмасаң көрмейді.  
«Ояз әмір берді, — деп  
Тырп етпейсің енді» деп  
Тамақтарын кенейді,  
Бай менен билер бірігіп  
Айдады жауға кедейді.  
Бай балдары бармады —  
Жарлыны малға жалдады,  
Атқа мінген билер мен  
Есебін тапқан бай-мырза  
Пайдаланды пара алып,  
Жарлыны айдап, байларды  
Қалдыру жағын қаранып,  
Құрметтеді жалпылдап  
Билерге байлар жаранып,  
Солдатқа алды кедейден  
Үш мыңдай адам саналып.  
Ала кілем, ақ киіз  
Астарына төседі,  
Төрінде жатып байлардың  
Бағыландарын жеседі.  
Пара берді — мал алды,  
Бай ұлы бұғып ол қалды,  
Екі-үш жастан өсіріп  
Жарлы ұлына қол салды.  
Айдалған азаматтардың  
Ішінде кеттік қыршын жас.  
Қамықпаңдар, қарағым,  
Далаға кетпес төккен жас,  
Халықтың кегі, ызасы  
Түнере келіп төнген бұлт —  
Жауып өтпей күр қалмас.

1916 жыл

## ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІМ

Тарихымды бастап сөйлейін  
Қоспай сөздің жалғанын:  
Көйлегі бүтін, жайы бар  
Болмапты ата — аржағым,  
Тағам қылған алданып  
Қолыңда тірлік салмағын.  
Бес атамнан бер қарай  
Мал бітпеген сорлымын,  
Өзімнің әкем Жанғабыл  
Сорқұдық, Теппе ойлардан  
Егін салып жер қазған  
Айтағын көрген қорлығын.  
Әкемнің аты Жанғабыл  
Дабылы жұртқа білінген,  
Адасқанға жөн сілтеп,  
Ақыл айтқан біліммен,  
Өзімнің атым Сәттігүл —  
Тұрбасы түзу сөз шықты  
Сөйлесем көмей-тіліммен...  
... Мен де көрдім жарлықтың  
Әрбір түрлі тарлығын,  
Жас жиырмаға келгенде  
Кесірінен жарлықтың  
Тастадым қоныс-жерімді,  
Қарыңдас, халық, елімді,  
Дарияны сағалап  
Харазымның бойында  
Өгіз айдап, жер жырттып  
Тоғыз жыл салдым егіңді,  
Жан қиналып, маңдайдан  
Сыпырдым талай терімді.  
Аямай жанды қинадым,  
Онымен дәулет жимадым,  
Қайтадан келдім шұбырып —  
Туған жерді қимадым...  
... Отыздан жасым асқанда  
Көңіліме жел енді —  
Бастадым сонда өленді.  
Зорлығын айтсам байлардың  
Олар оған арланды,  
Ашуы келіп шамданды.  
Жасырмай заман жарасын,  
Бүркемей көңіл наласын  
Келейдін айттым жоқтығын.

Жарлық пенен надандық  
Көзтүрткі қылып әркімге  
Сонымен өтті көп күнім.  
Октябрь таңым атқанша  
Шыға алмады шоқтығым.  
Орындалмай арманым,  
Кедейлік болып кедергі  
Ала алмай сауат қалғаным...  
... Мың тоғыз жүз кешегі  
Он жетінші жылында  
Көзімді ашып қарасам  
Таң атқан екен жарқырап,  
Күн шыққан екен жалтырап.  
Қанатым жайып ұштым мен,  
Күн нұрын сүйе күштым мен.  
Сол жылдардан бер карай  
Гүлдеді бақыт мәуелеп  
Жерімнің байтақ үстінен...

1918 жыл

## КЕЛ, ЖОЛДАСТАР, ЖАТПАЛЫҚ

Сахырада жүріп мал жайған  
Біз Адай — қазақ халқымыз,  
Ғылым менен білімге  
Сол себептен таңқымыз.  
Үкімет иесі жолдастар,  
Жолды тура тартыңыз  
Жолды тура тартсаңыз,  
Түзеле берер артыңыз.  
Кел, жолдастар, жатпалық,  
Бөйгі атындай баптанып.  
Үмтылыңыз ғылымға  
Надандықтан сақтанып,  
Біздің қазақ бос қалған  
Мал жайғанға мақтанып.  
Надандықтан біз бұрын  
Жанға пайда таппадық.  
Кел, жолдастар, жатпалық,  
Бас көтерің оянып,  
Үмтылатын жер келді  
Қаны қалмай аянып.  
Азамағтар, ізденіп  
Ғылымның түрін оқындар —  
Оқысаңдар ақыл бар,  
Оқымасан — өкініш.



Көкіректе арман, қапыл бар.  
Мысалы: байқап қарасаң  
Не көреді соқырлар?  
Бұрандаған бұрынғы  
Қалды жолдың терісі,  
Залым әкім, қарасаң,  
Ашыққан түздің бөрісі,  
Әділ әкім, байқасаң,  
Пайдаланған халықтың  
Миуалы жемісі.

1920 жыл

## НҰРЛЫ ЖОЛ

Кешегі күні сүм байлар  
От басында отырып  
Сөз сөйледі көпіріп,  
Көрсетті өмір бейнетін  
Жалшыларға жекіріп,  
Келемеж қылды «кет» деді  
Кедейлер келсе өтініп.  
Бірқатар байды аңдаймын,  
Бұрынғыны жоқтап жүр  
«Өттің, — деп, — дәурен», өкініп.  
Кедейлер байға қаналды,  
Мейманасы асқан бай  
Азын-аулақ мал беріп  
Жарлының қызын және алды,  
Қызыл гүлдей қыздарды  
Қақсыған кәрі шал алды.  
Бұқараны бұғаулап  
Атқа мінген бай мен би  
Асырды талай амалды.  
Айналайын, большевик  
Бүлттай қуды жөңілтіп  
Қаратүнек заманды.  
Ал, еңбекші жолдастар,  
Большевик жолын ұстаныз,  
Тап дұшпаннан ықпаңыз,  
Жайларға ермей жалтақтап  
Уәдені мақтаныз,  
Әділет күннің белгісі  
Қызыл Туды жықпаңыз,  
Азамат ерлер ортақшыл  
Бұл жолды босаң тұтпаңыз.

1920 жыл

## ДЕРЕК ТИГЕЛІ

Ал, еңбекші жолдастар,  
Көз ашалық оянып,  
Надандықты қоялық.  
Сұм патшаның тұсында  
Біреуден біреу кем болды,  
Жарлы тап байға жем болды.  
Бүгінгі Ленин басшымыз  
Әлсіздерге дем болды,  
Әділдік етіп ақылмен  
Көрсетті бізге кең жолды.  
Бүгінгідей заманда  
Ерлер мен әйел тең болды.  
Николай патша бұрынғы  
Еңбекші таптан қызғанып  
Оқытпады ғылымды,  
Көрсетпеді білімді,  
Ленин басшы болмаса  
Кетіріп еді тынымды.  
Октябрь таңы атқасын  
Патша менен байлардың  
Көтерген туы жығылды.  
Еңбекшілер, ұмтылып  
Осы жолдан таймаңыз,  
Ойламаң бөтен пиғылды.  
Бас қосып барша азамат  
Ленин жолын кірлетпей  
Ұстап көрің тазалап.  
Қолымыз жетті теңдікке,  
Жүр едік бұрын кемдікте,  
Қорлықтан басы құтылып  
Кедейлер шықты кеңдікке.  
Бұрынғы өткен заманда  
Жарлыны байлар биледі,  
Жарлыға теңдік тимеді,  
Бұрынғы залым патшалар  
Жарлыны қорлап сүймеді,  
Байларды қолдап сүйреді,  
Жұмысшы бейнетқорларды  
Табанға жаншып иледі.  
Бұрынғы залым патшаның  
Болып еді тұсында  
Жолдардың қисық — ирегі.  
Сол күнгі азап жойылды

Ульянов — Лениннің  
Колына дерек тигелі.

1922 жыл

## УА, ЖІГІТТЕР, МАСЫҚПА

Жігіттер жүр масығып  
Лауазымға таласқан,  
Алдауына еріп сұмдардын  
Тура жолдан адасқан,  
Күзгындар тобы жемтікке  
Бөлісе алмай таласқан.  
Екі бөліп елдерін  
Таласып жүр айғырдай,  
Әркімдерді үгіттеп  
Тура жолдан тайдырды-ай,  
Жікшілдікті шығарып  
Айдап салды руды,  
Тамыр болып, қол артып  
Байлармен бірге шығулы,  
Сұлу ат тандап мінулі,  
Сән-салтанат құрулы,  
Есі-дергі бай болып,  
Қаратабан, кем-кетік  
Қарамады ашынып  
Арыз айтқан пақырды  
Қоржытып, төмен нықырды,  
Бет әлпеті бұрынғы  
Шенеуніктер сықылды.  
Бояма жүз күнкөріс,  
Өтірік өрге басып па?  
Айтқанға түсін, өділ бол,  
Уа, жігіттер, масықпа.  
Тура жолдан таймандар,  
Масықпа, шыда асықпа.

1922 жыл

## ЛЕНИН — АСҚАН ДАНЫШПАН

Жиырма төртінші жыл Лениннің  
Жиырма бірінші январь  
Орғамыздан кеткен күн,  
Жер жүзі пролетариат  
Қайғырын жапа шеккен күн,  
Өкініш-арман еткен күн,  
«Өмірі қысқа өтті, — деп

Біз үшін бейнет шекгі» деп  
Еңбекшілер еңіреп  
Көзінің жасын төккен күн.  
Еңбекші тапқа сол күні  
Қайғының болды қалыңы —  
Қалмай тегіс налыды,  
Жүз жетпіс үш миллион  
Астана байтақ халығы  
«Ортамыздан кетті» деп  
Заманның көсем-алыбы.  
Сөнгендей сол күн болынды  
Көктегі күннің жарығы.  
Қайғырды қалың байтақ ел  
Ақылға терең данышпан  
Арасынан кеткен күн  
Басшылық берген данасы,  
Құлағандай болынды  
Халықтың қорған-панасы.  
Капиталистер тыстағы  
«Ленин көсем өлді, — деп  
Үкімет құлайд енді» деп  
Күндеген айтты дұшпаны.  
... Он жетінші жылында  
Октябрьдің ішінде  
Өкіметті қолға алды —  
Түзетті қисық жолдарды,  
Ақырында құлатты  
Бай мен пағша — зорларды.  
Ақылы терең данышпан  
Пида қылған өз жанын  
Құлдықта жүрген елі үшін,  
Бай-патшамен қас болды  
Кедейлердің кегі үшін,  
Мұқтаждардың кемі үшін.  
Өткізіп талай басынан  
Қиыншылық күндерді  
Еңбек еткен жасынан  
Езілген байтақ елі үшін,  
Қайрат еткен жасымай  
Еңбекшіге езілген  
Гүлдендіріп заманның  
Жегізем деп жемісін  
Ноқталанып байланған  
Өңкей бейнетқорлардың  
Суырып күшпен желісін,  
Бұғауынан босатып

Езілген ұсақ таптарды  
Бостандыққа шығарды,  
Жарық етті жан қинап  
Қараңғылық тұманды,  
Жазған Қызыл Туына  
«Жер жүзі пролетариат  
Бірігін» деген ұранды.  
Владимир Лениннің  
Қабыл алып үгітін  
Кіл еңбекші таптары  
Орындап ісін атқарды,  
Үкіметті орнатып  
Жоқ қылды жойып ақтарды.  
Әруағы асқан асыл ер  
Өсиет айтқан артына,  
Астана байтақ халқына  
«Партиялық жолдан аумаң, — деп  
Жасқанбаңдар жаудан, — деп  
Социализмді орнатып  
Коммунизм дәуірге  
Ілгерілеп жетің» деп,  
Соған қайрат етін, — деп,  
Қарсы тұрып, оқ атып  
Қаратпаң жаудың бетін» деп  
Ақылы терең данышпан  
Айтып кеткен халқына:  
«Оқы, оқы, оқы» деп.  
Қажымай қайрат еткен ер,  
Ойлаған ісін орындап  
Мақсатына жеткен ер,  
Әділдік шамын жандырып,  
Тарихқа атын қалдырып  
Қатерін тігіп дүшпанға  
Ойран салып өткен ер,  
Артағы елін қайғыртып  
Қаза тауып, қайрылмай  
Арамыздан кеткен ер.  
Жау жеңбекті серт етіп,  
Бай-патшаны мерт етіп  
Тендіктің туын көтерді,  
Жасқандырған айбары  
Капитализм — шет елді.

1924 жыл

## ЛЕНИНДІ ЖОҚТАУ

Ес білгеннен гүскен соң  
Өзгерістің соңына  
Басын қосып жарлының  
Бастадың шындық жолына,  
Қиянатын көрген соң  
Кірмедің байдың тобына.  
Ниетінді білген соң  
Түсті олар қыр соңына,  
Бағытынды көрген соң  
Тұтты талай оғына.  
Жарлының қамқор басшысы  
Жаландық жүкпас бойына,  
Соңына ерген халқынды  
Сайлап салдың ақыры  
Өзгерістің жолына,  
Жарлымын десе көз салдың  
Ашы менен тоғына,  
Аудармай көшті бастадың  
Бөліп беріп жоғына,  
Жарлыны жинап халық етіп  
Көрсеттің жолды тобына...  
... Өткенің бе жалғаннан  
Артыңа тастап халықты?  
Қара киіп, қамығып  
Қайғырды халқын, зарықты.  
«Ер кетті, күн батты» деп  
Хабар алып тарықты.  
Қызметін мен қайратын  
Жер жүзіне анық-ты,  
Ес білдірдің, бастадың,  
Ел қылдың аш пен қаріпті,  
Бір бізге емес, бар еді  
Жер жүзіне керегін,  
Мезгілсіз кеттін дүниеден  
Тені жоқ асқан зерегім.  
Саспайтын, алға бастайтын  
Қырағы, кемел ер едің,  
«Жалан ойдан іс жеңіл,  
Өзгеріс онай» — деп едің.  
Жолын қалды көсемдік,  
Қалды ісін, өзін жөнелдін.  
Дүниеден көштің мезгілсіз  
Ісін өлмес, гүлденер,

Дүшпанын жеңіп еңбекші  
Үстемдік құрар, түрленер,  
Ардақты артық басшысын  
Кедейлер кімге теңгерер?  
Арманынды іске асырып  
Өшпестей салар белгілер.

1924 жыл

## МЕРЕКЕ ЖЫРЫ

Ал, еңбекші жолдастар,  
Ойлаған мақсат болынып  
Өкімет алған Октябрь  
Он жасына толығып  
Ықтияр тиген күн болды,  
Еңбекшінің баласы  
Қатарға кіріп кедей гап  
Сөзіміз анық шын болды.  
Кешегі бір заманда  
Қараңғылық түн болды,  
Патша деген сол күнде  
Николайдай сұм болды,  
Аузын ашып жарлы тап  
Бір сөйлеуге мұң болды,  
Еңбекшілер езіліп  
Табаңға түсіп үн болды.  
Ықтияр кетіп басынан  
Етегі толып жасына  
Аллауытқа құп болды.  
Жарлыны байлар жалдады,  
Болымсызға алдады,  
Ол күндегі әкімдер  
Бай тұрғанда жарлыны  
Сөз айтты деп нанбады.  
Атқа мінген алаяқ  
Аузын ашты араңдай,  
Жүре алмады пара алмай,  
Алатын пара болмаса  
Пақырға көзін салмады,  
Екі кісі дауласса  
Ат пенен түйе алғаны.  
Атты жұтты түгімен,  
Түйені жұтты жүгімен —  
Қабаттап қарпын жалмады.  
Қорқаулардың бұрынғы  
Зор еді жемсау-араны —

Күн болды сондай қараңғы.  
Бай, помещик тұрғанда  
Енбекшінің баласы  
Талабы алға баспады.  
Сүйтіп жүрген заманда  
Жаншылғасын табанға  
Қара шаруа, кедей тап  
Ленинмен бірігіп  
Өкіметті алуға  
Қайрат етті жиылып,  
Патшалық құрған үш жүз жыл  
Романдарды жоқ қылды  
Қимылдың тауып ұтырын —  
Айтайын мұның тұтымын.  
Жарлыны байлар қорлады,  
Шығарды талай түтінін.  
Арылдық шығып азаптан  
Ленин заман ашқалы.  
Лениннің дәуірі  
Жеткізді қолды теңдікке,  
Шығарды тардан кендікке,  
Теңелді ұсақ ұлыстар  
Қосылмаған елдікке.  
Ұстай гөрін шашылмай  
Ауыздың бірлік-бүтінін,  
Төңіректе дүшпан көп —  
Қайтпай қарсы тұруға  
Күн бұрыннан күтінің.  
Көз ашындар оянып,  
Надандықты жоялық,  
Жайлы заман келіп тұр  
Қасымызға таянып,  
Ұмтылатын жер келді  
Қапы қалмай аянып.  
Пара менен пайданы  
Жүруші еді бай алып.  
Ол күнде дерек тимеген  
Қазақ деген халыққа,  
Қорқаулар елді бидеген  
Ел едік жүрген артта,  
Компартия — басшымыз  
Шығарып отыр жарыққа,  
Социализмді орнатып  
Барамыз өрлеп бет алып  
Коммунизм бағытқа.

1927 жыл.



## ОКТАБРЬ АШТЫ КӨЗІМДІ

Бұрын біз қандай ел едік?  
Қырларды кезген жел едік,  
Қонар жерін сай біліп  
Қаңбақша ұйтқып кеп едік.  
Ел қамын ойлап елеуреп  
Батырлар жортты толғанып  
Ақ сүнгіні қолға алып.  
Қызыл көрген қарғадай  
Қыркысқан билер өзара  
Параға мая, жорға алып.  
Өктемсініп сөз сөйлеп  
Ақ үйде болыс көлбеді,  
Ру-жікке бөлмелеп  
Болған дауды тергеді.  
Малы жоқтар қор болды,  
Малы барлар зор болды,  
Қарау-қаста бай айтса  
Солардікі жол болды,  
Еріккенде ермек қымыз боп  
Үйренетін ғылым жоқ —  
Надандық та мол болды.  
Атадан мұра бұл өдет  
Қазіргі кезде жөнделді,  
Октябрь менің елімді  
Өзгелермен теңгерді,  
Адам етіп өзімді,  
Шешен етіп сөзімді  
Октябрь ашты көзімді.

1927 жыл

## ҰЛЫ ОКТАБРЬДІҢ 11 ЖЫЛДЫҒЫНА

Октябрь аяқ басты он бір жылға  
Кеңшілік кедейлерге заман болды —  
Алынды әділетпен сөзім шынға,  
Советке «жасасын» деп айтулымыз  
Жуанды жіңішкертіп тартқан сымға.  
Кешегі бай-патшаның заманында  
Елеусіз езілдік қой табанында,  
Еш адам көзін салтып қарамады  
Кедейдің «қалайсың?» — деп қабағына,  
Жарлылар жарық күнге шыға алмады  
Сүм заман қаранғыға қамады да.  
Осы күн көзін ашты жарлы табы,

Кеңестің ойлайтыны жарлы қамы.  
Тағынан зұлым патша құлағанда  
Жарқырап бейнетқордың атты таңы.  
Көсемі еңбекшінің Ленин жолдас —  
Халықтың қараңғыда жамған шамы,  
Елімді алға бастап келе жатыр  
Лениннің салып кеткен жол мен заңы.

1928 жыл

## ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ

Ал, жиналған жолдастар,  
Мейрамыңды бүгінгі  
Құттықтап, жырлап-толғадым.  
Сегізінші март күні  
Әйелге теңдік орнады,  
Ықтияр мұндай бостандық  
Бұрынғы кезде болмады.  
Кешегі ескі дәуірде  
Бір байдың өзі бес әйел  
Еркінсіп алып қорлады.  
Тырп етуге шама жоқ —  
Құстай болды тордағы,  
Арқан есіп, жүн түткен  
Өнерлері сондағы.  
Әсіресе, сол күнде  
Жарлының қызы қор болды.  
Кете алмай қатар-теңімен,  
Токалдыққа бай алды  
Сексен қой, сегіз қараны  
Ағытып беріп желіден.  
Атқа мінген ақсақал  
Келістіріп саудасын  
Арасынан пара алды  
Пайдаланып ебімен.  
Құтпасын оқып молдалар  
Он бес жасар қыздарды  
Алпыстағы шалдарға  
Некесін қиып теліген.  
Әне, сондай күн болып  
Айтатын сөзге мұң бслып  
Азып-тозып күң болып  
Әйелдер аузын ашпады,  
Аяғын қия баспады,  
Айдап берген малменен  
Бірдей болды бастары.

Кедейлердің қызынын  
Талайы кетті еріксіз  
Төгіліп көзден жастары.  
Азат болды азаптан  
Партия жолын ашқалы,  
Жаңа дәуір-құрылыс  
Заманның болды бостаны,  
Білім алып өнермен  
Әрбір жерде осы күн  
Өздеріндей әйелдер  
Көпшілікті бастады.  
Жаналық дәуір құрылды,  
Алындар оқып білімді,  
Көзін ашып үкімет  
Көбейтіп жағыр ғылымды.  
Түбірімен жойылып  
Қалыңмал-қаде кесілді,  
Декреті болынып  
Кеншілік мұндай әділ заң  
Үкіметтен шешілді.  
Тәрбиелеп сендерді  
Баладай сылап өсірді,  
Партия басшы болған сон  
Бастады тура көшінді.  
Бостандық берген үкімет —  
Тізгіндерің қолында,  
Тең болындар ерлермен,  
Әйелміз деп қорынба.

1931 жыл

## ТАЙЫР АҚЫНҒА ХАТ (үзінді)

Мен — қартың Манғыстаудың жеріндегі  
Мал баққан шаруа қазақ еліндегі  
Ал, сен, бір Алматының жүйрігісің  
Ұяда үлгі көрген тегіндегі  
Жолдаған бұрында да жырларым бар —  
Қолымнан бір кетті де көрінбеді.  
Шын жүйрік бөйгі ала алмас бап болмаса,  
Пайда жоқ ақындықтан бақ болмаса,  
Жырларым Алматыда ұйықтап жатыр  
Бір пенде оятатын тап болмаса...

1933 жыл

## МАҢҒЫСТАУ

Маңғыстаудың түбегі  
Аргта қалған ел еді,  
Партияның болған соң  
Жолбасшылық көмегі  
Күннен-күнгө көркейіп  
Алға басып келеді.  
Мамық шөпті сахара  
Мал өсірген жер еді,  
Қатарлап қала салуға  
Ақ күмістей тасы бар,  
Суда балық, қырда ан,  
Тас көмірі тағы бар,  
Көмбелер жатыр көрінбей  
Олар да бір күн ашылар.  
Инженерлер ақтарып  
Байлықтарын санап жүр.  
Қазық қағып әр жерге  
Қаракшысын қадап жүр.  
Маңғыстаудың ойында  
Қоныстар көп қолайлы,  
Колхоз, совхоз өсіріп  
Мал тұқымы молайды,  
Еңбекшілер жұмылып  
Ертеңгісін қамдайды,  
Құрыш білек жұмысшы  
Еңбекшінің көсемі  
Лениннің тура жолынан  
Аудармайды мандайды.

1935 жыл

## АСЫЛ АЛМАС

(С.М.Кировке)

Кешегі кеткен қолдан Киров жолдас  
Ұлы еді партияның асыл алмас,  
Кезенген оқ, қылыштың астында өскен —  
Көрсен де не қиындық қажып, талмас.  
Келгенде былтыр елге тасып едік  
Еңбекпен меруерт шашу шашып едік,  
Жұмысқа жаңа бағыт — жігерменен  
Бір белес көзкөрінім асып едік.  
Жау оғын көздеген жоқ әлдеқалай —  
Жау тобын бұзған Киров талай-талай  
Бетпе-бет келе алмаған пасық күштен

Қапыда кетті сабаз, өттеген-ай...  
Ұры иттей тіміскіген жаудың тобын  
Бұзуга жұмсалмақшы ендігі оғым,  
Алдында қабіріңнің берген сертім —  
Қиратпай жау қамалын — қайтпас кегім.  
1935 жыл

## ЛЕНИН ТІККЕН ТУДЫ АЛЫП

Он жетінші жылында  
Ленин туын қолға ұстап  
Тап бердік жау тобына,  
Қиыр қылыш суырып  
Ат қойдық оң мен солына.  
Майданда талай жеңгенбіз —  
Ленин туы қолымда.  
Он алты жыл болған-ды  
Қазақстан бөлініп  
Отау болып қонғалы,  
Партия туы астында  
Табысымыз тасқындап,  
Елімде бақыт орнады.  
Әр ісіміз ақиқат,  
Әділетпенен туралық,  
Алға басып келеміз  
Ленин тіккен туды алып.

1936 жыл

## ҰСТАЗДАРҒА

Маңғыстаудың ойына  
Ұлы Октябрь келгенше  
Кім берді бізге білімді?  
«Кәлимаға келтіріп  
Жүрсен болды тілінді» —  
Айтатын карттар осылай,  
Ауылдың надан молдасы  
Мыйды аздырып болатын  
Шыбықпен арқа осып-ай.  
Хат танып білім ала алмай  
Әр жерде жүрдік босып-ай.  
Октябрь таны атқан соң  
Ғылымның көзі парлады,  
Білімге ашты күшағын  
Маңғыстаудың ауданы,  
«Ашылды мектеп» дегенде

Қазақтың кара баласы  
Бозашы, Форт, Таудағы  
Әжелді әр үй өзіңе  
Үл менен қызын — баласың,  
Көзінің ақ пен қарасын  
Білім беріп, ой егер  
Өздеріңсің жанашыр.  
Балғындар талдай мәуелеп  
Жапырақ жайсын өуелеп,  
Еге бер шатты дәуірдің  
Әділдік абзал санасын.

1936 жыл

## ӨНЕРЛІ ҰРПАҚ

Ұрпағым өсіп өнерлі  
Шырқалды күйді, өленді,  
Өнерін бізге көрсетіп  
Аралап жүр көп елді.  
Кешегі ауыл баласы  
Өнері өсіп тенелді —  
Өнері бүгін елеңді.  
Домбырасы күмбірлеп,  
Әншілер шырқап, күй күйлеп  
Көңілім бүгін кенелді,  
Қауен күйші күй шертіп  
Басты сып-сып пернені,  
Қосылып қыздар хор айтып  
Залды шаттық кернеді.  
Өнерін өссін, жастарым,  
Жемісті болсын еңбегін.

1936 жыл

## МАЙ МЕЙРАМЫН ҚҰТТЫҚТАУ

Ал, жиналған жолдастар,  
Ортаңызға келген соң,  
Зейінге желсөз енген соң  
Отырмайын бөгеліп.  
Еңбекшінің балдары  
Жаңалық дәуір-замаңда  
Биледің өзін иеленіп,  
Қазақтың ұлы қашаннан  
Езінде жүрген ел едік,  
Партия басшы болғалы  
Өнеріміз өрлеп гүр

Бар ұлттармен теңеліп.  
Домбырашы, жыршы, өнші  
Облысымыз Оралға  
Өнерпаздар жиналды,  
Құттықтаймын құрметтеп  
Болынып жатқан мейрамды.  
Бірінші май мейрамы  
Болынған екен бұрын да  
Париж деген қалада  
Бір мың сегіз жүз сексен  
Тоғызыншы жылында.  
Жұмыскер табы сол күнде  
Байларға қарсы тұрысты  
Сегіз сағаттан бір де артық  
Істемейміз деп жұмысты,  
Байлар жағы демалыс —  
Бермейді екен тынысты.  
Езілген таптың мақсатын  
Орындау үшін кешегі  
Ленин-көсем, Сталин  
Байлармен еткен жұлысты,  
Қайрат етін халқы үшін  
Бастарынан өткізіп  
Бірнеше жыл қаранған  
Бейнетқор үшін жұмысты.  
Он жетінші жылында  
Өкіметті қолға алды  
Қисайған түзеп жолдарды.  
Бұқараның көсемі  
Ленин басшы кешегі  
Төңкерді төгіп толғанды,  
Ресейден жоқ қылды  
Өңкей бай-патша — зорларды,  
Құлатуға дұшпанды  
Құлданып еді әдісті,  
Маркс, Энгельс, Лениннен  
Қалған жолды ұстандық —  
Қорғаймыз талмай бұл заңды.  
Біз он тоғыз жыл жасадық,  
Айла мен амал әртүрлі  
Шығып жатыр бүгінде  
Өзімізден жасалып.  
Мәдениет бағытқа  
Түзеліп қадам басалық.  
Партияның жолдастар.  
Жолбасшылық көмегін  
Құлдану керек хоп алып.

Кедейлер, кеңге шықтындар,  
Бай-патшаның бұрынғы  
Құлдығынан босанып,  
Көз ашылды, сауат ап  
Бұрынғы надан елдерім,  
Жеткізіп отыр үкімет  
Әрбір түрлі кемдерін,  
Заңменен қарап береді  
Толықтырып енбегін,  
Кедейлер тегіс біліп жүр  
Тап дұшпанын жеңгенін.  
Қолына дерек тигесін  
Езілген таптың баласы  
Үстемдік алып өрледі,  
Бұрынғы кезде көз ашпай  
Кемтарлық болды көргені.  
Болып өткен патшаның  
Дәуірінде кешегі  
Өндірісті жерлердің  
Қожалық етіп, билейтін  
Помещик, байлар иесі еді,  
Қанауында езіліп  
Жарлы таптың балдары  
Солардың болды есегі.  
Ашылмаған көзіміз,  
Тыңдалмаған сөзіміз —  
Көп болды бізге кеселі.  
Ескі дәуір-заманда  
Шықпады дыбыс-үніміз,  
Қараңғы болды күніміз,  
Октябрь таңы атқан соң  
Шешен болды тіліміз  
Кіл кедейдің балдары  
Ұйымдасып колхозға  
Бірін қалмай кірініз,  
Біршілікте жүріңіз,  
Дұшпандарға сырттағы  
Алынбасын сырыңыз,  
Мықтап ұстаң жігермен  
Большевиктік ұранды,  
Тартып алдық қан төгіп  
Бай-патшадан құралды.  
Біздің Кеңес Одағы  
Күннен күнге күшейіп  
Айланың түрін шығарды,  
Айраплан, державль —  
Келешекке дұшпанға



Жасап қойды бұларды.  
Социалистік жарыста  
Орындадык әр істі,  
Айраплан әуеде  
Бір күнде үшса алады  
Жүз күншілік алысты,  
Машина, пойыз, грамвай  
Бір-бірімен жарысты.  
Үкіметтің ісінде  
Біз білмейтін тағы да  
Әрбір түрлі айланың  
Жасалып жатқан зоры бар,  
Келешекке дұшпанға  
Кұрып қойған торы бар,  
Борайтын қардай оғы бар.  
Біздің Қызыл Әскерден  
Соғысқан дұшпан торығар.

1936 жыл

## АЛЕКСЕЙ СТАХАНОВ

Стаханов жолдастың  
Тарихын айтсам басынан  
Туып-өскен әуелде  
Орел деген қаланың  
Шыққан екен қасынан,  
Бір кедейдің баласы  
Еңбек еткен жасынан,  
Жиырма жетінші жылында  
Донбасқа келіп кіріпті,  
Іс үстінде үйреніп  
Алған біраз білікті,  
Миллион еңбек еріне  
О да келіп бірікті.  
Қолға алып құралды  
Қараңғы терең түкпірден  
Тас көмірді шығарды,  
Орындаған күніне  
Жеті тонна планды.  
Өткен жылдың күзінде  
Агустың бір түнінде  
Шахтысына кіріпті.  
Стаханов Алексей  
Шахтыға түсіп ойлады  
Асырмаққа жүзеге  
Күш-қуатын бойдағы,

Білек түріп белсеніп  
Машинасын сайлады,  
Көрсетем деп әлемге  
Жаңа өдіс-айланы.  
Басты балға көмірге,  
Жігер тасып қайнады,  
Еркін білген тетігін  
Машинасын бұрады,  
Қызған сайын машина  
Көмір көптеп құлады,  
Жетісті өнім молына —  
Жеті тонна орнына  
Жүз екі тонна көмірді  
Бір сменде шығарды.  
Озып шығып ортадан  
Көрсетті өнер үлгісін,  
Стаханов Алексей  
Ер еді туған ел үшін.  
Еркін еңбек өнімін  
Жер жүзіне асырды,  
Рекорд өнім тапсырды.  
Зауыт, фабрик, шахтыда  
Жұмысшылар үлгі алды,  
Стаханов әдісін  
Қошеметпен құлданды.  
Еңбек сүйген ер болу  
Қиын емес — қолыңда,  
Стахановша істеуге  
Бәрі де өзір жолыңда,  
Қимылда достым, қимылда —  
Қалма көптің соңыңда.

1936 жыл

## МОСКВАҒА САПАРЫМ

Май айының ішінде  
Манғыстаудан біз шығып  
Аман-сау келдік Оралға,  
Таныстық келіп бұған да,  
Патефон, мылтық қабаттап  
Байрақ алдық бұдан да,  
Облысымыз жасасын —  
Көтерді бізді жоғары,  
Жиырма бірдей ауданның  
Жиналған екен бас қосып  
Өнерпаз, өлеңші адамы,

Енбекші халық қарсы алып  
Бәрі де тындап қарады,  
Шамгүлмен қатар салғанда  
Күйлері болды шамалы,  
Салдырлатып кейбіреу  
Домбырасын сабады.  
Комиссия бастықтар  
Сынағанда біздерді  
Біріншіге балады...  
...Май айының үшінде  
Киров клуб ішінде  
Құмардан шығып жырладым  
Келтірдім сөздің ырғағын.  
Хош алысты көпшілік  
Шапалық соғып құттықтап  
Жиналған адам мың жарым.  
Байрағын берді соңынан  
«Жоқ, — деді, — сөздің кемісі».  
Жиналған өнерпаздарға  
Сыйлығын атап берісті,  
Содан кейін біздерге  
«Москваға бар, — деді, —  
Айтыспен қатар барған соң  
Әндеріңді сал, — деді,  
Жырларыңды өшкертіп  
Күйлеріңді шал, — деді,  
Жоғарыда отырған  
Үкімет пен партия,  
Бағалайғұғын заң» — деді..  
Оралдан жүрдік төрт адам  
Үскірік пойыз зырлады,  
Көрдік талай станса,  
Орман-тоғай, арнаны,  
Егін, ағаш, ағын су  
Теміржолдың жан-жағы,  
Мінгеніміз сар пойыз  
Шаршасын ба шалдығып —  
Шабысынан танбады,  
Мезгіл-мезгіл ақырып  
Шапқан сайын атылып  
Шұбалды түтін-шандары.  
Вагондары сайлы екен  
Жүрісі тыныш, жайлы екен —  
Үстіне мінген адамның  
Рахат тапты жандары...  
... Содан келдік Мәскеуге —  
Жүргенов бізді алмады,

Өнері, жақсы біздерді  
Жарысқа қатар салмады,  
Домбырашы, өнші, ақынның  
Болмай қайтты арманы,  
Батыс Қазақстанның  
Шаба алмай қайтты тарланы,  
Аузымызды ашырмай  
Кері қайтарды Жүргенов —  
«Оралдан келген қарт ақын  
Жоқ, — деді, — бізге керегің»  
Көрінбей қайтты өнерім,  
Еңбекші елге арналған  
Айтылмай қайтты өлеңім,  
Айтылмаған себебін  
Жүргеновтан көремін.  
Бөліп тастау дұрыс па  
Батыс Қазақстан көлемін?  
Айналғанда Жүргенов  
Өзінің етті дегенін,  
Көрсетпеді біздерге  
Жолбасшылық көмегін.  
Қатты көзбен қарады —  
Барған күні таныдық  
Көңілдің бізден бөлегін.  
Зәбір көрген өзімді,  
Осы айтылған сөзімді  
Ұлы орындар жоғарғы  
Тексерер деп сенемін.

1936 жыл

## АЛМАТЫ САПАРЫНДА

Астанаға ауды іңкөрім  
Маңғыстау — мекен-тұрағым,  
Бет алған күні бағыттап  
Көліктің жүйрік пырағы  
Көрсетті жердің біразын.  
Ағыны күшті — құлдырап  
Зулады мүлде болжатпай  
Жердің жүзі бұлдырап,  
Әр жерде орман, көк өзен  
Барады қалып сылдырап,  
Қара тұлпар қаржынды  
Шапқан сайын аяғын  
Темір жолға ұрғылап.  
Тарылды жердің танабы,

Көрдім талай қаланы,  
Көзді ашып-жұмғанша  
Қарасын үзіп қалады,  
Саңлақты жүйрік сол тұлпар  
Қызған сайын табаны  
Жұлдыздай зырлап ағады,  
Анда-саңда тыныстап  
Стансыдан жүргенде  
Айқайлайды дыбыстап,  
Шаршатпайды адамды —  
Жүрісі жайлы тынышты-ақ,  
Көлденең бір тауларды  
Тескен екен жұмыстап,  
Өте шықтық одан да  
Он минутта жылыстап,  
Сосын қойдық мандайды  
Алматыға дұрыстап...  
... Қазақстан кіндігі  
Алматының қаласы,  
Жапырағы жайқалған  
Жемісі миуа шайқалған —  
Жеткізіп көркін айта алман  
Болсам да ақын майталман.  
Қалың орман ағашы  
Қар кетпейтін басынан  
Асқақтаған тауы бар,  
Сарқыраған бұлағы  
Саулы інгендей саулылар,  
Көк мақпалдай құлпырған  
Даласы — таудың арасы,  
Алматым менің бұл тұрған  
Бақыттың кіндік қаласы,  
Келешегі құлпырған  
Жүрегіне нұр құйған  
Астанамда орнаған  
Қазақтың қара баласы.

1937 жыл

## ПУШКИНГЕ

Сұм заманда өтіпсің,  
Өлеңге өрен жетіксің,  
Жәуһарын жырдың жаудырып  
Телегей-теңіз етілсің,  
Өмірден опа таба алмай  
Қиянат көріп кетіпсің,

Лагнат айтып түндерге  
Қол создың алғы күндерге,  
Бірақ та нұрлы күндерге  
Асыл ер, жете алмадың,  
Қушағын жайып біздерге  
Табысты асыл арманың,  
Жырынды әлем жаттады —  
Сөзінің жүгтық қаймағын.  
Үстірте — малшы үйінде  
Нұр төгіп жанға жайнадың,  
Жырларыңмен жауладың  
Әлемнің барлық аймағын.

1937 жыл

## МЕНИҢ ОТАНЫМ

Тасыды талабымыз алға басып,  
Күннен күн өнеріміз барады асып,  
Партия басшылығы арқасында  
Ұрынса талқандаймыз жауды жаншып.  
Қырда мал, ойымда егіс, суда балық,  
Жерімде жатыр шалқып алуан байлық,  
Қарсақбай, Қарағанды, Гурьев, Донбас —  
Сан мыңдап өндірістер ашылды алып.  
Сеңгір мұз, түпсіз мұхит, асқар таулар  
Бетпақ шөл, нулы орман, өскен қаулар  
Бас иді советтің әр адамына  
Сол жерде бүгін бақыт, бақша бау-бар.  
Қол созды елім бүгін ғарышқа да,  
Бет алды азат ғылым ғарыштарға,  
Ұлы елім жер бетінде жұмақ жасап  
Өрлейді даналықпен алыстарға.

1938 жыл

## КАСПИЙ ЕРЛЕРІ

Каспийдің бойын жайлаған  
Балығын қойдай айдаған  
Бақытты елдің баласы  
Балықшыны жырласам  
Жыр фонтаны қайнаған,  
Сәттігүл ақын мен едім  
Бақыттын шығып шыңына  
Жаз бағындай жайнаған,  
Жас алпысқа келгенде  
Бұлбұлдайын сайраған,

Шалқымай қайтсін шабытым —  
Шалқыған бақыт айналам.  
Ен дәулеттің иесі  
Ерлерім деп сөйлесем  
Жөнеледі жүйрік тіл  
Арғымақтай асқақтап  
Ауыздығын шайнаған.  
Каспийдің мың-мың ерлері  
Күш-қуаты кернеді,  
Су жүйрігі пароход  
Су танабын қуырып  
Судың құзын өрледі,  
Су жүрегін суырып  
Су байлығын меңгерді,  
Судың мұзын сындырып  
Су жайынын өңгерді.  
Табысы таудай тамаша  
Өркендеді еңбегі,  
Жеңістің шырқап шыңына  
Құлашты жаза сермеді,  
Шырқамай қалай шыдасын —  
Шаттығы шалқар дер кезі.  
Біздің Каспий ерлері  
Балықты қойдай бағып жүр,  
Телегей түпсіз теңіздің  
Қолқасына қол салып  
Тереңіне барып жүр,  
Кенінен төгіп кестесін  
Шөпшегін жиі қағып жүр,  
Тюленді тайдай тулатып  
Мойнына арқан тағып жүр...

1939 жыл

## БІЗДІҢ САЙЛАУ

Күн сайлау, енбекшінің бағы жанды,  
Жас-көрі көңілі өсіп ағылады,  
Елімен ақыл қосқан үкіметі —  
Ел билер қай азамат, не қылады?  
Атан, нар сойыс беріп сатып алған  
Шалқайып өз үйінде жатып алған  
Бұрынғы болыстарды көрдік талай,  
Ардақтар қайсысының аты қалған?  
Адам деп бұқараны көзге ілмеген,  
Өгіздей аузын буган — сөз білмеген,  
Бір топас бармақ басып, үкім айтып

Байларға қия тартып ел билеген.  
Шат-думан, бүгін міне айналамыз  
Сайлаймыз азаматты, сайланамыз,  
Елеусіз еңбекшіге ерік берген  
Жасасын, айналайын, заманымыз.

1939 жыл

## БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ҮШҚЫШТАРЫ

Советтік менің заманым  
Сөйле деп маған сөз берді  
Өр тасқынды өленім  
Өрмеле ерге, өрбі енді,  
Алпыстан асқан Сәттігүл  
Асқактата шыржасын  
Ақ Жайықтың бойынан  
Маңғыстаудың ойынан,  
Каспийдейін көліңнен,  
Ойыл, Қиыл, Жеміннен,  
Атыраудың дөнінен  
Кер маралдай керілген  
Кербез сұлу жырларды,  
Тағы да шырқап берейін  
Көкте жүзген ерлерді.  
Біздің елдің үшқышы  
Көктің бұлтын өңгерді,  
Аскарлардан аса өтіп  
Аспан жолын меңгерді,  
Үркерінді үркітіп —  
Барлық әлем тебіренді.  
Біздің елдің ерлері  
Күш-қуаты бойды кернеді,  
Күнге құлаш сермеді.  
Көктің бұлтын қаусатып,  
Көктің жүзін жарып жүр,  
Көкте жолды салып жүр,  
Самолеті сан жүйрік  
Жұлдыздайын ағып жүр,  
Көп жұлдызын көгінің  
Қоралап қойдай бағып жүр,  
Асау желді нокталап  
Жетегіне алып жүр,  
Түндігін түріп Сібірдің  
Жер кіндігін тауып жүр,  
Сірескен Сібір мұздары  
Омырылып қалып жүр,



Асып өтіп полюсті  
Америкаға барып жүр,  
Жетпіс күндік жолынды  
Бір-ақ күнде алып жүр.  
Көктегі күшті ерімді  
Әлем қарап танып жүр.

1939 жыл

## МОСКВА

Мәскеудің барып қайттым қаласына,  
Таң қалдым тарау-тарау саласына,  
Трамвай, автомобиль сан мындаған  
Көшенің ағылады арасынан.  
Тұтасқан өуедегі бүлт секілді  
Қарасам қалың біткен ағашына.  
Москва — жомарт қала құшақ жайған  
Өзім деп келген адам баласына.  
Бақыттың Мәскеу нұрлы алтын таны —  
Бар өлем Москваға қарасын да.

1939 жыл

## ПУТИННЕН БАС ТАРТУШЫЛАР

Ерініп, еңбек етпеген,  
Жұмыстан қашып шеттеген,  
Ол — пікірі бұзық адамдар,  
Ондайдан кесел-зарар бар.  
Мезгілінде Путинге  
Бармаймын деп шегінген,  
Жалқауларды ерінген  
Ешуақытта аямай  
Жібердің қуып арадан.  
Колхозшыға жатпайды  
Жұмысқа жалқау қараған,  
Ол келістірмейді жұмысы,  
Жұмыстың етпес дұрысын,  
Еңбек етпей нан жемек —  
Ойлайды жанның тынышын.  
«Интернационал» колхозда  
«Қарық қылса ақшаға  
Путинге соңда барам» деп,  
Бес жүз сом керек маған» деп  
Ол айтқандарым болмаса  
Теңізге бармай қалам» деп  
Отырғандар жоқ емес.

Ондай бөтен, бұзық сөз  
Колхозшыға жатпайды,  
Ондайларды үкімет  
Еңбекші деп бақпайды.  
«Голощекин», «Долгийдін»  
Колхоздарын көпшілік  
Екпінді деп мақтайды,  
Уақытында талаптың  
Біреуі қалмай қаптайды.  
«Интернационал» колхозы  
Председателі жолдас Белунин  
Путинге шықпай бұғатын  
Дәулетбаев, Волков сияқты  
Жалқау колхозшыларды  
Шара алуға батпайды.

1939 жыл

## УКРАИНА ХАЛҚЫНА

Уа, бауырым, қаһарлана қарашы енді,  
Қозғандай жанның ескі жарасы енді,  
Фашистер кірлі аяқпен Ұлы Отанды  
Таптамақ Абай елін, Тарас елін.  
Тіміскіп аш бөрідей сан таралпты  
Дым көрмей жалмауыз көз қанталапты,  
Маң жатқан қасиетті ұлы еліме  
Қорқау жау баса көктеп анталапты.  
Туысқан Украина жаны ізгі,  
Берейік майдан үшін барымызды,  
Фашистің қара тастай жүрегіне  
Атайық жалынды оқ қып арымызды.

1941 жыл

## АТЫ ӨШСІН СОҒЫСТЫҢ

Масатыдай түрленген  
Кең жазира далам бар,  
Ер еңбекке түр берген  
Жайнаған жаңа қалам бар,  
Өрбіп жатқан жаңалық,  
Өрлеген ғылым жөне бар,  
Өмірдің келер көп күнін,  
Отанымның екпінін  
Қай акын толғап бере алар?  
Шат-шадыман күндерді  
Партия емей кім берді?

Сөз бұлағы Жамбыл мен  
Аккөңіл акын Нұрпейіс  
Қосылып талай жырладық..  
... Ащы мен тұщы алмасқан  
Шаттыққа қайғы жармасқан  
Күркіреп талай күн өткен,  
Біза мен кекті сан акын  
Көкірегінде түнеткен,  
Намысын қорлап елімнің,  
Сеппек боп уын өлімнің  
Келгенінде Гитлер  
Ашынған адам кегімен  
Сан мыңдаған солдатты  
Шықпастай жерге көмілді.  
Терісін теріс жамылған  
Қанқұйлының қайтадан  
Ниеттесі көрінді.  
Қойылып қошқыл — кара бұлт  
Ұрығын сеппек өлімнің,  
Жоқ, жоқ, жоғал, сүр өлім  
Жықпақ па туын өмірдің?  
Соғысты қалар қай пенде  
Адам деген аты бар?  
Алапатты айтса өлемнің  
Қарс айрылып көкірегі  
Қабырғасы қақырар.  
Құрысын соғыс, аты өшсін,  
Үнінді көтер дүние  
Болашаққа шақырар.

1941 жыл

## АТТАНЫП ТҮРСЫҢ АЛЫСҚА

Аттанып тұрсың алысқа  
Жаңа тілек, жас жүрек  
Ер білекті балдарым,  
Шығарып түр ата-анан,  
Шығарып түр жан жарың —  
Арайлап атсын тандарың,  
Оң болғай дәйім жолдарың.  
Адамның жауы фашизм  
Елімнің кірді ішіне,  
Қанға бөгіп жерімді  
Мақтайбақ қылған ісіне.  
Жазасын беру ақымақтың

Парыз гой адам-кісіге.  
Кездескен күні дүшпанға  
Кайнасын қызып қаңдарың,  
Алмастай болың кесетін,  
Найзадай болың тесетін.  
Бой тасалап бүкпандар,  
Жаудан қорқып ықпандар,  
Кайыспай қарсы тұруға  
Уәдені мықтандар,  
Ұран қылып көтерген  
Қасиетті халқыңның  
Қызыл Туын жықпандар.  
Ауызбірлік мол болсын —  
Жауды жеңбей қайтпандар,  
Үрейге арды сатпандар,  
Ата менен ананың  
Аманатын ақтаңдар,  
Қасиетін халқыңның  
Адалдықпен сақтаңдар.  
Күс күзғыны құладын  
Ерте тұрып азаннан  
Үшад дейд құлан алам деп,  
Көрінген анды қырам деп,  
Сол күні кезіп маңайды  
Құлан түгіл тышқан жоқ —  
Қайтады дейді қаңғырып  
«Өлгенім жақсы мұнан» деп.  
Фашизими Германның  
Сол сияқты мысалы  
Тасқа соғар маңдайын  
Тұмсығын бізге сұғам деп.  
Қаңқұмар жауыз фашисті  
Ақырында талқандап  
Біз жеңеміз — күмән жоқ,

1942 жыл

## КОЛХОЗШЫ ЖОЛДАСТАРҒА

Уа, колхозшы жолдастар,  
Отырмандар керіліп  
Оқ атқандай болады  
Еңбегің еткен көрініп,  
Ешуақытта қалмайды  
Еңбектерің көмліліп.  
Бейқамдықты қойыңыз,  
Жалқаулықты жойыңыз.

Жігермен жұмыс істелік,  
Майданға көмек-күш беріп.  
Арпалысып жау жатыр  
Қан төгіскен бізбен қас,  
Ат салысың аянбай  
Әйелдер, еркек, үлкен-жас.  
Керенаулық кеселден  
Бастарынды алып қаш.  
Бұл соғыстың кезінде  
Ойламаң жанның тынышын,  
Екпінді еңбек етуге  
Шын жігермен кірісін,  
Жалқаулар болса жанаяр  
Жол бермеу жаққа тырысын.  
Арамыздан қуылсын  
Еліне еңбек етпеген  
Шын жүрек адал ниетпенен —  
Жұмыстың істен дұрысын.

1942 жыл

## АҚ ТІЛЕКТІ АРНАУЫМ

Жаңа көктеп жайнаған  
Ержүректі балдарым,  
Халқыңмен бірге сендерді  
Шығарып салып ақ жолға  
Ақ тілекті арнадым.  
Елімнің тиді шетіне  
Күнбатыстан бір жалын,  
Бұл жалын күшті тым қалың,  
Адамның жауы Гитлер  
Диниедегі жауыз бір залым.  
Колония қылып халықты  
Басып алып дөңдеген —  
Бояған жерін қанменен,  
Атқармаған жұмысын  
Әділетті дұрыс заңменен.  
Білесіндер, былтырғы  
Анау Хасан көлінде  
Айбынды Қызыл ерлерім  
Жапонды жеңіп қырганын,  
Шығарды талқан ұндарын,  
Ұшықтап еді оқпенен,  
Қиратты тастап доппенен,  
Бізбен соғыс ашқанға,  
Жағалай жатып гүлденген

Отанның шетін басқанда,  
Пулемет пенен танкінің  
Жаудырып оғын шашқанда,  
Жапония артына  
Бұрыла алмай сасқанда —  
Құралы қолдан қашқанда  
Біздің ерлер қашырды  
Қуалап айдап асырды.  
Қайратын көріп, торығып  
Өзінен зорға жолығып  
Енді жүр бізге бата алмай,  
Қорғаны мықты қоршаулы  
Ендігі жерде шет дұшпан  
Бата алмас біздің Отанға-ай.  
Мызғымас берік қорғаным  
Бастырмай түр ілгері  
Фашистің бөгеп жолдарын,  
Әзірлеп түр алдынан  
Пулемет пен танкінің  
Әлденеше зорларын.  
Ержүректі балдарым  
Оң болсын сапар-жолдарын,  
Аласындар білімді  
Оқисындар ғылымды  
Бұл сапарға, шырағым,  
Шаттықпен ойнап барғаның.  
Кездескен күні дұшпанға  
Босандық етпей қатайып  
Қайнасын қызып қандарың.  
Ауыздарыңды бір етін.  
Күш-қайратты үдетін,  
Өткір болың дұшпанға  
Жебедей женшіп кіретін,  
Ер болыңдар екпінді  
Андай гып жауды үркітіп  
Артынан қуып сүретін.  
Батырлыққа баулынып  
Бозбалдақтай қарағым,  
Отанды барып күзеттін.  
Айрақпан бізде бар  
Көкті жарып жүзетін,  
Пулемет, танкі бізде бар  
Боратқанда мертілтіп  
Жаудың белін үзетін.  
Фашистердің шеттегі  
Басылмай жатыр шаңдары  
Тыйылмай жатыр қандары

Жапония бізбенен  
Соғысып күшін андады.  
Кездескен күні дұшпанға  
Жауынгер Қызыл Армиям  
Кетпестей қылып басына  
Мәңгілік салды танбаны.  
Үкіметтің өсірген  
Тәрбиелеп жеткіншек  
Ержүректі балдары,  
Сеніп тұрмыз сендерге  
Ендігі жерде Отанның  
Болады деп қорғаны.

## АМАНГЕЛДІ БАТЫРҒА

Қарғыс атқан өмірде  
Қан жылаған өңірде  
Амангелді батырдың  
Қайраты бізге көрінді,  
Еңіреген ер еді,  
Қауіп етпеген дұшпаннан  
Ойламаған өлімді.  
Абаттана ақырып  
Аламаны жапырып  
Ақ алмасын сілтесе  
Жаудың қаны төгілген,  
Ақ сүңгісін байлатса  
Андыскан сұм дұшпаны  
Көбесінен сөгілген.  
Сұм патшаға қас болды  
Езілген есіл еліне  
Ту көтеріп бас болды  
Аламаңын құрып-ай,  
Жауын көрсе ұмтылды  
Бабына түскен қырандай,  
Қолына Қызыл ту алып  
Ақ алмасын суарып  
Қайраттын шүйін шығарды-ай.  
Қан құстырған өмірдің  
Әміріне көнбеді —  
Ерегескен жауына  
Аянбай қару сермеді.  
Амангелді батырдың  
Темірдей батып шенгелі,  
Қастасқан жауы менделді.

Амангелді батырым  
Жүрегінде халқынын  
Сақталады сансыз жыл  
Тарихта калып еңбегі.

1943 жыл

## АҚЫНДАРҒА

Болатпен бойын қаптаған,  
Халқын жаудан сақтаған  
Айбынды Қызыл Армиям  
Көргенде жауын жайнаған,  
Қандары қызып қайнаған,  
Қанды қырғын майданда  
Кегін алмай таймаған.  
Қажымас қайрат ерлерге  
Күш-көмегін беруге  
Ағып жатыр атқылап  
Жердің көзі тесіліп,  
Мұнай — байлық мөңгілік  
Үзілмейтін кесіліп.  
Қиратты жауын ерлерім  
Күннен күнге өшігіп  
Біз жеңеміз жеңеміз  
Дұшпанның үнін өшіріп.  
Дұшпанға ойран саламыз,  
Тезінен жауды жоямыз,  
Қайырып тауын шағамыз,  
Жолбасшылық жөн сілтеп  
Беріп отыр команда  
Партия-көсем данамыз  
Мұнайдың алып тылдағы  
Тегеурінді ұлдары  
Жеңіске тартқан табысын  
Ақындар, міне, жырлады.  
Ал, ақындар, ақындар  
Үдетіндер өленді,  
Көрсетіндер өнерді.  
Көпшілік сонда біледі  
Тайыз бенен теренді.  
Жырға қосың көтеріп  
Сағыздағы ерлерді,  
Сынап айтың жасырмай  
Кеміс, кетік жерлерді.

1943 жыл



## БІЗ ЖЕҢЕМІЗ

Өлкемнің мынау аймағы  
Байлық кой, шіркін, таусылмас  
Алынбай жатқан қаймағы,  
Көмірден басқа бұл жерде  
Бар деп жүр мұнай-майлары,  
Жоспарды артық беріп түр  
Еңбектің әрбір айлары.  
Таушықта қалың көмірім,  
Еселеп еңбек өнімін,  
Жау қолына бермеспіз  
Қастерлі туған өнірім.  
Каспийде балық молшылық,  
Тереңнен тартып ауларды  
Мол тапсырсақ соншалық.  
Әрқайсысы бір-бір оқ  
Жайпап салар жауларды,  
Төңкеріп тастап тауларды.  
Инженерлер байлықтын  
Не бір түрін баурады.  
Мыңғырған малым қырымда,  
Сенім мол менің жырымда,  
Талқан боп фашист қашады  
Шыным да осы сырым да.  
Боздақтар келер жеңіспен  
Шаттыққа сонда енерміз,  
Жарандар, еңбек етіндер,  
Уәдеге берген жетіндер —  
Әлі-ақ жауды жеңерміз.

1943 жыл

## СТАЛИНГРАДТАН ЖАУ ҚУЫЛҒАНДА

Құтырған ұры фашизм,  
Күнбатыстан қол салды  
Бейбіт жатқан еліме,  
Гүлденген сәнді жеріме,  
Қазыналы қара алтын  
Қайнарлы-көзді кеніме,  
Опасыз ұры фашистер  
Шығам деп шапты төріме.  
«Аламыз» деп, «көпміз» деп  
Ұмтылып еді екпіндеп —  
Назары жамаң сынып жүр,

Жапырып жауды майданда  
Ерлерім Қызыл қырып жүр,  
Андамай басқан аяғын  
Ауырмай өлед деген бар —  
Кұтырынған ит фашистер  
Азайғанын өлінің,  
Енді ғана біліп жүр.  
Ерлерім ойран салып жүр,  
Талқандап өшін алып жүр.  
Батырларын білекті  
Ауыздарын бір етті,  
Отан үшін жан қиып  
Тілекке қосты тілекті.  
Қаптаған жауға алдырмай  
Ленинград, Мәскеуді  
Күндіз-түні күзетті.  
Қашырды жаудың қарасын  
Бермеді Мәскеу мұрасын,  
Фашистерді қиратып  
Батырлар жазды құлашын,  
Біздің алып, айбынды  
Армияның алдында  
Асқар таудай айбатқа  
Фашистер қалай шыдасын!  
Немістің қалың әскері  
Аламыз деп келгенде  
Ленинград, Мәскеуге  
Қара бұлттай төнгенде  
Қолбасшым дана Сталин  
Қаһарланып, қайратпен  
Командасын бергенде  
Сокқы беріп көп қырды,  
Бірнеше жүз мың солдатын  
Біздің ерлер жоқ қылды.  
Зор шығынға ұшырап  
Кейін қашты бышырап  
Тұра алмай шыдап табаны —  
Кұрыды жаудың амалы.  
Күлін көкке ұшырып,  
Қуалап айдап ысырып,  
Қайтадан алдық қайырып  
Әлденеше қаланы.  
«Алпыс күнде алам» деп  
Жанталасып қарады,  
Адамның жауы, қанқұмар  
Гитлердің болмады  
Ойлаған жоспар-талабы,

Халқынан түрмыс-күй кетті,  
Иіріп айдап қырдырып  
Солдаттарын да сиретті,  
Осы күн халі шамалы.  
Сталинградтай қаланы  
Үш жарым ай қамады,  
Жүз мыңдайы қырылып  
Бізге түсті тұтқынға  
Үш жүз мыңдай адамы,  
Тарихтарда болмаған  
Соғыстың болды ұлысы  
Тарылды жаудың тынысы.  
Өлгені қалды үйіліп,  
Қуылып кетті тірісі.  
Халқын айдап қырдырған  
Гитлердің болды жұмысы.  
«Доспын» деп қастық ойлаған  
Ақырында басына  
Тауан болды мұнысы,  
Көк төбеттің абалап  
Бізге қарап үруге  
Енді шықпас дыбысы.  
О заман да бұ заман  
Арамның жолы болмаған,  
Адамның жауы фашизм  
Қуылды біздің Волгадан.  
Салтанатты сәнімді  
Ардақтаған барымды  
Қорғады Қызыл Ерлерім  
Басшылықтың болып дұрысы.  
Жасасын Қызыл Армия  
Жасасын дана Сталин  
Дүниеде болынған  
Қолбасшының ұлысы.

1943 жыл

## ӘДІС КЕРЕК ӘРТҮРЛІ

Әдіс керек әртүрлі  
Мал өсіру жайында  
Пішені мен қорасын  
Күн бұрыннан дайында,  
Көңіл бөліп күндіз-түн  
Көздерінді айырма.  
Ферманы гүлдей көркейтін,  
Ұлы шайқас майданда

Жауды тегіс жоюға.  
Сақтандар боран, қасқырдан,  
Көз жазып малдан бас ұрман,  
Отын-суын қандырып  
Бүйірін орта-аш қылмаң.  
Орындаңыз жұмысын  
Басқарманың тапсырған.  
Орынсыз малды жойғандар  
Жат адам деп ойландар  
Үкіметке қас қылған.  
Босына малды жоймаңыз,  
Кемітіп басын — соймаңыз,  
Көбейтіндер өсіріп,  
Жалқаулық жасап қоймаңыз.  
Әрбір түрлі жұмысқа  
Әзірлікті сайлаңыз.  
Қажымай қайрат етіңіз,  
Белді бекем байлаңыз.

1943 жыл

## ИСАТАЙ БАТЫР

Ақ жүректен ақтарып  
Мен жырлаймын шаттанып  
Ер шыққан соң елімнен  
Маңғыстаудай жерімнен.  
Қасқыр иттей қаңсылап  
Арт жағына ыршып-ақ  
Жапырылып жау қашты  
Исатайдай ерімнен,  
Бір өзінің оғынан  
Үш жүздейін немістің  
Қара қаны төгілген,  
Қабырғасы сөгілген,  
Өздері қазған көріне  
Өздері түсіп көмілген.  
Исатайдай ерімнің  
Қатты батты дұшпанға  
Тегеуріні темірден.  
Арыстандай айбаттым,  
Жолбарыстай қайраттым  
Тұқымы еді батырдың  
Қауіп етпейтін өлімнен.  
Түп атасы Тоқтамыс  
Ойран салған қалмаққа,  
Хабары кеткен жан-жаққа,

Тұсым еді шынжырлы  
Соғысса дұшпан жеңілген.  
Исатай — алғыр қайраттым  
Фашиске қарсы оқ атты,  
Оғын қардай боратты  
Қойдай қырып «дорақты».  
Камалын бұзып күл қылды,  
Талқандап жауды бүлдірді,  
Танкілерін сындырды.  
Жау «көкесін» таныды,  
«Немістің үш жүз адамын  
Исатай батыр қырды» деп  
Хабардың болды анығы.  
Исатай — алғыр қыраным  
Немістің қырды біразын —  
Естілді елге дабылы  
Жетіп жатты артына,  
«Жасасын» деп қуанды  
Қазақстан халқы да.  
Сүйеубаев адамның  
Арыстан туған алыбы  
Ашуы бойды кернеді,  
Құлашын жайып сермеді,  
Бір өзінен немістің  
Үш жүздей екен өлгені,  
Фашисті қойдай тоғытып  
Темірдей батты шеңгелі,  
Орақтың ұлы Карасай,  
Қарақыпшақ Қобыланды —  
Сол батырлар теңдері,  
Көпшілікке біліңді  
Қиратып жауды жеңгені  
Қалатын болды тарихта  
Істеген ерлік еңбегі.  
Исатайдай ерімді  
Қас батыр десем болады,  
Айтсам аузым толады,  
Фашистерді қиратып  
Оғы қардай борады,  
Аты әлемге шашылып  
Газеттерге басылып  
Исатайдың хабары  
Жер жүзіне тарады,  
Ұмтылғанда бекінген  
Бұзылды жаудың камалы,  
Қуырылды заманы,  
Кұртылды ғой амалы,

Техникалық соғыста  
Таң қалғандай, іс етті.  
СССР-дің маманы,  
Артылып түсті немістен  
Күлданған әдіс-амалы,  
Анасына ардақты  
Мың бір рахмет айтамыз  
Таймайтын тастан табаны  
Туған мұндай баланы.  
Атақ берді Сталин  
«Бірінші герой — ерім» деп  
«Немістің қырды көбін, — деп  
СССР-дағы халқымның  
Бір шығарды белін» деп.  
Рахмет айтты Сталин  
«Ленин орден берің» деп.

1943 жыл

## АЖАРЛЫ ЕКЕН ТӨЛДЕРІ

Тұщыбектегі ферманың  
Көрген жоқпыз кемісін,  
Орындап жүр өсіріп  
Мал басы — шаруа, егісін,  
Алған екен әуелден  
Қолайлы жерден өрісін,  
Қара шөпті қақ жарып  
Малдары жатыр семіріп,  
Қоздап жатыр қойлары  
Үшеннен туып емізіп.  
Ажарлы екен төлдері  
Жоқ екен шығын — өлгені,  
Қоралары сайлы екен,  
Малдары семіз, майлы екен.  
Үздік шығып бұл ферма  
Табысы тасып күн санап  
Өрден өрге өрледі.  
Қойын бакқан ферманың  
Шаруағы мығым, қажарлы  
Стахановшы қарт екен  
Қой, қозысы ажарлы,  
Он екі жыл қой бағып  
Отан үшін ойланып  
Күндіз-түн көзін жазбайды  
Оның бакқан қойлары  
Арып-ашып азбайды.

Егіздетіп, үш еннен  
Саулықтары қозғайды,  
Мал бағуға келгенде  
Одан ешкім озбайды.

1944 жыл

## ҮГІТ ЖЫРЫ

Ауданнан шықтық колхоздың  
Аралап ішін қайтуға,  
Түсінік-үгіт айтуға  
Күшейтіндер қарқынды,  
Екпінді түрде ұмтылын  
Мына жұмысқа алдыңғы.  
Уақытында орындан  
Мал төлдету, егісті,  
Қалдырың жойып кемісті,  
Ертеңгі күні ауданнан  
Алып жүрмең сөгісті,  
Көрінгендей сапалы  
Қызмет етің келісті.  
Жалқаулықты жабыңыз,  
Жұмыстарға күрделі  
Қайнасын қызып қаныңыз,  
Азаматтар қайда жүр —  
Оны байқап ганыңыз,  
Отанды қорғап, қан кешіп  
Ойлары сіздің қамыңыз.  
Оларға көмек-күш керек,  
Қарқынға-қарқын үстелеп  
Малды өсіріп көркейтіп  
Жақсылап қарап бағыңыз.  
Мал болмаса, жолдастар,  
Нашарлайды халіңіз.  
Аман-сау мұны төлдетіп  
Мезгілімен салыңыз,  
Қақтап сауып алмаңыз —  
Ұяты келер, андаңыз,  
Жақсы қараң жас төлге —  
Қырағы қараң түзулеп —  
Көзді салқын салмаңыз.  
Отан соғысы кезінде  
Көсіліп ұйқтап жатпаңдар,  
Мал көркейіп, гүлденер  
Жақсы қарап бақсаңдар —  
Малдың басын сақтаңдар.

Қорғандар боран, қасқырдан,  
Көз жазып малдан бас бұрман,  
Отын-суын қандырып  
Бүйірін орта аш қылмаң.  
Арамызда жоқ емес  
Бойкүйез жандар еріншек  
Өзіне өзі қас қылған.  
Қиындықтан қорғалап  
Жалқаулық жаққа бас бұрман.  
Ерлерім елін қорғайды  
Фашистей қорқау қасқырдан.  
Орынсыз малды жоймаңыз,  
Бұл зор қылмыс — ойлаңыз,  
Бастықтардың сілтеген  
Бағытынан таймаңыз.  
Әргүрлі міндет, науқан бар  
Әзірлікті сайлаңыз,  
Қажымай, қайрат етуге  
Уағданы байлаңыз,  
Қосымша еңбекақыны  
Түр-түрімен алсаңыз —  
Бұл өзіңіздің пайдаңыз.

1944 жыл

## БОЗАШЫ САПАРЫНДА

Қарсы алып отыр еліміз  
Қырық бесінші жыл көктемін,  
Тылда еңбек, майданда  
Жүргізді жауға өктемін,  
Отырмыз естіп ерлердің  
Одердің бұзып өткелін  
Берлинге таман жеткеннін.  
Ауданнан шығып біз қайттық.  
Колхоздарды аралап,  
Бозашының түбегін  
Шыр айналдық жағалап,  
Барған жерде көпшілік  
Күшак жай қарсы алды  
Үстімізді қамалап.  
Бір Жапақов болмаса  
Басқаның бәрі хош алды  
Өнерімізді бағалап,  
Райкомның шығарған  
Үгітіне қарсы екен  
Жапақов бастық — азамат,



Қарсы демей не дейін —  
«Алдыраз болсын, — біздерге  
Айтпаңыз, — деді, — мазалап».  
Айтпай кеттік сонан соң  
Тастай ма деп жазалап.  
Сөзімді мен де көбейтіп  
Құрап жүрмін жаңалап.  
Бұл Маңғыстау ауданда  
Он жетінші ауыл колхозы  
Бірінші деуге жатады,  
Көшпелі Қызыл Ту алып  
Жоғары кетті атағы,  
Абыройменен келеді  
Ісінің болмай шатағы,  
Істегенде екпінмен  
Жұмысқа қолы батады.  
Қоныс еткен жерлері  
Ақшымырау, Үлек-ті,  
Өркендетіп мал басын  
Жылдан жылға үдетті,  
Игібаев басқарма  
Үкіметтің ісіне  
Шын берілген жүректі,  
Орындап отыр әр ісін,  
Күшейтіп отыр табысын,  
Социалистік жарыста  
Оздырып отыр шабысын,  
Сапалы қылып салғаннан  
Биылғы жылы мол шықты  
Арпа, бидай, тарысы.  
Жерінде түрлі қалың шөп  
Семіріп жатыр малы жеп,  
Басшылық дұрыс берілген  
Ел мақтайды «жақсы» деп  
Игібаев бастығын  
Биылғы қысқа болғандай  
Алатын білем астығын,  
«Малға залал етед» деп  
Түгескен екен түбектің  
Жүйрік атпен қасқырын.  
«Сталин» атты колхоздың  
Заместителі Бегімов  
Сілтемі дұрыс болып жүр,  
Қолайлы жерге қонып жүр,  
Малдарының терісі  
Керіліп майға толып жүр..  
... Біз Алақырдан шыққан соң

Шын Карнауын жағалап  
Колхозшыларды көп көрдік  
Кездескен жерде аралап,  
Біздің айтқан үгітті  
Хош алысты бағалап.  
Қарсы алды түгел елдері  
От екен малға жерлері,  
Бірен-саран болмаса  
Жоқ екен малдың өлгені,  
«Жынғылды», «Талап», «Қарасай»  
Колхоздар екен алдағы,  
Ажарлы екен малдары,  
Суын ішкен, шүйтін жеп  
Тайдай екен қойлары.  
Жиырма тоғыз колхоздың  
Осылар екен сойлары...

1945 жыл

## ҰЛЫ МЕЙРАМ

Бұл мерекеге құралып  
Көпшілік бүгін жиналды,  
Құттықтауға мен түрмын  
Қуанышты ұлы мейрамды.  
Ұлы дүбір — Май күні  
Басталғалы мінеки,  
Елу сегіз жыл болды  
Ленин-Сталин бастаған  
Еңбекші елге езілген  
Бостандық туған күн болды,  
Нұр сәулесі шашылып  
Заманымыз гүлденді,  
Ұрынған бізге шет жаулар  
Уатылып үн болды.  
Батыстан тиген өрт-жалын  
Басылып, сөніп күл болды,  
Басымыздан аудардық  
Қиыншылық күндерді,  
Жарық қылдық жан қинап  
Қараңғы тұман күндерді,  
«Жеңілед, — деп, — фашизм»  
Көсеміміз Сталин  
Байқаған күнді ілгергі.  
Отан соғысы кезінде  
Қызметтің ауыр әр түрін  
Орындап өзі үлгерді.

Ұрынып дүшпан бұза алмас  
Еңбеші елдің иеленген  
Жайнаған жаңа заманың,  
Майданда жауды құртуға  
Бірлеген аузын адамың  
Қалмай басты қадамың.  
Жүз жылдан бергі үйренген  
Соғыстың өдіс-амалын  
Германия-фашистің  
Қиратып бұздық қамалын,  
Қуалап қырдық адамың,  
Басшылығы болының,  
Ұлы Сталин дананың,  
Бастауымен көсемнің  
Өндірістер өркендеп  
Төрт мүлік мал тең өсіп  
Алқабы толды даланың,  
Қазынасын қайнатты  
Жер қыртысын аударып  
Стахановшы маманың.  
Байлығым асып үдеді  
Жау болдырып жүдеді,  
Осы күні қоршауда  
Немістің Берлин — жүрегі,  
Гитлердің өлуге  
Азгантай қалды сүрегі.  
Он алты Одақ — астанам  
Фашизмді жоюға  
Біріктірген тілегің,  
Дүние жүзі мемлекет  
Гитлерді осы күн  
Келемештеп күледі.  
Үде-шартын ұмытып  
Дос болам деп қас болған,  
Колония қылып халықты  
Басып алып мас болған,  
Екпіндеп бізге ұмтылып  
Жерден жауып танкісі  
Самділеті ұшып аспаннан —  
Таппады пайда тасқаннан,  
Ақырында қырылып  
Қаруын берді сасқаннан.  
Финляндия, Жапонмен  
СССР-ға ұрынған,  
Ұрынам деп омбылап  
Солдаттары қырылған,  
«Білмеген әлін әлек» деп

Айтылған сөз бар бұрыннан.  
Біздің Совет Одағы  
Қарудың түрін түрлентіп  
Шығарып жатыр ғылымнан.  
«Катюшаның» оғынан  
Жау шошынып шығынған.  
Жапыра жауға оқ атқан,  
Отын қардай боратқан,  
Боранды бұлт жамылған,  
Жау соңында сабылған,  
Аударып оғын атпаған,  
Елін аман сақтаған,  
Отанын қорғап, қан кешіп  
Күндіз-түн тыным таппаған  
Айбынды Қызыл Қырандар  
Болатпен бойын қаптаған,  
Қалың орман-нулардан,  
Ми батпақты сулардан  
Адымдап басып аттаған,  
Күрбан етіп жандарын,  
Қасықтай қиып қандарын,  
Шын көңілмен еліне  
Анттарын берген ақтаған.  
Күтырған төбет — фашизм —  
Халқы жоқ мұның қаппаған.  
Сүрегі жақын өлуге,  
Тыныштық жоқ елінде,  
Жан-жағынан жауған оқ  
Осы күн соның жерінде,  
Гитлер қатты айыпты  
Халқының жүзін көруге,  
Жалықпаған жалмауыз  
Адамның қанын төгуге.  
Тылдағы қалың колхозшы  
Қайрат етіп күш салған  
Майданға көмек беруге.  
Жасасын, Қызыл Армия,  
Ұзатпаймыз — тезінен  
Айналдық жауды жеңуге.  
Жан беттемес оқ атып  
Енді Совет еліне,  
Көп ұзамай ұлдарын  
Отырар үйдің төріне

1945 жыл

## ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ

Жүз тоқсан үш миллион  
СССР-дың жері кең —  
Жау жеңілген ерінен,  
Бағыттаған дұшпанды  
Ататпаған шебінен  
Асқар ала тау едік —  
Қанатын қағып ұшқан құс  
Аса алмаған белінен,  
Қысы-жазы сегіз жыл  
Қан майданда соғыстық  
Гитлер фашизимиен,  
Қорықпадық қорғалап  
Солдатының көбінен.  
Германия — фашизм  
Найзағай жалты ойнаған  
Қара бұлттай қаптады,  
Қаптағанмен қарқындап  
Бізге тісі батпады,  
Тасқа соғып маңдайын  
Өлім болды тапқаны,  
Ақырында өзіне  
Пәле болды — жақпады  
Күшті болды құлашы  
Қырық бірінші жылдағы  
«Алпыс күнде алам» деп  
Бар күшін салып шындады,  
Армиясын аңдатып,  
Жердің жүзін шаңдатып  
Шабуыл салды, тынбады.  
Халқымның аузы бір болды  
Майдандағы, тылдағы  
Қырық сегіз айға толғанда  
Айбынды Қызыл Армия  
Талқандап жауды ұндады.  
Қараңғы тұман арылды —  
Қайрат етіп, қажымай  
Сөндірдік күшті жалынды,  
Жау жеңіліп «құлдық» деп  
Ақырында бағынды,  
Көпшілігі бас үрды,  
Қаласынан қашырды  
Гитлер жауыз-залымды,  
Жау тамырын балталап

Астана толы халқымның  
Тыныштығы табылды.  
Арпалысқан жауменен  
Алысқан күні алыбым  
Көрсетті күштің анығын,  
Ленинград, Мәскеуді  
Айнала қоршап қамады  
Әскердің айдап қалыңын,  
Соғысқанда екі бет  
Қимылдаған жанының  
Хисабы жоқ саңының,  
Атылған оқтан сол күндер  
Қаранғы тұман — түн болды  
Көрсетпей күннің жарығын.  
Кескілескен майданда  
Айбынды Қызыл Қырандар  
Жаудың шапты тамырын.  
«Аламыз, — деп, — аз күнде»  
Гитлер-фашист еліріп,  
Құралым көп деп желігіп  
Самолеті қайтады  
Көктен құып күркіреп  
Жаңбырдай оғы себіліп,  
Сонда да батыр-ерлерім  
Қайтпады кейін шегініп.  
Жолбасшылық көсемнен  
Күнде отырды беріліп,  
Гитлер жанды отына  
Менмендік ойлап семіріп,  
Күшейтіп еді қарқынды —  
Жер жүзін бояп қан қылды,  
Аспан мен жердің арасын  
Ала тұман шаң қылды,  
Ең соңында иеленген  
Қаласын, халқын алдырды,  
Қара басы қоршауда  
Қашқын болып қаңғырды.  
Фашистердің бастығы,  
Адамзаттың қасқыры,  
Жер жүзінің қашқыны  
Самолетім көп деп масығып  
«Жалғыз күннің бойында  
Мәскеуден түстік ішем» деп  
Айтқан екен асылық,  
Қалпаған қалың әскерін

Қайтадан тықты ініне  
Біздің ерлер қашырып,  
Өлгендері аяққа  
Көпір болды басылып.  
Қиратты Қызыл Ерлерім  
Жер шетіне келгенін,  
Көпір қылды өзенге  
Фашистердің өлгенін,  
Жағаласып жауменен  
Ақырында иелендік  
Орталық центр — Берлинін.  
Жуков маршал жасасын,  
Соққы беріп соғыста  
Батыра салды шенгелін,  
Езгілеп есін кетірді  
Бағындырып елдерін.  
Күтырғандарды күл қылды,  
Уатып талқан үн қылды,  
Дүниенің жүзіне  
Тарихта мәңгі қалдырды —  
Паш етті жауды жеңгенін,  
Қарсы тұрып өзіне  
Басып алған елдері  
Оқ жаудырып үстінен  
Фашиске тыным бермеді,  
Бер жағынан соққанда  
Біздің батыр-ерлерім  
Жау болдырып, шамасы  
Тырып етуге келмеді.  
Жуков маршал Берлинге  
Қызыл Туды қадады  
Тоғызыншы май күні,  
Жаудың салды басына  
Қаранғы тұман — қайғыны,  
Дүниеден кетті немістің  
Гитлер есек айғыры.  
Біршіліктің күшімен  
Біздің Совет елінің  
Үдей берді ілгергі  
Отаншылдық байлығы.  
Көсемім дана Сталин  
Партияның сара жолымен  
Ақылдың ойлап теренін  
Қамаған күні қалың жау  
Дұрыстап беріп отырды

Жолбасшылық көмегін.  
Әуелден-ақ айтып ед  
Фашизимді женерін.  
Ендігі жерде дұшпанға  
Бастырмас деп сенемін  
Он алты Одақ — республика  
СССР-дың көлемін.  
Ерлерімнің еңбегін,  
Жауға соққы бергенін  
Мәңгілікке құттықтап  
Жырлай да жырлай беремін.

1945 жыл

## ТОҒЫЗЫНШЫ АУЫЛДА

Тоғызыншы ауылдың  
Шамалы екен күй-жайы,  
Орындалмай келеді  
Брынза мен сармайы.  
Жүдеу екен сыйыры,  
Бұралған екен бүйірі,  
Саудыртып та қарадық —  
Сыздаған екен былқылдап  
Зорға ғана иіді.  
Ол сиыр не ғып ашықлас —  
Баққан жері Қаратау —  
Қаратау шоқы — биігі,  
Қара тасқа қақтаған,  
Сыныпты түяқ, мүйізі.  
Тоғызыншы ауылда  
Май жоспары бітпеген,  
Бұзауларын күтпеген.  
Қақсып тұрған бәрі арық  
Енелерін ембепті  
Тандайлары ағарып.  
Колхоз аты «Жаңалық»  
Басқармасы Дағаров,  
Басқармадан болыпты  
Салақ қарау — шалалық.  
Колхозшы, малшы жолдастар,  
Бұлардан үлгі алмалық.

1945 жыл



## АҚСАП ЖАТЫР ЖҰМЫСЫ

Чапаев ағты колхоздың  
Ақсап жатыр жұмысы,  
Берілмеген бұларға  
Басшылықтың дұрысы.  
Көпшілік колхоз малының  
Жабағы жүні қатып жүр,  
Пысынап кірге батып жүр.  
Кір басқасын құрттайды,  
Екінші тағы бір залал —  
Күзем жүн оған шықпайды.  
«Жаңа қорған» колхозы  
Қырық алтыншы жылында  
Сексен түйе туғызып,  
Таза бағып өлімге  
Бермей отыр ботаны,  
Сексен алты бас мал өлген  
Жиырма алтысы қотырдан,  
Зоотехник не істеген,  
Ветфельдшер қайда отырған?  
Шынырау қақсып, мал шөлдеп,  
Үйлеспей жатыр шаруасы.  
Біз колхозшыға айтамыз:  
«Жұмысты жақсы істен» деп,  
Бүркітбаев жолдастың  
Онымен жоқ-ты саудасы —  
Ауыр арқан, қауғасы.  
Жарылғасов Ыстыбай  
Болып шықты бос құрай —  
Шыңдалған емес шығардан,  
Өткен айдың ішінде  
Тоғыз ешкі, алты лақ  
Стройдан шығарған.  
Базарбаев Қаидың  
Лактары әр үйде  
Жарымай сүтке бүралған,  
Төлге беру орнына  
Өздері құйып қарнына  
Тойып, шыққан құмардан.

1946 жыл

## ҰЛЫ ОКТЯБРЬ

Октябрь таңы атқан соң  
Еңбекшінің баласы  
Күлшылықтан боасадың,  
Бастауымен көсемнің  
Талқандадык қиратып  
Соғыстың екі ошағын,  
Көміліп жатқан ғылымның  
Көзі ашылып, көл болды,  
Езілген таптар ел болды,  
Әйелдер мен ерлердің  
Правосы тең болды.  
Айналып басқа бақ қонып  
Коммунизм дәуірге  
Бағытымыз жөнделді.  
Ұлы мейрам — Октябрь  
Толықтырды кемдерді,  
Қандырды тегіс шөлдерді,  
Гүлдендірді заманды,  
Ғылымның көзі ашылып  
Білімді қылды наданды,  
Нұр сәулесі шашылып  
Жарық болды қараңғы,  
Өзгеріліп, өнденіп  
Тозған дүние жаңарды,  
Ленин құрған партия  
Маркстың тартқан жолымен  
Аудармай басып табанды  
Езілген елдің ізденіп  
Мақсаттарын қаранды.  
Партияның ойлаған  
Болынды мақсат — дегені,  
Еңбекшінің баласын  
Ардақтап нұрға бөледі,  
Ие қылды ырысқа,  
Өрледі байлық, өнері,  
Партияның бұл бөрі  
Жолбасшылық көмегі.  
Отыз жылдың бойында  
СССР-дың байлыққа  
Толығып болды көлемі.  
Колхоз, совхоз ауылдан  
Төрт түлік қаппап өреді,  
Алтын, күміс, жез бен мыс

Мұнай, көмір — көмбелер  
Табылып жатыр өзінен  
Әртүрлі қажет-керегі.  
Отызға толған өр елміз —  
Ұрынам деп қирады  
Көз салған мұшпан көп еді.

1947 жыл

## АБАЙ АҚЫНҒА

Қуана мерекенді қарсы аламын,  
Жас күнде шабуылға шаршамадым  
Гүлденген коммунизм заманында  
Сексенді серпіп тастап өн саламын.  
Әжелдім Маңғыстаудан ел сөлемін  
Жадырап жаным жаз боп жар саламын.  
Абайдың құттықтаймын елу жылын  
Ол бізден көп ілгері өткен бұрын  
Қазақстың ең бір асыл ақыны екен  
Шығарған асыл сөздің әрбір түрін.  
Халқына берген Абай ойдың гүлін  
Еліне еңбегімен еккен білім,  
Алысып ақланында сүм заманның  
Ақылмен арман еткен көктем күнін.  
Көпшілік осы күні оқысып жүр  
Абайдың қызғылықты өлең-жырын,  
Заманға ол күндегі көңіл бөлмей  
Болыпты ойлағаны оқу-ғылым.  
Көксеген бостандықты Абай ақын  
Ой үшқыр, арманы асқақ, өлеңі алтын  
«Кешікпей ғылым көзі ашылар» деп  
Ақылмен болжап кеткен кейінгі артын.  
Шығарған өлеңдердің асылдарын  
Еңбегін жариялап жасырмалы,  
Оқытып жас балдарға тындап жүрміз  
Кітапқа тарих болып басылғанын,  
Кең ойлы, өткір тілді ақын екен,  
Орынсыз, жалған айтып асырмалы.  
Абайдың тындағанға сөзі балдай  
Келтірген сөз қиынын тіл мен тандай,  
Адамға сана-сезім үлгі сөзін  
Қаласың тындағанда шөлің қанбай,  
Абайдың өзі өлгенмен, тарих болып  
Мөңгілік айтылады сөзі қалмай.  
Көпшілік той қылуды мақұлдады

Мәңгілік тарих болып сөзі қалған  
Қазақтың Абай, Жамбыл ақындары.  
Мереке — үлкен қызық ойын болды  
Колхоздар үшін тігіл, қойын сойды  
Жер-жерден делегаттар шақыртылып  
Жасады Абай үшін үлкен тойды.  
Мен келдім Маңғыстаудан алты күнде  
Алыс жол осы күні жуық болды,  
Іске асып қиял жетпес кереметтер  
Ғылымнан ғылым асып туып болды.  
Не түрін тамашаның көріп тұрмыз  
Бұл тойда болынған жоқ ешбір кеміс.

1954 жыл

## СОЦИАЛИСТІК ЗАМАНЫМ

Социалистік заманда  
Мен сөз кілтін ашамын,  
Қуанышпен жырымды  
Домбыраға қосамын,  
Ұлы өмірге ат қосып  
Большевиктік жалынды  
Үгітші боп жасадым.  
Коммунизм дәуірін  
Халқыммен бірдей көруге  
Алға нық қадам басамын.  
Бақытты совет дәуірі  
Право берді «сөйле» деп  
Соған арнап термелеп  
Жырдан шашу шашамын.  
Октябрьдің нұрымен  
Маңғыстауым гүлденді,  
Жайнады жана заманым,  
Орнатып жаңа өмірді  
Коммунистік қоғамға  
Халқым басты кадамын,  
Практика ғылыммен  
Үштассын деген ұранмен  
Бастады өзі партия  
Алпыс ұлттың адамын.  
Техника алып көп істі  
Ауырдан адам босады,  
Ғалымға ақыл қосады  
Қырдағы қойшы-шабаным.

Колхозды ауылым құлпырып  
Табыспен алға ұмтылып  
Ұмытты мүлде бұрынғы  
Мешеулік өмір азабын.  
Ардақтап алтын бесікте  
Тәрбиелеп өсіріп  
Бақытын ашқан баланың  
Баға жетпес еңбегі  
Деп білеміз мөңгілік  
Компартия — дананың,  
Партия бастап бағыттап  
Шаруашылық шарықтап  
Өркендеп тез өндіріс  
Өрге басты талабым.  
Шөлге шалғын шөп өсіп  
Төрт түлік мал тең өсіп  
Алқабы толды даланың,  
Жер қыртысын аударып  
Байлығын қазып қолға алып  
Ел дәулетін молайтқан  
Көбейді мындап маманым.  
Отыз үш жылдың ішінде  
Көрмеген басқа ел түсінде  
Ұлы өзгеріс жасадық,  
Орындап алуан әр істі,  
Отаным болды озат ел  
Езгіден мөңгі азат ел  
Өркендеген күн санап  
Өзгеден үздік табысты,  
Компартия тартты жол —  
Социалистік жарысты,  
Жарыстың жаңа екпіні  
Жеңіске жедел жеткізді,  
Іске асып талай бесжылдық,  
Дұшпанның жағы қарысты.  
Капиталдың тобыры  
Фашистердің жорығы —  
Опасыз Гитлер оқ атып  
Он жыл бұрын осыдан  
Отаныма жабысты.  
Жабысқан жауды жолында  
Жер қаптырып, жалынбай  
Бермеді халқым намысты.  
Ерлерім жетіп сертіне  
Сокқы беріп өлтіре  
Өлермен жауды өзінің

Үндірінде жанышты.  
Оралып бейбіт өмірге  
Бесжылдықты елімде  
Орындадык күлданып  
Жаңашыл озық өдісті.  
Мал өсірген аулымда  
Тұлпардың, нелер түрі бар  
Ағыны күшті шабысты.  
Көрсетті ғылым керемет  
Реактивті самолет  
Жақын етті алысты.  
Радио, телефон  
Жайлауында орнаған,  
Үйде отырып тындаймыз  
Москвадан дауысты.  
Капитализм шіріген  
Күннен-күнге іріген,  
Ауызын ашса «соғыс» деп  
Жүгіреді бомбы алып,  
Соғыссыз онда өмір жоқ.  
Мысалы өткен соғыста  
Қисапсыз пайда АҚШ-та  
Келтіргені пайданы  
Уолл-Стрит қонданып.  
Бейбітшіл, байтақ біздің ел  
Көбейіп сондай көршілер  
Демократия жолына  
Қанатын жайып орнады.  
Халықтық елдер батыста  
Орнаса Қытай шығыста  
Жеңіске жетті тарихи  
Гоминдандарға ор қазып.  
Қытайдан әрі жалғасып  
Вьетнам, Бирма қозғалып,  
Бесжылдықты біздің ел  
Орындап төрт жыл үш айда  
Бейбітшіл лагерь күшейді  
Ел дәулеті қорланып.  
Социалистік бағытты  
Әлемге тағы танытты,  
Жер жүзіне күмәнсіз  
Қайратымыз болды анық.  
Қимылдайтын күн туды  
Халқым тегіс қамданып,  
Коммунизм дәуірдің  
Жоспарларын қолға алып

Днепр мен Еділде  
Ұлы істерді бастадық  
Техниканы құлданып.  
Электр күшін молайту,  
Егістік жерді ұлғайту  
Табиғатты өзгерту,  
Көлге қосып көлдерді  
Жер қазатын не алып  
Машиналар қопарып  
Арна қылып тіледі  
Асқар тау, биік дөңдерді,  
Өткел бермес өрлерді.  
Ғасырлар бойы құм басқан  
Қарақұм болмақ Гүлстан,  
Миллиондаған гектар жер  
Суландырып шөлдерді.  
Озат ғылым бастаған  
Біздің ел бүгін басқадан  
Артықтығын көрсетіп  
Табиғат күшін менгерді.  
Сондықтан бүгін бар сөзім,  
Маржандай терген өр сезім  
Партияға арналад —  
Үйткені осы жеңістің  
Барлығын бізге сол берді.

1951 жыл

## «ВАРБИНОК» ЖУРНАЛЫНА

Жіберген хатыңызды қарсы аламың,  
Саламат-саумысындар, баршаларың?!  
Маңғыстау қараойынан — қазақ жері  
Жолдаймын дүғай сөлем — жан самалын.  
Сол сәлем халық ойын алып барды,  
Еліміз туды талай алыптарды.  
Нұрымен Октябрьдің күндей шалқып  
Халқымыз бір туысып шалықтады.  
Достығы халқымыздың жарасымды,  
Күшақтап бабам сүйген Тарасынды.  
Тағдырдың толқыны айдап Маңғыстауға  
Кедейден тапқан Тарас жанашырды.  
Сол түбек, сол күндегі дала мынау  
Тарастың қуат берген қаламына  
Бүгінде түбек түлеп, өмір жайнап  
Санамен қарыштаған адамы да.

Ой-қырын Маңғыстаудың мал қаптаған  
Ерлер көп еңбек еткен ардақты адам  
Лықсыған газ бен мұнай, тас пен балық  
Жерімнің қойны байлық ардақтаған  
Ерлерім құрып жатыр мұшараны  
Байлыққа бөлейміз деп бұл араны,  
Бақытты өр еңбектің күйін шертіп  
Ақ қала самсап қырда тұрар өлі.

1951 жыл

## ПАРТИЯ, САҒАН РАХМЕТ

Жасым жетіп сексенге  
Талай белден өтсем де  
Қайта тудым — жасардым  
Бір кезде зар шексем де.  
Шөккен нардай жатпадым,  
Алға бастым — аттадым,  
Октябрьден күш алдым  
Ұлы жоспар — іс алдым —  
Еңбектемің, саптамың.  
Уа, ұстазым — партия,  
Сен болмасаң қайтер ем,  
Кімге барып сырымды  
Еркінсініп айтар ем,  
Сен болмасаң еліме,  
Бақыт қайда, сән қайда,  
Қарт ақынның аузына  
Толғау қайда, өн қайда,  
Сен болмасаң, жарқырап  
Ататұғын таң қайда,  
Ерік беріп, ел еткен  
Қуанышқа кенелткен  
Нүр шұғыла заң қайда?!  
Сенің әрбір қадамың  
Таңытты елді өлемге,  
Арқау болды өленге,  
Ұлы мақсат, үлкен іс  
Астанада шешілді,  
Ұлы Ильич үйткені  
Кремльде кеңесіп  
Өзі отырған секілді,  
Сөзі сондай өтімді  
Білдірген ой-ниетінді,  
Жаңа зауыт, ГЭС, совхоз



Орнап жатса елімде,  
Толқып тұрса мол егін  
Әрбір колхоз жерінде.  
Ашсақ көмір кенін де,  
Нұр жайнаса көгім де —  
Осы емес пе мәңгілік  
Қуанышым мәнін де?!  
Бастаушымыз партия —  
Халқымыздың сүйері,  
Партия барда — халық бар,  
Партия барда — бақыт бар,  
Отанымның санасы  
Партия — шындық тірегі,  
Партия — елдің жүрегі.

1956 жыл

## СССР-дың ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҒЫНА

Мындаған жыл орнаған  
Ысырып тастап түнекті,  
Октябрьде таң атты,  
Міне, қырық жыл өтті.  
Қырық жылдың ішінде  
Күреске толы тарихи  
Алуан талай күн өтті.  
Ұлы Ленин туының  
Астында халқым жиналып  
Біріктірді білекті,  
Бірге етті тілекті,  
Күреске бізді бастады  
Ленинизм бастаған  
Шайқастарда шыныққан  
Компартиям жүректі.  
Аз болған жоқ дұшпан да  
Іштен емес — тыстан да,  
Келген жауды біздің ел  
Талқан етті, күл етті.  
Әділ, бейбіт ісімен  
Бесжылдықтар күшімен  
Табыстан жетіп табысқа  
Дамуын алға үдетті,  
Рухани дем беріп  
Көп елдерге езілген  
Пролетарлық сезіммен  
Көрсетті достық көмекті.

Моңғілік басқа бақ қонып  
Тарихтарда болмаған  
Кеңшілік заман тап болып  
Үлкен, кіші, жастарым  
Қуанышпен шаттанып  
Ілгерілеп келеді,  
Күннен күнге күшейіп  
Өрледі байлық, өнері.  
Партияның болынып  
Жолбасшылық көмегі.  
Социализм орнатып  
Қырық жылдың ішінде  
Толығып болды байлыққа  
СССР-дың көлемі.  
Қамқоршым менің партия  
Еңбекші елдің баласын  
Ардақтап нұрға бөледі,  
Ырысы қаулап халқымның  
Болып тұр мақсат-дегені.  
Соққы беріп аяусыз  
Қайырдық жаудың меселін —  
Ұрынған дұшпан көп еді,  
Жауды жеңіп талқандап  
Қырық жыл міне, орнадық,  
Үкімет пенен партия  
Басқарып халқын меңгерді,  
Жер жүзіне күмәнсіз  
Қайратымыз болды анық.  
Біршіліктің күшімен  
Іштен, тыстан қанша жау  
Қамаса да болмадық,  
АҚШ-қа жетіп озамыз  
Техника мен ғылымды  
Дамытып, шебер қолданып.  
Қимылдайтын күн туды,  
Халқым тегіс ұмтылды  
Коммунизм дәуірдің  
Жоспарларын қолға алып.  
Қырық жылдың ішінде  
Қатарға қосып кіргізді  
Нығайтып ұсақ елдерді,  
Кейіндеп жүрген кемдерді —  
Әлсізге қуат-дем берді,  
Әділ қарап адамға  
Правосын тең берді,  
Дариясын ғылымның

Ортамыздан ағытып  
Бөледі гүлге шөлдерді.  
Әрбір түрлі ісіміз,  
Нығайып қуат-күшіміз  
Күннен-күнге көркейіп  
Жоғарылап барады.  
Ленинизм — әділ заң  
Жер жүзіне тарады.  
Ойын-сауық, өлең-жыр,  
Алуан байтақ әрбір түр  
Біздің совет елінің  
Тамаша қызық заманы.  
Шет дұшпаннан озып түр  
Құлданған әдіс-амалы.  
Жұлдыздай ағып кететін,  
Бір күрлықтан жіберсе  
Бір күрлыққа жететін,  
Жауларды ғаріп ететін  
Атомның бізде түрі бар,  
Әлденеше мыңы бар,  
Дұшпандардың шеттегі  
Көзінің бізде қыры бар,  
Сол күшті көріп тұрғанда  
Қандай дұшпан ұрынар?  
Бейбітшілік ісіне  
Амалсыз мойыны бұрылар.  
Сол қаруды жасаған  
Ғалымдарды құттықтап  
Қарт ақынның осындай  
Шығарып айтқан жыры бар.

1957 жыл

## АРНАУ

(Қарт ақын Сәттіғұлдың сайлау учаскесінде бірінші дауыс беріп тұрып айтқан арнау сөзі)

Күрметті қарсы аламыз сайлау күнін  
Сайлаймыз елдің адал ұл мен қызын,  
Сайлаймыз озып шыққан еңбек ерін  
Ойлайтын еңбекшінің мұқтаж-мұңын.  
Өзгеге өндірісте үлгі болған  
Халқына арнап келген жігер, білім,  
Қабылдап сайлаушылар дауыс беріп,  
Көпшілік, көрсетелік көңіл шынын.  
Партия бастауымен жылдан жылға

Гүлденді мәдениет, оқу, ғылым,  
Ұстазы еңбекшінің Ленин-көсем  
Орнатқан бізге бақыт көрмей тыным.  
Осындай зор табысқа қол жеткізіп  
Өнердің біз қолдандық әрбір түрін,  
Жарыста жігерленген колхозшылар  
Бермеуде биылғы жыл малдан шығын.  
Ақшаны қаптап алды сыйғыза алмай —  
Болмаған үлкен табыс мұндай бұрын.  
Айқайлап «айт» дегенде өнге салып  
Сайраған талай жылдар менің тілім.  
Бұл күнде сексен бірге келгенменен  
Жасартты қызық дәуір көрген күнім.  
Жасасын коммунистік партиямыз —  
Арналды саған осы шаттық жырым.

13/III-1957 жыл

## ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ ҚАНЫШҚА

(Қазақ ССР-ы Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат,  
ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен кездесу кезінде айтқан  
жырмен құттықтауы)

Қарт ақын төгілдірсін өлең-жырын,  
Өрледі жылдан жалға оқу-білім,  
Туысқан партияның бастауымен  
Байлықтың тасқындаттық небір түрін.

Депутат Қаныш балам, қарсы аламыз  
Халықтың бітірер деп мұқтаж-мұның,  
Жабулы Алматыда көптен бері  
Жарыққа шықпай жатыр өлең-жырым.

Еленбей еңбектерім кетіп барад,  
Шырағым, шын салғайсың көздің қырын,  
Ақ жүрек, әділ тұрған партиямыз  
Сенемін — көрсетер деп көңіл шынын.

Халықтың жағдайымен санасатын  
Ардақты азаматсың қымбат бұлын,  
Халқымыз хош алысып дауыс берді  
Сәтбаев, Өтебаев жолдастарға

Ұсынып еңбекшінің адал ұлын.  
Осы күн озып тұрған Манғыстауым

Өсіріп малдың басын, бермей шығын  
Ілінген ел аузына мен — Сәттігүл  
Айтуға сөзді сырлап келген тілім.

Ғұмырым бір ғасырға жақындады —  
Тірліктің тамам еттік сексен жылын,  
Тұншығып қараңғыдан әзер шығып  
Армансыз бостандықтың көрдім күнін.

Бұл заман жаралғалы, есеп етсек  
Кеңшілік болынбапты бұдан бұрын,  
Біздерді бұл дәуірге кездестірген

Көсемі еңбекшінің Ленин жолдас  
Түбі жоқ дариядай білген білім.  
Қанышжан, саулығыңа тілектеспін,  
Саламат, әзір күнге хош-сау тұрың.

Елім бай қазыналы жеріменен,  
Өзіндей мұхит ойлы еріменен,  
Өзіндей ұл өсірген халқым менің —  
Шыға алам бар әлемнің төріне мен.

Мол дарын бір бойыңда қоныстаған  
Кең ойлы өршіл арман қарыштаған,  
Халқыңның ғылымына қам жасаған  
Сен бейне жарық жұлдыз, Қаныш балам.

Саңлақ ой сарабалдың санаулысы,  
Жүрегі жалын атқан алаулысы,  
Депутат болуыңмен құттықтаймын,  
Қанышжан — халқымыздың қалаулысы.

1958 жыл

## ГУРЬЕВТИҢ БАЙЛЫҒЫ

Облысым әйгілі  
Өндірісі өрлеген  
Мұнайының көлтігі  
Жерді қозғап көрнеген.  
Алыптарым көреген  
Етті жерді береген,  
Қайратына ерлердің  
Ту табиғат иіп кеп  
Атты фонтан биікке.

Айналасы айшылық  
Каспийдің айтсам көлемін  
Үш жүз құлаш тереңнен  
Ерлерім түбін сүзіп жүр,  
Балығын қойдай тізіп жүр,  
Пороход, мотор, желқайық  
Жарысып суда жүзіп жүр,  
Моторлы, қайық кемелер  
Тау секілді толқынның  
Белінен кесіп үзіп жүр.  
Мынау біздің Каспийдің  
Сары алтындай сапалы  
Әрбір түрлі ішінен  
Балығы қайнап өреді,  
Қаңтар жұлдыз туғанда  
Дулап-шулап көк мұзда  
Күшіктеп жатыр тюлені,  
Көк мұзды жарып сірескен  
Еңбек етіп ерлерім  
Толтырып балық қайтады  
Керуендей шұбап кемені.  
Гурьевтің жерінде  
Маңғыстаудың белінде  
Малды жайып соныға  
Бозашының жоңына  
Таудың бойын жайлатқан  
Семіртіп малын шайлатқан,  
Қыс — боранмен күрескен,  
Жаз — шілдемен тірескен  
Біздің малшы өрендер  
Табиғатпен тел өскен.  
Ақтылы қой өргізген  
Күйрықтары батпаңдай  
Жерді еміп жатқандай,  
Жүндері жібек мақпалдай,  
Жылқылары сәйгүлік  
Қиғаш қамыс құлақты,  
Жұмыр мойын, қу жебе  
Түйгын болат тұяқты,  
Бауыры жазық, қоян жон  
Ақбөкен теке сияқты,  
Мінгенде көңіл ашады  
Ойнай басып аяқты,  
Шаршамайды шабысқа,  
Құстан қалмас жарысса,

Бұлдыраған сағымдай  
Екпіні күшті ағындай  
Ат сұлуы бізде көп  
Суретіне қарасаң  
Мойындары құрықтай,  
Сирақтары сырықтай,  
Көз ілеспес шапқанда  
Оқтай зулап аққанда  
Сауырлары самардай,  
Қайқаяды белдері  
Семіз қылып баққанда.  
Түйелері төбедей  
Қарағайдай өркеші  
Солқылдайды жас талдай  
Нарлары бар ішінде  
Дулығасы жоғары  
Көрінер көзге аспандай,  
Сиырлары сом дене  
Сары алтындай сармайы  
Саусаң — шелек сүт берген.  
Желіндерін сүт керген,  
Бір сауғанда бүт берген.  
Малды жақсы баққандар,  
Шаруа құлқын тапқандар,  
Женіске үлес қосқандар  
Гурьевтің жұлдызы —  
Сақан менен Оспандар.  
Колхоз малы — өз малы  
Табыс көзін селдеткен,  
Елім деумен ер жеткен,  
Малшы ерлердің бүгінгі  
Дәулетіне — сәулеті,  
Шалқып жатыр әулеті.  
Түлеп далам бүгінде  
Қала, қырым жайнады,  
Шабыт, шаттық үнінде  
Гурьевтің аймағы.

1960 жыл

## БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Сексен бесте мен бүгін  
Қарт ақынмын көнерген,  
Халқым «сөйле» дегенде  
Жерім жоқ, сірә, бөгелген,

Қызмет еттім халқыма  
Тіліме біткен өнермен,  
Октябрь таңы атқасын  
Жоғары шықтым төменнен,  
Сол күнде шықтым жарыққа  
Қазықтаулы көгеннен,  
Советтік Қазақстанның  
Шалқыған шалқар байлығын  
Жырлаймын талай өлеңмен  
Ақынымын дәуірдің  
Күрметіне бөленген...  
... Қазақ халқы ежелден  
Егізде жүрген ел едік,  
Қараңғыда қарманып  
Азып-тозып адасып  
Жол таба алмай бөгеліп,  
Сүм патшаның тұсында  
Қытымыр заман — қысымда  
Қайғы мен қапа жеп едік,  
Хан мен патша, бай мен би  
Жарлыны көзге ілмеді,  
Ілгері басқан қадамын  
Кейін қарай күрмеді.  
Кедей қойдың соңында  
Өлсе де байдың жолында,  
Жұпыны, жыртық күн көріп  
Шөлдеген ерні кезерді,  
Жарлыға бай қожа боп  
Иыққа мінді асылып.  
Октябрь таңы атқан соң  
Қазақ та еркін ел болдық  
Бастағы тұман ашылып,  
Орнаған соң жаңа өмір  
Байтақ елге бақ қонып  
Өнеріміз өрледі  
Ұлы ұлттарға теңеліп.  
Қазақстан қатарға  
Отау болып қонғалы,  
Одақтың он бес бірі боп  
Жылдан жылға көркейіп  
Қырық жылға толғалы  
Байлық пен бақыт орнады,  
Еңбекші барлық халықтың  
Болып отыр осы күн  
Компартия қорғаны,



Ленин-көсем көрсеткен  
Бағытқа дұрыс жолдады,  
Бір біз емес, басқа да  
Езгіде жүрген елдердің  
Осы нұрлы жолменен  
Теңдікке жетті қолдары...  
... Міне бүгін қарасам  
Нұр жайнаған елім бар,  
Өркендеген өмірлі  
Өндірісті жерім бар,  
Апшымайтын алғанға  
Жер астында кенім бар,  
Ембіден ақса мұнайым,  
Қарағанды жерінде  
Қалың жатқан көмір бар,  
Теміртау мен Балқашым,  
Қостанайда қорланып  
Тұтасып жатқан темір бар,  
Шымкентімде қорғасын,  
Балқашым мыс балқытқан,  
Қарсақбайда жезім бар,  
Бал татыған балығы —  
О да көптің азығы —  
Арал, Каспий көлім бар.  
Бірінші тың атанған  
Алып берген астықтан  
Тыңға салған егін бар,  
Миллиард пұт Отанға  
Беріп тұрған жылма-жыл  
Егіннен мол өнім бар,  
Мол егінді игерген,  
Техниканы меңгерген  
Есімін еңбек шығарған  
Мың-мындаған ерім бар.  
Екінші тың атанған  
Ұлан-байтақ даламда  
Алып жатқан малым бар,  
Малдан өскен төлім бар,  
Жетіжылдық жоспарды  
Мерзіміне жеткізбей  
Орындауға ұмтылған  
Серпіні күшті көңіл бар.  
Үйткені бүкіл елімде  
Жеңіске жігер беруші  
Арысым бар, белім бар —

Ол коммунистік партия,  
Оған мөңгі тарихи  
Жүрегінен халқымның  
Орын тепкен сенім бар.

1960 жыл

## СЕКСЕН БЕС

Сексен бес, бойдан қуат-күшімді алдың,  
Аузымнан аққаладай тісімді алдың,  
Ағарып шаш пен сақал әжептөуір  
Жастағы беттен ажар-түсімді алдың.  
Кешегі жиырма, отыздың дер күнінде  
Айқайлап жыр айтуға қысылмадым,  
Кұдайым, ақырыңда иман беріп  
Ете гөр қауымыңда мұсылманның.  
Сексен бес, жолдас болдың меніменен  
Күрестім сыр бермен деп сеніменен,  
Көпшілік басын қосып жиналғанда  
Сөйлеуге шешен едім ерінбеген.  
Кешегі жиырма бес пен отыз, қырық  
Көзіме бір кеткен соң көрінбеген,  
Ойласақ бұрын-соңды пікір етіп  
Көрліктен адам бар ма жеңілмеген?  
Көрліктің қарауылы деп ойлаймын —  
Ауырад тізем қабат беліменен,  
Қарттықта қыңқыл-сынқыл ештеңе емес,  
Және түр алдымызда өлім деген.  
Алланың ақ бұйрығы жетіскен күн  
Ешкім жоқ үйірінен бөлінбеген,  
Бір Алла, сапарымды оңарғайсын  
Кеткенде екі-үш қабат кебінменен.  
Қараттым ауызыма талай көпті  
Аяндап ақсақ қойдай қарттық жетті,  
Талпынған қыран күстай жастық дәурен  
Баянсыз басымыздан мұрсатта өтті.  
Тұрамын осы күні жер таянып  
Жастағы бойдан қайрат-қуат кетті,  
Қара жер қалдырмастан қарпыл жатыр  
Пайғамбар, шайхы, әулие, хан мен бекті.  
Жаратқан бір Құдырет тәрбиелеп  
Ай мен күн, жан-мақұлық, Жер мен Көкті,  
Салмағы сауабымның ауыр келіп  
Аударып күнөмізді басқай-дағы  
Таразы құрылған күн мизан-шеккі.

Тілеймін иман бер деп Жаббар-Хақтан  
Күнәға бейшарамыз белден батқан,  
Күдайым, күнәмізді ғафу еткей  
Соңыра айдалған күн ғарасаттан,  
Ғарасат майданына барған күні  
Пайда жоқ дүниеде қонған бақтан.  
Ол күнде оң тараптан нәмаң келсе —  
Сүйікті пенде болып сонда мақтан,  
Күдайым күнәмізді ғафу етіп  
Әнсөт ет айдағанда ысыраттан.  
Жаратқан кең фазылды падишасың  
Біздерді етпегейсің тамуғлықтан,  
Көлөмдағы аятыңнан үмітім бар —  
Кешірім күнәмізді тірліктегі  
Бергейсін махшар күнгі рахаттан.  
Үжмақтың имандыға есігі ашық,  
Бір Алла, жеткізе гөр содан нәсіп,  
Ажалға жақындаған секілдіміз —  
Сексеннен бес жыл болды — кеттік асып.  
Әртүрлі ағзаларым жауырғасын  
Басылды жүрген көңіл судай тасып,  
Жұлдызды жүйрік едім оза шапқан  
Көпшілік «көрер ме ед» деп болған асық,  
Озалдан бұйрық солай, амал нешік —  
Кем-кемнен келе жатыр кәрлік басып.  
Бір Алла, Хатимынның қайырын бер,  
Күшактап құрсағына алғанда жер,  
Атқанда таң махшары — мекеніміз  
Арналып адам бойы қазылған көр.  
Жатамыз топырақпен бастырылып —  
Онда жоқ кіріп-шығар есік пен төр,  
Кешіріп тірліктегі күнәмізді  
Тәңірім, жәннәт-жайға кіргізе гөр.  
Намаз бен орамамыз қабыл болса  
Болады дейді өлген күні жанға пайда  
Алланың шын сүйікті пенделері  
Ғарасат майданына жиналғанда  
Жүздері үқсайд дейді толған айға.  
Мөңгілік нұрлерменен бір тұрады  
Нәсіп боп кірсе үжмақ — кең сарайға,  
Қорқамын — күнәларым таудан ауыр,  
Зарлаймын «ғафу ет» деп бір Күдайға.  
Тәңірім, бір Жаратқан Қадір-Алла  
Пенденді біз бейшара өзін қамда,  
Кәлима-шаригаттан жаңылдырма

Жеткенде ажал төніп шыбын жанға.  
Сапарды «алқұлым» деп оңғарғайсың  
Аттанып кеткен күні алыс жолға,  
Өлгесін Мүңкір-Нөңкір сұраушыға  
Саламат сауалынан нөсіп етіп  
Жасаған, сапарымды өзің онда.  
Белгісіз дүниеде адам-пенде  
Айрылар жақсы, жаман махшар таңда  
Мұсылман қауымыңда болар едік  
Мұхаммед үмбетіне кірсек сонда.  
Ұжмақтың сарай-бақша жылғаларын  
Күдайдың достылары құлданады.  
Алланың шын сүйікті пенделері  
Сол күнде жұттылыққа һүрді алады.  
Жөннөтте алтын кесе толы шарап  
Жайнап тұр жөне төтті хұрмалары  
Мінуге пырақтар тұр алтын ермен  
Киюге жөне өзір құллөлары.  
Махшарда мұндай қызық раһаттан  
Сол күнде тек көпірлер күр қалады.  
Алланың бірлігіне иланбаған  
Көпірлер отқа түсіп шырмалады,  
Нөмруд, пырғауын мен Әбу-Жәһил  
Алланың әміріне қарсы болып  
Хадисін пайғамбардың тындамады.  
Алланың өмірінен бір шыбынның  
Падиша Нөмрудке әлі жетті,  
Күшейіп күннен-күнге басы ауырып  
Төрт-бес жыл арпалысып азап шекті -  
Мыйын жеп ақырында харап етті.  
Ол лағын төрт бүркітпен аспанға ұшып  
Аллаға қарсыласып «атам» депті,  
«Басқарған Ысрафилді мен Күдай» деп  
Пырғауын әскерімен суға кетті.  
Дүшпаны Мұхаммедтің Әбу-Жәһил  
Ол залым ренжітіп талай сөкті  
Підірдің соғысында пәрелесіп  
Батырлар басын кесіп, қанын төкті.  
Кәлләсін Мұхаммедке өкелгенде  
«Бір залым үмбетімнен кетті» депті.  
Жолында бір Күдайдың тілегім сол  
Сөзімді мұқтасар деп тамам еттім.

1961 жыл

## МАҢҒЫСТАУ — МАЛДЫҢ АНАСЫ

Өркендетіп өсірген  
Маңғыстау — малдың анасы,  
Қыстыгүні таулардың  
Малға күшті панасы,  
Жүз гүрлі дәрі шөп өскен  
Түрлі-түрлі саласы,  
Шүйтін шөбі құлпырған,  
Байлығы қайнап тасыған,  
Азаймайтын асылан  
Каспийдің жақын жағасы,  
Жаз жаайлауға кең өріс  
Бозашы, Үстірт даласы,  
Төлдегенде төрт түлік  
Ұлан-байтақ шеті жоқ  
Сыймай жүр жерге қарасы,  
Малды баптап өсірген  
Еңбеккер елдің баласы.  
Социалистік жарыста  
Бүкіл Қазақстаннан  
Оза шауып атакты  
Алты ту алған ауданмын.  
Біздерменен байлыққа  
Ешкімнің болмас таласы.  
Бұл Маңғыстау ауданда  
«Еңбек» пенен «Правда»  
Озат колхоз атанған,  
Мамандары өсіріп  
Малды жақсы бағулы,  
Колхозшысы қажымай  
Мал азығын шабулы,  
Екі мыңнан, үш мыңнан  
Еңбеккүнді табулы,  
«Қыс келед, — деп, — қырыннан»  
Әзірлік жасап бұрыннан  
Қоралары салулы,  
Төбесі тегіс жабулы.  
Алға басып жұмысы  
Күннен-күнге дамулы.  
Табыстан жетіп табысқа  
Озып шығып жарыста  
Облыс пенен ауданнан  
Қызыл Туды алулы.

1963 жыл

## ЖЕТІБАЙ ТУРАЛЫ ЖЫР

Күн тамбайтын себелеп  
Қыстайтұғын малшы ауыл,  
Өскеннен соң ащы шөп  
Бұйрығын, жусан, ебелек,  
Жаз шыққасын күлазып  
Жатыр еді бұл ара  
Жан беруге жеріме,  
Байлық алмақ еліме  
Еңбекте өскен ұлдарым  
Қалады өкеп мұнара...  
...Табиғатты тұсауға  
Бел бұған кілең батырға  
Тегеурінді табиғат  
Тек киімшен қисайып  
Түздің дөмін татырды,  
Азынады суық жел  
Күзде, қыста шатырда,  
Арасында бір кебір  
Ералы мен Жетібай —  
Жалпақ жонда сансыз жол  
Шыға алмайсың шетіне.  
Сол алқатта бір батпақ —  
Күзде, қыста батып қап  
Талай шопыр байланды,  
Жайғасып ас іше алмай  
Өткізді сан айларды...  
...Бірі болса, бірі жоқ,  
Кұрал-сайман жетпеді,  
Күндіз-түні мігірсіз —  
Жұмыссыз күн өтпеді.  
Қойдай өріп машина  
Бірі тасып ауыз су  
Бірі салды баспана,  
Бірі салды асхана.  
Қиындықпен күрескен,  
Айлар өтті, жыл өтті,  
Жасымады жан аяп  
Балдарым ер жүректі,  
Он-сан ұлттың ұл-қызы  
Орыс, башқұрт, грузин,  
Армян, қазақ, қырғызым  
Ел байлығы жолында

Бірге қосты тілекті,  
Бір сыбанды білекті.  
Ел қамқоры — партия  
Иен даланы түлетті...  
... Бүгін енді қарасам:  
Жетібайдың жонында,  
Ақ қалалар самсады,  
Ақ қаланың тұрғыны —  
Жерге салған бұрғыны  
Қаһармандар қанша мың!  
Алыптарым алысып  
Қияға құлаш сермеген,  
Тасытты табыс бұлағын  
Көзін ашты көмбенің,  
Жетібайдың жерінен  
Өндірісім өрлеген,  
Мұнайынын толқыны  
Жерді қозғап кернеген,  
Ақыраған ағыны  
Жоғары шапшып атқанда  
Дария болды көрмеген.  
Маңғыстаудың ойында  
Мұнайдың арна-өзегі  
Данқы кеткен әлемге  
Жетібай менен Өзенім.  
Жалпақ жонды бүгінде  
Самсаған бір мұнара,  
Сан жылдарға сарқылмас  
Байлық көзі бұл ара.  
Еңбегімен ерімнің  
Күдіретімен елімнің  
Мұнай көзін бұрқатып  
Көл-көсір боп тұра алар.

1963 жыл

## ТОҚСАННЫҢ БЕЛЕСІНДЕ

Отырмын дәл тоқсанның белесінде  
Қаншама жырым қалды ел есінде?!  
Уа, халқым, жырыңды айттым, сырыңды айттым  
Өзінсің өміріме төрешім де.  
Қолыма домбыра алдым он бесімде  
Жол өттім асу-асу ел көшімен,  
Ел сүйген ер Махамбет, Абыл акын  
Өтіпті өртті өмірмен белдесуде.

Есенбак, Шернияз бен Нұрым көшкен,  
Ақтан мен Қашағаннан бұрын көшкен,  
Кемтарға пана болған ақындардың  
Сөзінің бағдарымен жырым өскен.  
Ақынмын екі өмірді андап өткен,  
Арайлы Октябрьдей таңға жеткен,  
Жамбылмен жамырасып жаз өмірде  
Қырандай болат топшы самғап өткен.  
Өлең-саз меруерт пе, жалын ба осы?  
Айтқан жыр жаным да осы, арым да осы,  
Гүлденген заманымда жыр толғаймын  
Токсанға келсем-дағы арын қосып.

1965 жыл

## ӘЛІ ДЕ СӨЗІМ ДӨҢГЕЛЕР

Алқалы топқа көрінбек  
Өрен жүйрік шабысы,  
Қиырдан көзге ілінбек  
Дүлділдің аяқ алысы.  
Шарықтап ұшқан қыран құс  
Шабытпен көкке өрлесе  
Тау да болса өңгерер,  
Сұңқылдап бұлбұл сайраса  
Дүниеге оң берер.  
Шабытым келіп тұрғанда  
Жас кезім алыс кетсе де,  
Токсанға жасым жетсе де  
Сарайына Отанның  
Қаланар мен бір кірпіші —  
Әлі де сөзім дөңгелер...

1965 жыл

## ЖАС ҰЛАНДАРҒА

Сөз берген соң қартына  
Мен несіне тартынам,  
Бұл бақытқа жеткізген  
Коммунистік партиям.  
Балалар, келдім алдына  
Көрсін деп ақын қартыңды,  
Қартыңда қауқар қалды ма —  
Күш-қайрат, сөз де саркылды  
Ақла-төкпе ақ бұлақ



Арнасынан тартылды,  
Алайда сізге келген соң,  
Ақынға кезек берген соң  
Ағытып тілді байқайын,  
Алдарында, өрендер,  
Азғантай ақыл айтайын:  
Аяулы, асыл жастарым,  
Айқын гой алғы жоспарың,  
Арманға жетер жол ашық,  
Азат ой, азат бастарың.  
Ардақты абзал партиям,  
Арыңды елім шалқыған,  
Алаулап түр өр қиям —  
Айналдым совет салтынан,  
Айналдым сан ұлт халқынан.  
Сіздер шөкірт — ұстаздан  
Білім жолын ұстаған,  
Қатайтып топшы-қанатын  
Жас қыранға ұқсаған.  
Сүйіндер Отан — еліңді  
Сүйіндер туған жерінді,  
Оқуда да, еңбекте  
Береке болсын өнімді,  
Мереке болсын өмірлі.  
Еңбекпен бақыт табыңыз,  
Достықтың шамын жағыңыз,  
Ата менен ананы  
Мөпелеп сыйлап бағыңыз..  
... Балалық шақты мен көрдім  
Ауыр тұрмыс азабын,  
Бай-манаптың мазағын,  
Қараңғы заман тозағын  
Қырық екі деген жасымда  
Ат мініп орғып астыма  
Еркіндік орнап басыма  
Көз алдым кенет жайнады,  
Бұлбұлдай тілім сайрады,  
Бойыма жігер-күш бітіп  
Құлшынып қайрат қайнады.  
Ленин жолы — даңғылым,  
Өркендетті сан ғылым,  
Өнердің қағып дабылын.  
Жасартты қайта біздерді —  
Нүрпейіс, Кенен, Жамбылын.  
Көпті көрген бұл қартын

Бәрін де айтып бәрер ді,  
Дауыс, шіркін, көнерді,  
Риза бол, ұлан, осыған,  
Үйрен де сыйла өнерді.

1966 жыл

## ТОҚСАН ЖАСТАҒЫ ТОЛҒАУЫМ

Ал, жиналған жолдастар,  
Мен сөз кілтін ашамын,  
Болынып жатқан бұл тойға  
Жырдан шашу шашамын,  
Қуанышпен құттықтап  
Мереке-тойды бастаймын —  
Тоқсаннан қорқып саспаймын.  
Тоқсан мені тоздырды —  
Кешегі жастық дәуренім  
Жарысқандардан оздырды.  
Еліме түгел естілді  
Маңғыстаудың атағы —  
Шаңытып жатқан Маңғыстау  
Бүгінде шалқар көл болды,  
Құлазып жатқан сар дала  
Ел сыймайтын жер болды,  
Мұның жоқ енді қағары.  
Өндірістері өрлеген  
Жетібай менен Өзенім  
Мұнайының толқыны  
Жерді қозғап кернеген.  
Атқылап жатыр әр жерден  
Бір дария болды көрмеген,  
Азаматтар да аянбай  
Күресіп жағыр жерменен,  
Көрсетіп жатыр еңбегін —  
Көзін аштық көмбенін.  
Ойдағыдай осы күн  
Өнеріміз асулы,  
Ісіміз алға басулы,  
Жылдан жылға күшейіп  
Талабымыз тасулы,  
Инженерлер зерттеумен  
Байлықтың құлшын ашулы,  
Бізді басып озды деп  
Америка да сауслы.  
Қараңғыда күн болып

Жарык кылган партия,  
Сөйлесуге тiл мен сөз берiп  
Соқырларға көз берiп,  
Ғылым менен бiлiмдi  
Таныттырған партия,  
Дүниенi жайнатып,  
Бүлбүл күсты сайратып  
Бакытты халқын бакытқа  
Қарык кылған партия,  
Тоғысқан жауын киратып  
Жер жүзiне қайратып  
Анык кылған партия,  
Бүлiшкiсiн алдырмай  
Дүшпанға қол салдырмай  
СССР — аймак — Отанын  
Бағып тұрған партия,  
Өркендеген өнермен  
Алпыс ұлттың адамын  
Толықтырған партия,  
Бар адамды тең етiп  
Правоға халықты  
Молықтырған партия,  
Еңбекшiнiң ұл-қызын  
Мұндай жайлы заманға  
Жолықтырған партия.  
Дүшпандарға шеттегi  
Бөгет салып, жол бермей,  
Торықтырған партия.  
Бiздiң елде сөнбейтiн  
Әдiлдiктiң шамы бар,  
Партияның кемелдi  
Алтындай таза заңы бар,  
Жарқырап атқан бiз үшiн  
Бостандықтың таңы бар,  
Партияның мөнгiлiк  
Бұзылмайтын жолы бар,  
Бiздiң совет елiнiң  
Жеткiлiктi жүз жылға  
Жинаулы жатқан қоры бар,  
Жау үшiн тұрған жасалып  
Қарулардың зоры бар,  
Жетiбайда таусылмас  
Мұнайдың терең молы бар,  
Келешекке кейiнгi  
Байқап, болжап Лениннiн

Жазып кеткен томы бар,  
Ғылымның күшін қолданып  
Бір жерден емес өр жерден  
Ашылып жатқан кені бар.  
Ленин басшы кешегі  
Біздің елдің көсемі,  
Оратор-айтқыш шешені,  
Адамның асқан алыбы —  
Дүние жүзі таныды,  
Қараңғының болды жарығы.  
Душпанға салды ноктаны  
Кеткен күн көсем артынан  
Қайғырып халқы жоқтады.  
... Шешендер талай өтіпті  
Тыңдатқан сөзін халқына,  
Сөздері қалған артына,  
Солардың мен де біреуі  
Тыңдалған сөзім жалпыға.  
Разы болың, көпшілік,  
Біздердей мына қартыңа.  
Күш-қайраттың барыңда  
Шаршамадым шабысқа,  
Басшылықпен партия  
Атағым кетті алысқа.  
Талай жерде шапқанмын,  
Сөз маржанын тапқанмын,  
Шығып едім сонынан  
Ақтан мен Нұрым, Ақтанның,  
Алқалы жерде сөз сөйлеп  
Алтынын жырдың ақтардым.  
Үлкен алғыс айтамын  
Партиям бағып құрметтеп  
Мына көпшіліктің алдында  
Бүгінгі күні шаттандым,  
Жетпіс бес жыл жыр төгіп  
Жұмысымды да атқардым,  
Сол еңбекті ескерген  
Жасай бер, дана партия,  
Сондықтан да тек саған  
Рахмет айтып мақтандым,  
Аялы қамқорлығыңды  
Жырыммен талай ақтармын...  
... Балдарым, білім алыңыз,  
Білім — пайда, қамыңыз,  
Жалқаулықты жабыңыз,

Ғылым дейтін дария —  
Бұдан ішіп қаныңыз,  
Коммунизм дәуірдің  
Есіктерін ашуға  
Шын қимылды салыңыз.  
Білім, білсең, жігіттер,  
Көгерілер күн санап  
Абырой, менен бағыңыз.  
Мақсаттарың болады,  
Абырой, бақыт қонады  
Көтерілсе наныңыз.  
Дүниеге келтірген  
Сылап-сыйпап өсірген  
Ата менен ананы  
Ренжітпей бағыңыз,  
Осындай үгіт айтады  
Тоқсанға келген шалыңыз..

1966 жыл





## АРНАУ — ТОЛҒАУЛАР

### ТОБАНИЯЗ ХАН ТҮРҒАНДА

Жаралғалы көп болды  
Дүние-фәни бұл жалған,  
Түбіне соның жетем деп  
Қызықтан кімдер қумаған?  
Тірлікте жиған абырой  
Ақырда иман болмаса  
Туғаннан жақсы тумаған,  
Неше бір патша өткен жоқ,  
Әтірет қолы дулаған,  
Зеңбірек оғы зулаған.  
Нешелер шайхы өткен жоқ  
Шәкірті қойдай шулаған,  
Ай суретін көтеріп  
Ақ мешітін тулаған.  
Неше бір билер өткен жоқ  
Шежіре шешен зулаған,  
Әңгіме-сөзі күмістей  
Сары алтынмен булаған.  
Нешелер батыр өткен жоқ  
Дұшпанын көрсө тураған,  
Талай әділ хан да өткен  
Азын кәпке теңгеріп  
Төресін айтқан турадан,  
Осылардай жандардың  
Қарасаң байқап, бәршасы  
Қара жердің астында  
Сүйегі шіріп қураған.  
Ескендір мен Сүлеймен

Патшалардың басы еді,  
Сүлейменнің жүзігі  
Смағзам дұға жазылған  
Қасиетті асыл тас еді.  
Нөмруд-Шадат пырғауын  
Діні арам — нас еді,  
Расулы пайғамбар  
Айтқанына өуелден  
Көнбеген, жаны қас еді,  
Көпірліктен танбаған,  
Ыбырайым, Мұсаның  
Айтқанына нанбаған  
Толықсыған мас еді.  
Пырғауындай залымды  
Батырған Нілге Мұсаның  
Қолындағы аса еді,  
Өуелден-ақ Әзәзіл  
Нөмруд-Шадат патшаның  
Шыбын кіріп мыйына  
Салды жаман күйіне —  
Болыпты қатты азары,  
Аршалысып, ақыры  
Содан тартты жазаны,  
Дұшпандық еткен өркімге  
Алдынан шықты азабы,  
Ыбырайым, Мұсаның  
Беттескенде көпірмен  
Шыдатпапты назары,  
Ақырында имансыз  
Тауыпты содан қазаны.  
Толыққан талай патшаның  
Суыған сүйтіп базары.  
Шаригы Көлөм-Шәрифте  
Алланың сүйген құлындай  
Таба алмайсың іздесең  
Ақиқат көңіл тазаны,  
Айта берсек арыдан  
Сөздер көп шырын-мазалы...  
... Дүреген Әнес-Жабалдан  
Алты Алаштың бірі едік.  
Кіші жүздің қазағы  
Бытырап жүрген шашылып,  
Аяғына өр жүртғың  
Халық едік жүрген басылып,  
Сахыраға мал жайып,  
Қалалы жүртқа қол жайып  
Келе жатқан ел едік

Осындай түрлі күйменен  
Бөлек-бөлек бөлініп  
Бір-екі мыңдай үйменен,  
Бұндай ұлы хәкімдік  
Бұрын-соң бізге тимеген.  
Ұтырын тауып кентті жұрт  
Еркін алып билеген,  
Бұл күнде сізсіз қазақты  
Қалалы жұртпен теңгеріп  
Шылбырын тартып сүйреген  
Қатарың жоқ түсында  
Жігітсің туған ілгері,  
Екі-үш жыл болды, ел үшін  
Іздәһәт етіп жүргелі,  
Тек бүгіннен емес, қашаннан  
Біздің елдің бір кемі —  
Ақылы терең дананың  
Жақсының бұлын білмеді.  
Маяның ұлы Бәйменбет  
Алаштан озған тілді еді,  
Әңгіме-сөзі айтылған  
Халқына формы-үлгі еді,  
Пайдасын айтып тұрғанда  
Оған да жазым таптырып,  
Адайдың үркіп-бұлгені.  
Оныменен кеге алмай  
Қайтадан келіп бас үрды  
Орысқа қарап күндері,  
Алалықпен сол Алаш  
Қай күнде аузын бірледі?!  
...Ішінен Бекет-пір шыққан  
Біз әруақты ел едік  
Адай деген іргелі,  
Қырық-елудей жыл болды  
Россия патшаның  
Қоластына кіргелі,  
Айырықша басқадан  
Абыройы әлі бар —  
Алланың берген бір демі.  
Қанша жұрт болдық дегенмен  
Қазақтың өзін басқарып  
Жоқ екен хандық сүргені.  
«Хан тұрды» сізді дегенде  
Қуандық, көңіл шаттанып,  
Қайырлы болсын айтуға  
Арзу боп келді көп халық.  
Ескендір мен Сүлеймен —



Солардан мирас сіздерге  
Қалынған хандық-патшалық.  
Ел едік сондай бақтылы —  
Бұл күндегі Адайда  
Ер Қонайдың ақтығы  
Тобанияз хан тұрып  
Қазақтың ұлын тергеді,  
Қысылған күні қайратпен  
Дұшпанға жұртын бермеді,  
Алладан қайтсын деп жүрміз  
Ел үшін еткен енбегі.  
Ортаға басын салып жүр  
Уайым жұртқа енгелі,  
Асырып айтты деменіз —  
Үш аналы қазақта  
Болған жоқ қатар-деңгелі,  
Баяны болса, ұстап түр  
Қазина, байлық, хандықгы-ай,  
Аршылан ерім әзір түр  
Дұшпаннан қорғап алдыртпай,  
Жиналысты жер болса  
Толы жұрттың қамы үшін  
Сөз айтқан қапы қалдыртпай.  
Ұраным «Адай» болғалы  
Келе жатқан ел едік  
Шағылып тауы, шалдыклай.  
Біз болмасақ, өзгенің  
Кетіріп есін тандыртты-ай,  
Мекенінен аударып  
Әркімдерді де қаңғыртты-ай,  
Малы түгіл адамы  
Алынып жатыр салғыртқа-ай,  
Заманасын қуырып,  
Ықтиярсыз қуылып  
Талайлар түсті тарлыққа-ай,  
Абыройменен келеміз,  
Сақтай гөр, Алла, дұшпанның  
Жағаға қолын салдыртпай...  
... Алдына келдік, хәкім-хан,  
Тапқасын пайда ақылдан  
Байтаққа патша-хан тұрып  
Ұстадың дерек, зөкүн-зан,  
Қаранғылық ішінде  
Адасқан жолдан халық едік  
Реушен-жарық болдың шам,  
Әгірет жидың батырдан,  
Бұқара жидың мақұлдан

Алуан түрлі асыл сөз  
Өрнектеп тұрсын лебізбен.  
Дәрежең биік тұрғалы  
Мұсылман үшін жер-жерге  
Жүргіздің хабар хат жолдап  
Тобеке, хандық құрғалы.  
Бұл айтқан сөздің бәрі шын  
Толы жұрттың камы үшін  
Жерің жоқ басып-кезбеген,  
Алты Алаш пен орыста  
Осы күні адам жоқ  
Сізді танып сезбеген,  
Қамқорысыз халқыңның  
Артық-кемін көздеген,  
Ісі қисық, тентекті  
Түзетіп тұрсыз тезбенен,  
Орынбор мен Оралдың  
Жиналған күні білгірі  
Байладың буып сөзбенен,  
Жалған деп ешкім айта алмас  
Қайратынды өртүрлі  
Талайлар көрді көзбенен,  
Өлшеуі жоқ Алланың  
Жаратқан артық жаңысың —  
Тірлігің бөлек өзгеден,  
Бағасы қымбат сары алтын  
Парапар болмас жезбенен,  
Хандықтың құрып құралын  
Өтіретпен аттанып  
Қырық мың үйді басқарып  
Екі мың үйдей караған  
Бір болыстық болмаса  
Мұндай ұлы дәреже  
Бұрын-соңды біздер гаппадық,  
Кете, Табын, Таз, Беріш,  
Он тоғыз болыс Адайдың  
Үлгердің ісін атқарып.  
Сен еңсесі биік ала шын  
Пана еткен пақыр саясын,  
Бақытың биік алатын,  
Басқармаққа сұранып  
Қазағыңды айырдың  
Қалалы жұртпен арасын,  
Бермей жүрсің азапқа  
Мұсылманның баласын,  
Адай түгіл қазақта  
Қатарын жоқ дарасың,

Ойласам, өзің өлшеусіз  
Ақылы терең данасын,  
Аршылан ерсің дұшпанға  
Алдырмай жүрген шамасын,  
Баянымен болғай деп  
Тілегінді тілеп жүр  
Артында халқың — қарашын.  
Жүрген жоқсың қай күнде  
Әңгіме-жауап бастамай,  
Жорғасың сүргін басқан-ай,  
Тартылмайтын таусылып  
Өзенсің қайнар тасқан-ай,  
Әуелден-ақ пәш болды  
Дөреженің асқаны-ай,  
Қанша болдық дегенмен  
Хан болғаны жоқ екен  
Көп болғанмен басқа Адай,  
Адай түгіл Алаштың  
Қорғалап жүр пананда  
Осы күні сасқаны-ай,  
Хан-патшадай хәкімсің  
Әлдісің күдер асқан-ай,  
Келе жатқан өріден  
Ғаділдікті тастамай.  
Басқардың Адай Алшынды-ай,  
Дұшпаның аттап өте алмас  
Асқарсың биік аршынды-ай,  
Қараңғыдан қазақтың  
Жүр еді басы аршылмай,  
Айырдың қайрат-күшпенен,  
Басқардың зөкүн-іспенен,  
Дөрежең биік хансың-ай.  
Аргы атаң батыр Қонайдан  
Жау кеткен жоқ жаншылмай,  
Найзасына шаншылмай,  
Озалдан қонған өруақ  
Бергесін Тәңірім, қалсын ба-ай,  
Келе жатқан орынсын  
Қасиет-қайрат таусылмай,  
Байтаққа патша-хан тұрып  
Тенгердің бай мен малсызды-ай,  
Қарастың жауыр-жалсызға-ай,  
Ғаділдікті тақсыр хан,  
Шығармаңыз жадыңнан  
Келетұғын ажал бар  
Бір күні жетіп бас салса  
Кететін қағып аңсызда-ай.

Атаңнан туып өнгесін  
Талабың жоқ етпеген  
Дүниеге келгесін,  
Алқадан тайқып таймадың  
Қайратыңа сенгесін,  
Бұл күндегі дәрежен  
Бөкей менен Жәңгір хан —  
Солармен қатар тең келіп  
Ресейден қазақтың  
Айырдың жігін бөлгесін,  
Қанағат етіп халқың жүр  
Қайратыңды көргесін.  
Адай түгіл бүгінде  
Қазаққа күрсау-шеңберсін,  
Халықты бақпақ хан тұрып  
Хәкімдік пен дәреже —  
Екеуі де ауыр іс,  
Алланыз қуат-дем берсін.  
Халқы үшін таққа мінем деп  
Талай рет бұрын да  
Мәжіліс құрған әр жерде  
Өншең төре, кілең бек,  
Солардан кейін қалулы  
Әңгіме-кеңес талай кеп.  
Тайын жоқ жансың түсында —  
Күннен күнге еселеп  
Шығардың жауап өнерлеп,  
Халқыңның жайы, жауабы  
Енді өзіңе тірелмек.  
Жапа шектің жан қиып  
Қамы үшін жұрттың жүрем деп  
Байұлы, Табын, Жетіру —  
Үш ана қазақ бір тілді  
Қоластыңа кірем деп,  
Жиырма жеті болыстың  
Басқардың елін түгендеп,  
Халқың үшін қиындап  
Булаған алтын, күмістей  
Сөйледің жауап ірендеп,  
Ақылынан адасты  
Жүрген жандар білем деп,  
Ойлаған жоқсың түсында  
Дұшпанға тізе бүгем деп.  
Бұрын да өткен жандар бар  
Дәрежелі хандар бар,  
Олар да кеткен байтақтан  
Бұқара жүргы жай тапқан,

Дүйімбаян, Шыңғысхан —  
Нөсілі нұрдан жаралған,  
Халқына өділ караған  
Ауыз гимей парадан,  
Пақыр-міскін, бай мен бек,  
Жарлы, жалсыз, аз бен көп  
Бөрін де бірдей санаған,  
Әз-Жөнібек ноғайлы,  
Орыстан шебер алдырып  
Аштарханды салдырып  
Көрмеген қайыр қаладан,  
Ойыл, Қиыл, Қобда, Елек  
Жағалай жатқан саладан  
«Күндердің күні болғанда  
Алар, — деп, — көпір жағадан»  
Еділ мен Нарын — арғы жақ  
Асанқайғы, Қазтуған,  
Орақ пен Мамай, Телағыс  
Ерлердің жортқан жері екен  
Әскерін ертіп аламан.  
Қырым мен Қырғыз жұртынан  
Қарсының ұлы ер Тарғын  
Қалмақты қуып Шағаннан  
Тар қонысқа қамаған,  
Бөкей менен Жөңгірді  
Ішкі Орда байтақ жүрт  
Хан көтеріп қалаған.  
Су менен нудан бос қалып  
Мекен еткен ел едік  
Сахара-майдан даладан,  
Ол патша заманы бұлағай  
Біреуді біреу талаған.  
Николай тақтан ауған соң  
Қазақты бөліп бақпаққа,  
Жайшылығын таппаққа  
Хансыз болған қарадан,  
Рахатын ізденіп  
Әлі күнге дұшпанға  
Ар бермей жүрсіз арадан.  
Былтыр сізді қайтты деп  
Хабар қылып айтты деп  
Сонда бір қатты қайғырдык  
Айрылдык деп қамқор-данадан,  
Қысылған күні жігіттің  
Сонда керек қайраты —  
Жайшылық күнде бәрі адам.  
Бұдан әрі асырып

Мадияқтап, мақтай беруге  
Сақтандым Алла-панадан.  
Расулы Мұхаммед  
Алланың досты күткен сәт  
Қиямет-қайым болмаққа  
Аспайды дейді ғалымдар  
Мың бес жүз жыл шамадан,  
Әл-Хазірет көшкелі  
Мың үш жүз қырық жыл өткен  
Қаралғанда санадан.  
Алуан гүрлі асыл сөз  
Ағынды бұлақ қайнар көз  
Ағытыла береді —  
Бөгейік енді сагадан.

1918 жыл

## ТОБАНИЯЗ ТҮРМЕГЕ ТҮСКЕНДЕ

Жаратқан Қадір жұмыласын  
Көп тұрған екен түзетіп,  
Бұл заманды құрғалы,  
Ай менен Күнді шам етіп  
Дүние жүзін нұрлады,  
Ібіліс шайтан бізбенен  
Әуелден-ақ қас дейді  
Атамыз Сафи тұрғалы,  
Одан бұрын Құдайға  
Құлшылық екен қылғаны.  
Хазіреті Нысан атаны  
Ғибадат етіп тынбады,  
Ғаршыда сабақ үйретіп  
Періштелер тындады,  
Сүйтіп жүрген заманда  
Дәрежесі артылып  
Үлкендік ойлап, тартынып  
Адамға сәжде қылмады,  
Көкірек-көңіл кепкеннен  
Тәкаппарлық еткеннен  
Тауканат тартып шырлады,  
Шайтан менен жыланның  
Қосылысып сырлары  
Адам менен Һауаға  
Жегізді бидай азғырып,  
Содан соң Алла жазғырып  
Адам-ата, Һауа-ана

Жәннәтга дәйім түрмады,  
Бірінен бірі айрылып  
Қосыла алмай үш жүз жыл  
Қасірет-қайғы шырмады.  
Қала болған бұрын да  
Алланың талай құлдары,  
Хазірегі Жақыптың  
Арыстан өңкей тұлғалы  
Он екі дейді ұлдары,  
Көкірек көңіл кепкеннен  
Бір күні шайтан азғырып  
Ең кенжесі Жүсіпті  
Атасынан айырып  
Ағалары ұрлады,  
Сүйтіп жүрген күндерде  
Нарқы шығып арзанға  
Кеміген баға-пұлдары.  
Соларға ғапыл бұл жалған  
Біздерге калып тұрғаны.  
Расулы Мұхаммед  
Үмбеті үшін зарланып  
Пида болған бір жаны  
Әуелден байқап қарасақ —  
Халқының жақсы құрбаны...  
... Қауіпті заман-уақытта  
Көтеріп көңіл хошталы  
Табылса сөздің ырғағы,  
Заманнан заман кеміген,  
Айтпалы жауап беріден,  
Мұсылмаңды көпірден  
Мирасы екен қорғамақ  
Келе жатқан бер қарай  
Әзіреті Ғали — шеріден.  
Дәуіттің ұлы Сүлеймен  
Дүниеден көшерде  
«Адамға зақым етпе» деп  
Ант алған жын мен періден.  
Байтақ жүрті басын баға алмас  
Сасқан күн айла таба алмас  
Айрылса қорған — ерінен.  
Біз — Қазақ — Алшын — Байұлы  
Пайдаланған халық едік  
Сахыраның кен жерінен,  
Келе жатқан ел едік  
Бостаншылық бұрынғы  
Дүниенің кенінен.  
Заманнан заман ғарылып

Бұрынғы дәурен қалынып  
Адасқан халық жөнінен.  
Тобанияз халқының  
Ақылға терең данасы,  
Дүшпаннан қорғар панасы  
Әліге дейін жүр еді  
Есеп бермей елінен,  
Егескен дүшпан — көпірдің  
Үсталды дейді тілінен,  
Айыра көрме бір Алла  
Бұрынғы қуат дінінен...  
...Есітіп сондай хабарды  
Бұқара жұрты болып түр  
Әжептеуір хабарлы.  
Естігенде сыйындық  
Бір Жаратқан Аллаға  
Болмағай деп зарарлы,  
Әлдеқалай болад деп  
Жатсақ ұйқы, оянсақ  
Ойымыздан қалмады,  
Сақтаса Тәңірім, зат емес  
Нәмрудтың жаққан отына  
Ыбырайым халил жанбады  
Аңдыған дүшпан көп екен  
Әр тараптан аңдады,  
Жағаласып жауменен  
Жалғыз өзі Адайға  
Салдырмап еді таңбаны,  
Билік еді аңдамай  
Басын байлап қауіпке  
Қазақтың ұлын қамдады,  
Қараңғылық ішіне  
Реушен шамдай парлады,  
Елге зақым келер деп  
Төңірекке көз салып  
Күралды жерге сөз салып  
Тыным таппай шарлады,  
Аршылан ерім әрқалай  
Іждәһат етіп, ар қылып  
Күннен-күнге артылып  
Дәреже, бақыт орнады-ай,  
Төбекем хәкім болғалы  
Жүрген жоқ жұртын қорғамай  
Бұл уақыттар болғанда  
Бөгет түскен сықылды  
Ағындап күйған арнаға-ай.  
Алладан басқа пана жоқ



Қайғырғанмен шама жоқ,  
Қатты реніш болып тұр  
Көңілдің, сүйтіп, арманы-ай.  
Зейіндегі жел сөзді  
Не қылайын кідіртіп  
Жақсымыз үшін арнамай.  
Біреулер жүр осы күн  
Қаз орнында қарғадай.  
Әділ ханнан айырып,  
Залымдарға, ей Алла,  
Халқымның күнін салмағай?!  
Шошып тұр жұрттың жүрегі  
Болмас па екен, иншалла,  
Астана көптің тілегі?  
Тарыққан күні қолдаған  
Әулием Бекет — пір еді,  
Тобекем хәкім болғалы  
Аянбай сөйлеп алқада  
Қол салдырмай қолқаға  
Қоластын қорғап жүр еді,  
Қатын-бала қамы үшін,  
Астана жұрттың ары үшін  
Алысты көптен бір өзі,  
Сахырадағы қазаққа  
Бұрын-соңды бітпеген  
Дәрежесі ірі еді,  
Ақырында құтылып  
Пайғамбар Жүсіп Мысырда  
Зынданнан шығып тақ мінді  
Балқыған нұрдай ірені,  
Қырық жыл жылап, еңіреп  
Атасы Жакып жүр еді.  
Туылған асыл анадан  
Нәсілі нұрдан жаралған  
Зынданда болған тұтқынның  
Расулы Ғайса бірі еді —  
Христиан діннің тіреуі,  
Мәриям ұлы Ғайсаның  
Алты жүз жыл артынан  
Нұрын шашқан өлемге  
Расулы Мұхаммед  
Мұсылманның тірегі.  
Күндеген дұшпан көп екен  
Ниетін біліп\*аңғарып  
Сүрінген күні аңдадық,  
Хабарларға әуелгі  
Жалған ба деп нанбадық.

Аршылан елім жабықты  
Қорғаймын деп халықты,  
Қайрат еткен қамданып  
Орынборда кідіріп  
Халқы үшін туған асыл ер  
Жетімдік көріп налығты.  
Тобекемді хан сайлап  
Біз шаруа баққан жұрт едік  
Сахырада жүрген мал бағып  
Надандыққа алданып  
Салтанат құрған жан бағып,  
Кетпесе игі ед жұртымнан  
Нәсібе, бақыт айналып...  
Өзгерді заман-дүние  
Бұрынғы өдет-заң қалып,  
Бұлағай заман болып түр  
Шошынған адам таң қалып,  
Дегенменен, әлі де  
Ешнәрсе етпес, иншалла,  
Әулие-шайхы ер Бекет  
Шамырқанса шамданып.  
Токталғанға ұқсайды  
Толы жұрттың баласы  
Қырғынды қазан қайнаған,  
Қауіпті күні дұшпанға  
Қаруың еді қайраған,  
Қамынды соғып алқада  
Шешенің еді сайраған,  
Дулы жерде қосатын  
Жүйрігін еді сайлаған,  
Еңіреген ел еді  
Елін қорғап, сөз сөйлеп  
Бет алған жақтан таймаған.  
Орынборда кеңседе  
Жетпіс екі түйінді  
Әңгіме-сөзбен байлаған.  
Самсап жүрген сан Адай  
Айбарлы туың жығылып  
Қалмаса игі ед пайдадан?!  
Біз шаруа баққан жұрт едік  
Ыңырантып дәулет айдаған,  
Маңғыстаудың саласын  
Қыстыгүні мекендеп,  
Жаздың күні болғанда  
Сарыарканы жайлаған.  
Одан басқа өнер жоқ —  
Бос қалған амал-айладан.

Не қылар дейсің өлі де  
Пірі іері сүйеп қолдаса,  
Мезгілсіз бағың таймайды  
Шыңымен бақыт орнаса.  
Бір асылдай болмайды  
Жаманның бәрін жинаса.  
Хәкімнің өділ болмағы —  
Алдырмай жұртын қорғаса  
Билігін тура жолдаса.  
Ақылға терең, білімді  
Қорғайтын ерің сүрінді  
Халықтан қайрат кеткенде  
Залымдар зөбір еткенде,  
Тарыққан күні халықты  
Шығарып еді тепсенде,  
Әр себеп айтып көгірге  
Бірталай жұртын сақтады  
Әртүрлі айла-еппен де.  
Қиындық түсіп басына  
Бармай жүр бір жан қасына  
Елі үшін азап шеккенде.  
Есітіп сондай хабарды  
Сыйынып тұрмыз, бір Алла,  
Әулие-шайхы, өткенге.  
Зор дәреже құлданған  
Жүйрігің еді жолды алған  
Аршындап сапар шеккенде,  
Бірқатар жігіт тым білгіш  
Үйде отырып келкенде,  
Өткірің бар ма, толы жұрт  
Одан артық шет жерге?  
Астана байтақ халықтың  
Қамы үшін туған ер еді  
Таптырмайтын ексең де,  
Қайғырды дейді біз түгіл  
Мендешев, Әліби, Бақытжан —  
Солардай асыл бектер де.  
Ойлаған гүрлі қиял көп  
Тимесін елге зиян деп  
Бұрынғының еріндей  
Қатын-бала қамы үшін  
Қайрат еткен шегінбей,  
Халқы үшін еткен еңбегі  
Қалған жоқ жұртқа көрінбей,  
Биік еді дұшпанға  
Асқар таудың өріндей,  
Аржағы Қонай, Бегештен

Қорғасындай салмағы  
Келе жатқан жеңілмей,  
Елге пайда етем деп  
Өзінен үлкен ұлыққа  
Сөз айтқан шығар шегінбей  
Көңілмен ойлап біз түрмыз —  
Сол себепті ұлықса  
Қалынған болар берілмей.  
Байұлы, Табын — баршасы  
Тілектес болып жүр еді  
Ауызын бірлеп, бөлінбей.  
Сақтамаса бір Алла,  
Екпіні күшті көпірдің  
Аждһаның лебіндей.  
Уайым етіп айтамын,  
Болмаса игі ед бұрынғы  
Едіге батыр тоздырған  
Тоқтамыс ханның еліндей.  
Адай деген халық едік  
Пақырларға пайдалы  
Көкорай шалғын егіндей,  
Келе жатқан қашаннан  
Нәсібе тасып төгілмей.  
Адыра қалған бұл қоныс  
Әлденеше елдерден,  
Ноғайлық батыр — ерлерден,  
Алты жұрт көшкен бұл жерден  
Адай халқы келгеннен.  
Алақыр, Арқа, Маңғыстау  
Мекен еткен жерлерден,  
Тарыққан күні сыйынса  
Әулием Бекет жебеген,  
Келе жатыр айнымай  
Бір Алла бақыт бергеннен.  
Бү заманның шағында  
Тобекем әділ хан еді.  
Тергесе тентек жөнделген,  
Азды көпке теңгерген,  
Қазақ пен орыс ісіне  
Таң қалып еді көргеннен,  
Шешенім еді заманға  
Ақылын айтып әріден  
Терезесі тең келген,  
Кіріптарлық тұтқында  
Естіп түрмыз қалды деп,  
Тарыққан жерде талайға  
Бір Құдай өзі дем берген.

Дәйім емес өтірік —  
Патшалық құрған үш жүз жыл  
Романдар да жоқ болды  
Әртүрлі жұртты менгерген,  
Сермегенде жер жүзін  
Шығармаған шенгелден.  
Асып кеткенге ұқсайды  
Не керемет болар деп  
Англия, Германнан.  
Толықсыған көпестер  
Басынан бағы ауған күн  
Болды босып сергелден,  
Біреулер малдан айрылып,  
Біреулер жаннан айрылып,  
Жерінен қашып бұл кетті  
Толстов деген бір хәкім —  
Басында бағы тұрғанда  
Жандарал еді гүрлеген,  
Бү да кетті шығынып  
Атасына қайтадан  
Бір кеткен соң қосылмай,  
Күн туар деп ойлап па ед  
Отыз мындай әскердің  
Тұрғанында басында-ай?  
Былайғысын қырдырып  
Жүздейі қалды қасында-ай,  
Сонда да кетті сол бір жан  
Большевикке бас ұрмай,  
Содан соң жаңа үкімет —  
Советтің жолы ашылды-ай,  
Коммунист елді аралап  
Берекетін жұрттың қашырды-ай  
Замандар болып осындай  
Келген жандар жан-жақтан  
Орын тисе есіктен  
Ілгері аяқ баспайтын —  
Не жамандар тасулы-ай,  
Дерек тиіп қатынға  
Еркектен қайрат қашулы-ай.  
Көрмеген зәкүн-заң болды  
Адасқан құлан шаң болды,  
Ғаршылық түсіп басына  
Тарыққан талай жан болды,  
Сол себепті Тобекем  
Қимылдап еді қайратпен  
Елімді жауға бермен, — деп  
Алдырман есеп елден, — деп

Қара жолын қазақтың  
Күшім кетпей бермен» — деп  
Осындай еткен қайратын  
Өтірік емес — көрген көп.  
Ойласақ оңай іс емес  
Ер жігіттің басына  
Қырық мың үйді меңгермек.  
Халқының қамын ойлаған  
Бұрын да өткен ерлер көп,  
Асан би деп айтады  
Ойлаған ақын кеңнен деп,  
Желмая мініп қырық жыл  
Тыным таппай желген деп,  
Жер жүзін барлап кезген деп  
Байтақ жұртын бастапты  
Кеткен екен серт етіп  
Енді қайтып келмен деп,  
Шеркүпті деген бір ноғай  
Қалған екен «ермен» деп,  
Ноғайлық ақын Қазғуған  
Ол-дағы жұртын жинады  
«Бү қонысқа сенбең» — деп  
Бұрынғы қарттар айтады:  
«Кетіп еді алты жұрт  
Осы қоныс-жерден» деп.  
Айнала дұшпан торласа  
Ер көңілі желденбек,  
Ер көңілі желденсе  
Әулие-шайхы тебіренбек  
Саһабаға Салолла  
Айтқан екен: «Кәпірге  
Дін қылышын сермен» деп.  
Қайсыбірін айтайын —  
Атамыз Сафи жаралып  
Дүрегеннен бер қарай  
Өніп-өсіп өрген көп,  
Күнде базар құрылып  
Өне бой гүрмас тірілік,  
Мәләкүл-мауыт жетіссе  
Барша жан көшіп жерленбек,  
Келе жатыр осылай  
Жаралғалы жер мен көк,  
Ғайып болып істері  
Талай жандар жоқ болды  
Қара жерді мекендеп.  
Басшысынан айырылып  
Байтақ Алаш адасса

Айла тапшай сенделмек.  
Ұзарта бермей қояйын  
Бұл жауаптың тамамын,  
Уайым ойға кіріп жүр  
Болғасын қытаң заманым,  
Абыройлы күнінде  
Атанды жүйрік шабаным,  
Сақтамаса бір Құдай  
Тарылтты жұрттың табанын,  
Тастатты кәсіп-талабын  
Қонысынан аударды  
Бірқатар жұрттың табанын.  
Береке дұға дарыған  
Маңғыстаудың бойы еді  
Уәлилер басқан қадамын,  
Тілектес болса тигізбес  
Дұшпанның бізге залалын.  
Біле алмай тұрмыз не екенін  
Кейінгі туған баланың,  
Ойлағанмен уайым  
Жазмыштан озмыш жоқ дейді  
Әуелден-ақ Алланың  
Тартулы Лаухы-қаламы.

1929 жыл

## ЗАМАНАНЫҢ САЗЫНА

Ал, жиналған жақсылар  
Заманнан заман ауысып,  
Бұрынғыларды тауысып  
Келер жатыр төмендеп,  
Сыйыналық Алла мен  
Екінші, Ғайып-Ерен деп,  
Атамыз Адай болғалы  
Ойлаған жоқ ед ерлерім  
Біреуден зорлық көрем деп,  
Өтіп еді түсында  
Әруаққа түпсіз терендеп,  
Жабылса жандар қанатын  
Дария ед жатқан кемерлеп.  
Тіршілік баста тұрғанда  
Қызыл тілмен қиындап  
Айтайын жауап өнерлеп,  
Тозығы жетіп адамның  
Үлкейсе тәні көнермек.

Бақытқа байтақ ел едік  
Айнала жатқан кентті жұрт  
Ат, айғыр, нар мен еркек қой  
Біздерден алған керегін,  
Шешендер шықты ішінен  
Білімге түпсіз тереңім,  
Беттескен күні дұшпаннан  
Асырған сөздің дерегін,  
Бағырлар болды бақ қонған  
Қалалы жұрттың ханының,  
Етпеген еді дегенін,  
Сахырада жүрген халық едік  
Алладан болған көмегі,  
Абайласақ, бұл қоныс  
Тастап кеткен жер екен  
Талай бек пен төренің,  
Асанқайғы бас болып  
Бізден бұрын, байқасақ,  
Алты жұрт кеткен жер еді,  
Екі жүздей жыл дейді  
Анау Әзіреттің Алатау  
Біздің Адай келгенде  
Мекендеп жатқан түбекті  
Айладырдың елдері,  
Тауы қайтпай дұшпаннан  
Еркін өскен ерлері,  
Егеулі алмас асынып  
Бедеумен желген жерлері,  
Алты жұрттың арғында  
Халық еді жатқан іргелі,  
Осы жерге түспеген  
Бар екен атқыш-мергені,  
Асынған жарақ, ат мінген  
Артық дейд өргүр өрнегі,  
Сондай қару-қайратпен  
Айладыр халқын аударып  
Маңғыстаудың қараойын  
Біздің Адай жерленді,  
Жерленгеннен бер қарай  
Раһат еді көргені,  
Зенбірегі қардай бораған  
Патшаға да бұл Адай  
Дін қылышын сермеді,  
Ішімізден дүреген  
Әулие Бекет — пір шығып  
Уа, жарандар, көп еді  
Алланын бізге бергені.



Аударылып тағы бір  
Әуелі Алла, екінші  
Үш жүз алпыс әулие  
Қолдаған күні кеңідік,  
Аруағы Адай атаның  
Қалмаған екен көміліп.  
Әулием Бекет — пір болып  
Сыйынған күні демеді,  
Сондықтан біздің қалмады  
Абыройымыз төгіліп,  
Қайтадан келді аман-сау  
Біздің Адай елінен  
Үш мыңдай адам беріліп.  
Бастағы бақыт жөнделіп  
Орнаған Қыдыр иеленіп  
Адай ел едік толыққан  
Сахырада жүрген желденіп,  
Кешегі күні біздермен  
Өштескен жаулар қалып ед  
Беттескенде кем келіп.  
Халқымның қабылан ерлері  
Тарылған күні жөн тапты  
Көк сүңгіні өңгеріп,  
Шыдатпады дұшпанды  
Әруақты ерлерім  
Еріккен күні желденіп,  
Шартарап жұрттан жау шығып  
Неше дүркін біздермен  
Байқасқан күшін теңгеріп  
Россия патшаның  
Талай хәкімдерін өлтіріп  
Біразға дейін көнбедік,  
Тегеурін-тепкі тигесін  
Мекендеп өскен қоныстан  
Сейілхан да кеткен сенделіп.  
Әруақты ердің барында  
Тілектің түзу шағында  
Дұшпанға қару сермедік,  
Егессе теңдік бермедік,  
Шарқайладық біраз күн .  
Ақырында патшадан  
Көргенді намыс көрмедік.  
Өзгерілген заманнан  
Көтеріп көңіл делбелік.  
Шыбын жанға сенім жоқ  
Болгасын фәни-пеңделік...  
... Ал жігіттер, жігіттер,

Сөз базарын бастайын  
Мәжілісті жерге келгенде,  
Көңіліміз қорқып, шошыды  
Кешегі күні патшаға  
Қоралап адам бергенде,  
Бір Тәңірді пана ғып  
Қиыншылық көргенде  
Кетіп еді тыныштық  
Екі жылдан бер қарай  
Біздің мұсылман елден де.  
Николай залым патшаның  
Әлі жетпей қалыпты  
Түрік пенен Германға  
Бақыты тайып басынан  
Басқарып жұртын тергерге,  
Қан төгіліп соғыста  
Санасан, хисап жетпейді  
Қырылған менен өлгенге  
Болынған зала көп дейді  
Қоластын жинап көмгенде,  
Бү да мықты патша еді  
Шойынжол, мәшін жүргізіп  
Талап еткен қашаннан  
Жердін жүзін шендерге.  
Соғысуға бұлармен  
Германия бастаған  
Үш патша дейді біріккен,  
Бұл уақыттар болғанда  
Солдатын тауысып бір састы,  
Патшаның қалың әскерін  
Бомбы түсіп іріккен,  
Айраплан аспанда  
Уы менен буы бар  
Бомбылар жауып бүріккен,  
Әрбір түрлі айласын  
Оздырды дейді білікпен,  
Соғысыпты бірлесіп  
Аламыз деген үмітпен,  
Адамдарын қырдырып,  
Шәһерлерін бүлдіріп  
Шошыпты жаман қорынып  
Айрылып сүйткен үміттен...  
...Сүм патшаның ылаңы  
Шығармады шырайды,  
Бізге зәбір етті деп  
Бұқара халқым жылайды,  
Қатты қорқып, қауіп етіп

Астана жұртым мұнайды.  
Адал менен арамды  
Жақсы менен жаманды  
Әркімшілер сынайды  
Алғыс алған жігіттің  
Күннен-күнге баяндап  
Дәрежесі шыдайды.  
Осы күнде бір жігіт  
Халқының қамын жейтұғын  
Тобанияз дейтұғын  
Артық екен қалайда,  
Жоқ екен қатар-деңгелі  
Осы жүрген Адайда,  
Сұрастырып қарасақ  
Қосылады екен бір жағы  
Құнанорыс Шабайға,  
Нәшәндік, ояз залымнан  
Зәбірленді ел үшін,  
Бермеймін деп адамды  
Кеңсесінде ояздың  
Кеңес қылды келісім,  
Пайдасын соғып халқының  
Қарсыласқан хәкіммен.  
Атқа мінген Адайда  
Алшандаған өркімнің  
Байқадық шендеп өрісін,  
Бұқара, мырза, болысын.  
Бұлағай заман тап болып  
Төге жазды елдің толысын.  
Кете алмадым көз жазып  
Болғасын мекен-қонысым,  
Қысқартайын сөзімді —  
Баян еттім азырақ  
Өтіп кеткен кешегі  
Халқымның көрген соғысын...

## **ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ ЖҰБАЕВ**

Тиісті жерге келген соң  
Зейінге желсөз енген соң  
Отырмалы тоқталып  
Талай жерде жиналды  
Үстіме көптер топталып,  
Әшкертелі желсөзді  
Келгеннен сон оқталып,

Жаксылар бар өр жерде  
Агагын билген көп халық,  
Бойға біткен өнермен  
Қызыл тілмен шеберлеп  
Әркімді сөзбен мақтадық  
Рет-ретімен ерлердің  
Талайы көшті ғаламнан  
Жұмыстарын атқарып.  
Алшыннан бері өрбіген  
Үш ана — қазақ баласы  
Сахыраны жайлады,  
Өсіріп дәулет айлады,  
Шаруа-надан халық едік  
Ғылым мен білім әртүрлі  
Үйренбеген айланы.  
Байұлыдан бөлінген  
Адай деген ел едік  
Кем болмаған дұшпанға  
Әруақ пенен айбары,  
Ноктасыз бастың күнінде  
Ерлер шығып ішінен  
Қаруын жауға қайрады,  
Шешендер шығып ішінен  
Бұлбұлдай тілі сайрады.  
Ауысқан малы әр елге  
Ел едік артық пайдалы,  
Келінберді, Құдайке —  
Өсіп, өнген ауыл едік  
Едәуір аудан-аймағы,  
Абыройменен келеді  
Орнаған бақыт үстінен  
Әліге дейін таймады.  
Құдайкенің баласы  
Алты арыс Қосай болғанда  
Байбол еді сауыры  
Әруаққа артық ауыры,  
Жаугершілік күнінде  
Ерлер шықты ішінен  
Атагозы, Есектей,  
Егескенде кеткен жоқ  
Әруағын көрсетпей.  
Жүрген жерін жүн қылды,  
Дұшпанын женшіп үн қылды,  
Ұстасқандарды уатып  
Назарын жаман сындырды.  
Бұл жер жатқан жағалай  
Айладырдың жері еді,

Басқаратұғын патша жоқ,  
Ықтияр-еркі өзінде  
Шетінен хан мен бек еді,  
Жез айыр алмас асынған  
Дұшпаннан күшін асырған  
Іштері толған ер еді,  
Айқайлап ұран шақырған  
Қамалған нардай бақырған  
Атағозы батырдан  
Түрікпеннің босқан себебі,  
Кең қонысқа кенеліп  
Біздің Адай мекендеп  
Содан бері келеді.  
Мәмбетқұлдың ішінде  
Жүйріктер шықты жұлқынған  
Жауды көрсе ұрынған,  
Төрт Шалбардың баласы  
Басшы болдың халыққа  
Бүгіндер емес, бұрыннан,  
Заң-зәкүнге жетілген  
Білгіштері көп болды  
Өнер алған ғылымнан,  
Өтірік деп, өсек деп  
Мін таппас халқым мұнымнан.  
Мәмбетқұлдың баласы  
Тоқламбет пен Тоқтамыс  
Ауыл еді тең өскен,  
Тұқымы дүрел көп өскен  
Ерлер шығып ішінен  
Дұшпанымен егескен,  
Қайратын сынап шенескен.  
Білгірлері көп болды  
Қалмаған құрал-кенестен.  
Тоқтамысқа тұсында  
Әруақ қонып, бата алған  
Тастамай халық қатардан,  
Қасиетті жақсы екен  
Қол жайдырып бата алған,  
Жөнделген екен талабы  
Баға алып талай шаталған.  
Тоқтамыстың ақтығы  
Өгіз батыр болыпты —  
Әруаққа о да толыпты,  
Пайдасы тиген еліне  
Баспаған дұшпан шеніне,  
Ноғайлының халқында  
Орақ пен Мамай, Едіге,

Қарасаң сұрап, солардан  
Болмаған екен кемі де,  
Ойран салған түсында  
Қалмақтың құрған шебіне,  
Бү тұқымнан шығулы  
Қайраты бар жігіттер  
Келтірген ісін жеріне.  
Әшкертуді ісінді  
Сыдық інім жүр едің  
Жыршының келмей кезіне,  
Зейінің қойып құлақ сал  
Шайырыңның айтқан сөзіне.  
Қайратыңды айтуға  
Арзу болып жүр едім,  
Бұқараны қамдаған  
Айтулы ердің бірі едің,  
Аласа емес ар жағың —  
Асқар таудай ірі едің  
Ер тұқымсың ежелден  
Айнымайтуғын жүрегін,  
Кешегі бір күндерде  
Хадық адасқан түндерде  
Тай болдың көппен бір өзін,  
Үкімет ісін жүргізіп  
Жүрт қисығын түзедін.  
Жігітсің артық табында-ай,  
Атағың шыққан заманға-ай,  
Адасқан күні алдында  
Кедей мен жалшы баласы  
Ақыл сұрап қамалды-ай,  
Жөн сілтедің наданға-ай,  
Ерлік пенен биліктің  
Екеуін қабат жұмсадың —  
Жерің жоқ қалған шаба алмай  
Өгіз батыр арғы атаң  
Шапқан екен қамалға-ай,  
Қасарғанда қайтқан жоқ екен  
Қастасқан жерден қан алмай,  
Ер тұқымсың ежелден  
Жау жыртпаған жағанды-ай,  
Төрт Шалбардың баласы  
Дұшпаныңа сыр беріп  
Алдырған жоқсың шаманды-ай,  
Асыл жандар дүреген  
Ауыл елдің адамды-ай,  
Алқалы жерде өшкертгі  
Айтылсын деп Жұбаев

Арналды бір сөз сағанда-ай  
Он жетінші жылында  
Көтеріліс заманда  
Жангелдінің баласы  
Әлбимен бір кетіп  
Халық үшін бастың қадамды-ай  
«Большевик біздің алад, — деп  
Патша тақтан қалад» — деп  
Келесі жылы Адайға  
Әшкертің келіп хабарды-ай.  
Ол күндерде бөрі жау —  
Бү жақтың көбі меньшевик,  
Қайтадан кеттің тұра алмай,  
Орнығып көңілің тына алмай.  
Железнов жандарал  
«Жұбайдың ұлын ұста» — деп  
Форттан әскер шығарды-ай,  
Қолға түссең ол күнде  
Атады екен табанда-ай,  
Кешірмейді екен күнөнді-ай.  
Меньшевиктен сен қашып  
Тілектес болып біз қалдық  
Ешбір жәрдем қыла алмай.  
Жаман қайық мінгенін,  
Азығың жоқ, ашығып  
Дария-шалқар тұңғыық  
Көк теңіздің ішінде  
Тоғыз күн жүрдің шыға алмай.  
Ер дұшпаны мұқалмас  
Тәуекел етіп сыбанбай,  
Таршылық талай күн болды  
Қу адасқан тұмандай,  
Меньшевик пен большевик —  
Болғаннан соң екі жақ  
Біз ақылдан айырылып  
Кетеміз деп қай жаққа  
Аң-таң болдық біле алмай.  
Он жетінші жылында  
Ресей жұрты қозғалған,  
Не жандарал, көлестер  
Үйірінен айырылып  
Көп болды талай тозған жаң,  
Сол күндерде біздерге  
Болған жоқ сеінен озған жаң,  
Өзіңнен талай сөз қалған —  
Бастадың байтақ халықты  
Адасқандарға жөн сілтеп

Көрсеттің түзу бағытты.  
Белгілі биік арғы атаң  
Қай күннен бері орнаған.  
Орныққанша үкімет  
Көзі соқыр халықтың  
Көбі жүрді нанықпай,  
Уайым етіп жалпы жұрт  
Қайтерін білмей жабықты-ай.  
Қайратыңа сөз бар ма —  
Қаранғыда жүргенді  
Шығардың талай жарыққа-ай,  
Орындардан тиісті  
Бөгелген жоқсың кідіріп  
Әңгіменді ағытпай.  
Жиналысқан жер болса  
Әңгімеден қалмадың,  
Орнатын нұрлы заманның  
Әуелден біліп аңдадың,  
Үкіметтің жөнгерін  
Зейінің жетіп шамдадың  
Қысылған күні халқыңды  
Дұшпанға бермей қамдадың,  
Ел қамында жүргенде  
Жау болды толған жан-жағың.  
Ерлік етіп ел үшін  
Тәуекел істен таймадың,  
Ойласам, осал болған жоқ  
Бір пендеден салмағың.  
Істерінді осындай  
Айтпадым деп көңілімде  
Жүр еді көптен арманым.  
Он атаңнан орныққан  
Аумақтың баста бар бағың,  
Расынан кетейін —  
Айтпайын сөздің жалғаның.  
Жиналыс болды құралып  
Жұрт білгірі сыналып,  
Аударылыс заманда  
Талай алқа-өңгіме  
Мәжіліс құрды бұ халық,  
Тартынбай кейін сол жерде  
Қамын ойлап халқыңның  
Ортаға шықтың сыбанып  
Ел пайдасын сұранып,  
Тарылғанның талайын  
Жібердің кезге шығарып,  
Қатарыңмен салғанда



Жүйрік ең озған сыналып,  
Жүрген жоқсың жүлде алмай  
Байрақтан жүрсің күр қалмай,  
Түсіп жүрсің алқаға  
Мәжіліс халық күрғанда —  
Қалған жоқ сөзің тыңдалмай.  
Сасқандарға жөн сілтеп  
Ақыл айттың бұлданбай,  
Ойға алғанды істедің  
Ешкімге қайрат құлданбай,  
Қауіпті галай жерлерден  
Шығып едің шырмалмай.  
Азамат ерсің шалымды-ай  
Дұшпанға суық ызғарлы-ай,  
Егескен күні ешкімге  
Кегің жоқ кеткен алынбай,  
Жүйрігісің халықтың  
Байраққа қосқан ағынды-ай.  
Алқалы жерде шешенсің  
Сөз сөйлеген жаңылмай,  
Ұстап жүрсің тұтынып  
Атамұра бағынды-ай.  
Әркімнен білік кашқанда  
Айла таппай сасқанда  
Халықтың жүрдің камында-ай,  
Жиырма жеті болыстың.  
Ревком болып үстінен  
Адай түгіл, басқардың  
Байұлы, Әлім, Табыңды-ай.  
Қалам алып хат жазсаң  
Әрбір түрлі білімнің  
Абзалы сенен табылды-ай,  
Үкімет ісін басқарып  
Қызметінді атқарып  
Іждәһат етіп келесің  
Мекеме-кеңсең жабылмай.  
Қолы шашпа сахисың  
Жомарттық еткен тарылмай,  
Нағашың Беріш-Исатай  
Хан Жәңгірмен қас болып  
Батырлық құрған Нарында-ай  
Қалмадың кеңес-құралдан,  
Білгірісің халықтың  
Адасқан ақыл сұраған,  
Англия, Толстов,  
Врангель мен Деникин —  
Жасқанған жоқсың бұлардан.

Жәрдемін тиген жақсы едін  
Қысылған күні халқыңның  
Жау жағында сыбанған.  
Кеңшілік, жайлы заманда  
Бұқара жұртың толығып,  
Ойлағаның болынып  
Мақсатың бітіп бір шықтың  
Ақырында құмардан.  
Тастайын сөздің тамамын —  
Азамат ерсің Жұбаев,  
Халыққа еткен ісінді  
Шетінен тауысып шыға алман.

1920 жыл

## САЛАМАТҰЛЫ САРБАСҚА

Атамыз Сафи жаралып  
Дүниеге келгелі,  
Жүрияты дүреп өргелі  
Ішінен Алла жаратқан  
Нешелер асыл пендені.  
«Алла» деген адамның  
Құр қалмайды дейді еңбегі,  
Дүние — фәни, сірә жоқ  
Екі айналып келмегі.  
Баянсыз фәни шыбын жан  
Айрылған күні теңдегі  
Қалынған күні тар жерде  
Қайратың болмас кендегі.  
Әзірейіл — мәләкүт  
Төрк етпеді кімдерді  
Көрленген күні шенгелі?  
Хақтың досы Хабиім  
Тұра алмаған екен ол-дағы  
Таусылған күні демдері  
Жаратылған жаһанда  
Болмаған қатар-деңгелі.  
Расулы Мұхаммед  
Дүниеден көшкен күн  
Солардай нұрдан айрылып  
Аңсады байтақ елдерді...  
... Көптен бері қозғаусыз  
Көкіректің қайғы шерлері,  
Айтатын жауап кез келді —  
Сағынып жүрген ағаны

Аман-есен көз көрді,  
Көтеріп көңіл делбелі.  
Бір көрініп қайтуға  
Арзу едім айтуға  
Өртүрлі жағдай-мұнымды  
Көрменіз айып мұнымды.  
Орғада тұрған жақсымын  
Топырағың ұшқан шашылып,  
Астана жүртқа дабылып  
Хабарын тегіс білді.  
Досын түгіл дұшпанын  
Айта алмас тауып мініңді,  
Қолдағы тұрған алтынсың —  
Біле алса халық пұлыңды,  
Белгілі кентті шөһөрсің —  
Басына базар құрылды,  
Сізге томам ағаның  
Әруағы қонған бұрынғы,  
Ұзағы болып орныққан  
Дәреже берген бір Алла,  
Бақыт пен дәулет баяндап  
Атадан сізсіз мұра алған,  
Сахилық шамын жандырып  
Ғанисыз көптен дұға алған,  
Ірілік етіп асырған  
Топырағың мұндай шашылған  
Шыққан жоқ сенің өлшеуің  
Бұрын-соң Адай — Мұналдан,  
Жаулы — Жары — Назардан —  
Қыдыр көрген бұлардан.  
Әруақ орнап үстіне  
Байлық пен бақыт құралған,  
Үйтқылы дәулет — бұл қалған,  
Айтпаймай тұрған жерін жоқ  
Әңгіме болса құралдан.  
«Қайырлы байлар ғалым мен  
Жұмакка қағар кіреді» деп  
Айтулы хабар Құраннан.  
Атамыз Адай болғалы  
Орта болған жері жоқ,  
Ішінен дүреп пансынған  
Хан менен төре, бегі көп  
Байлаған малын желілеп,  
«Бекет» деп ұран шақырған  
Қамалға шапқан ері көп,  
Дұшпанын жеңіп үн қылған  
Ішінде көкжал бөрі көп.

Атамыз Адай — Мұналдын  
Кіші Жүздің ішінде  
Қарасам, қатар теңі жоқ.  
Шашылған дабыл-даңқынның  
Баяны болса кемі жоқ,  
Бүгінде жүрген адамнан  
Дөрежең артық жаралған,  
Адайдан Мұнал болғанда  
Тұсында озған ешкім жоқ  
Сырлыбай, Әкім, Аралдан,  
Ежелден Әкім баласы  
Пақырлардың панасы  
Кетпеген қонсы қараңнан,  
Сырларын сыртқа шашылып,  
Үстінді дұшпан басынып  
Ар кеткен жоқ араңнан,  
Атанып «Сарбас» болғалы  
Сахилық етіп, сақтандың  
Қасталық пенен сараңнан,  
Іс көрсетіп іріден  
Абыройлы едің бақ алған,  
Дәулетін дұрыс нағалдап,  
Бес парызын тамамдап  
Атаң бір өткен хажы бар  
Мал жимаған арамнан,  
Өтерін біліп бүгіннің  
Пайғамбар, шайхы — олар да  
Шын иланып, қорыққан  
Көлөмнан келген хабардан.  
Сол себепті күтініп  
Хаж жұмысын бітіріп  
Мойнынан парыз түсіріп  
Тәубөмен налас ағарған,  
Мысалы: нажыра суаттай  
Үстіне көптер қамалған.  
Өтірік емес, бүгінде  
Тәңірдің берген күнінде  
Пақырлардың қамы үшін  
Әдет қылып бергенді  
Алаламай келгенді  
Әзіздің қуат өлісін  
Есіркеп тұрсын бөрісін,  
Һәммені бірдей көрмектік  
Абзал дейді ғалымдар  
Шарғының айтқан мәнісін,  
Дүниеге келген соң  
Ең дәулетке кемелдеп

Шашылды дабыл-дабысын,  
Бүгіндегі қазақтың  
Қарадан туған ханысын,  
Он екі Байдың ұлына  
Әшкерә болған бар ісін.  
Ісіннен кінә таба алмас  
Жақынын түгәл алысын,  
Тағыриханды бөйіт еттім  
Баһадыр хәлше тілменен —  
Байқаныз түзу-шалысын...  
... Пікірім қашып уайыммен  
Көңілім бар қатты кірлеген,  
Көрерсіз қайғы-қападан  
Болынса қатем білмеген.  
Бүгінде түрлі адам бар,  
Атадан туған жаман бар  
Бірін-бірі шұқып күндеген  
Бір ақылмен жүрмеген,  
Айтуар, Сарбас, Жантелі —  
Ағайынды ешкім жоқ  
Сіздердей аузын бірлеген,  
Ренжісіп тірлікте  
Арана шайтан кірмеген.  
Қатарда қазақ ұлына  
Әртүрлі үлгі көсетіп  
Жол салдың көше сүрлеген,  
Қасиетті ата-бабанның  
Қашаннан бері үстіне  
Әруағы қонып дүрлеген.  
Атаң бір өткен «Алла» деп  
Амал еткен тіріде  
Абдолладай хазірет  
Мәшһүр болған пірменен,  
Шын көңілмен һақ танып,  
Ахирет күннен сақтанып,  
Фәниден сапар шеккен күн  
Бес парызын атқарып  
Зейнеттеу үшін мал шаштын  
Хисапсыз жұртқа ақтарып.  
Үлгі салдың Адайға —  
Бергізіп тірі тарқаттын  
Жиналған көпке топтанып,  
Белгілі мұндай ісінді  
Алты Алаштың ұлында  
Естімеген жоқ халық,  
Жұрт олжаға қызығып  
Шулаған Шахай Мәтөктің

Жиыны калды тоқталып  
Естігенде мұныңды  
Көтеріп көңіл хоштадық,  
Бұл жақта біздер мақтанып  
Қамаған күні дау мен жау  
Сағынып талай жоқтадық,  
Мысалы, өзен-дария  
Жатылып ішкен көп халық,  
Мұрадың болып, өрбіген  
Әкімнен өнген ұлысын,  
Құдаидың сүйген құлысын,  
Ілгері басып табаның  
Қабындаған ырысын.  
Хажылар шықты ішіңнен  
Іздеген діннің дұрысын,  
Билер де шықты ішіңнен  
Әділдікті көздеген  
Иіріп жұртын сөзбенен  
Түзеткен тентек-бұрысын.  
Онан бері, ойласақ  
Дүниеге сен келіп,  
Қазына-дәулет менгеріп  
Біліңді жұртқа дабысын,  
Болды ма деп ойлаймын  
Пақырлардың қамы үшін,  
Әшкерә көпке көрсеттін  
Сахилықтың ірісін.  
Ортақ тұрған, ойласам  
Нәмменін ай мен күнісін.  
Тіршіліктен баянсыз  
Сүлеймен патша о да өтгі  
Дүниенің жиган күмісін,  
Тағынан ұшып байқаған  
Жаһанның кезіп бұрышын,  
Тұра алмапты солар да —  
Тарылған ғажал тынысын...  
...Қатарынан тізіліп  
Аруларды алдың сүзілтіп  
Байұлы, Әлім елінен,  
Бас қостың даңқты жерімен,  
Өр елдің төре-бегімен,  
Әкімдік, байлық, асылдық  
Айрылмай келед тегіңнен,  
Шынжырлы жерден қыз алдың  
Мысалы, ұқсас перімен,  
Сегіз арыс Адайда  
Әйел жоқ артық Бөпеден —

Төркіні Әлім — Кегеден.  
Дүниенің һүрін күшқансың  
Көргендер балқып еріген,  
Бұл қазақтың баласы  
Таласы жоқ сенімен.  
Байкасақ, істің бәрі шын  
Бір Жаратқан Алладан,  
Кең нәсіпті лауһыда  
Озалдан сізге арнаған,  
Дүниеге келген сон  
Кемің жоқ орта, толмаған,  
Мақсағың жоқ-ты болмаған.  
Сен едің қаріп-қасірді,  
Пақыр мен міскін-нашарды  
Қайырмай гауын қолдаған.  
«Жомартқа тамұқ жоқ» дейді  
Қайырын тура жолдаған,  
Жомарттықтың мәнісін  
«Аллаға жақын демек» дейд  
Сұрасаң ахүн-молладан.  
Бұқара жұртын қамдаған  
Дөрежен патша-хандардай  
Өтірет қолы андаған,  
Дүниенің жүзінде  
Дегенің болды таңдаған,  
Көкіректегі қалпыңыз  
Менмендік ойға алмаған,  
Тәжаппарлық жақсы емес —  
Дәрғаһынан қуылып  
Шайтанды Алла қарғаған.  
Біреулерді мас қылып,  
Біреулерді састырып  
Дүние — қызыл бір түлкі  
Күйрығын бұлғап алдаған.  
Менмендік мінез ойланып  
Төтілген бар тасқаннан  
Бүлінген бар асқаннан,  
Біліксіздік белгісі —  
Айдаған малға мас болған.  
Салекемнің балдары —  
Әуелден арнап бұл сөзім  
Сіздер үшін басталған.  
Орнығып кетпей бақыт түр  
Аузынды бірлеп қосқаннан,  
Қажетің болған тірлікте  
Әзір күн тұрсың бірлікте,  
Алла білер ендігі —

Не шыгарын олмеймін  
Кейінгі туган жастардан.  
Кай күннен бері байсыңыз  
Калын дәулет басқарған,  
Сіздердей біткен ісі жок  
Әр жерде малға кісі көп  
Абырой алмай бос қалған.  
Фәни менен бақида  
Бар дейді пайда сахиға  
Ысырып қып қайыр шашқаннан.  
Күтылмас адам баласы  
Таразы мизан-хисап күн  
Ысырат жолын басқаннан,  
Махшарда адам баласы  
Ысыраттан қалмас айдалмай,  
Иншалла, өтіп кетерсің  
Қыл көпірден қиналмай,  
Ұжмақта орын бар дейді  
Қайырлы сахи байларға-ай,  
Атымтай деген бір көпір  
Тамұқтың ғазап ішінен  
Жомарттықтың күшімен  
Ағырап деген жайды алды-ай.  
Сахилық шамын жандырып  
Сізде гүр қайыр байланбай,  
Пайгамбар Қыдыр дарыған  
Аргы атаң Арал-Майланға-ай,  
Аламан әскер жабылған  
Көлімсің көзді қайнарлы-ай.  
Көлімсің көптер жабылған  
Керегі сізден табылған,  
Атанып атқа мінген соң  
Атағың озды Шамыңнан,  
Асырып өткен ісің бар  
Адай түгіл Байұлы,  
Жетіру, Әлім, Табыннан,  
Бес атаңнан бер қарай  
Келесің аумаи бағыннан.  
Би Әкімнің балдары  
Мал менен басың қабынған,  
Жапырақтарың жайылған  
Миуалы бақсың малынған,  
Пақыр мен міскін паналап  
Көз жазбаған маңыңнан.  
Хисапты қайыр етіп қал  
Жолдас емес бұл фәни —  
Әркімнен кейін қалынған.



Қасталық жақсы демейді  
Сұрасаң ахун-ғалымнан.  
Пейілі кетіп, тарылған,  
Сүйгіп, бақыт арылған,  
Қаһармен қара жер тапты,  
Сарандық қалды қарыннан.  
Бір Құдайға жазғаннан  
Ниеті бұзық, азғаннан  
Талайдың белі мертіліп,  
Талайдың тауы шағылған...  
...Бұрын да болған мұқтаж көп  
Жоқшылықтың зарпынан  
Жақсысына шағынған.  
Үмітті едім келер деп,  
Сұрасам жәрдем берер деп,  
Мен бір інін алыстан  
Бір көруге сағынған.  
Қашып жүр пікір ініннен,  
Көңілім бар ауып, түнілген,  
Оза шауып олжа алған  
Жүйрігім кетті дүбірден,  
Көтерген қолда айбынды  
Жығылды туым тігілген,  
Атам мен ағам бар еді  
Халық аузына ілінген,  
Алысқан дүшпан мүдірген,  
Адасқанға жөн сілтеп  
Ақыл берген біліммен.  
Бүгінде қайғы мен де көп,  
Аясаң, аға, шыныңмен.  
Әлсіз арық, жалсыз жауырмын  
Буынып кетіп сүрінген.  
Беделім кетті бетімнен,  
Білгірім кетті жетілген,  
Алмас едім, тат басып  
Мұқалып жүзім кетілген.  
Қалыбымда толған қайғым көп  
Көңілімнің хопын кетірген.  
Ылыж таппай, аға, мен келдім  
Бір қора жесір-жетіммен.  
Осындай мұқтаж ініннен  
Мархабат сізден өтінген,  
Қай күннен бері басыңа  
Баянды бақыт бекінген,  
Пайдасы болса қайырдың  
Өтерсін оқтай көпірден.  
Тіршіліктің күнінде

Істемей ізгу амалын  
Ол күнде болмас өкінген.  
Мен жүрмін өзін жарсың деп,  
Патша-Кұдай барсың деп  
Он сегіз мың ғаламның  
Нәсібесін жетірген...

1895 жыл

## АТАҢА ТАРТҚАН СЕНДЕРСІҢ (Иса Тіленбайұлының балаларына айтқаны)

Жолдас көріп сенбеніз —  
Дүние фәни — жалған-ды,  
Мысалына қарасан  
Ажал деген аждаһа  
Басынан бағы гайған күн  
Жалмаған талай жаңдарды,  
Пайғамбарлар тәрік болған  
Билеген байтақ шәһерді,  
Кемеңгер кеңес би де өткен  
Сөз сөйлеген пәрменді.  
Сары-ала сауыт киінген  
Сүнгісі жауға шүйілген  
Бағырлар өткен қаһарлы,  
Сан пайғамбар, саһаба,  
Әулие, шайхы, пір де өткен  
Күзеткен түн мен сәһәрді.  
Баяны жоқ, байқасаң,  
Дүние жалған осындай,  
Бәйгілі жерде жүйрікпін —  
Жерім жоқ қалған қосылмай.  
Дәреже, бақыт келтірер  
Тірлікте көңіл хошынды-ай,  
Көңілің болар шаттықта  
Жүрегің жүрсе шошынбай,  
Ақылың жүрсе шашылмай.  
Уайым кірсе ойыңа  
Қаңғыртар қайғы басынды-ай.  
Назарыңды қайтармас  
Бұйымың түссе асылға-ай.  
Өткірліктің белгісі  
Ойына алған жауабын  
Ортаға салған жасырмай.  
Расын тауып сөйлейін  
Өтірік айтып асырмай...

... Бес арыс Жанбоз болгалы  
Ауыл едің әруақты  
Душпаның жүрген басынбай,  
Жеті атаңнан бер карай  
Талабың өрлеп тасулы-ай.  
Кемелхан мырза, Нұрберген,  
Хош көрсеніз, мырзалар,  
Мақтайын деп мен келдім —  
Сыбаға сөзің бізде бар  
Айтылмай жүрген санамда-ай,  
Қор қылмайтын сөзімді  
Білімсіз туған жаманға-ай,  
Белгілі берен тұқымсын  
Душпанын салған табанға-ай,  
Жүйрікті едің баптаулы  
Байрақты жерде шабарға-ай,  
Ер талабы жөнделер  
Абырой, бақыт табарда-ай.  
Атаң бір өткен Исекең  
Бәсі бар кімнің оларға-ай,  
Әруақты өткен ер екен  
Тартынбай шапқан қамалға-ай,  
Алты Алаштың баласы  
Кәпірменен жауығып  
Айрылған күні арасы,  
Қазақ пен Ноғай, Сейілхан —  
Білінген жүрттың шамасы.  
Исекеме ол күнде  
Абырой менен атаққа  
Болыпты кімнің таласы?  
Тай келген жоқ түсында  
Алты Алаштың баласы,  
Әліге дейін біткен жоқ  
Душпанға салған жарасы,  
Желіккен күні көрленіп  
Ресейдің бүлінген  
Қамалы менен қаласы,  
Бұл заманға теңі жоқ —  
Шаһимәрдан Ғалидың  
Салып кеткен жолы деп  
Дін қылышын сермеген  
Тайынбай еткен серті екен,  
Мұсылманның баласын  
Бермеймін деп еркіммен  
Егескен күні душпанның  
Қорғанын бұзды беркінген,  
Қырық сабазын қалдырмай

Реукендей ояын  
Өз қолымен өлтірген,  
Душпаны, сүйтіп, мертілген.  
Қырық жыл хөкім-хан болды  
Жері жоқ одан кетілген,  
Ойына алған істерін  
Орнына талай келтірген,  
Алка құрған шаршыда  
Озса Адай, қалса Мұналдың  
Жүйрігі еді желпінген.  
Байрақ алып өр жерден  
Кейіген күні кек алды  
Талай мықты-нөндерден,  
Душпанын жеңді көрлеген.  
Туғаннан Иса атанып,  
Байұлы халқы хан көрген,  
Кеменгер еді кеңеске  
Арыдан айтып шен берген,  
Ісі бар үлкен белгілі  
Ете алмас пенде ендігі  
Қырымнан шыққан ерТарғын  
Солардан жоқ-ты кемдігі,  
Қақласын бұзып, қала өртеп  
Осал ма қылған ерлігі?  
Өз қолымен өлтірді  
Пагондыны — шендіні,  
Бақытына өлшеу жоқ  
Патшылықта болыпты  
Мархаббат еткен кеңдігі.  
Құдай артық жаратқан  
Мұнал деген қашаннан  
Ауылым едің белгілі.  
Егессе бізбен душпанның  
Алусыз кетті тендігі.  
Зейіні зерек шешенмін  
Ауызым жүйрік тілділі,  
Жанбоздан шыққан жақсылар  
Боранкүл, Иса, Құлабай —  
Қатар жүрген Байұлы  
Кеткен жоқ ақыл сұрамай,  
Хабарына бұлардың  
Алаштың қанған құлағы-ай,  
Беттескен күні солардан  
Қирады душпан шыдамай.  
Иса мен Досан бірігіп  
Кәпірге салды бұлағай,  
Абырой тапқан ерлерім,

Көтерген туы құлады-ай,  
Көтерін білмей қай жаққа  
Сол күнде сасқан бұл Адай,  
Жау болған күні шабысып,  
Дос болған күні табысып  
Патшаменен артынан  
Келісім болған сірәдай.  
Ішімнен жауап ойлансам  
Көңілге қалмас ұнамай,  
Кемелхан мырза, Нұрберген  
Парасатты балдарсын  
Әрбір үлгі түр көрген.  
Атаның жолын ұстар деп  
Үмітті халқын сіздерден,  
Орын едің әруақты  
Замана болдың түрленген.  
Көленкең көптің аясы,  
Шарапаттысың гүлденген,  
Ел қорғаны едіңдер  
Пананда пақыр күн көрген,  
Дүниеде қанша толғанмен  
Өтпейді дәурен кімдермен?..  
... Әруақты атаң бар еді  
Келмеген дұшпан маңына,  
Айкайлы жерде ат салған  
Мұналдың талай арына,  
Қазақ түгіл сыйлаған  
Қалалы жұрттың ханы да.  
Байұлының баласы  
Болып па еді таласы  
Исекемнің бағына?  
Жүйрікгерін сүзілтіп  
Талайын салған бабына,  
Батырлық, билік, ақындық  
Неше түрлі өнердің  
Істеді бәрін тағы да,  
Тірлікте еткен ісінің  
Жете алман айтсам санына.  
Қастасқан ханды өлтіріп  
Тұрғызбаған тағына,  
Ерлігі солар секілді  
Қарт Нәрік пен Едіге —  
Ноғайлық еткен арыда.  
Кешегі күні көпірге  
Қастасып қайрат еткенде,  
Қатерлі солар шеккенде  
Досан екен Адайда

Жараған қатар — парына,  
Алка құрған ордада  
Жүлдесі жоқ-ты алмаған,  
Егескен күні табанға  
Дұшпаны жоқ-ты салмаған,  
Қалалы жұртқа қазақ жоқ  
Хабарына қанбаған,  
Өтірік деп айта алмас  
Зейін қойып андаған,  
Әруағы таудай бар еді,  
Әділдік сүрген хан еді  
Бұқара жұртын қамдаған,  
Дүние, бірақ, баянсыз  
Кімдерден фәни қалмаған?..  
... Осылай деп ойланып  
Баян еттім азырақ  
Исекемдей қартымнан,  
Неге айтпайын жауапты  
Көңілде сайрап бар тұрған?  
Кешегі бір күндерде  
Ерлерім де бар еді  
Ерлікке көңілі талпынған,  
Дұшпаннан күші артылған,  
Әулие-пірім бар еді  
Жәрдем сұрап сасқанда  
Сыйынған жандар алқынған,  
Билерім де бар еді  
Төресі түзу тартылған,  
Мырзаларым да бар еді  
Сахилыққа талпынған,  
Соның бәрі табылған  
Қайырлы жұрт халқымнан.  
Зейінде желсөз тұрғанда  
Ер әруағын асырмай  
Бойымды бұлдап тартынбан.  
Кемелхан мырза, Нұрберген  
Арзу едім сіздермен  
Мәжілістесіп қайтарға-ай,  
Жорғалығым білінбес  
Осындай жерде тайпалмай,  
Өнебойы бұл дәурен  
Баста тұрмас шайқалмай,  
Осы күнгі қатарда  
Адаммын деген жігіттің  
Жүргені жоқ байқалмай,  
Шабатын жүйрік сендердің  
Ар болған күн айқайға-ай.

Атаға тартқан білімді  
Жүйріктер едің дүбірлі  
Жарыссаң бөйгі бермейтін,  
Байұлының баласы  
Бастарыңды қашаннан  
Осал деп олқы көрмейтін,  
Бірліктерің де бар еді  
Ерегессең ешкімнің  
Қорлығына көнбейтін,  
Мирастарың қашаннан  
Алжасқан дұшпан мендейтін  
Алысып сізді жеңбейтін,  
Атадан туған жаман көп  
Қолынан еш зат келмейтін.  
Бес Жанбоздың баласы,  
Байлар да шықты ішіңнен  
Іріге қолын сермейтін,  
Әкім де болды ішіңнен  
Басқарып халқын тергейтін,  
Билер де шықты тілділі  
Кенес айтып үлгілі  
Адасқандарды жөңдейтін.  
Шайырлықтың белгісі  
Ажарлап сөзін өңдейтін.  
Қашаннан бері жұртына  
Істерің жоқ-ты жақпаған,  
Ар болған күні ат салып  
Жерлерің жоқ-ты шаппаған.  
Атаң бір өткен Исекем  
Дұшпаны жоқ-ты атпаған,  
Талай жерде тілдесіп  
Қазақ түгіл орыстың  
Өкілдері тоқтаған,  
Мұңал деп бері айтпайын —  
Келінберді — Адайдың  
Байрақты жерде қосатын  
Жүйрігі еді баптаған.  
Жарасар жалғыз Аллага  
Ұлылығын мақтаған,  
Бөріміз де пендеміз,  
Көп шығар еткен күнәміз,  
Кеішре гөр, Құдайым,  
Он сегіз мың галамды  
Панайында сақтаған.

## ЕЛДЕН СӘЛЕМ

Сөттігүлдай қартыңнан  
Көп сәлем Адай халқыма,  
Үлкен, кіші — жалпыға,  
Төңірдің берген сыйымен  
Талай бір түстім талқыға,  
Алпысты тастап артыма  
Мен тұрмын жетпіс алтыда,  
Сәлем-хат жаздым сағынып  
Ағайын-туған, қарындас,  
Риза болың қартына.  
Қырмызы қызыл түлкідей  
Бұл жалғаншы дүние  
Әркімдерді де алдапты,  
Аждаһадай қара жер  
Талайды тартып жалмапты,  
Бұл дүниенің жүзінен  
Жеңіл де кетті қаңбақтай,  
Жүйрік те кетті байқатар  
Шапқан сайын салмақты-ай,  
Пайғамбар, шайхы, мүждөһет  
Күндіз-түні тынбастан  
Зікір айтып зарлапты-ай,  
Уақытылы ажалдан  
Артында бірі қалмапты-ай.  
Өкінбей ешкім кеткен жоқ  
Ілінген күні қармаққа-ай,  
Айдаған күні нәсібе  
Әркімдер кетті қоныстан  
Жел аударған қаңбақтай,  
Ағыссыз шалқар көл болмас  
Тентек бір өзен ақласа,  
Биікке қарғып шаппаса,  
Ащы мен тұщы айыртпас  
Дөмін бір қарап татпаса,  
Шабудан жүйрік шаршамас  
Күйіне салып баптаса,  
Шешендіктен пайда жоқ  
Маржанындай меруерттің  
Сөз асылың таппаса,  
Шеңгеліне аң түспес  
Шарықтап шығып аспанға  
Қанатын қыран қақласа.  
Жігіттің жақсы болғаны



Көпшілік жұрты мақтаса,  
Кеткен күн қолдан жоқтаса,  
Ерлердің көңілі шат болар  
Талабы тасып өрлесе,  
Уайым-қайғы көрмесе,  
Нарлардан қуат-өл кетер  
Көтерем болып көлбесе,  
Шабыстан тұлпар айрылар  
Күйсіздік жеңіп меңдесе.  
Ақынның міндет жұмысы  
Алтынмен шайған күмістей  
Ажарлап сөзін өндесе...  
... Сол күні Адай аулынан  
Ішінен шығып ерлері  
Кездескен күні дұшпанға  
Жасқанбай қару сермеді,  
Солдаттарын өлтіріп  
Көпке дейін бұл Адай  
Патшаға да көнбеді.  
Ерінген күні ел болып  
Еріккен күні жай болып  
Алақыр, Арка, Маңғыстау —  
Мекен етіп жерледі,  
Малы мен басы қабындап  
Талабы тасып өрледі,  
Сахырада сөнді жүріспен  
Раһат болды көргені,  
Абайласақ, Алланың  
Көп еді бізге бергені.  
Абырой менен бақыттың  
Болған жоқ орта, кем жері,  
Ішімізден әулие  
Бекет-ата пір шығып,  
Кемеңгер-кенес би шығып  
Намысын елдің бермеді,  
Қайырлы қуат бай-мырза  
Ақ ордада көлбеді,  
Көп еді тозған ел-жұрттың  
Ішімізге келгені,  
Сол күндегі Адайдың  
Қонысы еді жерленген  
Алақыр, Арка, Маңғыстау,  
Харазым, Жанғақ, Көлем-Шың  
Жарыса көшіп жаз жайлап,  
Тырнадай шулап күз қайтып  
Сарыарқа сала өзеннен  
Ақырап жұлдыз туғанда

Тұнық су ішіп сап-салқын  
Шыңырау құдық тереңнен,  
Жеді жұлдыз туғанда  
Маңғыстауды паналап  
Ел қонысқа бөленген.  
Мал жиғанға мақтанып  
Шаруа-надан халық едік  
Бос қалған ғылым, өнерден,  
Сүйтіп жүрген заманда  
Ленин-көсем шұғылалы  
Патшаны тақтан тайдырды,  
Халықтың қамын жай қылды,  
Маркстың тартқан жолымен  
Аудармай басты табанды.  
Езілген елдің ізденіп  
Мақсаттарын қаранды,  
Сол мақсаты еңбекші  
Баласын нұрға бөледі.  
Ие қылды ырысқа,  
Гүлдендірді заманды,  
Білімді қылды наданды,  
Нұр-сәулеге шомылып  
Жарық болды қаранғы.  
Қандырды тегіс шөлдерді,  
Толықтырды кемдерді,  
Әйелдер мен ерлердің  
Правосы тең болды,  
Айналып басқа бақ қонып  
Коммунизм дәуірге  
Бағытымыз жөнделді,  
Тиді сүйтіп ел-жұртқа  
Ұлы көсем көмегі.  
Жаңа заман орнады,  
Күндеген дұшпан көп еді...

1952 жыл

## ХАРАЗЫМДАҒЫ ЕЛГЕ СӘЛЕМ

(Екінші хат)

Харазымда орнаған  
Қалың Адай ауылға  
Дұғай сәлем жолдаймын  
Бастың аман-сауында,  
Тіршілікте сөйлелі,  
Кетерміз көшіп бір күні

Шайхылар жатқан қауымға.  
Арзу едім хлқымды  
Бір аралап қайтуға,  
Сөз арнасын ағытып  
Ортаңызда айтуға.  
Барайын деген мақсатым  
Мал үшін емес, ел үшін  
Сәбилерім түгелдей  
Кетіп тұр ұзақ сапарға —  
Менің тірліктегі кемісім,  
Ахирет күні, иншалла,  
Болар деп жүрміз жемісін,  
Біздер түгіл, байқасақ,  
Пайғамбар-патша Сүлеймен  
Ғұмыры қысқа перзент жоқ  
Кеткен екен көре алмай  
Дүниенің түгел тегісін,  
Елу үш жастан асырмай  
Мөлөкүл-мәуыт төрк етіп  
Қанатты күс пен хайуанат,  
Қаңтарулы перілер  
Босанған дейді сонысын.  
Бұл жалғаншы дүние  
Әркімдерді алдаған,  
Жеткен күн тағдыр Алладан  
Қабаты қалың қара жер  
Талайларды жалмаған.  
Алланың досты Мұхаммед  
Мұсылмандарды қамдаған,  
Озалдан нұры балқыған  
Нәсібе көлдей шалқыған  
Әзірейіл келген күн  
О да айрылды халқынан.  
Жалғаншы Фәни дүние  
Өтіп бір келед жалпыдан.  
Бір Аллаға сыйынған,  
Шәкірті шулап жиылған,  
Шайтанның жолы тиылған,  
Күн бұрыннан күтінген  
Қорқынышты пікірмен  
Күндіз-түні зікірмен,  
Астана халық қол берген,  
Бір Алласы құрметтеп  
Кереметті мол берген,  
Өтемін десе дария  
Ашылып, өткел-жол берген  
Әнбие-шайхы, пір де өткен

Тамамдаған орындап  
Парызын түгел міндет пен.  
Дүлдүлі таудан аттаған  
Дұшпаннан қорқып қайтпаған  
Аршылан Ғали-шер де өткен,  
Аузына пара салмаған  
Елінен қарғыс алмаған  
Әлсіздерді қамдаған,  
Аш-арыққа жем берген,  
Астана жұртын меңгерген  
Талай әділ хан да өткен,  
Төресін бүрмай тең берген.  
Күзырына келгенде  
Туралығын көргенде  
Тиылып тентөк жөнделген,  
Жанына жазым болған күн  
Айрылыпты олар да  
Қалың қара елдерден.  
Опасыз фәни дүние  
Тұрмайды баста мен көрген,  
Ерініп жүрміз бүгінде  
Сексен бір алып аяқтан  
Амандасып қайтуға  
Ағайын, халқым, сендермен...  
... Араладым армансыз  
Қазақстан көлемін,  
Қалғаным жоқ кейіндеп  
Шапқан сайын өрледім,  
Тозаңы ұшқан тұлпардай  
Талай шаршы-алқада  
Шабуылменен терледім,  
Көргенім құрмет сый болды  
Талай жақсылардың жамбастап  
Көрпесінде көлбедім,  
Ажарлы сөзді өңдедім,  
Жүректе өлең болған соң  
Көзін аштым көмбенің,  
Жыр бұлағын ағызып  
Қызыл тілді сермедім,  
Көпшіліктің жиналған  
Қандырдым сөзбен шөлдерін.  
Сыбаға-сыйлық беріп түр  
Көрінген соң көрнекті  
Істеген жұмыс-еңбегім.  
Бұл күнде байқап қарасам  
Азайғанға үксайды  
Қатар-құрбы, теңдерім.

Жайылған сөзі жан-жаққа  
Адайда Абыл, Нұрымым,  
Әбубәкір Кердері —  
Қатары жоқ қазақта  
Жүйріктер өткен санлақты,  
Бұл фәнидің жүзінен  
Таразыны басатын  
Ауырлар кеткен салмақты,  
Жақсылар өткен ардақты.  
Кешегі бір күндерде  
Сахырада Адай сабылып  
Әрлі-берлі шандатты-ай,  
Айдаған күні нәсібе  
Әркімдер кетті қоныстан  
Жел аударған қаңбақтай.  
Кеткенменен өлі де  
Отырсыңыз орнығып  
Өндіріс, байлық мол жақта-ай.  
Өзбек, түрікмен жерінің  
Харазымның ойының  
Жағалай қала-шәрі бар,  
Үргеніш, Көне, Хожелі —  
Қаланың үлкен-нәні бар,  
Дариядан бөлініп  
Жаптырылып аққан жабы бар,  
Ақ макта, бидай, ақ күріш  
Жайқалып жатқан дәні бар,  
Ұлан-байтақ мол табыс  
Харазымның ойында  
Байлықтың тегіс бәрі бар.  
Басында туы-жалауы  
Алласына қалаулы  
Шикабір әулие тағы бар.  
Қолайлы мұндай қоныста  
Отырсыңыз орнығып,  
Қашаннан Адай халқына  
Алланың берген осындай  
Абырой мен бағы бар...  
...Мен талайдың көрдім құралын  
Құралды жерде тартынбай  
Сөз асылын құрадым,  
Жиырма-отыздың күнінде  
Қанбай жүрген халқымның  
Қандырдым сөзбен құлағын,  
Алланың берген демінде  
Жасадым жастың біразын,  
Тіріліктің, бірақ, білмеймін

Неше күн баста тұрарын.  
Озалдан ғұмыр сызулы  
Бұйрығыменен Құданың,  
Кір жуып, кіндік кескен жер  
Ойнап-күліп өскен жер  
Манғыстау — мекен-тұрағым,  
Әулие-шайхы мекендеп  
Орнаған жері ед қашаннан  
Қасиет пенен дұғаның.  
Тәңірдің берген өнермен  
Талай жақсылардың алдында  
Ағыздым жырдың бұлағын.  
Халқы үшін жүйрік шабылмақ,  
Таңдайы тайпақ шешеннен  
Сөз форымы табылмақ,  
Бұйымын түссе кез келіп  
Жаманнан тауың шагылмақ.  
Адай деген ел едік  
Қыдыр дарып, мал мен бас  
Қатар өскен қабындап,  
Жабылса жандар қанатын  
Дария ек жатқан ағындап,  
Үстімізге орнаған  
Әруак бұлттай қалындап.  
Кешегі бір күндерде  
Ішінен шығып ерлерім  
Жасқанбай қару сермеді,  
Николайдай патшаға  
Қарсы шығып, қан төгіп  
Біразға дейін көнбеді.  
Ерінген күні ел болып,  
Еріккен күні жау болып  
Алақыр, Арқа, Манғыстау  
Мекен еткен жерлері,  
Екі жүз елу жыл болды  
Әзіреттің Алатауынан  
Біздің ел көшіп келгелі,  
Не дегені болынып,  
Мал менен басқа толығып,  
Қаз-қатар ошақ ойдырып,  
Мал семізін сойдырып,  
Жұма сайын жиын-той,  
Қызық болды көргені.  
Бұл күндегі Адайдың  
Қонысы еді иеленген  
Манғыстау, Жанғак, Алақыр

Жоғары менен төменнен  
Сарыарқа сала өзеннен  
Тәңірдің берген халқы едік  
Керегін тауып кенелген.  
Байқасак, нелер шыққан жоқ  
Қалың Адай көлемнен?  
Шежіре-шешен би шықты  
Кенес айтқан тереңнен,..  
Жәрдем беріп сасқанға  
Әулием Бекет-пір шықты  
Кереметке бөленген,  
Ғалымдар да шығулы  
Шаригат айтқан Кәләмнен,  
Айтқыш тақтақтар да өтулі  
Үстіне көпті иіріп  
Жыр-сауық еткен өлеңмен.  
Асанқайғы, Қазтуған  
Қонысын тастап, жер асып  
Олар-дағы кетіпті  
Соңына ерген көп елмен.  
Жаралғалы бұ заман  
Есептесек, көп болды,  
Талай жандар жоқ болды,  
Қалған жоқ фәни нелерден?  
Біз шаруа-надан халық едік  
Сахырада мал жайып  
Бос қалған ғылым-өнерден.  
Айтыла берсе асыл сөз  
Ағытыла барады,  
Үш аналы қазаққа  
Хабарым тегіс тарады,  
Ойын-сауық, өлең-жыр  
Біздің совет елінің  
Тамаша қызық заманы.  
Өндірісгі үдеткен  
Стахановшы маманым,  
Шет елдерден асып жүр  
Күлданған әдіс-амалы,  
Самолет пен сар пойыз  
Бағыттап жүрсе байырғы  
Тартылды жердің танабы.  
Абыройменен келемін,  
Талай жерде көпшілік  
Ортаға алып қамады.  
Мен қашанғы қартыңыз,  
Рахмет-алғыс айтыңыз

Бар десеңіз обалы.  
Ұзарта бермей тоқтайын,  
Харазымдағы ардақты  
Азаматтарға арнаған  
Сөзімнің болды тамамы.

## ХАРАЗЫМ — ДӘННІҢ АНАСЫ

Мен талайдың көрдім құрмасын  
Бес-он ауыз сөз жаздым  
Алыстағы азамат,  
Ағайын-тума, ерлерге  
Сәлем жолдап, «аға» деп  
Ықылас ниет қылғасын,  
Азайғанға ұқсап тұр  
Бү күнде құрбы-құрдасым,  
Жеделдес, қатар, сырласым,  
Қырмызы қызыл түлкідей  
Бұл баянсыз фәнидің  
Байқадым баста тұрмасын.  
Қазақстан, Алматы  
Орал, Гурьев облысы  
Алқаға түсті бұл басым,  
Бүгінге дейін сүрінбей  
Абыройменен келемін  
Көрінді көпке өнерім,  
Айраплан, пойызбен  
Қазақстан жерінің  
Араладым көлемін,  
Үкіметім құрметтеп  
Беріп тұр жәрдем-көмегін.  
Тіршілік баста тұрғанда  
Харазымдағы халықты  
Аралап көрсем деп едім,  
Еліме сәлем жолдаған  
Жырымды берсем деп едім,  
Көне, Үргеніш, Харазым —  
Ұлылардың жатқан жер,  
Дариясы парлап аққан жер,  
Қашаннан қатын-баланы  
Ашықтырмай баққан жер,  
Берекет-дұға дарыған  
Тоқшылық халқы тапқан жер,  
Мерекелі күндерде  
Жорға сүріп жүйрікпен



Күйіне салып шапқан жер,  
Қоңырат, Көне, Хожелі  
Күнірентіп базарын  
Еркек қой мен ат, айғыр  
Талай біздің Адайдың  
Қоралап айдап сатқан жер.  
Харазымның ойы еді  
Бал татыған жемісі,  
Болмаған аштық, кемісі,  
Қашаннан қалың егісі,  
Қауындары теңкиген  
Ұзыннан шұбақ желісі.  
Бұрынғы біздің Адайдың  
Қызыл шұнақ нарменен  
Астығын алып қайтатын  
Харазым еді өрісі.  
Үкімет совет болған соң  
Шабуылдаған көлденең  
Тыйылды тентек-телісі.  
Бейбіт күн мұндай көргесін,  
Тәртіпке жақсы көнгесін  
Үйлесіп келді келісі,  
Жақсылық, жайлы заманның  
Тыныштығы табылып,  
Әйелдер де жол шығып  
Барысып жатыр ағылып,  
Қой жүннен қоңыр тұсауы  
Ұрланған жоқ алынып,  
Киім-кешек, қарала,  
Алып барып тапқанын,  
Толтырысып қаптарын  
Кемпірлер де келіп жүр  
Жүгері мен бидайдың  
Алдық деп арзан батпанын.  
Харазым — дөннің анасы  
Ағызған сумен жаптарын,  
Қоғамның қорын молайтқан  
Өндірістің көп жері  
Астық пенен мақтанын  
Көрмесем де көзбенен  
Бес-он ауыз сөз арнап  
Азаматтарға құрметті  
Сәлем жазды қарттарын.  
«Бесжылдықты төрт жылда» —  
Үкіметтің осы ұранын  
Орындауға жұмылып  
Шын жігермен аттанын.

Ал, шырағым, інім, Рабай  
Бес-он ауыз желсөзді  
Қарт ақының құрады-ай,  
Тірлікте жаздым құлашты,  
Өнебойы мол дәурен  
Баяндап баста тұра ма-ай?  
Біздің жақта тұлпардай  
Білініп жатыр дүбірін,  
Мысалы, туған жаманның  
Атағы көпке шыға ма-ай?  
Салтанатың сахи-шүлендей,  
Хабарыңа қанығып  
Бұл жақтағы халықтың  
Естіп жатыр құлағы-ай,  
Алла риза сіздерге —  
Алыстан арнап әдейі  
Көрмей-білмей біздерге  
Жібердін сыйлық-сыбаға-ай  
Абыройлы-атақты  
Азаматсың баянды —  
Бақыттың болғай ұзағы-ай  
Сөйлеген сөзім ортада  
Көпшілікке арнаған  
Қалған жоқ жері ұнамай.  
Бермағанбет ініміз  
Сіздерге сәлем жолдаймын,  
Ер ауылсың ежелден —  
Алжасқан күні сұсыңнан  
Мертігіп дұшпан ығады-ай.  
Аманжол атаң атақты  
Кереметті пір еді  
Айқайлы жерде халқының  
Ары үшін шапқан шыдамай,  
Нені көрсе ұяда  
Үшқан күні соны алар  
Асқардың алғыр қыраны-ай,  
Жігітсің туа ұстаған  
Атадан ерлік мұраны-ай,  
Ал, шырағым, бұрын да  
Әруақты талай ер өткен  
Қалың Адай халқынан,  
Орынды жерде сөйлеуге  
Бойымды бұлдап тартынбан,  
Аямалы желсөзді  
Кеудедегі бар тұрған,  
Бермағанбет, Қарагүл,  
Есбосынұлы Рабай,

Жігітсіндер ардақты  
Адамдыққа талпынған,  
Катарынның ішінде  
Бәстерің қымбат алтыннан,  
Риза болың інілер,  
Жолдадым сәлем сіздерге,  
Сөз жазылды азырақ  
Сәттігүлдай қартыннан.

## ОҢАЛБАЙҰЛЫ ҚОНАРБАЙҒА

Атамыз Қыдырғожзадан  
Дүреген екен бер қарай,  
Катардан озған ел едік  
Адай ұран-таңбалы,  
Күдайеке, Келінбердінің  
Көп еді, айтсам, санлағы,  
Соның бірі өзің, Қонеке,  
Атыңды көпке паш қылып  
Шайырың жырын арнады.  
Арғы атаң берен белгілі  
Катал қара Тоқтамыс  
Қылышынан қан тамған,  
Қалмақтай жауды қайтарған,  
Ауылымсың айтулы  
Сөз ермеген арпыннан.  
Қаражүсіп, Оңалбай —  
Жақсылар еді өнерлі  
Бармағынан бал тамған,  
Оңалбайдың ұлдары  
Ораз бенен Қонарбай —  
Дұшпанға салған бар таңбан,  
Тіліңді безеп сөйлесен  
Былайғы жұртты қаңтарған,  
Егескен жерге беттесен  
Талайлар шеттеп жалғарған,  
Жеделдес ағаң Ораз би  
Жүйрік еді қапы жоқ  
Самсаған сан қол жетпеген,  
Жалғыз-жалқы болмаған —  
Жұмысы біккен көппенен,  
Адай түгіл алдыңнан  
Ояздың өзі өтпеген,  
Білгірлік жаққа келгенде  
Кемітіп ешкім сөкпеген.  
Талайдың көрген ордасын,

Ауырлығы — қорғасын,  
Тобанияздан бір өзге  
Таппаған елден қолдасын,  
Жаратқанын жарылқап  
Хызыр-Лияс қылған жолдасын,  
Ізінде Қажы, Нұрсұлтан  
Ордадан оқып түгесті  
Ресей жұрттың молдасын,  
Құлданып заңды ақылмен  
Прокурор болып тергеп түр  
Тентек пенен мақұлды,  
Кідіртіп түр сөйлесе  
Бұқара түгіл өкімді.  
Әруақты ерім Қонеке,  
Сен солардың қаймағы,  
Қарсы келген дұшпаннан  
Маңдайың ауып, таймады,  
Атыңды айтса ығатын  
Исі түрікпен — Айладыр,  
Өзінді тапқан айналып  
Баршанын жүлде-байрағы.  
Көтерген Алла бағынды  
Жақсысың болған дабылды,  
Әділет сұрап алдына  
Алаш жұрты шағынды,  
Тезге салдың тентекті,  
Тәубаға бердін залымды.  
Батырлық, билік, өкімдік  
Қатар біткен қалынбай  
Тұяғы қызған жүйріксің —  
Жерің жоқ қалған шабылмай,  
Келе жатқан жігітсің  
Басыңнан бақыт арылмай.

1928 жыл

Қонарбай Оңғалбаев патша үкіметі кезіндегі Красноводскідегі таможняның басшы чиновнигі, жақсы қызметі үшін 6 рет медальдармен наградталған.

1929 жылы саяси үлгіктің 9/ҮІІІ-күнгі қаулысымен Тобанияз, Оспан Көбеев, тағы басқа Адай зиялыларымен бірге балалары Қажы, Лепес және Қонарбай сотталып, атылған (журналист Әблхайыр Спановтың дерегі бойынша).

## УЛЕТАЛЫ НӘРІК АҚБАЛАҰЛЫНА

Мөжілісті жерге келгесін,  
Алкалы топты көргесін  
Отырмайын мен аңырап  
Тұрғанда желсөз табылып,  
Қайнар ем ішсе қанғандай  
Шөлдеген жандар жабылып,  
Айтты деп айып етпеңіз  
Шайырлық деген бір атак  
Бізге жүр, халқым, танылып.  
Желденіп атқа мінгесін  
Жақсы менен жаманның,  
Мырза менен саранның  
Шекарасын таныдық.  
Бұл Адайдың ішінде  
Асылдарға талай сөз арнап  
Қалған жоқ тауым шағылып,  
Аты аталған жақсыны  
Елі жүр сырттан сағынып,  
Нәгізі асыл ер жігіт  
Егескен күні дұшпанға  
Сыр бермейді жалынып.  
Бұл Адайдың ішінде  
Ақындар болды батырлы,  
Жігіттер болды батымды,  
Түйілген жіпті шешкендей  
Билері болды ақылды,  
Ғанилар болды қайырлы  
Қамдаған міскін-пақырды.  
Мадиықтап талай мақтадым  
Тәуір менен тақылды,  
Алыс пенен жақынды.  
Нәрік мырза, бүгінде  
Жүрт естіп жүр атыңды,  
Бес атаңнан бер қарай  
Үстіне базар құрылып  
Халық ішіп еді асыңды,  
Қайратыңмен ықтырдың  
Талай мықты хәкімді,  
Беттескенде дұшпанға  
Жібермедің хақынды.  
Ауыл едің байрақты  
Дұшпанын жеңген айбатты,  
Айтып болмайд адам деп,

Айтса болар жаман деп  
Тәуекелі жоқ гайғақты.  
Бұл Жарының ішінде  
Шешендер шығып сайрапты,  
Егескен жауын мұқатқан  
Батырлар өткен қайрапты,  
Ол батырлар дұшпаннан  
Беттескен күні таймапты.  
Арғы атаң өткен Құлбарак  
Үйрек ұшып, қаз қонған  
Көл еді жатқан аймақты,  
Күнде шүлен тарқатып  
Қазаны түспей қайнапты,  
Тұсына келген мейманға  
Шетінен ұстап сойыпты  
Асау тай менен тайлақты,  
Өзінің қатар тұсынан  
Оздырып дәулет айдапты.  
Бір шаңырақ орынсың  
Қашаннан қалың қаймақты.  
Ауыл едің сен үлгілі  
Үзілмеген шынжыры,  
Бұл жарының ішінен  
Шешендер өткен жұлділі  
Сайраған сөзге бұлбұлы,  
Айтқан екен тереңнен  
Билер де өткен тілділі.  
Бұл Адайға талай бір  
Іс істеп едің үлгілі.  
Сүйінгара, Досандай  
Батырлар шықты сүңгілі,  
Аржағын айтсам Жаулы деп  
Бұл халыққа Бекеттің  
Белгілі болды пірлігі.  
Бір арысы Жарының  
Дәулеталы болғанда  
Ішінде толған ер еді,  
Осы жүрген ауылдан  
Сахилық, байлық, батырлық  
Бұл күндегі өнерін,  
Алғи мен Досан кешегі  
Таймайтын көкжал бөрі еді,  
Сексен орысты өлтірді,  
Реукендей төрені,  
Беттескенде дұшпанын  
Жерге жеңіліп жер еді.  
Бұл ауылдың ішінен

Жолымбеттің Кошгайы  
Салтанатын асырған,  
Сахилық жаққа бас ұрған,  
Біткен жоқ қазақ ұлына  
Сияқат — көркем беделі,  
Дүниеде болынды  
Ойлаған мақсат — дегені.  
Кенжесі еді Үсеннің  
Өзінің атан Кұлбарак,  
Сабасы толып төгілген  
Шалқыған айдың көл еді  
Дәулеттің біткен тереңі.  
Сұраған күні мұқтаждың  
Табылды талай керегі.  
«Сөз иесі Нәрік, — деп  
Мына Аманқұлдың Есболаг, —  
Келе жатқан қашаннан  
Нәрікті мақта» деп еді.  
Жігіттер ойлап, қараңыз,  
Сұрасаң ата-бабаны  
Жоқ екен, сірә, төмені.  
Қатарымен салғанда  
Кұлбарактың Қожыры  
Кай қазақтан кем еді?  
Биіктігі паналы  
Асқар таумен тең еді,  
Дүреген тұқым-балдары  
Жүндібай, Ақсарт, Ақбала  
Өзінің қатар тұсында  
Бұларды осал демеді.  
Әруақты ауылсын,  
Қорғасыннан ауырсын,  
Қалмаған айкай — дүсірден,  
Қорықты дұшпан күшіңнен,  
Бес арыс Үсен — сенімен  
Салысқан күні қайратын  
Дұшпанын жеңді бұлтартпай  
Үстінді басып ісінген,  
Қатар жүрген көп Адай  
Таппады еш мін ісіннен.  
Кұлбарак пен Қожырдың  
Мырзалығы асып Алаштан  
Алпыс кісі Әлімдер  
Сынайын деп келгенде  
Көш үсті сыйлап түсірген,  
Сахилық сондай асырып  
Салтанатқа бас ұрын

Иіріп көпті түсірген  
Қазаны толып пісірген.  
Алдай түгіл Алашқа  
Бәсі қымбат бұлданған.  
Құлбарак, Қожыр тұсында  
Кем болмаған бір жаннан,  
Қайырлы ғани, асқан бай  
Көкорай көлдей ырғалған.  
Артында атақ қалмаса  
Пайда бар ма, жігіттер,  
Тірлікте жиған құр малдан?  
Айтайын мақтап шынынды,  
Айта алмас ешкім мінінді,  
Атаның орнын ұстаған  
Мырза едің сен бүгінгі,  
Дәулегалы — ар жағын  
Ауыл еді дыбылды,  
Алмаған ешкім сырынды,  
Мүсәпір-міскін қашаннан  
Пана етіп ед ығынды.  
Ақбаланың Нәрік деп  
Атағың жұртқа білінді,  
Қасарған жерге қатты деп  
Халық айтады түгінді,  
Қуа берсем шатасар  
Сенің шын асылға түбінді.  
Нағашынды сұрасам —  
Жеменейдің Есені,  
Есеннің бар ед ішінде  
Сөз бастайтын көсемі,  
Ерменбет, Сейіт, Сынабай —  
Жиреншедей шешені.  
Түп нағашың ежелден  
Бай тілеміс — Сейтімбет  
Халықтың талай мұнан да  
Жәрдем көрді нешеуі?  
Күндіз-түн келген қонаққа  
Жиналмай жатқан төсегі,  
Өз нағашың Шойтасбай  
Арғы атасы Өтегүл,  
Халқы мақтап мұны да  
Артыққа Сахи деседі,  
Кетпеген ауыл кезінде  
Басқа жұртқа есебі.  
Аталары Сейіт би  
Келе жатқан қашаннан  
Әңгіменің иесі еді,



Асыл жәуһәр ақ болат  
Сермеген күні дұшпанға  
Қаһарына мінгенде  
Не түссе де қолына  
Салған жерден кеседі...

## БЕКТЕМІС ҚАЗАНҒАП БАЛАЛАРЫНА

Әл барында сөйлелі  
Дүние өтер бір күні,  
Нешелер тақтақ өткен жоқ  
Шежіре-шешен тілділі,  
Нешелер жақсы өткен жоқ  
Бағасы қымбат бұлдылы,  
Нешелер жүйрік өткен жоқ  
Шаршыда шапқан жүлділі,  
Бұл күндегі заманның  
Сайраған мен бір бұлбұлы,  
Жалған емес өтірік  
Жауаптың керек шындығы.  
Қазекемнің балдары  
Мақтайын деп отырмын  
Артық туған атаңнан  
Жігіттер едің сындылы,  
Орын едің қашаннан  
Шынжырлы тұқым сүмбілі,  
Қобыландыдай қайратты  
Дұшпанды жеңген айбатты  
Сендер едің атадан  
Өңкей туған арыстан,  
Әлдері жетпей айрылды  
Етегіңе жабысқан,  
Байрақты жерде күресіп  
Күм қапты талай алысқан,  
Пайдаға аспай қалып жүр  
Сендерменен жарысқан,  
Ақылынан торықты  
Дұшпандарың қағысқан  
Падишаның баласы  
Ақ сүйек туған төредей  
Шетіңнен болдың көрнекті,  
Шеберлер шықты ішіңнен  
Он саусағы өрнекті,  
Палуан өткен атаң бар —  
Мерекелі жиында

Басқаға байрақ бермепті,  
Өз түсында ол-дағы  
Душпаннан қорлық көрмепті,  
Ұсақтықты етпеген —  
Іріге қолын сермепті.  
Бектемістің ішінде  
Сияқты көркем келбетті.  
Қарасам, артық жігітсің  
Құрман, Айжан, Бегенмен  
Мақтайын деп отырмын  
Сендерді «қызба» дегенмен.  
Қолы шебер, үлгілі  
Мал тапқан Құрман өнермен,  
Айжан алды өркімнен  
Төңірдің берген бақыты  
Тәуекел етіп жеделмен,  
Бай жалғыз сияқты  
Асылмен үстін бөленген  
Қосылады екен бұлардың  
Аржағы Асау, Бараққа  
Үлгілі шынжыр беренмен.  
Осындай жерде жақсымды  
Мақтайын жырлап өлеңмен.  
Түп нағашың Табынның  
Әруақты Асау, Барағы,  
Төңірдің берген бақытпен  
Қорғанын бұзған қаланың,  
Душпанға салған жараны.  
Айқайлы жерде қызбайды  
Жігіттің жақсы-жаманы.  
Зейінің қой да құлақ сал,  
Ағылып жатқан сөзім бар  
Дария-көлдей салалы.  
Озған жүйрік мен едім  
Өзін-өзі баптаған,  
Адайдың сахи-мырзасын,  
Айқайды жерде қызбасын  
Терме жырмен мақтаған.  
Қазекемнің балдары,  
Қатарыңмен тұрғанда  
Көз салып душпан баптаған,  
Жәуһәр сүңгі сияқты  
Асылменен саптаған,  
Бесеуіңнің қайратың  
Бұл күндегі заманға  
Өлшеу емес адамға,  
Бегендердің беделі

Қаһарланса бір өзі  
Аударар қара төбені,  
Аузын ашып «оп» десс  
Болмай қалмайд дегені,  
Ағайынға болып жүр  
Әр жерлерде керегі.  
Айжандар барса тікелей  
Адайдың Сарбас мырзасы  
Жорғасын мін деп береді,  
Қойын сойып құрметтеп  
Хан-патшадай көреді.  
Сарбастың айтқан сөзі бар:  
«Тамырларым қызғанда  
Мақтасаң мақта» — деп еді.  
Құлақ сал, сөзге, Айжаным,  
Бір-екі ауыз терме-жыр  
Сендер үшін сайрадым,  
Қарсыласқан дұшпаннан  
Қорғалап, қорқып таймадың  
Асыл шынжыр соларың —  
Ата тұқым, нағашың,  
Қайын жұртың қыз алған  
Осал емес жан-жағың.  
Арғы атанды сұрасам:  
Үдербайдың ішінде  
Болыпты байлар мал біткен,  
Төрелер болған жан күткен,  
Палуандар да болыпты  
Бойына қуат-өл біткен,  
Айкайды жерде атаң бар  
Жарының арын арлаған,  
Одан туған сендерсің,  
Атаға тартып туыпсың,  
Арыға қолың сермерсің,  
Жамандай болып жасымай  
Жоғары қарай өрлерсің.  
Әрі-бері сөйлейін,  
Ата менен ананың  
Әруағы гебіренсің,  
Сөйлемеске болмайды  
Төнірім желсөз бергенсің,  
Шыдатпайды шешендік  
Алқалы дуды көргенсің,  
Жүйірігің шапшай қалар ма  
Жал-құйрығын өргенсің?  
Сендерде бақыт, сана бар,  
Сайқылықтарың және бар,

Мүшелеріңе карасам  
Кайыспас бұлан кара нар,  
Ерегескен дұшпанын  
Жауын жеңіп жаралар.  
Бесеуіннің ішінде  
Айжан сынды бала бар —  
Жігіттікті бұл қылды,  
Палуандықты бұл қылды,  
Палуан болып балтырлы  
Ұстасқандарды жер қылды,  
Жиырма бестің күнінде  
Үстіне асыл киініп  
Астына сұлу ат мініп  
Елді кезіп қыдырды.  
Бозашы деген түбектің  
Алшандап жүрген аруы  
Соңынан қалмай шұбырды.  
Халқым мақтап таныған  
Жауабым жатық, шебермін  
Болмас сөзім бұдырлы,  
Тек өншейін бос жүрген  
Жамандарды мақтаман  
Білмейтін қадір-бұлымды,  
Шығарайын жарыққа  
Жайылсын сөзім халыққа,  
Ажал келмей, Айжаным  
Тіршілік күнде шарықта.  
Жігіт болсаң қимылда,  
Көп ішінде жабықпа,  
Арнайтының бар болса  
Сынарға тұрған сұрқыл көп  
Күмілжі қылмай анықта.  
Емес пе едің сен қыран  
Қанатын жайған шарыққа?  
Қас асылдың баласы  
Тартпай қалмас қалыпқа,  
Қадірімді білер деп  
Бес-алты ауыз сөз айттым  
Өңкей палуан-алыпқа...

## ЕСЕНБАЙҰЛЫ АҚШАБАЙҒА

Күрсаған көңіл тарқамас  
Өрі-бері сайрамай,  
Жүйрік болмас жүлділі  
Жарысқанды байламай,

Зейіні терең шешеннің  
Жадына түсер ойланса  
Үлгілі кеңес қайдағы-ай,  
Шалқар болмас айдын көл  
Астынан көзі қайнамай,  
Әркімге жеткен сөзім бар  
Шалқыған толқып дариядай,  
Формылы жауап бізде көп  
Ашылмай жатқан қаймағы-ай.  
Біразырақ мақтайын  
Ақшабайды зәкүн мен  
Ақылға жетік, айлаға-ай,  
Естіп болды дабысын  
Бірқатар жұрты-аймағы-ай,  
Халыққа мағлұм әр жерде  
Алып жүрген байрағы-ай.  
Бақытың бар жігітсің  
Білімің асқан пайдаға-ай,  
Мысалы, шар болатсын  
Кесетін шапса қайрамай,  
Бұл жердегі Беріштің  
Сен болмасаң, дұшпанға  
Белгілі шама-жайлары-ай.  
Беріш деген ауылдың  
Панасы болдың бүгінде,  
Жүлділі жүйрік өренсің  
Қосылып жүрген дүбірге,  
Қалам тартып, хат жазып  
Жетілдің зәкүн-білімге.  
Біразырақ мақтайын  
Толықсып тұрған күнінде.  
Татуласып, табысып  
Көңілдің аштың кірін де,  
Байрағын болса айтып қой,  
Көп қорғалап кідірме.  
Бірнеше жылдай жауласып,  
Бірнеше жылдай дауласып  
Таба білдің тәсілді,  
Шығара бердің әр жерден  
Ойдағы жоқ «мәшінді»,  
Подпискі жасап подлог  
Патшалық мөрлер басылды,  
Мекемеде сот-бимен  
Решение құрдырып  
Қатерлі қылдың басыңды,  
Болмай кеттің сонда да,  
Сен бір жүйрік, адымың

Шапқан сайын ашылды.  
Парапар көріп біз жүрміз  
Жүз елу үй Күлкешпен  
Бір өзінің басынды.  
Есебін тауып ыспатпен  
Әкімдерді нандырып  
Өртүрлі зәкүн-заң біліп  
Мекемеде құрылған  
Бес жүз қойды қалдырып  
Іс түскен күні басына  
Тыным таппай ар біліп  
Ашгабад-Форттың арасын  
Шиырладың шаң қылып.  
Сен болмасаң бұл Күлкеш  
Буынып еді қарлығып,  
Қысылған күні ой талттың  
Білгірлік зейін-пікірмен,  
Алдырмайды дұшпанға  
Қаруын сайлап күтінген,  
Артық туған атаннан  
Жігітсің ісің бітірген,  
Жүйріксің озған зітімнен.  
Тіршілік күнде сайрамай  
Не көреміз бұ тілден?  
Ойдағы жоқты шығарып  
Озды жұрттан өнерін,  
Бірқатар жұртқа біткен жоқ  
Тәуекел-қайрат, жеделін.  
Айла тауып сасқанда  
Азынды көпке теңедін,  
Жаксыларға өр жерде  
Және бар артық беделін.  
Бұл жердегі Беріштің  
Айбарлы туы сен едің,  
Ықпалың жүріп осы күн  
Болып түр мақсат-дегенің.  
Ат пенен нардан кем болмас  
Біздерге арнап берерін,  
Ұсақтық сенде сірә жоқ  
Қашаннан сахи-бек едің.  
Сахи едің сірәдан  
Сөзім бар саған құраған,  
Қайыспас бұлан бір нарсын,  
Ауыр жүкке шыдаған,  
Бір тайпа елдің бүгінде  
Жүйрігісін жүлділі  
Бәйгіге қосып сынаған,

Сөйлескенде көңілге  
Парасатты, һәкімді  
Жауабың бар ұнаған.  
Мақтап жүрміз әр жерде,  
Сақтағай, Алла, күнәдан.  
Аршылан туған жігітсің  
Бермеген жауға халқыңды,  
Айла тауып сасқанда  
Алдырмай жүрсің әр жерде,  
Неше рет жұртың алқыңды?  
Ашғабадқа баруға  
Прошение алуға  
Оған да көңілің талпыңды.  
Ол жаққа өзің кеткенде  
Үстіңе болыс иіріп  
Қамады жаудай артыңды,  
Иландырып сен келдің  
Жандаралдай хәкімді.  
Бұл форттағы, ойласақ,  
Он болыстың елінен  
Білім мен айлаң артылды,  
Қысылған күні ар үшін,  
Халқыңның артық қамы үшін  
Жігітсің туған батымды,  
Білігінді асырдың  
Қазақ түгіл орыстан,  
Бұқара түгіл болыстан,  
Нәшәндік, ояз, жандарал  
Бұларды-дағы нандырдың  
Әкімдікке толысқан.  
Аршылан туған сыншысың  
Самасаған көппен соғысқан.  
Мирасы екен қашаннан  
Біреу мен біреу қағысқан.  
Алқаға басың кірісіп  
Жақсымен қатар жүрісің,  
Қайратың бар қашаннан  
Іс түскен күні жұлысып,  
Бөтендік жоқ көңілде  
Аралас жүрген ел едік  
Қашаннан бері сінісіп,  
Шайтан кіріп араға  
Бірталай жүрдік сүрісіп,  
Татуласып, габысып  
Бұл күндері болғанда  
Сыр айтыстық күлісіп.  
Алқалы дудың ішінде

Мақтағанда ер жігіт  
Тұра алмайды дейді құрысып.  
Байрағымды айтайын —  
Жақсы ат пен бір ішік,  
Аз болғанмен малдарын  
Пейілі бар берген Алланың,  
Сіздерге жарлық сіре жоқ,  
Саламат тұрса жандарын,  
Қатардан артық деп жүрміз  
Есенбайдың балдарын,  
Екеуің бірдей жетіліп  
Заманның білдің заңдарын,  
Лауазым ұстап бүгінде  
Кеңес болды алдарын,  
Ақшабай мен Шымболат,  
Сендер үшін шығарып  
Осындай жауап арнадым,  
Шайырың жақсы көреді  
Оқсаулы байрақ алғаның,  
Келісі болмас — жырлатып  
Құралақан қалғаным,  
Білінді жұртқа аттарың,  
Пайдаға асып жөне түр  
Қалам мен қағаз-хаттарың,  
Халыққа мағлұм-әшкерө  
Байрақты жерде шапқаным,  
Жария етіп сіздерді  
Азырақ сөзбен мақтадым.  
Лайқатын өзің білесің —  
Бола берер тапқаның,  
Осы күні жүріп түр  
Дәреже, Нәсіп, бақтарың,  
Дәреже, нәсіп жігітке  
Өнебойы кез болмас —  
Қимылдайтын шақтарың.  
Не берсең де жыршының  
Қарайтып жібер қапталын,  
Бұдан артық айта алмас  
Әкелсең де тірілтіп  
Кенженің жүйірік Ақтаның...

## **ҒАНИШКЕН ХАЛҚЫНА БАРҒАНДА АЙТҚАНЫ**

Хандықтың көрдім елдерін,  
Сақына, Көрің, Долгитас



Араладым жерлерін,  
Жиналған елде байкадым  
Азамат, жігіт, ерлерін,  
Ыбыр, Төліп, Құзайыр,  
Арыстанғазы, Нұрғазы —  
Бұлардай жігіт көрмедім,  
Жақсылар екен оздырған  
Адамдықтың өрнегін.  
Құс жастығын шынтақтап,  
Көрпесінде көлбедім,  
Ақшасын салдым жаныма —  
Жасырмайын бергенін.  
Қатар халқы мін тағып  
Айтпайды екен кем жерін,  
Беріш пенен Алаша  
Құзайыр мен Төліптің  
Ірі екен дедім шеңгелін.  
Ыбыр шабаз біз үшін  
Сарп етті қайрат-еңбегін,  
Сыр бермейтін жан екен,  
Адамдығы бар екен,  
Ойламайтын арамдық  
Көкірегі ақ екен,  
Айдауға дәулет шақ екен,  
Одан басқа тұсынан  
Артық туған жан екен,  
Зейіні зерек, пікірлі  
Білімге терең дана екен.  
«Елге келді қонақ» — деп  
Қайрат етті қонаққа  
Қайткенде пайда болад-деп  
Уайымдады — жыршының  
Шиланы қашан толад, — деп  
Аз бергенге жөне айтты:  
«Бұларың келте, шолак» — деп  
Түсіндірді әркімді,  
Айтып болмас Ыбырды  
Қызыл тілге олақ деп.  
Қызылгүрттың жігіті  
Ыбыр менен Төлеген  
Кем емес екен реті  
Хан баласы — төреден.  
Төлегеннің үйінде  
Бес-алты қонып түнедім,  
Төседі көрпе, кілемін,  
Бұрынғы кезде еліне  
Қадірлі болған білемін,

Жөүһөрлі болат секілді  
Қарасаң байқап реңін,  
Абзал көрдің мінезін.  
Сейталының балдары  
Арыстанғазы, Нұрғазы  
Артық екен тұсынан  
Жоқ екен қапа-арманы,  
Ерлер екен азулы  
Дүшпанға тиген зардабы,  
Сұлтансиық — Алаша  
Шынжырлы екен ар жағы,  
Бас қосып болған құдасы  
Адайдың асыл Шалбары,  
Жақсыларға бұлардай  
Еншілеп жауап арналы.  
Арыстанғазы, Нұрғазы  
Бар екен таудай салмағы,  
Қадірлі болса, жігіттің  
Қара басы хан-дағы.  
Қонақ қылып құрметтеп  
Хош айтысып, қасымнан  
Шығарып салып қалмады,  
«Ел қыдырған жақсым» деп  
Пікірі жетіп аңдады.  
Аргы жағын сұрасаң  
Қоңырбөрік — Қошқардан  
Болыпты талай мошқал жан  
Дүшпанға салған таңбаны.  
Дүйсенғали, Сөйдиден  
Жігіттер екен шалымды-ай,  
Ақ жүрек адал коммунист  
Хөкімдер екен дабылды-ай  
Қараған қатты залымға-ай,  
Тентекті тыйып, тексеріп  
Әзір күні түр екен  
Мекемесі жабылмай,  
Собрание — құралда  
Сөйлейді екен жаңылмай,  
Білім, ғылым, дәреже  
Бойларына теп-тегіс  
Біткен екен қалынбай.  
Аргы жағын сұрасаң  
Келе жатқан сой екен  
Әруак, бақыт арылмай.  
Жерлерінің реті  
Бөлек-бөлек төбе екен,  
Жапырағы жасыл қалың тал

Көкорай шалғын шөп екен,  
Күрағын кешіп мал жеген  
Шалқыған айдың көл екен,  
Тек айыбы — шілдеде  
Маса мен шыбын көп екен,  
Қарағанда қапысы  
Одан басқа жоқ екен.  
Хандық деген теп-тегіс  
Салтанатты сахи ел екен,  
Мол сыйғандай жүз кісі  
Ордалары кең екен,  
Ордасының ішінде  
Жүк болғандай он нарға  
Жинаулы көрпе, тең екен.  
Шаштарын талдап тараған,  
Бабы түскен сұңқардай  
Аударып көзін қараған  
Әйелдері шетінен  
Болады екен әдемі,  
Артық екен өдебі,  
Сыйлағыш екен мейманды.  
Кең орданың ішінде  
Бұқара халық, қарт пен жас  
Жыр тындауға жиналды,  
Талабы төуір болғанмен  
Керек-жарақ алам деп  
Жеңілткен екен шиланды.  
«Аз болды, — деп, — байрағың»  
Бірқатары қиналды,  
Күндіз-түні құрметтеп  
Басымыз артық сыйланды.  
Ыбыр еріп қасыма  
Аралатты халықты,  
Жігіттерін танытты,  
Өлшеу демен адамға  
Күзайыр мен Төліпті,  
Жақсылар екен парықты,  
Сахилыққа шабыттты,  
Қырық-елуден жанынан  
Ақшаларын шығарып  
Көрсетті жұртқа бағытты.  
Жақсылардың бұлардай  
Білу керек қадірін,  
Бірдей болмас шабысы  
Арғымақ пенен жабының,  
Айдаған күні ырыздық  
Мөжілістесіп таныдым,

Сқндай түзу ел екен,  
Көре алмадым залымын,  
Зікірден өзге сөзі жоқ  
Қарасаң молда-ғалымын,  
Бұл заманда тұсынан  
Артық көрдім Хандықтың  
Құзайыр менен Төлібін,  
Жақсылар екен тайы жоқ,  
Есітіп, білдім анығын,  
Шабаздардың жинаған  
Ақшасымен аралап  
Алып кайттым Көріннің  
Аққұйрық шай мен ақ ұнын...

## **БАЙЖАНҰЛЫ АСАР МЫРЗАҒА**

Оң сегіз мың галамды  
Құдыретпенен жаратқан  
Алланың хақ-дүр бірлігі,  
Дүние-фәни бұл жалған  
Баянсыз жанның тірлігі  
Өтеді бастан бір күні.  
Аламанын бастаған  
Көнілі қорқып саспаған  
Батырлар өткен сүнгілі,  
Түсірген жаудан жүлдіні.  
Сахилар өткен үлгілі,  
Шешендер өткен дүлдүлі,  
Талай өділ хан да өткен  
Халқына басы бұлдылы.  
Биасылдан табылмас  
Ноқталы сөздің шындығы,  
Асеке, тыңдап құлақ сал,  
Келе жатқан тұқымсын  
Үзілмеген шынжыры.  
Біразырақ мадиықтап  
Тағыриханды мақталы,  
Болған екен Адайдың  
Абыл мен Нұрым, Ақтаны,  
Бәсекем жоқ олармен —  
Мен бүгінгінің тақтағы.  
Өзендер құрғап суалмас  
Қайнары болса ақпалы.  
Бекарыс пенен Алшыннан  
Кіші жүздің баласы

Дүреп едік ел болып  
Буын-буын тақталы,  
Заманның құлқат түріне  
Сөз базарын өшкертіп  
Пөш етелі тіріде.  
Еңсеңе келдім ұмтылып  
Бір жігітсің бүгінде  
Сермеген қолын іріге,  
Сыр бермей тұрсың сыртыңа  
Жүз кісі келсе күніге,  
Бүгіндегі жақсысын  
Халқына тұрған керегің,  
Мін таппай жүр сыртыңнан  
Ісіңе жұртың бегеніп.  
Қазақ едік қашаннан  
Сахыра мынау қонысты  
Мекен еткен иеленіп,  
Қыдырғожа бай екен  
Төңір берген кенеліп.  
Он екі ата Байұлы  
Өрбіген содан ел едік,  
Ішінде артық-асылы  
Сұлтан сыйық — Алаша  
Көптігін айтсам, тамаша  
Аршыңды білем әр жұрттан  
Қатардан емес аласа.  
Масқар менен Қызылгүрт  
Байбақты менен Тана бар,  
Былайғысы және бар,  
Есеп етіп қарасам —  
Ысық, Шеркеш, Таз, Беріш,  
Адай, Жаппас, Темірмен  
Сонда он екі боламыз  
Бәрін қосып санаса.  
Он екі ата Байұлы  
Қатардан озған қайырлы  
Халық едік қалың қаптаған,  
Көз салып дұшпан батпаған,  
Көргендер айтып мақтаған,  
Болған екен ерлері  
Алжасқан жауын таптаған,  
Қайырлы бай, тұра би  
Дүреген екен ішінен  
Жақының жатқа сатпаған.  
Асар мырза, зейін қой,  
Сөзім бар сізге жағтаған.  
Бұдыры болса аңдан қал

Құлағына жақпаған.  
Бұл күндегі заманда  
Қайратыңа қатарың  
Кемітіп, кінә тақпаған,  
Тәуекел еткен жігітті  
Дұшпаннан Төңірім сақтаған.  
Жігітсің артық тұсыңнан  
Алқаға түсіп ысылған,  
Әртүрлі мақсат-керекке  
Жалғаншыда дерекке  
Жетіп тұр қолың ұсынған,  
Арғы атаң батыр ер Түмен  
Жоқ екен жаудан қысылған,  
Ерлігімен дұшпаның  
Егескен күні ысырған.  
Қасиетті қарыдан  
Сойы екенсің айтулы  
Келе жатқан арыдан  
Берекет-дұға дарыған,  
Төңірім берген ауылсың  
Озып тұрған табынан,  
Сахилық, байлық басыңа  
Қатар біткен парынан,  
Тарылған күні әр жерде  
Алып жүр жәрдем арыған,  
Атағыңды Асар деп  
Қазақ түгіл сахара  
Қалалы жұрттар таныған,  
Айқайлы жерде халқыңың  
Қалмай жүрсің арынан.  
Азып туган жаманның  
Жоғы жақсы барынан.  
Келгеннен дұға-бата алып  
Бүгінде сахи атанып  
Аумай тұрсың әзір күн  
Алланың берген бағынан.  
Көтеріп нәсіп айдады  
Көруге көңіл желденіп,  
Үстің базар сықылды  
Иірілген көп түр сенделіп,  
Әлсізге тұрсың дем беріп,  
Айнымай тұрсың бүгінде  
Жарлы мен байды тең көріп,  
Бергенің жағып, талабың  
Тасыған еді жөнделіп.  
Кешегі заман-күндерде  
Аштархан, Бәку, Мәкәржі

Шөрлердің затын менгеріп  
Көпестермен салмағын  
Пара-пар қатар тең келіп,  
Салдырып сарай, пәпкі аштың —  
Ісінді не ғып кем делік?  
Есігің ашық, төрің кең  
Қайрымды сахисын  
Алғыс алған елінмен,  
Қатарынмен салғанда  
Жүйріксің озып бөлінген,  
Жасырын емес — жария  
Үлгің бар көпке көрінген,  
Атымтай-жомарт секілді  
Айнымай тұрсын беруден.  
Алла деген атаң бар  
Тарихат жолын тұтынған  
Қауіп етіп қаза-өлімнен,  
Шыпалы затқа үмтылмай  
Бас тартып кейін шегінген.  
Атаң Байжан тұсында  
Сахи екен төгілген,  
Келе жатыр арылмай  
Асылдығың тегіңнен,  
Пайда тапқан жігітсің  
Ақыл мен айла, ебіңнен,  
Тасыған өрлеп талабың  
Қайырлы болсын қадамың,  
Бір жігіттей және бар  
Тәуекел жаққа талабың,  
Орда құрып он қанағ  
Сыртына мейман қамадың,  
Қысылған күні әр жүрттың  
Пайдасына жарадың.  
Атанып Асар болғалы  
Білінді жұртқа хабарын,  
Жалғаншыда болып жүр  
Ойлаған мақсат-қарарын,  
Ғазіздер келсе еңкейіп  
Қайыр беріп қарадың,  
Жандырып тұрсын бұл күнде  
Сахилықтың панарын,  
Біліп тұрсын пікірмен  
Дүниенің бір күн қаларын.  
Қайырлы жандар қайымның  
Көрмейді дейді зарарын,  
Жалғаншы-фәни тауысып  
Талаидың тартқан танабын.

Бес-он ауыз сөз арнап  
Бүгіндегі жақсының  
Біреуі деп санадым.  
Санай берсем атанды  
Толып жатыр арысың —  
Қыдырша деген ауылдың  
Бүгіндегі барысың —  
Биледің жас пен көрісін,  
Түзеттің қисық-шалысың,  
Үстіңе қиын іс келсе  
Жібермей тұрсың намысың.  
Асар менен Айралаң —  
Білінді жұртқа дабысың,  
Азып туған жаманды  
Астана қайдан танысың?  
Парлап жанған бүгінде  
Сахилықтың шамысың,  
Жан-жағында және бар  
Айта берсем тағысың,  
Салтанатын асырған  
Сахилық жаққа бас ұрған  
Нағашың Майлаш кешегі  
Артықша мырза деседі,  
Жомарттық жаққа Адайдың  
Жоқ екен одан көсемі,  
Мейманың қойдай иіріп  
Ала кілем, ақ киіз  
Жиылмаған төсегі,  
Пайда көрген тұсында  
Халықтың газіз мешеуі,  
Нағашың сондай орыннан  
Атанып Асар болғалы  
Ешкімнен жоқсың қорынған,  
Әрбір түрлі жұмысты  
Жүргенің жоқ басқармай,  
Қатарыңнан ірісін  
Жоғары биік аспандай,  
Алқа болса қамалған  
Айтасың жауап жасқанбай,  
Ғарап еткен бұ заман  
Нешелер талып тасқанды-ай,  
Келмейді демен ажалды-ай,  
Жігітсін туған қажарлы-ай,  
Қатарыңнан аршынды  
Жомартсын артық қазанды-ай,  
Еңсеңе мейман иірілген  
Аулыңның үстін базирлай.



Айтуынан шарғының  
Кешірер Алла жазанды-ай,  
Сызылад дейді лаухыда  
Әмменәзі озалда-ай.  
Жаратып еді өуелде,  
Айыратын бір Алла  
Жақсы менен жаманды-ай,  
Топырағың үшып топтанып  
Үстіңе мейман қамалды-ай,  
Абырой, атақ тең біткен  
Жігітсің болған заманға-ай.  
Қытандық, тарлық көрмеген,  
Талабың тасып өрлеген,  
Салтанатың кем емес  
Хандардан халқын тергеген,  
Ретің ірі мырзасын  
Отыңның басы кең келген,  
Ордаң толып, төріне  
Хан менен қара көлбеген,  
Пара-пар теңсің көлменен,  
Қанып тұр келсе шөлдеген,  
Өнеріңді оздырдың  
Осы күнгі пендеден,  
Қарынбайларды жер тартты  
Қасталы, қайыр бермеген.  
Кіреді дейді ұжмаққа  
Сахилық жолға сарп етіп  
Мал шашып қолын сермеген,  
Ізгуліктің пайдасын  
Ғалымдар бар деп айтып жүр  
Болған күн жолдас жерменен.  
Мәжіліс құрдың әр жерде  
Аты Адайдың мырзасы  
Өздеріндей ерменен.  
Бес-он ауыз сіз үшін  
Шығарып жауап арнадым  
Орнаған баста бар бағын,  
Әнет деген ауылдың  
Аш-арығын қамдадың,  
Орындардан белгілі  
Алам деп ару таңдадың,  
Жүйріктермен бөйгі алып  
Тауыстың жұрттың санлағын.  
Бүгіндегі заманға  
Болсын деп үлгі наданға  
Сахилық жолдан тақбадың,  
Дүние-фәни жалғанның

Жолдас емес екенін  
Ақылын жетіп андадың,  
Астана көптің аузынан  
Әңгіме болса қалмадың,  
Қыдырша деген ауылмен  
Осы күні парапар  
Бір өзіннің салмағың,  
Жомарттардың бұрынғы  
Тұтынып тұрсың мұрасын —  
Айталы сөздің расын,  
Қатарыннан артылды  
Сахилық жаққа құлашын,  
Қабыл болса, халықтың  
Алып тұрсың дұғасын.  
Әйеттер бар Құранда —  
Жомарттардың махшарда  
Кешірет деген күннәсін,  
Атаңыз иман нышанды  
Тұтпаған діннің ласын,  
Бес парызды төрк еткен  
Төңірге қалай ұнасын?  
Ділмарсынған шешенге  
Сөз қиынын келтіріп  
Ортаға салмақ — бұ да сын,  
Баһадар халше бәйіт етіп  
Мадияқтадық, Асеке,  
Міні болса сөзімнің  
Астана халық сынасын.

## АЛТЫ АРЫС ҚОСАЙҒА АРНАУ

Әлеумет-халық құралып  
Ортаңда талай қамадың,  
Жан сауыңда сөйлелі  
Білген соң фәни-жалғанның  
Бір күні кейін қаларын,  
Ардақтаған бұл жанға  
Себебі тимейд сол күнде  
Ағайын, қатын-баланың,  
Төмамдаған бес парыз  
Қабыл болса — қабірде  
Реушен — жарық панарың,  
Нешелер батыр өткен жоқ,  
Патшаның бұзған қамалын,  
Нешелер мырза өткен жоқ

Қайырдан басқа халқына  
Тигізбей кеткен зарарын.  
Желденгені зейінім  
Мадияқтап, сөзбен мақтауға  
Жұрт асылын қарадым.  
Күдайкенің баласы  
Алты арыс Қосай болғаннан  
Дүреген екен ішінен  
Әруаққа талай толған жан.  
Атағозы, Бердібек,  
Есекмерген ер дейді  
Дұшпанға күшті құлданған,  
Ашуы келіп көрленсе  
Өткізген оғын қорғаннан,  
Адырнасын ақыртып  
«Алаш» деп ұран шақырған  
Жау үшін талай жолданған,  
Аумаған екен маңдайы  
Аттанған ауыр қолдардан.  
Атағозы, Есек пен  
Бердібектің барында  
Маңғыстауды бұл Адай  
Түрікпеннен тартып сонда алған.  
Тіней менен Байболдан  
Толыққан талай бай болған,  
Жүйріктері болыпты  
Жарыста озып бәйгі алған,  
Ішінен болған ерлер көп  
Қырандай түскен аңсырап  
Қаруын қанға малшылап,  
Би Бекболат Тоқан мен  
Алқа болса сөйлепті  
Тандайдан балы тамшылап,  
Мін таппапты сөзінен  
Бұқара түгіл хан сынап,  
Қараған екен аузына  
Адай түгіл Алшын-ақ.  
Күйкібайда Жолдасбай  
Сол өтіпті дұшпанға  
Найзадай тілін шаншылап,  
Соларыңның барында  
Алты арыс Қосай әркімді  
Басып жүрсің жаншылап.  
Тұсында шешен өтіпті  
Қалдыбай, Шенен, Мұнаттай  
Кем емес құрыш болаттан.  
Тереннен кеңес сөйлесе

Кетпеген сөзі құлақтан.  
Әріде өтті ер Есек  
Таутайлақты мұны атып  
Жезтырнақты құлатқан,  
Атағозы, Бердібек  
Қонысынан бастырып  
Түрікпеннің жұртын жылатқан.  
Төнірберген батыр бар  
Адырнасын тартқанда  
Дұшпанын жоқ-ты шыдатқан,  
Қайсыбірін айтайын —  
Толып жатқан ерлерің  
Қайратын жауға сынатқан.  
Байұлынан сұрасаң  
Мәмбетқұл екен бес арыс  
Атадан туып өскен жан,  
Бұдан да дұшпан сескенген,  
Әліге дейін Шалбарды  
Алаш айтып келеді  
Шетінен білгір дескеннен.  
Қабындап өскен ел еді,  
Ауданды аймақ төл еді,  
Арыстан, Балтай, Тоқламбет,  
Елғондысы жөне бар,  
Қамалға шауып топ бұзған  
Тоқтамысы ер еді.  
Тоқтамыстың ішінде  
Сауғабайдың Әтембек  
Қазақтан озған төре еді,  
Бегалы менен Мақаштай  
Ішкі орданың ішінде  
Күндеген жандар көп еді,  
Ордасына жапқаны  
Ақ ұштап пенен зер еді,  
Сан жеткізсіз жинаған  
Ақ-ала шен мен меделі.  
Тіршілікте бұлардың  
Болып кетті дегені,  
Бес Шалбардың тұқымы  
Шетінен асыл бек еді.  
Айзақ деген қартының  
Айтқан сөзін алқада  
Байұлы бөтен демеді.  
Шалбар деген ауылдан  
Болған екен ішінен  
Әруаққа талай ауыр жан,  
Әкірекке Адай көнгенде

Ең өуелі тосыннан  
Қазақ ақыл сұрапты  
Мырзабайұлы Қосымнан,  
Байырқатып тоқтатты  
Жауыздан жұртын шошынған,  
Одан соң болған білгірі  
Дауыл менен Дастандай,  
Нұрмағанбет, Асқардай —  
Бұл қазақтың баласын  
Өз қолымен басқарды-ай,  
Бұлбұлдай сайрап сөз айтты  
Нөшөңдік, ояз, жандарал  
Әкімдерден жасқанбай,  
Жөн сұрады бұлардан  
Әркімдер келіп сасқанда-ай.  
Бес арыс Шалбар болғалы  
Шетінен басы хан еді,  
Халқы үшін қайыр-дұға еткен  
Уәлилері де бар еді,  
Әлжекедей хазірет  
Дүниеден көшкенде  
Аспанның айы түлданған  
Шаригат-діннің шамы еді.  
Шайхы еді шарғы аударған  
Шәһәрден мешіт құлданған,  
Жиырма тоғыз жасында  
Ұлуғы бірден бата алған —  
Патшадай басы бұлданған.  
Секілді діннің тіреуі  
Қосайдың екі пірі еді —  
Қопадағы Абдолла,  
Әлжеке еді біреуі.  
Қол көтеріп бұлардың  
Жұрты үшін еді тілегі,  
Тіршілікте үстінен  
Мүриті кетпей түнеді.  
Біразырақ айтайын  
Әлжекедей ишаннан  
Күдай үшін үй салған  
Бар еді нышан-иманы,  
Хан көтеріп, қадірлеп  
Адай халқы сыйлады.  
Дүние-фәни дөрілден  
Керуені көшкенде  
Естіген жандар қимады,  
Уәлилер еді тең біткен —  
Арғы атасы Өгізден

Қалмақтың шебі қирады,  
Қағбаға тәубә-хаж қылып  
Дін үшін жанын қинады,  
Артында қалған Салтанат  
Ақ мешітін бұл да ұстап  
Болып тұр жұрттың имамы,  
Не демейді дұшпаны,  
Атаның жолын тұтқанда  
Сыпайы мақшым ибалы.  
Салтанат мақсым бұл күнде  
Халықтың болып ұстазы  
Учитель болып школға  
Патшадан орын ұстады,  
Әр жерден орын көзеніп  
Көрсетті жұртқа нұсқаны,  
Тағылым беріп наданға  
Ұзартты, сөйтіп, қысқаны.  
Тоқтамыстан бер қарай  
Тұқым екен, сұрасаң,  
Алтындай қымбат мысқалы.  
Әлжекедей тақсырдың  
Ақмешіт — мекен-жайынын  
Айта алмас ешкім айыбын,  
Дүние салды ішінде  
Оразаның айынын,  
Ай тұтылып сол күні  
Көрсетті көпке зайырын,  
Шығармады жадынан  
Алланың махшар-қайымын.  
Мадияқтадым азырәк  
Болған соң ата-қайыным.  
Оздым деп жүрмін осы күн  
Айтатын сөзге, аралап  
Сегіз арыс Адай мен  
Он екі ата Байұлын...

## ЗӘКӘРИЯ, ШАМ, ТАЛПАҚТАРҒА АРНАУЫ

Байұлының баласы —  
Кұралды басың жиналып,  
Мереке-сауық етуге  
Баршаңыз тұрсыз үйғарып.  
Себеппен нәсіл, дәм айдап  
Ортаңа келдім, сый халық,  
Әңгіме деген ағын су —

Алдын бөгеп тыймалық,  
Іріктелген жүйріктің  
Шабылар күні қиналып.  
Сыналар жүйрік жарысса,  
Әл-қуаты байқалар  
Палуан жігіт алысса,  
Батырлар да белгілі  
Қайратын сынар қағысса,  
Шешен жігіт сыналар  
Бір өзіндей ділмармен  
Жауабын қатар салысса.  
Қасиетті кемнің белгісі —  
Ұмтылмас ар мен намысқа,  
Әзіл айтпа адам деп  
Мінезі қисық-шалысқа,  
Тарылған күні жаманнан  
Қадірімді білер деп  
Жәрдем сұрап жабыспа...  
... Талпақ мырза, бүгінде  
Халық ұстаған хан едің,  
Тірлікте озған жан едің  
Әруақ пенен намысқа,  
Жүр еді қолым жете алмай  
Жүргесін қиғаш-алыста,  
Бозашы деген түбектен  
Арзу едім бір көріп  
Көптен бері көңілімде  
Жер кеңіне шыға алмай,  
Ортаға түсіп сыналмай,  
Төңірдің берген желсөзді  
Не қылайын, әшкертіп  
Осындай жерде шығармай?  
Өңінең мырза, бай мен бек  
Бай Жұбанның балдары  
Жиналып басың құралды-ай,  
Озып жүрсің осы күн  
Алғы Алаш атақ-ұранда-ай,  
Мысалы, көкпен таласқан  
Асқарсың биік мұнарлы-ай,  
Астынан көзі қайнаған  
Өзенсін жатқан суалмай,  
Қадірлі және әкімсін  
Лауазын жұртқа ұнамды-ай.  
Атаннан мирас ганилық,  
Тұтынып тұрсың мұранды-ай,  
Пайғамбар Хазыр дарыған  
Атаныз Ғазиз Жұбанға-ай,

Бержағың Жұбан, аржағың  
Билік құрған Бекболат —  
Дөреже, бақыт, байлыққа  
Толыққан бар ма бұлардай?  
Арғы атаң екен Бекболат  
Көрсетіп үлгі — жол салған,  
Кенесін кеннен мол салған  
Би екен артық ауданды-ай,  
Төресін бұрмай алдынан  
Таркатқан екен дауларды-ай,  
Қайратың мөлім ауылсын  
Сынбаған сағы жау қандай?  
Көкжар мен Теке, Орынбор  
Қызбайды дейді сендерсіз,  
Салмасаң барып сауданды-ай  
Алып жүрсің жарыссаң  
Алаштың бермей байрағың,  
Байлықпен және байладың  
Жиырма бес таңбалы  
Кіші Жүздің аймағын.  
Шалқыған көлсің ауданды  
Ашылмай жатқан қаймағың,  
Үшан-теңіз шеті жоқ  
Дүниенің малын айдадың,  
Қатарыңмен салғанда  
Қазақ түгіл қорқыттың  
Қалалы жүрттың байларын.  
Байұлы-қазақ байлыққа  
Бөс ете алмайд сендермен,  
Бұл күндегі заманда  
Сендерге бар ма тең келген?  
Тілегі болар жандарсын  
Әлсіздер келсе дем берген,  
Арттырып дәулет менгерген,  
Дүниеде армансыз  
Үстінді Қыдыр иемденген,  
Қадірлі және хәкімсің  
Тергесен тентек жөнделген,  
Сахилыққа жалықпай  
Қатар көшкен халыққа-ай  
Келесің жәрдем бергеннен,  
Әруакты Қосай аржағың  
Дұшпанын кетті жеңгеннен,  
Ішіңнен ерлер өтіпті  
Көк сүңгісін өңгерген,  
Көңілі көшіп желденген.  
Ісінді сондай айтпаққа



Арзу болып алыстан  
Шайырың іздеп мен келген.  
Қадірлі және бастарың,  
Халқыңа мөлім бүгінде  
Артылып көптен асқаның,  
Ақырға дейін азбайтын  
Атаңа шеттен жай салып  
Асырып үлгі тастадың,  
Екі жүз кара, екі отау  
Қыз ұзатсаң, үлгің сол —  
Бү да қылған іс емес  
Бір сендерден басқаның,  
Мұндай қылған ісіңнің  
Ете алмас ешкім жоспалың.  
Қатардан озған бай Талпақ,  
Қасиетті ханның баласы,  
Әруаққа сендермен  
Бар еді кімнің таласы?  
Тай келген жоқ тұсында  
Кіші Жүздің баласы.  
Пақырлардың панасы,  
Жетімдердің анасы,  
Алшыннан озған ғанисын  
Игертпей жүрген қарасы.  
Құтылдың ердің құнынан  
Жабылған күні жаласы,  
Осындай қылған ісіне  
Туырлықты қазақтың  
Келмес деп жүрміз шамасы.  
Ізденіп келдім алыстан  
Зәкәрия, Шам бар деп  
Дүниеде озған жандар деп,  
Сөйлеуге келдім алдына  
Сөз форымын аңдар деп —  
Сендерден жәрдем алған көп.  
Николайдың тұсында  
Қағазың жүріп оралған  
Тайсойған, Қиыл, Ойылдан  
Бұланттар бөліп жер алған,  
Таласқан күні түтгірмей  
Талай тартып алдыңыз  
Хәкімдікті Оралдан.  
Өшек пен Жақай, Жарылғал,  
Келдес пен Мамай — бесеуі  
Жігіттер екен дұшпанға  
Кетпеген өртүр есебі,  
Абыройменен өткеннен:

Болған жоқ бөтен өсегі,  
Бәрін де хәкім-хан қойған  
Ресей патша кешегі,  
Мархұмдарды солардай  
Адай-ел керек деседі.  
Тұлпар мініп, ту алған  
Дүшпанын көрсе қуанған  
Өткен жоқ ердің нешеуі?  
Пікірге жинап қойғанша  
Қаумалаған алқада  
Сөз түйінін шешелі...

## СӘДУАҚАСҰЛЫ НӘБИ МЫРЗАҒА (үзінді)

Нәби мырза, зейін қой,  
Еншінді сөзбен беруге  
Пікірмен пәмдеп байқалық,  
Біразырақ айталық,  
Табылса сөздің анығы.  
Ежелден біткен тұқымсын  
Әруақтың орнап қалыңы,  
Топырағы үшқан атаңның  
Шашылған көшке дабылы,  
Суырылған жүйрік би еді  
Таскынды судай ағыны,  
Ағаныз Төлеу хазірет  
Сегіз арыс Жарының  
Тірелген имам-ғалымы,  
Аттанған о да фәниден  
Тағдырдың болып жазымы,  
Шаригат жолын тұтынған  
Ахирет күннің азығы,  
Рахым етсе кең дейді  
Бір Алланың фазылы.  
Тастемір байдың баласы  
Сейтімбет атаң болғаннан  
Ортаймапты толғаннан,  
Көптен бері келеді,  
Тарқамай құрал орданнан.  
Тағы да баян етейін  
Кешегі өткен атаңнан,  
Жүйрігі еді Назардың  
Сәдуақас атанған,  
Толық еді туғаннан  
Тартпаған тілін ортадан.

Бас қосқан күні көп халық  
Көмейден жауап шығарып  
Ортаға түскен тілді еді  
Сөз бермеген сыбанып,  
Ағытып кеңес бастаған  
Мөжіліс болса құралып,  
Қолда тұрған күнінде  
Адассақ ақыл сұрадық.  
Жақсының қолдан кетпегі  
Мирас екен бұрыннан,  
Ордада халық айтқызып  
Әңгіме-сөзін тыңдаған,  
Қадірлеп халқы бұлдаған,  
Кідіргем деп жауаптан  
Қатары үміт қылмаған,  
Алтын баулы ақ болат  
Байқасақ, кімнен сынбаған?  
Сұлтангелді батыр арғы атаң  
Қарғытқан атын қорғаннан,  
Оза шауып олжа алған  
Қалың әскер-қолдардан,  
Алжасқан күні қайратын  
Артылдырған зорлардан,  
Әкесі Жайыл болғаннан  
Береке, бақыт байлыққа  
Ортаймапты толғаннан...

## МАЙЛАН АМАНҚҰЛ МЫРЗАҒА

Әлеумет-халық құралып  
Жиналыс болса алқалы  
Тұра алмас жүйрік арқалы,  
Өнебой баста бақ тұрмас —  
Жан сауында шайқалы,  
Қайыспас бұлар қара нар  
Шалдықпай жүгін тартады,  
Жүйріктің болса шабысы —  
Белгілі жерде бөтенге  
Халқының бермес намысын,  
Бір Алладан пенденің  
Дәреже, бақыт, табысы.  
Атамыз өткен Адайдың  
Сегіз екен арысы,  
Байұлының бірі едік —  
Қатардан өсіп дүредік,

Малы мен басы тең өсіп  
Сахыраға сыймай тіреліп.  
Бұл Адайдың ішінен  
Билер де шықты білімді,  
Жүйріктер шықты дүбірлі,  
Бай болды көрген Қыдырды,  
Мырзалар болды шығынды,  
Зікір еткен Аллалап  
Тахуалар өтті ғылымды,  
Мұсылман тегіс естіді  
Бекеттей уәли-пірімді.  
Біз өруақты жұрт едік —  
Алжасқан жауы шығынды,  
Қайратына масығып  
Ерлерім болды дыбылды,  
Ішінен ханын өлтіріп  
Қалалы жұртқа ұрынды,  
Өтірік деп айта алмас  
Естіген Алаш мұнымды...  
... Отырмын келіп тұсыңа  
Правитель Аманқұл,  
Біразырақ сіз үшін  
Құрадым желсөз тақталып,  
Мирасы екен қашаннан  
Біреуді біреу мақтамақ,  
Төңірі берген жігіттің  
Үстіне дәулет тоқтамақ,  
Нәсібең бар тасыған  
Қайнарлы көздей ақпалап,  
Алланың ісі — пендесін  
Әр қатерден сақтамақ,  
Жүйріктің ісі — шабылып  
Адымын алшаң аттамақ,  
Шешеннің ісі — шығарып  
Қиындап жауап жаттамақ,  
Айтатын жерге келгесін  
Зейінге желсөз енгесін  
Тақтағың неге кідірсін?  
Топырақты туған інімсің —  
Жасыңнан түстің алқаға,  
Басың бар түскен ортаға,  
Ер жігіт болса екпінді  
Дұшпаннан бұғып қорқа ма?  
Азып туған нашар көп  
Атасы жақсы болса да.  
Жүйріктен тыныс табылар  
Дәрмені кетіп талса да.

Қанша күйге салғанмен  
Бітпейді шабыс шабанға,  
Құр бекер тауың шағылар  
Бұйымың түссе жаманға,  
Ісің түссе саранға,  
Мысалына: кез келсен  
Танқыдан шөлің қанар ма?  
Көрмейсің пайда жаманнан  
Өзінді қояр залалға.  
Құладың құстың тұқымы  
Топтан торай шалар ма?  
Асыл сой ердің белгісі  
Көрінбей көзге қалар ма?  
Жұрт аузына ілініп  
Басыңды салдың базарға,  
Барымызсың байқасақ  
Бүгіндегі Назарда,  
Алла жазған артылтып  
Нәсібенді адалдан,  
Тұсымда болған жақсымың  
Айтсам аузым толатын,  
Халық үшін арға шабатын,  
Білгірімсің белгілі  
Тереңнен кеңес табатын,  
Барымызсың бүгінде  
Айқайлы жерге салатын,  
Асқарала тауымсың —  
Пақырға пана — қанатын,  
Қарқыны күшті парлаган  
Еділден тасқан арнасың  
Шөлдеген жаңдар қанатын.  
Сіз тұрып хөкім болғалы  
Халқыңның жүріп нәсібі  
Түзеліп талап-кәсібі,  
Ашу мен араз қалынып,  
Ағайынның бітеліп  
Жабылды жапсар-ашығы.  
Әркімдер жұртын баға алмайд  
Болмаса айла-тәсілі.  
Жақсы болсаң жігіттің  
Сұралмай қалмас нәсілі.  
Нағашың берен белгілі  
Сапы, Төлеп, би Жақып —  
Жөуһар екен шетінен,  
Үш арыстардың осалы  
Жоқ екен қаяу-жасығы  
Үзілмеген шынжыры.

Нағашың сондай, сұрасам,  
Өзіңнің атаң Аралдын  
Және бар еткен ерлігі,  
Одан бері би, хәкім  
Болған екен түсында  
Әрі бай, әрі тілділі,  
Армансыз өсіп-өрбіген  
Жүрият-тұқым ұрғыны.  
Хәкім болып, ел билеп  
Ашпай тұрсың араны,  
Жаптырмай тұрсың жаланы,  
Әл беріп тұрсың талғанға.  
Қарасып тұрсың қайрылып  
Іждөһөт етіп өзір күн  
Халқынды тұрсың қамдарға,  
Әлсіздерді қамдаған  
Лайық өділ хандарға.  
Тарыққан күні сол бар деп  
Дүшпанға бермей қамдар деп  
Көп қуанды көңілім  
Қолыңа лауаз алғанда.  
Көп шығармай бұрын да  
Біразырақ сөз сөйлеп  
Жүр едім болып арманда,  
Тәңірдің берген желсөзін  
Ағытайын өл барда.  
Өзімен жақсы болғасын,  
Әруақ орнап қонғасын  
Не қылайын іркіліп  
Кеудеде зейін жыр тұрып?  
Лайық емес сөз айту  
Кез-келген жерле түртініп,  
Халық ғартар шылбырын  
Жүйрігі кетсе жұлқынып.  
Атадан билік мирас деп  
Адайға сөзін тындатқан  
Сырлыбай, Әкім бір туып.  
Сөз шығарған жанынан  
Айтқырлықтың өрнегі,  
Домбыра шалып зауық етпек  
Жыршылықтың ермегі.  
Бай хажының балдары,  
Хан болмаса бақытын  
Қай қазақтан кем еді?  
Көкорай шалғын көлімсің  
Шөлдеген жаңдар қанатын  
Басылып қайтып шөлдері,

Әкімдік, байлық, сахилық,  
Баршасы қатар тұрғанда  
Басыңды не ғып кем делі?  
Мөртебенді мадиықтап  
Баһадар хәлше шайырын  
Ажарлап сөзін өндеді.  
Нұрымнан айтқыр адам жоқ  
Осы жүрген Адайда  
Қарасам байқап шендерін.  
Абайсыз жүрміз аңдамай  
Жарылқай гөр, бір Құдай,  
Біздердей ғазіз пендені...

## ЕСЖАНҰЛЫ ҚАНЖАН МЫРЗАҒА

Мөжілісті жерге келгесін,  
Алқалы дуды көргесін  
Домбыраны қолға алып  
Біразырақ толғалық,  
Алланың берген өнер мен  
Болғасын сүргін-жорғалық,  
Құлақтың құрышы қанғандай  
Сөзім бар жатқан қорланып,  
Абыл менен Нұрымнан  
Өркімдер айтқан формы алып,  
Мен бір жүйрік озаған  
Бапсыз шапқан зорланып.  
Айқайлы жерде алқаған  
Көңілдің шерін қозғалық,  
Мен бір жауап бастайын  
Жорғамын сүргін басқан-ай  
Таусылмайтын сарқылып  
Қайнармын өзен тасқан-ай,  
Көп жиналған әлеумет,  
Ортаңызда зауық етіп  
Әңгіме-жауап басталы-ай,  
Сөзім бар жатқан баспалай,  
Зейінім кашып бойымнан  
Қайғы-шер кетпей ойымнан  
Болып жүрмін қасталы-ай,  
Әлейлі болса әлеумет  
Көңілдің шерін шығарып  
Сөз форымын тасталы-ай,  
Бұл Адайдың ішінен  
Қыдыр көрген бай шықты

Қаулаған мал мен бастары-ай,  
Нешелер қабылан ел шықты  
Дұшпанын жерге жастаған,  
Жауынан қорқып саспаған.  
Батырлар өтті бас алған  
Өштесіп жаумен қасарған,  
Қайрасан шықпас қасиет  
Азып туған нашардан.  
Бұл Адайдың ішінде  
Ер Қосайдан дүреген  
Төңірберген батыр бар  
Қайраты мәлім қашаннан.  
Бүгінде шыққан Қанжан бар  
Оны кем деп айтпайды  
Кешегі Сүгір, Досаннан.  
Тұқымың мықты ерлікпен  
Егескен жауды күнінде  
Табанға салдың тепкінмен,  
Байлаған басты қатерге  
Ойласам, сендей ешкім жоқ.  
Орысты суға кетіріп  
Әшкере мұндай ісіннің  
Хабарын алыс-шет білген,  
Астана-халық, көп білген.  
Хәкімдердің сотынан  
Саламат-есен құтылып  
Бір Құдайым жеткерген.  
Әруақты атаң бар  
Көндірген жауын күнінде  
Дегенін жауға етпірген,  
Халықтан қайрат таусылып  
Қол байланған тұсында  
Қайратың көпке білінген,  
Жерің жоқ, сірә сүрінген.  
Төптешке басың түскен күн  
Хәкімнен қорқып жасқанбай  
Жауап айтқан тілінде,  
Екеуіне бірдейсің  
Ақыл мен зәкүн-білімге.  
Атанып Қанжан болғалы  
Талай көпір құрысты  
Көк теңіздің түбінде.  
Айнымай еткен ісің бар  
Қапылысқан заманның,  
Әжегтеуір күнінде,  
Қабаттасып бар жұмыс  
Ағаң мен өліп інің де



Тәуекел етіп жүр едің,  
Ауыр жүкке шыдаған  
Айнымайтұғын ер едің,  
Басың істі болған күн  
Ағайын-туған, жақыннан  
Жәрдем болмай, бір өзін  
Жауменен жалғыз жұлыстың  
Қатарда болмай көмегің.  
Қатарда болмай көмегің.  
Сырттан сынап жұрт білер  
Жоғары, кімнің төменін.  
Ісің бар еткен секілді  
Исатай мен Махамбет  
Тар жерде шауып, олжалап  
Басын кескен төренін,  
Сен бір көкжал таймайтын  
Боранда жортқан бөрі едің,  
Конвойменен айдалып  
Айрылды сізбен достасқан,  
Достарың қалды бас қосқан,  
Жүрісінде қауіп бар  
Тауларды асып тас басқан,  
Бір қатар жігіт кетед деп  
Уайым айтып күн бұрын  
Сеніменен қоштасқан,  
Бөрінен де келіп аман-сау  
Қайғыдан Алла басты ашқан.  
Кешегі өткен күндерде  
Теміртапқан-Байтақта  
Әлімнен Адай бір сасқан,  
Сол күнде сенің нағашың  
Сұлтангелді батыр бар  
Айнымай жаумен ұрысып  
Серт еткен жерде тұрысып  
Көрсеткен қайрат жұлысып,  
Отыз бір найза сындырып  
Қайырған жауын қастасқан.  
Әруақты талай ерлермен  
Жорық жортқан бір жүріп,  
Шынжырлы сойсын, қарасам,  
Сондай бір жерге қол артқан  
Асылың кескір болаттан.  
Ноқталы бастың күнінде  
Ойласам, сендей ешкім жоқ.  
Көпірге қарсы оқ атқан,  
Оғын қардай боратқан.  
Өз жағыңа қарасам —  
Ер өтті деп айтпайды

Арғы атаң батыр Санаттан,  
Харазымның ойында  
Бауыздапты түрікпеннің  
Талайын шалып тамақтан.  
Өзіңнің өкең Есжан бар  
Жауды көрсе қашпаған,  
Дүшпаннан қорқып саспаған,  
Ерегіскен дүшпанды  
Жіберген емес түсірмей,  
Күралайды көзге атқан  
Отын жерге түсірмей.  
Қанжан жиен, зейін қой —  
Сөзіме жүрме түсінбей,  
Ойлаған саған жауабым  
Шеберлердің формылап  
Ажарлап соққан ісіндей.  
Айтулы шынжыр жан-жағың,  
Төңірберген аржағың,  
Егескен күні бітірген  
Ерлікпенен арманың,  
Еңіретіп боздатқан  
Жасанған жаудың қолдарын,  
Екі мың елу айтса да  
Дегені болад Алланың.  
Ерлігінді байқасам  
Кешегі өткен Досандай  
Реукен оязды өлтіріп  
Қаланың бұзған қорғаның.  
Әлікедей ханды өлтірген  
Бердәулет пен Жоламан  
Сол батырлар екен қолдарын.  
Желіккен күні жем қылдың  
Россия халқының  
Көпесі менен бурлағың.  
Көк теңізде жүргізбей  
Көпірдің кестің жолдарын  
Мал үшін емес, дін үшін  
Сол күнде сенің жүрісің,  
Әртүрлі нәрсе қабаттап,  
Ойласам, оңай болған жоқ  
Бір жігітке — жұмысың,  
Төңірберген атаң  
Қазақтың ұлы тең емес,  
Дүреген одан батыр көп  
Әзіреті-Ғали шер емес,  
Одан басқа жаһаннан

Батырлығы кем емес.  
Көкібай, Жалтыр, Досалы —  
Қай күннен бері тұқымың  
Көпірлермен ел емес.  
Қимылдап қал, Қанжаным —  
Малға сараң сен емес,  
Алқалы дудын ішінде  
Сөз тапшайтын мен емес,  
Бұрынғы өткен батырдың  
Сен қайсысынан да кем емес,  
Атаңнан батыр өткен жоқ  
Аттанған жауды қайырып  
Қасиетті пірден бата алған,  
Кешегі күні басыңа  
Жалғыздық түсіп шаталған,  
Алланың талай сақтауы-ай  
Әр жерде қалдың қатерден,  
Айқайлы жерде сөз қозғап  
Қалынған жоқсың қатардан,  
Алқалы дуда сөз айттым  
Болғасын жорға қашаннан,  
Осындай жерде айқайлап  
Қашаған жырау байраққа  
Қырмызы шапан, ат алған,  
Көп болад деп, жиен, ойлама  
Мен нар берсең де қақалман,  
Бермесен де өзін біл,  
Есжанның ұлы Қанжанға  
Шығарған сөзім бар ед деп  
Айтысып сенен ақы алған...

## АЛШЫНҒА

Білім, ғылым меңгерген,  
Азды көпке теңгерген  
Талайлар шықты елімнен  
Ақылы артық шеңберден,  
Солардың, Алшын, бірі едің  
Осалы емес, ірі едің,  
Қатарыңнан кеуделі  
Адамгершілік зейінің  
Сар даладай кең едің,  
Жүремін ылғи дәметіп,  
Сен отырсаң қасымда  
Бір түрлі денім жайылып

Толғандай болад кем-кетік...  
... Басымнан дәурен өтсе де  
Құрметпен халқым сыйлады  
Қазақстан аймағы,  
Тілімде желдің барында  
Талайларды мақтадым,  
Ырға қылдым елімді —  
Халық тілегін ақтадым,  
Жаманның айтқан сөзіне  
Сірә, құлақ аспадым,  
Мақтаса да көпшілік  
Асып, сірә, таспадым.  
Сөттігүлмын ел сүйген  
Тіршілікте сыйласқан  
Мен бір жүйрік санлағым,  
Сондықтан да өзіне  
Осы бір сөзді арнадым...  
... Кешегі бір күндерде  
Тай болдың көпке бір өзін  
Исполком болып халықтың  
Қисықтарын түзедің,  
Айдаған күн бейнет-нәсібе  
Жиырма жылдай жер ауып  
Күдер үздің «көрмен» деп  
Манғыстаудың түбегін.  
Қиындыққа кездестін,  
Тәуекел етіп сонда да  
Айнымады жүрегін.  
Біткен күні еріпін  
Халқынменен табысын  
Орындалды тілегін.  
Бейкүнә сізді кетті деп  
Пенсия беріп, құрметтеп  
Үкімет тағы көтеріп  
Абыройменен үдедін.  
Көрмесем ылғи сағынып,  
«Алшын, Алшын, Алшын» — деп  
Өзінді іздеп жүремін,  
Кезкелгенде сыйласқан  
Құрметтейтін іні едің...  
Мен ежелгі тарланың  
Бес-алты ауыз желсөзді  
Шығарып саған арнадым.  
Кем емессің қатардан  
Абырой баста бар бағын,  
Тұлпардайсың дүбірлі  
Топтан озған санлағым,

Азаматсың айтулы  
Жарысқаннан қалмадың,  
Үзілгенді жалғадың,  
«Арыдым, талдым» дегенге  
Қайыр етіп, қамдадың.  
Халқынның алтын тарихын  
Ақылың жетіп аңдадың,  
«Шежіре-шешен» атандың —  
Мақсатың болып ойлаған  
Енді жоқ сенің арманың.  
Әкенді айтсам Меңдалы  
Жеңіл демейд салмағың,  
Есігі ашық, төрі кең,  
Кетпеген қонық төрінен,  
Алғыс алған елінен,  
Сахи еді белгілі,  
Болмаған еді кемдігі,  
Солардың қалып орнында  
Бүгіндегі заманда  
Жақсысың жүрген ендігі...  
... Ат жалын тартып мінгесін  
Атағың шықты «Алшын» деп,  
Жоғарылап өрледің.  
Ұсақтықты жасамай  
Іріге қолың сермедің,  
Әкімі болып халықтың  
Ақ-қарасын тергедің,  
Дәуір заңын құлданып  
Үкіметке сінді еңбегің.  
Адамдар шыққан атакты  
Шоңай деген ауылсың  
Болмаған орта, кем жерің.  
Бұрынғыны айтпаймын  
Осы күнгі адамда  
Сенің қатар-деңгелің,  
«Алшын» деген атағың  
Байұлына білінді,  
Байрақты жерге шабатын  
Жүйрік едің дүбірлі,  
Қатарыңда ешкім жоқ  
Сенен артық білімді,  
Тереңнен кеңес айтатын  
Сен шешенсің бүгінгі,  
Күндеген дұшпан болмаса  
Айта алмас ешкім мініңді,  
Әшкертемін халыққа

Шығарған мақтап жырымды,  
Ойласам, орта жерін жоқ,  
Мақтасам, ешбір кемің жоқ,  
Жүрт не десе, о десін  
Сенің қатар-теңің жоқ...

1964 жыл

## ІАЙДЫҢ ОН ЖЕТІ БАЙ-МЫРЗАСЫНА АЙТҚАНЫ

Талайдың алдым жүлдісін,  
Байұлының өр жерде  
Мақтап жүрмін бұлдысын,  
Сөйлеген күні шыныммен  
Ақтардым жүрттың тілдісін,  
Не пікірлі білгішін.  
Әшкертейін жасырмай  
Әркімнің еткен үлгісін.  
Кешіре гөр, бір Алла,  
Тезіңе салып тексерсең  
Толып жатыр міндісі...  
Сынап жүрмін аралап  
Халықтың бай мен мырзасын,  
Ірілік жақтан озды деп  
Ең өуелі жүрт айтты  
Саламаттың Сарбасын,  
Керек десең, біздерге  
Аямады мал басын,  
Сахилық жаққа келгенде  
Байназардың Ыбырай  
Таба алмадым тайласын,  
Жылқысынан тандатты  
Төселген сүргін жорғасын.  
Ақшакедей Жарықбас  
Май беруге жалықпас,  
Қайнарбай деген інісі  
Кетпесін құр деп жетегің  
О да берді бір ат пен  
Тулы бие — тай басын.  
Бір ту бие, бір аттың  
Екеуін қабат тең берді  
Жетімек Жұмағазының  
Таба алмай жүрмін қолдасын.  
Ежелден ердің тұқымы  
Суарған қанға алмасын.

Тобанияз, Аманкүл —  
Тастамай жүрмін аузымнан  
Шеңгелдеп талай алғасын,  
Аты аталған жігіттің  
Қатары неге қорласын?!  
Тіней деген ауылдан  
Зөкөрия, Шам, Талпақ —  
Мен бұларды да мақтадым,  
Парымен алдым аттарын,  
Аулына келген қонақтың  
Күр жібермейді екен қапталын  
Байұлының баласы  
Айтпайды екен орта деп  
Дөреже, байлық, бақтарын.  
Зөкөрия, Талпақтың  
Жорғасын миңдім тепектеп,  
Бір атын алдым жетектеп,  
Адина қылып алқада  
Ақшасын алдым етектеп,  
Қанша алсам да мойымайд  
Ырыскалым кетед деп.  
Айдаған күні нәсібе  
Жоғарғы жүрген Адайда  
Байбол деген ауылдан  
Аралап былтыр мен көрдім  
Сердалы байдың Бекесін  
Жүр екенбіз көре алмай  
Салтанатты байдың көкесін,  
Он қадақ шай мен бір айғыр  
Бү да берді айтқасын  
Жұлдырып сөздің шөкесін.  
Есігі ашық, төрі кең  
Алғыс алған елінен  
Сөйлеген күні жүлде алдым  
Солардай елдің бегінен.  
Жомарт деген ауылдың  
Жаманкүл деген бір жігіт  
Інген берді айырдан  
Іші буаз — қайыған,  
Дәулеті шақтас болғанмен  
Оздырды жұрттың байынан,  
Жігіт екен ілгері  
Өзінің артық тайынан.  
Бұл күндегі коммунист  
Айладырдың алдында  
Етіп едім сауықты  
Қаласында Көкжардың,

Аралап дүкен-зауытты  
Бешпент-шалбар таңдатып  
Метрін сегіз мөнеттен  
Алып берді мауытты,  
Кем болған жоқ сол күні  
Нар бергеннен ауытты.  
Жігіт екен тұсынан  
Ілгері туған азамат  
Етпейтұғын қауіпті.  
Аштархан — Хандық аргы бет  
Одан да келдім аралап  
Ескегін суға сабалап  
Қайық деген көлікпен  
Өзегін жүрдім жағалап,  
Ортасында отырдым  
Адамдары қамалап,  
Шиландарын шығарып  
Ақшасын берді додалап.  
Қыдырша деген ауылдан  
Әбіш пенен Смағұл  
Мереке-тойын бастатты,  
Үш сағаттың бойында  
Қырық шақырым жолды алған  
Олар да берді жақсы атты,  
Бір көруге оқсатты,  
Жарғы тай мата тағы бар,  
Алдырза болсын, шабазға,  
Бітірді көңіл-мақсатты.  
Бұл күндегі заманда  
Смағұлға деңгел жоқ,  
Қайда барса алды ашық  
Мол алады шеңгелдеп,  
Нағашысы Қосай, Берекет  
Жүз қой берген жырышпа  
Қазақ оны жеңген жоқ,  
Сан мал алдым Адайдан  
Мұндай жақсы ат берген жоқ,  
Аргы атасы Әнеттен  
Келе жатқан үзілмей  
Шынжыр екен шұбалған,  
Нағашысы Әбіштің  
Ағатай Беріш ұраннан  
Сүйінгара, Қызанбай  
Беріштің өңкей бектері,  
Шын ұлындай Шыңғыстың  
Сұрасаң, асыл тектері,  
Ерлігін айтып мақтасам



Толып жатыр еткені.  
Анык таза адамға  
Бір жаратқан Алла артық,  
Смағұл мен Әбіштің  
Қайда барса алды ашық,  
Сахилығын көргесін  
Әркімдер жекжат болып жүр  
Етегіне жармасып.  
Байұлының балдары  
Қасиетті қашашшан  
Көрмеген тұқым қарны ашып.  
Жырлап едім тойында  
Жақсы ат берді арнасып,  
Ауыздары бір екен,  
Татулықпен келеді  
Бір-бірімен жалғасып.  
Мүсәпір-міскін кез келсе  
Қайыр ете қояд қамдасып,  
Өнерлерін оздырып  
Жақсы ат пен сұлу қатынды  
Алысып жүр тандасып  
Бұл күндегі заманда  
Смағұл мен Әбіштей  
Жігіт бар ма елінде  
Үстіне қонық иірген  
Аулының үстін шаң басып?  
Қайсыбірін айтайын —  
Талай ерден мал алдым,  
Он мың мөнет, бір айғыр  
Қалада мақтап жөне алдым  
Мына Орынбасар, Жалаудан,  
Бұл күндегі заманның  
Жігіттері екен қалаулы,  
Халқы аузына қараулы,  
Тәртібі жұртқа тараулы.  
Басына барып Қиянның  
Басқаны жорға бие алдым  
Байжанның ұлы Асардан,  
Жігіт екен ілгері  
Сахилық жаққа қасарған,  
Орын екен, сұрасам,  
Келе жатқан қашаннан.  
Дәулеталы Ұзақбай  
Дабысы келді құлаққа-ай,  
Қонақ қылып жырлатып  
Бү да берді бір атғы-ай.  
Кеңсе деген ауылдан

Өтегүлдың баласы  
Нәсухаға сөз айттым  
Арнап барып үйінде,  
Жағасы жыртық бір шапан  
Әкеліп жапты иінге,  
«Жарытты» сөйтіп киімге,  
Лайық деп бергесін  
Астыма бүктеп мен салдым —  
Бәлен-түген дейін бе?  
Мырзаның берген байрағын  
Шығарып жүрмін жарыққа  
Жасырмай айтып әр жерде —  
Жатушы еді бүйірде.  
Нәсуха берген төрт саулық  
Айдай бердім ысқырып,  
Ысқырсам да жүрмеді  
Топалаң тигір пысқырып.  
Көп көрдім талай алқаны-ай,  
Түсіп жүрмін ортаға-ай,  
Қаратып жүрмін аузыма  
Мына жағы Аштархан,  
Мына жағы Харазым,  
Маңғыстау, Орал, Арқаны-ай,  
Алланың берген демінде  
Әзір күні келеді  
Үстімнен базар тарқамай,  
Күралым неге тарқасқан —  
Бұл күндегі заманның  
Болғасын шайыр дарханы-ай.  
Бұл айтқан жұрттың баршасы  
Сыйлағаннан мал берді —  
Біреуден біреу қорқа ма-ай?  
Жақсы мен жаман өуелден  
Негізінде тартады-ай.  
Бұл айтқан сөздің себебі  
Нәсухадан болыңды,  
Таптырмайды абырой  
Ағайын, туған, еліне  
Жігіттің нашар, төмені.  
Әркімдер-ақ айтатын:  
«Жұмысың түссе Сармысқа  
Халыққа бар, — деп — керегі»,  
Нәсухасы күргырға  
Алаң болып өуелден  
Мақтамадым Сармысты,  
Одан басқа сөзімнің  
Қайтпас па еді дерегі?..

## ЕСЕНҒАЛИДЫҢ СӘТТІҒҮЛҒА АРНАУЫ

Асқарда өскен шынардай  
Сәлем жолдап отырмын  
Сәттігүл — аға ақыным,  
Әйгілі жырау Адайда  
Туысқан жөне жақыным.  
Бағалауға сөз жетпес —  
Асқан дана ақылын,  
Озық туған ілгері  
Өтімді семсер батылым.  
Сөздерің зәмзәм суындай  
Жүрекке жұмсақ татымың,  
Таланысың танбайтын  
Еңбекші азаматының.  
Ұтылуды білмедің  
Үстінен шығып қапының,  
Халқыңа тағы тиген жоқ  
Кесапат айтып зақымың,  
Босамастан келеді  
Абыройменен тақымың,  
Нәсерлетіп жырыңмен  
Көл еттің жердің тақырын,  
Ақындығың ақтады  
Борышын адам атының,  
Ішіне сен де тіркелдің  
Тарихтың хатының,  
Орын алдың төрінен  
Ақындық биік сатының,  
Сөзбенен түйреп жауынды  
Тугыздың заман ақырын.  
Дидарласып көруге  
Қоңысым бөлек, Сәтеке,  
Мыңға жуық шақырым  
Ақылың байтақ дария,  
Бүкпесі жоқ — жария  
Көп ақынның көсемі —  
Көпті көрген көрия,  
Іңкөр еттің біздерді  
Алыстағы өзіңе,  
Алтыннан асыл бағалы  
Өзіңнің қымбат сөзіңе,  
Арғы түбің аталас —  
Көремін жақын өзіме.

Сегіз арыс Адайда  
Тең таппадым өзіңе,  
Өзіңмен сырласпақшымын  
Келтірсе тағдыр кезіме.  
Ардақтысы халқымның —  
Сенің сөзін қасында  
Бағасы төмен алтынның.  
Көптің сөзі болғаның —  
Артықтығы нарқынның,  
Абыл, Ақтан, Нұрымнан  
Айтылып келген бұрыннан  
Оза түсіп артылды,  
Сөзіңе-сөзі пар кемейд  
Қашағандай қартыңның,  
Әлденеше бейгі алып  
Бабына түсіп тартылдың,  
Жетпеген жері кемде-кем,  
Сөтеке, сенің даңқыңның,  
Жорғасы болды бүгінде  
Социалистік салтымның,  
Жаршысы болдың жөне де  
Өріс алған қарқынның,  
Қайсыбірі биязы  
Қалы кілем бұйымды  
Жүрекке жылы конымды,  
Кімге айтса да сыйымды,  
Сөз бенен сөздің арасы  
Таң қаларлық қиынды,  
Айналасы жұп-жұмыр  
Сөздерің бөлек жиынды.  
Ерекше мінез-қасиет  
Бастағандай ұйымды,  
Сөздеріңе лайық  
Алдыңыз елден сыйынды,  
Бастап жүрсіз өзіңіз  
Салтанатты жиынды,  
Шәкірттерің жиналып  
Жан-жағыннан құйылды,  
Дәулетті колхоз шаруасы  
Айналаңа жиылды,  
Құмары елдің өсулі  
Быттырғыдан биылғы.  
Түбі терең теңізсің  
Толқындаған кемерің,  
Өріс алып өрлеген  
Жылдан жылға өнерің,  
Аға деп сізге еремін —

Асқан дана-шеберім,  
Сөзің сұлу, сындарлы  
Аса жүйрік өренім.  
Өткірлігін сөзіңнің  
Зұлпыхардай көремін,  
Ойландырды өзінді  
Неге апарып теңерім.  
Ұлан-байтақ өлшеусіз  
Мұхиттай түпсіз тереңім,  
Заманымның жүлдісі  
Ақынның шебер тілдісі  
Көпті көрген зерегім.  
Абзалың асыл жаралған  
Әлеумет сүйген беренім,  
Өткен өмір куәсі —  
Жырына бізді бөледін,  
Сілкіндірдің жырынмен  
Маңғыстаудың көлемін,  
Жаңалықты қарсы алып  
Ескілікті шенедін,  
Сол себепті өзінді  
Миуалы ағаш жемісті  
Бәйтерекке теңедім.  
Жарқын көңілің Жайықтай,  
Екпінің күшті Есілдей,  
Сұлулығы сөзіңнің  
Қыз Жібектің көшіндей,  
Жадыраған мінезің  
Жаздыкүнгі бесіндей,  
Сөздерің болат азбайтын,  
Жанға рахат өуезің  
Қобыздың жайлы сесіндей,  
Нәрселер кем өзіннен  
Қалатұғын шешілмей.  
Тарихқа көз салсам  
Нешелер тілді өтіпті,  
Заманасы азалап  
Зар илеумен кетіпті  
Ел аузында еленіп  
Сөздері бізге жетіпті,  
Құлана-аяқ Құлмамбет,  
Майлықожа, Маясар  
Домбырасын безеген,  
Қызыл тілін кезеген,  
Хабардың бар-ды тағы да  
Атақты ақын Шөжеден,  
Тар бұғаудан өте алмай

Атының басын тежеген,  
Мұрат пенен Шортанбай,  
Ығылман мен Күдері —  
Бұлар да өткен бірынғай.  
Әсет пенен Біржан сал,  
Нұржан менен Орынбай —  
Ардақтаған бұларды  
Көшпелі қазақ бұрынғы-ай.  
Қазақта ақын болмаған  
Құнанбай бидің ұлындай,  
Заманында болмапты  
Біздің қазақ елінде  
Ондай адам ғылымды-ай,  
Бостандықты көксеумен  
Арманда өткен шырылдай,  
Кең дария тарылып  
Таба алмаған тынымды-ай,  
Қуаттайтын өнерін  
Болмаған адам ұғымды-ай,  
Халықтың камын жегендер  
Ұшыраған сығымға-ай.  
Біреуін айдап Қытайға,  
Біреуін қуған Қырымға-ай,  
Өмірдің алтын желісін  
Сахыраға байладық,  
Бай менен бекті арадан  
Әлдеқашан айдадық,  
Жау жалын боп жанса да  
Қаймықладық, таймадық,  
Елімізде ен дәулет  
Гүлденіп көктеп, жайнадық.  
Кешегі өткен кер заман  
Келмеске кетті айналып.  
Қазағымның балдары  
Жауапты жұмыс атқарды  
Арамыздан сайланып,  
Бұрынғының ақыны  
Жүруші еді қайғы алып,  
Сәл зат үшін Сібірге  
Кететін еді айдалып,  
Бүгінгінің ақыны  
Ауыл менен қаланы  
Шалықтайды айналып.  
Таусылмайтын, Сәтеке,  
Өлең-жырдың кені сен,  
Хош иісті жан-жағы  
Ел жайлаған көлі сен,

ішсе мейір қандырған  
Қайнар бұлақ көзі сен,  
Екі адам бас қосса  
Біреуінің сөзі сен,  
Алдына қара салмаған  
Қас жүйріктің өзі сен.  
Астана елдің бағына  
Көп жасаныз тағы да,  
Жүректен жырың жосылып  
Бойына жігер қосылып  
Екпіндесін ағыла,  
Қартайдым деп қажымай  
Түсе берші бабыңа.  
Дерт бермесін, Сөтеке,  
Қаусырма екі жағына,  
Жақұттай сөзді төгілдір  
Жұмысшы-шаруа табына,  
Жамиғаттар керегін  
Салып алсын қабына.  
Көп алғысы көл болып  
Абырой берсін жаныңа,  
Ерен туған дүлділім,  
Аз ғана сөзді арнадым,  
Руым Байбоз, сұрасаң  
Болғанда Мұнал аржағым,  
Бұл белді жері Адайдың  
Кезі келген кезеңде  
Бос тартпаған қармағын.  
Есенғали — өз атым,  
Он бесімнен майысқан  
Қалам ұстап бармағым,  
Өзіңіздей ақынмен  
Дидарласу — арманым.  
Сөз сұраймын азғантай  
Тарихынан Адайдың  
Болмаса да сізден алмағым.  
Көргенімше аман бол  
Топты жарған санлағым.

*29-30 сәуір, 1949 жыл  
Бекдаш поселкесі,  
Есенғали Бөкембаев*

## ЕСЕНҒАЛИҒА СӘТТІҒҰЛДЫҢ БЕРГЕН БАТАСЫ

Алаштан шыққан бөлініп  
Алшын деген ел едік  
Қиырдан келіп қиянның  
Жерлерін жүрген иеленіп,  
Мал менен басқа жұрт едік  
Жарыған жақсы кенеліп,  
Керегі үшін кентті жұрт  
Ақша беріп мал алған,  
Патшалы жұртпен басымыз  
Қатар өскен тең едік,  
Аш-арық келсе алыстан  
Қазынамыз қайырлы,  
Қарттарымыз зайырлы —  
Пейілге де кең едік,  
Жетімдер келсе жылаған  
«Шырағым» деп шынымен  
Маңдайдан сыйпап жебедік,  
Орынсыз нық көрсетіп  
Ақысын жұрттың жемедік,  
Ханды өлтірген қашқынға  
«Қайдан жүрсің?» — демедік,  
Айныбымыз бойдағы  
Оқу-білім, өнерге  
Басқалардан кем едік.  
Кете бермей кейінге  
Қазіргідей халықтың  
Жағдайына келелік:  
Партия жарық шам болып,  
Ағарып атқан таң болып  
Осы күні отырмыз  
Ру түгіл ұлттардың  
Ұлысына теңеліп.  
Жер менен судың байлығын  
Отырмыз қазір иеленіп.  
Келмеске кетті кер заман  
Тозығы жетіп, көнеріп.  
Біз Байұлы атандық  
Қондырған қоңсы жанына,  
Руда ұран-пір болдық  
Қарсы жұмсап қаруын  
Қалалы жердің ханына.  
Қайрат қылған қажымай  
Өз халқының қамына,



Ерлері болған елімнің —  
Қарасынан қаймығып  
Келмеген дұшпан мандына,  
Жүйріктер болған жүлділі  
Жан салмаған жарысса  
Шабуылдың шанына.  
Көпке дейін көнбедік,  
Салық салса — бермедік,  
Патшылаққа бас иіп  
Бағынбадық заңына,  
Сүйтіп жүрген заманда  
Тағдыр айдап тап қылды  
Өмірдің өшпес шамына,  
Компартия күн болды  
Еңбекші елдің бағына,  
Қараңғыны арылтып  
Жолықтырды елімді  
Октябрьдің таңына,  
Аямай қайрат жасады  
Байтақ елдің бағына,  
Толып жатыр өңгіме  
Айта берсем тағы да...  
... Адай деген ел едік  
Әруақ қонған арыдан,  
Қасиетті халықпыз  
Қыдыр қонып дарыған,  
Батырлық, байлық, береке  
Бөріне де жарыған.  
Келінберді, Күдайке  
Жұлына шықты парынан,  
Қыс — Манғыстау, жаз — Арқа  
Аса көштік үдеріп  
Заманның заңсыз сарынан,  
Қауіпті болған халқымыз  
Хандардың қатты қарынан,  
Айрыла жаздық аңсызда  
Елдің намыс-арынан,  
Сүйікті сұлу жарынан,  
Ат пенен атан парынан.  
Жауларды жаншып, қайырдык,  
Алғандарын айырдык  
Еліміздің ішінде  
Ерлерімнің барынан.  
Қармыс қаза табулы  
Жау қолында жылаған  
Жесірлердің зарынан,  
Жасасын көсем-Ленин

Күзгіндардың құтқарған.  
Шаңы менен шарынан...  
... Сұрасаң, інім, сөз осы  
Көп жасаған көнеріп  
Жасы үлкен аға — қарыдан,  
Заманым болды бүгінде  
Қайратым қайтып, арыған,  
Аяқтарым ауырып,  
Арқаларым жауырып,  
Денсаулық кетіп кеудеден  
Ағзаларым арыған.  
Бұл әңгіме білгенге —  
Өткен заман сарынан,  
Есенғали, шығысың  
Атаң Мұңал Адайдың  
Сегіз арыс — бірісің,  
Ер Бекет шыққан ішінен  
Қасиетті пірісің,  
Кетпес бақыт, кең пейіл  
Келе жатқан кірісің,  
Болат темір боранға  
Бұзылмайтын сірісің,  
Кісі бойы қол созым  
Қатарыңнан ірісің.  
Ол әулиелердің рухы  
Шаттанад дейді шарғыда,  
Мадияқтаса өзінің  
Кейінгі қалған тірісі.  
Мұңалдың ұлы Бөйімбет,  
Әли мен Жаулы, Шоғысың  
Оза Әлім, қалса Байұлы  
Ішіндегі барысың,  
Екі жүйрік қосылса  
Біреуісің, парысың,  
Кешегі қанды майданда  
Арпалысып, алысып  
Қорғаның елдің намысын.  
Қалың шыққан қайранға  
Сабақтары айрылған  
Сабансыз сары тарысың,  
Ауыр жүкті артатын,  
Артқан жүкті тартатын  
Қасиетті Мұңалдың  
Қатепті қара нарысың.  
Айтты деп айып етпеңіз  
Елдің ру — арысын,  
Білектегі бес саусақ

Сүйемнен ұзын қарысым,  
Көрі тарлан жыраудың  
Айтқанының бәрі шын.  
Есеғали ініміз  
Жас акын жанға жігерлі  
Іздесе пұлға табылмас  
Мысқалдығың мың алтын  
Сен бір сирек дәрісін,  
Бөйімбет атам баласы  
Райымберді, Сабығай,  
Жақсылар шыққан ішінен  
Абырой тапқан ауылсың  
Еңбегі менен ісінен,  
Ел ішінде ерлердің  
Сескенген дұшпан күшінен,  
Сыр аспаған сыртына  
Қаусырма жақ тісінен,  
Батырлар болған байсалды  
Қаймықпаған кісіден,  
Пайдаланған өлеумет  
Қайраты менен күшінен.  
Төрт жүз адам өлулі  
Бір Төлептің өзінің  
Найзасының үшінен,  
Қарсы дұшпан қаймыққан  
Қараса тура — түсінен,  
Қарлы боран секілді  
Тонғандай толқып үсіген,  
Төлептің туған шешесі  
Жерігіне жегені  
Қара бүркіт — күшіген.  
Харазымның жерінің  
Қашаннан қалың астығы,  
Бітік шықса егіні  
Болмайды елдің аштығы,  
Төқаппар менен менменнің  
Болмақшы, сірә, мастығы.  
Жүзден астам жыл бұрын  
Харазымнан хан бастап  
Екі жүз елу қарақшы  
Абайсызда ел шапты  
Бұл Адайға қылған қастығы,  
Екі жүз елу дұшпанды  
Қырық кісі қуғанда  
Байбоз бенен Жанбоздан  
Батырлар екен бастығы  
Доспанбет пен Майырған,

Есеттің ұлы Жайылған,  
Жаудан жесір айырған,  
Қатын-бала, мал, мүлік  
Барлығын түгел қайырған,  
Менменсіген дұшпанның  
Жүрегі лобып шайылған,  
Төлөнді, Қабыл, Ықылас,  
Есенияз төртеуі  
Ақала шөһит Адайдан,  
Осылардың ерлігі  
Кем болған жоқ білгенге  
Құнан орыс Шабайдан,  
Қаракшыны қуғанда  
Қосылмады басқа Адай  
Хабар тимей маңдайдан,  
Қалай шыдап кім тұрар  
Жау қолыңда баратса  
Ауыл-аймақ, қарайған?!  
Төрт шөһитке сондағы  
Өлген дұшпан қырық-елу  
Үлеске тиген жастығы,  
Азаматтың қайда да  
Білінбей қалмас аттығы.  
Жақсы болса жігіттің  
Болады кімге жаттығы?  
Өнердің бірін өлең дейд  
Өленді де өнер дейд  
Дүниенің қызық шаттығы.  
Есенғали ініміз  
Жақсылардың бұрынғы  
Абыройлы ақтығы,  
Айту керек өркімнің  
Болған дұрыс сарасын,  
Осал деп ойға кім алар  
Байбоз деген ауылдың  
Шапқыған көлдей шарасын?  
Мекен еткен бүгінде  
Шағадамның қаласын,  
Қоныстанған байырғы  
Каспийдің шығыс жағасын.  
Жас та болсаң, шырағым,  
Соңғыларға ағасын,  
Абыройың артылып  
Ілгерілеп барасын,  
Емін тауып сөзіңмен  
Талайдың жаздың жарасын,  
Ақыны деп Адайдың

Адай түгіл талайдың  
Інісіне ағасы  
Осылай берер бағасын.  
Бір бұл емес — бұрыннан  
Атаның үлгі ісі еді  
Жүйріктерін ылаған,  
Семіздерін бұлаған,  
Жыгылғанда бас сүйеп  
Сынганын сыйлап-сылаған,  
Қамқорлығын жасаған  
Жетімдер келсе жылаған,  
Осылай деп айтып жүр  
Сені де сырттан сынаған.  
Алпыс кісі азамат  
Теңізде қаза тапқан күн  
Қайран халық, қарындас  
Жанына қаза батқан күн,  
Қатын-бала қайғымен  
Тұра алмай үйде жатқан күн,  
Күннің бетін бұлт алып  
Қаратүнек жапқан күн  
Төсегінен түрғыздың  
Көңілін аулап сөзбенен,  
Бұл өзіннің өдейі  
Халқыннан алған сыбаған,  
Әуелден-ақ үмітті ем  
Сонымнан бір ұл туар деп  
Бір Құдырет-Құдадан,  
Батамды бердім өзіңе  
Болған соң сөзің сүйкімді  
Астана елге ұнаған.

1956 жыл

## ТӨРТ НАЗАРҒА АРНАУ СӨЗ

Әңгіме-кеңес тыңдауға  
Отырсың, халқым, қаумалап,  
Бұл жұмысы шайырдың  
Сөзбенен хоштап, көгеріп  
Көңілін көптің ауламақ,  
Орынды жерге келгесін,  
Зейінге желсөз енгесін  
Ашайын жырдың бұлағын,  
Бұрынғы өткен жақсымның

Әруағы тебіренсін,  
Бұлданбаиын кідіріп,  
Өнебой тұрмас тірілік,  
Айрылысармыз бір күні  
Оғырғанмен бүгін бірігіп...  
... Пайғамбарлар да өтіпті  
Халқы төрелік алған жүгініп  
Не шайхылар өтіпті,  
Дүниеге Мәшһүр білініп,  
Не жүйріктер де өтіпті  
Айқайлы дүбір, топ көрсе  
Тұра алмаған жұлынып,  
Не сахилар өтіпті  
Көрсеткен жұртқа ірілік,  
Шешендер де өтіпті  
Сөйлеген күні аузына  
Қараған жұрты үңіліп...  
... Атамыз Қыдырғожадан  
Бермен қарай өскелі  
Ақ бөкендей орытқан  
Адай ел едік көшпелі  
Сахыраны жүрген иеленіп,  
Тарау-гарау ел едік  
Берекет тапқан қоныстан  
Жарлысы байға теңеліп,  
Қыдыр көрген бай шықты  
Рахат тапқан кенеліп,  
Әруакты талай ер шықты  
Егескен күні дүшпанның  
Қайтарған тауын шегеріп,  
Кемелгер-кеңес би шықты  
Қалмаған сөзге бөгеліп.  
Кешегі бір заманда  
Біздің Адай қайратқа,  
Патшалы жұртпен тең едік  
Дұғалы тиген көгеріп...  
... Сегіз арыс Адайдың  
Ішінде Мұнал көп едік,  
Мұналдан шыққан Жаулы едік  
Халықтың қалың сауыры едік,  
Абылдай ақын, пір Бекет  
Парымен шыққан ауыл едік.  
Бастан айтсам әуелі  
Пір өткен жоқ Бекеттен  
Кереметін көрсеткен,  
Ер өткен жоқ артылып

Сүйінгара, Шотаннан,  
Тәжінің ұлы Досаннан;  
Осылардың баршасы  
Болмаған дейді осал жан,  
Батырлар дейді бас алған,  
Сермеген күні серт етіп  
Қаруы қанға жасарған...  
... Үш арыс Жаулы — Жары едік  
Әруаққа таудай бар едік  
Реті бөлек жасалған,  
Сол Жарының ішінде  
Дуадақ үшқан боз төбе  
Назар деген ауыл едік  
Келе жатқан қашаннан,  
Ішімізден ер шықты  
Егескен жаудан өш алған,  
Шежіре-шешен би шықты  
Сөйлесе халқы хош алған.  
Төрт арыс Назар болғалы  
Бір айналмай кеткен жоқ,  
Қанша жұрт болдық дегенмен  
Қара ұлы қазақ баласы,  
Іс түскен күні басына  
Қоңсы қонып басына,  
Басқадан бұлы аса алған.  
Назар деген аулымның  
Әрбір ісі артылды,  
Төрт Назардың ішінен  
Жақсылар шықты өртүрлі,  
Біразырақ айтайын  
Қасиет, бақыт орнаған  
Бұрынғы өткен қартымды,  
Жатқа да талай жыр айттым  
Бір шығарып салайын  
Өзімнің енді халқымды...  
... Тобына түсіп сынаттым  
Толы жұртқа парқымды,  
Адайға ортақ болғанмен  
Тастемір-Назар мен сенін  
Бәйгілі жерге қосатын  
Жүйрігің едім қарқынды.  
Қыдыр көрген Назардың  
Бір баласы Тастемір  
Алшыннан озған байлығы,  
Болыпты таудай айбыны,  
Қазақ қанша болғанмен

Ғанилыққа толғанмен  
Көргенде көңіл айныды,  
Оның айналасын мас қылған  
Ат, атаны мен айғыры,  
Жан-жақтан келсе келімсек  
Бұғағ да болды жайлылы,  
Уайымы тарқапты  
Қашқындар келсе қайғылы.  
Ғани екен дұға алған,  
Орнаған екен өруақ  
Арғы атасы Мұналдан,  
Байлығының сөні үшін  
Болсын деп белгі мұра алған,  
Келімсектерін кенелтіп  
Алдын-алдына шығарған,  
Түгел айтсам еткенін  
Шетінен тауысып шыға алман...  
... Алты бала туыпты  
Бөйбішесі Құмардан,  
Құмардың алты баласы:  
Сейт, Сейтімбет, Таңырық,  
Балта, Қылыш, Ағеділ —  
Қате айтпасам жанылып.  
Бел баласы Сейіттің  
Бектұрлыдай бай шықты,  
Қара ұлы қазақ естіген  
Хабарына қанығып,  
Байлығына ден қойған  
Естіген жұрты нанығып.  
Көрсетіпті зайырын  
Сасқан күн халқы тарығып,  
Қысылған күні тарылып,  
Тигізіпті қайырын,  
Жеті атаға келгенше  
Кетпеген ырыс арылып,  
Қайырлы байдың тұқымы  
Кемшілік көрсін не ғылып?!  
Бектұрлының балдары  
Әуеталық пен Қожырдан  
Қасиет пенен байлыққа  
Болмаған екен озық жан,  
Бұлар зайырлы болды шетінен,  
Үлгі алды халқы кейпінен,  
Жалғаншыда жандардың  
Басына бақыт бекіген.  
Әуеталықтың айтқаны



Ауруға дөру — ем болды,  
Сілтегені жөн болды,  
Сенделгендер қастан  
Тағаттық тауып жөнделді,  
Қазасыз жанға қалайда  
Мықты бір себеп-дем болды,  
Алла бақыт бергесін  
Қасиет, байлық тең қонды.  
Байдың аулы ежелден  
Келгенге төрі кең болды,  
Мал менен басы тең өсіп  
Талаптары жөнделді,  
Әр баласы әр ауыл  
Ауыр дәулет менгерді.  
Қазақ олқы көрген жоқ  
Бектұрлы байдан өнгенді.  
Кенжесі еді Қожыр бай  
Төрінде жатып түс көрді,  
Болжады ғайып істерді  
Ілгері жақты байқады,  
Айтқаны талай түс келді,  
Бір жағына байлықпен  
Әлсіздерге күш берді,  
Ғанилыққа таспады,  
Артық сөйлеп аспады,  
Жаратпады тасқанды,  
Білінді жұртқа нышаны  
Ғайыптың ісін болжаған  
Уәлиелерге ұқсады,  
Жүсіптің көрген түсіндей  
Түсінің болды мысалы.  
Қасиет, Дәулет, дабысын  
Естігенде Алаштың  
Толғандай болды күшағы,  
Ірілік бітіп ежелден  
Етпеді істің ұсағын...  
...Балдарын айтсам парымен  
Шөңей менен Бақажан  
Тұтынған мұра атадан,  
Бұлар айдың көл болды  
Шөлдеген жандар қанғандай,  
Байлығына байырқап  
Көрген жандар таңғалды-ай,  
Енді ойласам, бұл күнде  
Солардай болған жан барма-ай?  
Қайырменен шақырды,

Камдады мискин-пақырды,  
Салтанатты болды хандардай,  
Мың жарым жылқы шандатып  
Қызылқұм, Таудың арасын  
Бір толтырып еді аңғарды-ай,  
Жарлы түгіл бай да алды  
Жәрдем сұрап арланбай,  
Алла білер ақырын,  
Қатарынан бір озды  
Бұл дүние-жалғанда-ай.  
Қайырлы бай ғалым мен  
Қалмайды деген және бар  
Танда махшар күнге барғанда-ай,  
Біреулер келді жабығып,  
Біреулер келді тарылып,  
Сұраса — бітті мақсаты  
Қайтпады тауы шағылып.  
Әрқайсысы ат мінді  
Жаяулар келсе сабылып,  
Бөрінің керек мақсаты  
Бір өзінен табылып,  
Көшкенде дөріл-фөниден  
Жоқтады халқы сағынып.  
Сабасы шалқып көл болды  
Шөлдегендер ішті жабылып,  
Күннен күн асып арғылды,  
Дауыс етім жерге тартылды  
Ұзыннан шұбақ желісі,  
Бү дүниенің жүзінде  
Болмайды шиттей кемісі.  
Біткен екен армансыз  
Мал менен жанның тегісі.  
Бақажанның аулынан  
Ауыспады басқаға  
Ұлы сулы өрісі.  
Інісі Сұлтан отырып  
Мекемеде сот болды,  
Азғантай емес, көп болды,  
Аузына арам салмады,  
Әңгіме-сөзге қалмады,  
Белгілі төре-бек болды,  
Кешегі Николайдың тұсында  
Талай құрал-кеп болды.  
Істерін айтсам Сұлтанның  
Әділ еді төресі  
Тура тартқан бұлтармай

Әділдік пен бектікке  
Болып еді жұрт алды-ай.  
Қайырлы бай, тура би  
Ішінен шыққан елімнің  
Ауылым еді бұл маңдай,  
Байшолақ, Сұлтан екеуі  
Хәкім болды парынан,  
Іс түскен күні халқының  
Болған жоқ айқай соңынан  
Бектүрліның балдары  
Халқының болды хандары  
Атағын жұрты таныған,  
Байшолақ пен Сұлтаннан  
Хәкімдікті көп сүрген  
Шыққан жоқ ешкім Жарыдан...  
... Бұл Назардың ішінде  
Болған екен көсемі  
Тілге жүйрік шешені,  
Сегіз арыс Адайға  
Назар деген ауылым  
Үлгі берген деседі.  
Үлгісін берген айтайын:  
Харазымның ойында  
Мәткерім пірге қол берген,  
Ақиқат түзу жол көрген,  
Ең әуелі Адайда  
Атанған шайхы-пір болды,  
Бү да бір үлгі-түр болды  
Тастемірдің Айдары,  
Пір тұтылып, қол берді  
Бірқатар жұрты-аймағы,  
Медіресе, мешіт сайлады,  
Адамдарын оқытып  
Ілімге көңілін байлады,  
Тәуекел етіп Тәңірге  
Тарихат жолдан таймады,  
Сескенткендей серпіліп  
Шайтанға болды айбары.  
Орын алған жәннәттен  
Махшар күнгі пенденін,  
Сол екен мақсат-байрамы.  
Өткенімнің рухын  
Әрі-бері көтеріп,  
Баһадар хәлше сайралы.  
Тағаттан көңілін бұрмады,  
Тұщықұдық басынан

Мешіт салып орнады,  
Шөкірті қойдай шулады,  
Аласы кетпей аузынан  
Құраны түспей қолынан  
Болған екен қырық жыл  
Мешіт ұстап тұрғалы,  
Шайхы деп қайыр-дұға алып  
Қадірлеп халқы бұлдады,  
Ахиреттің жолында  
Талап етіп шындады,  
Қол қусырып, төубе етіп  
Көп болды жұрттың сынғаны  
Бақидың ойлап базарын  
Ғибадат етіп тынбады,  
Енді ойласақ, сол екен  
Құдайдың сүйген құлдары.  
Күндіз-түні зарлады  
Зікір айтып Аллаға  
Төуекел етіп Төңірге  
Шаригат жолдан таймады.  
Тастемір байдың кенжесі  
Ағеділ екен аржағы  
Бү да тахуа екен шамалы,  
Қасиетімен біртүрлі  
Өлінің халін шамдады.  
Арғы атасы Тастемір  
Асқар таудай салмағы  
Дария екен жатқан арналы,  
Тұсынан озған бай мен би  
Сейт, Сейтімбет балдары...  
... Тірлікте басқа тағы да  
Адайға бердік үлгіні,  
Болған екен Назардың  
Түрлі-түрлі білгірі,  
Бір зор істің хақында  
Қарсы болды Жанғабыл  
Бір ояз, алты сотпенен,  
Наурский деген ол күнде  
Бір хөкім екен Қаһарлы  
Үстінен жаһан өтпеген,  
Алдынан ешкім кетпеген,  
Ашғабад деген қалада  
Жандарал бар деп Жанғабыл  
Аттанған екен кекпенен,  
Бұдан бұрын бұл Адай  
Жоқ екен олай беттеген,

Тіпті Адайдың ісі етпеген  
Ар жақтан істі бұздырып  
Наурскийдей хәкімді  
Атқандай болды оқпенен,  
Бір ояз, алты сотпенен  
Жалғыз өзі жұлысты,  
Көрсетпепті бір істі,  
Әуеталық, Қожырдай  
Ағалары бар ырысты  
Тілектес болып қолдапты  
Болынған күні жұмысты,  
Шойынжол жоқ ол күнде  
Жаяу жүріп күндіз-түн  
Жалпайтқан екен жүрісті,  
Қазақ қанша айтқанмен  
Ашғабадта жол салған  
Бізден көрді бұл істі.  
Тастемір деген ауылымнан  
Қашаннан дұшпан ығысты...  
... Төрт Назардың ішінен  
Жүйріктер шыққан тынысты,  
Назар деген аулымнан  
Шотандай батыр ер шықты  
Жау дегенде жатлапты,  
Көк сүңгісін саптапты,  
Бұ да өтіпті тұсында  
Ноғайлыдағы бұрынғы  
Орақ пен Мамай секілді.  
Тағы бір салған үлгім бар  
Саламаттың Сарбасы  
Қашаннан жатқан қорланып  
Байлықтың өзен-арнасы,  
Тірі беріп жиынды  
Оңай қылды қиынды  
Үлгі салды Адайға  
Іс көрсетті тиімді,  
Білмейді деп халық айтпайды  
Мөтжандай тақтақ биімді,  
Сөйлеген жерде би Мөтжан  
Қазақ түгіл үстіне  
Сейілханды да иірді,  
Қазақ пен өзбек, түрікпенді  
Сөзбенен Мөтжан бөгеді,  
Хаң, хазірет, дуанбек  
Бөлен-түген демеді.  
Әр жерде қазақ баласы

Айла таппай сасқанда  
Талай тиді себебі,  
Әлі де қалған жері жоқ  
Байрақты жерде жарысқа  
Қосылуменен келеді.  
Ерегескен жерлерде  
Бұл Адайдың сыналған  
Жоғары менен төмені.  
Ханға болып өтімді  
Билік айтып не түрлі  
Сөйлегенде би Мәтжан  
Жұрттың есін кетірді,  
Бү да өтіпті тұсында  
Бәймембет, Сырым секілді...  
... Одан бері айтайын  
Ахметтің Реушенің,  
Өңкей тұлпар жүйрікпен  
Басқаға байрақ бермеді,  
Адай түгіл Байұлы  
Осал деп олқы көрмеді,  
Арғы атасы Сейтімбет  
Ауыл еді ежелден  
Озған қайрат-өрнегі.  
Ең әуелі Реушен  
Алашынның үстінен  
Шымырауды қаздырып  
Қоныс етіп жерлеңді.  
Өтірік емес осылар  
Халқыма берген үлгі еді  
Адайдың бізден көргені.  
Өткенімнің рухы үшін  
Өрнектедім сөзбенен  
Мақтағам талай өзгені,  
Мирасы еді жүйріктің  
Халқы үшін шапқан еңбегі,  
Естіген елім желпініп  
Көтерілсін көңілі,  
Әке-шеше, қарттарым,  
Аға-женге, қарындас  
Разы болың біздерге,  
Өмір жетсе әлі де  
Жүйрігін талай жосылар  
Талай бір дауға қосылар.  
Тірішілік баста тұрғанда  
Бұрынғы өткен жақсымның,  
Оруағы тебіренсін

Қызыл тілді сермелі...  
... Тастемір, Сейт Бектұрлы  
Өз тұсында байлыққа  
Болмаған екен денгелі,  
Бектұрлының аулының  
Тағы бір ісін айтайын:  
Орыс пенен қазақтың  
Ауа болып арасы  
Адай үркіп бүлінді —  
Бесқалаға шұбырды.  
Ломакин деген жандарал  
Қайырам деп халықты  
Әскерін ертіп қуулы,  
Бір хәкім екен аспалы,  
Ұстатпады халықтың  
Харазымға қашқаны,  
Ермембет пен Самалық  
Ауа беріп бастады,  
Атын тонап бір қора  
Әскерін жаяу тастады.  
«Тиеді, — деп, — секпіні,  
Соғады, — деп, — екпіні»  
Көп болды жұрттың сасқаны.  
Үріккен ел қайтып келед деп  
Қасиетпенен Бектұр бай  
Кашуға қадам баспады.  
Ауызорпа судың басында  
Солдаттар жаяу камалды.  
Ешбір айла таба алмай,  
Байшолок пен Жанғабыл  
Атқа мінген би екен  
Сол күндегі заманда-ай,  
Сондай түрлі іс болып  
Кез болды бұлар түс болып  
«Адайдың тентек-телісі  
Атымды тонап алды, — деп  
Әскерім жаяу қалды» — деп  
Жандарал жәрдем сұрапты  
Бектұрлының аулынан  
Өңкей семіз құр атты,  
Тізіп берді жүз атты,  
Ызаланған көпірдің  
Ашуын басып жұбатты,  
Ауылдары сонда да  
Қабағын шытпай шыдапты.  
Мұсылман түгіл көпірдің

Қажеті біткен ежелден  
Айдыным едің құрақты,  
Дария теңізім едің тұрақты  
Сендер түгіл жатқа да  
Шайырың сөзін сынатты.  
Осы күнгі заманда  
Байұлының баласы  
Сөзіме салды құлақты,  
Тындаған жандар ұнатты.  
Істері терең осындай  
Жақсыларын елімнің  
Лайқат болар өшкерту  
Ортаңнан Алла бергесін  
Біздердей қайнар бұлақты...







## АҢЫЗДАР, ЭЗІЛ-ҚАЛЖЫҢ СӨЗДЕР

### ЭЗІРЕТІ ҒАЛИДЫҢ ҚҰЛ БОЛЫП САТЫЛУЫ

Мұхаммед пайғамбардың тірі кезінде бір нақыр адам жоқшылықтың салдарынан көпір патшасына кіріптар болып, мың ділдә қарыз алып, соңынан алған қарызын қайтара алмай, борышын өзінің әйелі мен қызын кесілдікке тастап, не істерін білмей дағдарыпты. «Қой, тәукекел, Мұхаммед пайғамбарға барайың. Сол жарылқар, жәрдем етер» — деген тоқтамға келіп, жолға пығыпты.

Мінеки, шықтым сапарға  
Кіргізе гөр, Алла, қатарға.  
Сабыр ете алмадым  
Үйде тыныш жатарға,  
Көпір алды әйелім мен қызымды  
Көңлім жаман бұзылды  
Қайғының дәмін татарға.  
Қатты жолмен қашайың,  
Көрмесін көпір ізімді,  
Иә, пірім, өзің жәрдем бер,  
Қараттым, міне, жүзімді  
Мединәдай шөһерге.  
Тас қарыңғы болды күн  
Басыма түсті мұндай түн,  
Бір мұсылман табылып,  
Басымды сатып, болсам күл  
Қара басым болар екен қанша пұл?  
Мың ділдә болды бермегім  
Ылажсыздан көнгенім,  
Катыным мен қызымды

Еріксіз қолдан бергенім.  
Неше жыл бақтым ау қарап,  
Күніне таптым төрт шабақ  
Басқа нәрсе көрмедім  
Неге алдым екен өуелде  
Көтерме ақша — теңгені?  
Ей, Расулы, Мұхаммед,  
Алдына келіп еттім зар,  
Қиналып келген жайым бар:  
Көпірге бермек қарызым бар  
Сізге айтар арызым бар.  
Баласына мұсылман  
Жел жағына панасың,  
Жау жағына қаласың,  
Пақыр менен міскінге  
Алты емшекті анасың,  
Айта келдім, тақсыр, мен  
Көпірдің салған жарасың,  
Қыз қатыным айдап жүр  
Көпірдің арба-шанасын.  
Тақсыр-ау, сізге шағындым  
Алдына салып басымды.  
Құлақты мал менде жоқ,  
Туысқан аға-іні жоқ,  
Жау қолында жылаған  
Қыз қатыннан жаман жоқ,  
Жауда қалған олардан  
Жүдә, менде хабар жоқ.  
Кереметің қолым тұтпаса,  
Қажетім сізден бітпесе  
Біз сияқты пақырға  
Басқадан болар шара жоқ...

Пақырдың сөзін тыңдаған Пайғамбар өзінің ең жақын серіктерінің бірі Әзіреті Ғалиды қасына шақырып алып кеңесті. Пақырға жәрдемдесу керек екенін айтты. Сонда Әзіреті Ғали былай деді:

— Бұндай қарызды өтерлік бізде ақпа да, мал да жоқ. Сіз рұхсат берсеңіз, мен пақырға еріп кетейін. Не істерімді барғасын көреймін.

Пайғамбар оған рұхсат етіп, батасын берінгі. Кәпір патшасының мән-жайын сұрастырғанда, пақыр Әзірет Ғалиға мынаны айтады:

— Бұл патшаның қорқатын бір айдаһар жылағы бар, бөгей алмай жүрген бір үлкен дариясы бар, тағы басқа несі барын білмеймін.

Мұны естіген Әзіреті Ғали жолда келе жатын пақырға былай депті:

— Сен онда менің екі қолымды байлап апарып, базарға құл деп сат. Көп сұрамай-ақ бір мың діндә дей сал. Мені сатып,

қарызыңды қайырып беріп, қатыпшың мен қызыңды кіріптарлықтан босат, ал мен құдықтан құтылатын жолды өзім ойластырамын.

Пақыр оны базарға апарып саудаға салып тұрып, былайша сайрайды:

Уа, жиналған жамагат,  
Әкеліп тұрмын базарға  
Сатайын деп құлымды,  
Ылажсыздан әкелдім  
Қажет егіп пұлыңды,  
Қызмет етсе бұл құлым  
Сәтті егеді, тынымды.  
Қап-қара болған түсі бар,  
Маржандай аппақ тісі бар,  
Мың құлыңмен пара-пар  
Бір өзінің күші бар.  
Айтқан сөзім ып-ырас,  
Алғанға тиер бір мұрас,  
Тырнағының көлемі  
Үштен туған айдай бар,  
Әр саусағы бір құлаш.  
Кемелге келген жасы бар,  
Имек таудай басы бар,  
Ақшаң жетсе аларсын,  
Егер ақшан жетпесе  
Арманда болып қаларсын —  
Бір мың ділдө басы бар.  
Бүгін салам базарға  
Мұндай құлды таппайсың  
Қай базарға барсаң да —  
Ақшаң болса алып қал.  
Бүгіннен соң қалмаймың,  
Жер бетінде базар көп —  
Ертең қайта салмаймын.  
Құлымның бөсі мың ділдө,  
Бір ділдө кем берсең де алмаймын...

Мына хабарды естіген жұрт базарда ондай көп ақша беріп, құлды сатып ала қоятын адамның пықпағанын көріп және құлдың келбетіне таң қалып, қала патшасына хабар жеткізіпті. Ол уәзірлерін жіберіп, пақыр мен Әзіреті Ғалиды сарайына әкелдіреді.

Соңда патша алдына келген пақыр:

— Уа, тақсыр патшам,  
Не келед сенің ойыңа?  
Менің мына құлымды  
Алып, сал жиын-тойыңа —  
Тамаша-қызық мұның ойыны.  
Қызметін көрген кісі таң қалады  
Бір ұрғанда оң қолына балға алып

Мың батпандық темірің күл болады.  
Екі жұртты жау қыл десең жау қылад,  
Бұйрықсыз күн жаудыр десең жаудырад  
Лақтырып кесектей  
Бір тауды бір тауга ұрад  
Ашуланса бұл құлым  
Азу тісін егейді,  
Мың дұшпаннан бір өзі  
Тіпті қорқам демейді,  
Сарқырап жатқан дарияны  
Сәтке апармай бөгейді,  
Айдаһар жатқан жыланды  
Шаян құрлы көрмейді,  
Айтсам адам нанғысыз  
Қасиеті және бар —  
Қару тисе өлмейді...

Мұндай қасиеттерін естіген патша көп саудаласпай, пақырға қазынадан сұраған мың ділдәсін санап бергіз, енді кеткелі тұрған пақыр Әзіреті Ғалимен қоштасып тұрып айтқан сөзі екен:

Келген жерің жаман жер,  
Қайратыңды еттім кер,  
Көріскенше күн жақсы,  
Аршыланым, қолың бер.  
Аллаға жаның аманат,  
Көрмегөйсін жаманат,  
Жүргөйсін, қалқам, саламат,  
Шөһерлі жерден шарапат,  
Расулы атаңның  
Дұтасынан шапағат.  
Мұсылман — көпір ел емес,  
Басыңды салып базарға,  
Аршыланым, мен сені  
Кәпірге қылдым келемеш.  
Өзіңмен бірге өлейін,  
Мехнатыңды бірге көрейін,  
Сеңдей ерді азапқа  
Тастап кету жол емес...

Сонда, алған бағытынан қайтпайтын, қорқуды білмейтін өжет ер — Бар, енді жүре бер, әйелің мен қызыңды босатып ал, ақпаңды — төле, — депті. Пақыр Әзіреті Ғалиды айтқанша көңдіре алмай, амалсыз қоштасып кете барыпты.

Пақыр кеткесін, патша сатып алған құлды — Әзіреті Ғалиды алдына алдырып, оған үш түрлі шарт қояды:

— Бір жауым бар — айдаһар, соны өлтіресің. Бір өткел бермей жатқан дариям бар, соны бөгөйсін. Содан кейін мұсылманның батыры Әзіреті Ғалиды ұстап, тірілей әкеліп бересің. Осы үш

партымды орындасаң құлдықтан азат боласың. Бұларды орындай алмасаң, өмір бойыңа құлдықта жүре бересің, — дегті.

Әзіреті Ғали алдыңғы екі шартын орындапты. Соңғы үшінші шартын орындауға келгенде, патшадан қасына қырық палуанды ертуді сұрапты. Бұған патша келіседі. Патшаның палуандарын ертіп, батыр жолға шығартты.

Олар қаладан біраз ұзап шыққасын, қалың орман арасына келіп кіреді. Әзіреті Ғали кідіріп, қасына ерткен палуандарға: «Сендер осында тыныға тұрыңдар, мен қазір сәл бір жерге барып, қайтып келемін» — деп, оларды орман ішіне қалдырып, өзі бір ағып жатқан дарияның тасалау жеріне келіп, жуынып, бетіндегі бояуларын кетіріп тазарады да, қайтадан палуандарға келеді. Патшаның палуандары мұның өзгеріп кеткеніне таң қалып, әрі қорқып, мұның мәнісін сұрапты. Сонда Әзіреті Ғали:

— Патшаларыңның іздеген батыры менмін. Сендер менің екі қолымды артыма қанырып байлап, патшаға апарыңдар, ол сендерге сыйлық береді, — дейді.

Палуандар Әзіреті Ғалидың айтқанын істеп, оның қолын артына байлап, патша сарайына алып келеді.

Патша бұған қуанып, еліне жар салдырып, көптің көзінше мұсылманның батыры Әзіреті Ғалиды дарға асатынын хабарлап, жұртты орталық алаңға жинаттырады. Алаңның ортасына дар ағашын құрдырын, екі қолы артына байлаулы Әзіреті Ғалиды көп жемдеттердің ортасында күзеттіріп, дар ағашына әкелдіреді.

Жемдеттер оны дарға асамыз деп дайындалып жатқанда, Әзіреті Ғали: «Ханнан-маннан» деп ақырып, жұлқығанда, байлаулы қолдары жіптен босанып шығып, сексен алты кез биік мұнараның басына қарғып шығып кетіпті. Жұрт не болғанын аңдамай, абыр-сабыр болып жатқанда Алладан бұйрық болып, Жебірейіл періште Әзіреті Ғалиға зұлпыхарын, дүдділін әкеліп беріпті.

Дүдділіне қарғып мініп, қолына зұлпыхарын алған батыр сол жерде майдан алып, патшаны біраз әскерімен бірге өлтіріп, қаласын ойрандап, елін бағындырып, мұсылмандыққа мойындатып, ауылына қайтыпты...

## МАҚПАЛ ҚЫЗҒА ШЫҒАРҒАНЫ

Жас кезінде Сәттігүл жарлы болуы себепті көңілі кеткенге қолы жетпей, кедейліктің салдарынан оның мәселесін қайтарған құрбылары да болыпты. Ақынның ынтызар болған сондай бір құрбысы Әбдікәрім деген байдың Мақпал атты қызы екен деген сөз бар.

Ақын өзінің ынтызарлығын құрбысына былайша білдіріпті:

Ермесең не амал қылайың,  
Қашсаң не ғып қуайың,  
Қызыл киік — қыз болдың  
Аз ғана күн, шырайым.  
Ата-ананың қолынан  
Аттансаң болар қолайың,

Жақсы деп болдым ынтызар,  
Жаманға неге жолайын?  
Бұл айтқан сөздің қадірін  
Ойларсың бір күн, ылайым,  
Ауылдың сәні кім болар  
Сен кеткен күні, гүл-айым?  
Қаламдай қасың қиылып  
Арзу болып мен жүрмін  
Естуге жауап-жытылық,  
Құрығыма түспейсің  
Қашаған аттай шығынып.  
Алыстан келдім еңмініп  
Еңсемді бере жығылып,  
Жатармын қалай тар жерде  
Жан-жағымды қуырып?  
Көз жеткенмен қол жетпей  
Алуым қиын суырып,  
Алыстан келген құрбыңның  
Бар екен деп көңлі  
Шықпайсың сыртқа жырылып..  
... Әуелі туып анаңнан  
Бала болдың жүгіріп,  
Бұл жасыңа келгенде  
Шоңқайма кидің бүгіліп.  
Дидарыңа қарасам  
Тұрғандай адам үніліп,  
Сауалыма жауап бер  
Қалмаса ернің тігіліп..  
Қиғаштайсың қырындап  
Етегіңе зер төгіп,  
Қатар жүрген құрбыңның  
Күйгендей іші өртеніп,  
Не қылсаң да жарасар  
Ата-анаңның қолында  
Кемді күн қылған еркелік,  
Іңкөр болып өзіңе  
Шығарып айтқан сөзімнің  
Әрқайсысы серкелік.  
Жауапқа жауап қосатын  
Таба алмай жүрмін бір серік.  
Қабағыңа қасың сай  
Қарасаң көзің төңкеріп,  
Аралас көшіп аулымыз  
Ойнармыз күліп деуші едік,  
Алдымдағы ақ қылаң,  
Сені бір кімге өлшелік?..

## СӘТТІҒҰЛ МЕН КӨК АТ

Сәттіғұлдың аяқ артар көк атын ауылдық кеңестің төрағасы басқа біреуге алып береді. Көк атпен Сәтекең біраздан кейін кездессе, тұғыр көтерем болып қалған екен. Бұған пыдай алмаған ақын көк аттың атынан өзіне пағынған қылып арыз айттырып, сонан соң өзі оны жұбатып сөз пығарады. Сондағы көк аттың пағымы екен:

Уа, Сәтеке, сенен кетіп көрдім қорлық,  
Істеді ауылсовет маған зорлық,  
Бір қызға «Көк жылқыдан түспе, — деді  
Осыған білгенінді істе» — деді.  
Тепкілеп, қыз мінеді күнде жайдақ  
Жайылдырмай қояды және байлап.  
Тасына Қаратаудың ұрындырды  
Сол үшін жылап жүрмін зығыр қайнап.  
Уа, Сәтеке, қуат бітті, қалмады әл  
Азғындап, арықтадым, қалмады жал  
Обалым ауылсовет ағасына  
Су ішпей, шөп тата алмай, сорлады хәл...

Сондағы Сәттіғұл ақынның көк атын жұбатыуы:  
Советтің көзқарасы болған қатты,  
Көк атым, жылағаның маған батты,  
Отың жел, суыңды ішіп семіресің,  
Көресің, басың жас қой, галай затты...

## КЕНЖЕ КЕЛІН

Бірде Таулықта Есенжанов Бәшеннің үйіне белгілі халық ақындары Сәттіғұл мен Түмен түстенуге келеді. Ол үйге барғасын белгілі сыйлы адамдарға томсырайыш үндемей отырудың ыңғайы жоқ. Бәшеннің аулында жоқ екенін естіген және жақында ғана Бәшеннің соғымға ден қара атын сойып алғанынан хабардар болса керек, екеуі үйге жақындағанда, Сәттіғұл Түменге:

— Кенже келінге амандасуды мен өлеңмен бастайын, сен қоштап отырасың, — дейді. Түмен «жарайды» деп келісіпті.

Сырттан ақындар үйге сәлем беріп кіріп келсе, Бәшеннің әйелі Кенже жалғыз өзі ұрпық иіріп отыр екен. Қайнағаларын көріп, орнынан тұрып иіліп сәлем етеді де, төсегін салып қарсы алады. Сонда төрге озып отыра берген Сәтекең:

— *Шырағым, аманбысың, Кенже келін,  
Өзіңді санамаймыз кемге, келін,*

— деп пумақ өлеңнің басын бастап жібергенде, Түмен ақын да кідірместен іле жалғастырып кетіпті:

— *Осы сөз айтылып ед, кеңде, келін,  
Білмейді-ау шалдар жайын өңге келін...*





— Сәтеке, кепіе еңбеккіңге алған жарты пұт тарым бар еді, ауылға қайтарда соны ала кетерсіз, — дегенде үйде отырғандар одан сайын қыран-топан күлкіге батыпты.

Жұрт күліп болғасын, Сәтекең Қадірбайға қарап:

— Шырағым, пейіліңе рахмет. Осы сөзіңнің өзі де жарты пұт тары ғой. Бала-шағандың аузынан жырып алғанда маған мүйіз пығып қабырғамды жапшастың, бірақ сендей ақкөңіл жанды іздегенде тапшастың, — депті...

## ҚОЗЫНЫ ҚОНАҚ ҚҰРТАДЫ-АЙ

Сәттіғұл ақын ерте көктемде қайнағасы Шалбар Нұрқабай дегеннің аулына келіпті.

Мырзалық қысқан адам қонағына ерте туган төлді сойып беретін, сараңдығы ұстаған адам соғымның соңы өлі етпен де қонақ күтетін пәк болса керек. Үй иесі Сәттіғұлдың қасында үлкен сыйлы адамдар болмағасын соның екіншісіне тоқтап, қонақтарына өлі ет асып беріп сыйлаған сияқты.

Ертеңісін сәскеде атқа қонған қонақтар енді жүргелі тұрғанда, Сәтекең қайнағасына ат үстінде тұрып бірауыз өлең пығарып айтыпты:

*Қайнағамыз Нұрқабай,  
Көгенде қозы бірталай,  
Қонаққа қозы соймаңыз  
Қозыны қонақ құртады-ай...*

Мына сөз ел арасына тарап кетер деп қауіптенген Нұрқабай ақынды жолдастарымен аттарынан қайта түсіртіп, қозы сойып, қонақасын дұрыстап беріпті.

Қонақтар аттанып жүрерде қайнағы Сәттіғұлды оңаша пығарып алып:

— Сәтеке, айтылған сөз осы жерде қалсын, — деп өтініш етіпті...

## ТҮРЖАНҒА

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде майдан үпін жан аямай еңбек етіп жатқан аудан еңбекшілері арасында мәдени-үгіт бригадасын басқарып, халықты ерен еңбекке жігерлендіре жүріп, партия-палдыққан ауыл адамдарының демалыс-үзіліс кездерінде, Сәттіғұл ақын олардың көңілін көтеріп, ән-жырдан пашу папып отырған. Ерлердің орнын жоқтатпай, үйде де, түзде де ерлерше еңбек еткен әйелдерді мадақтап, жігерлендіріп жүрген Сәтекеңнің адамдар арасындағы айтқан кейбір өзіл сөздері де ел есіне сақталып қалыпты. Бұл плумақтар да сол есте қалғандардан жазылып қағазға түскен зілсіз әзілдердің бірі:

Он төртінші ауылдың  
Звеносы ақ Түржан  
Істеген жақсы жұмысын,  
Басшылары ауданның

Бағалайды бұнысын.  
Конак болдык үйінде —  
Ақ текемет, көрпесін  
Астымызға төседі,  
Әйелдің артық көсемі...  
Он төртінші ауылда  
Агилаш, Нәзу, ақ Тұржан —  
Кіл асылдың тұқымы  
Кем болатын жері жоқ,  
Бәрінен де артық деп  
Ақ Тұржанды мақтайды  
Араласқан елі көп...

## АЛШЫНҒА ХАТ

Сәттігүл ақынның үлкейген кезінде өзімен сыйлас, үнемі іздеп отыратын адамдарының бірі — Маңғыстау өңірінде «пежірепепен» атанған Меңдальғұлы Алпын еді. Сәттігүл ақын Алпынның жетпіс жасқа толуына орай оған шығарған арнау сөзі жинақта бөлек берілді.

Биылғы Алпын Меңдальғұлының туғанына жүз жыл толуына орай сол арнау сөзге қоса жолдаған ақын хаты қазіргі түбегімізге белгілі жыршы Ізбасар Шыртанұлына алынған еді. Хаттағы әзілі жарасқан абзал жаңдардың арасында айтылар сөз үлгісі ретінде Сәттігүл атамыздың мына өлең жолдарын да оқырмандарға таныстыра кетуді жөн санадық:

... Атан мен нарын жетелеп,  
Аттарын мінді Адайдын,  
Құрметін көрдім талайдын.  
Құрмет болды көргенім,  
Өлең-жыр болды ермегім,  
Алланың берген бағында  
Жақсылардың жантайып  
Көрпесінде көлбедім,  
Токсанға келіп, той жасап  
Отырғанымда бой жасап  
«Алшынжан естіп келер, — деп  
Келіп сәлем берер» — деп  
Жүргенімде дөметіп,  
Сен отырсың қасымда  
Жайылып денім, толғандай  
Толатын еді кем-кетік.  
Үйімнің келіп қасына  
Сәлем бермей кеткенін —  
Мені кімге теңедін,  
Мен кімдерден кем едім?  
Осы күнгі адамда

Сенің жоқ қатар-деңгелің,  
Мадияқтап, мақтап жырменен  
Мен міндеттен құтылдым,  
Нұрбаулы, Сейсен, Бешенге  
Таба қылма, Алшынжан,  
Бізге бар, бала, бермегің.  
Қырық қағаз бен бес саулық  
Береді деген уәде бар,  
Жалтақтап, бұған жай айтсаң  
Жаратпайд ақын мұныңды.  
«Екі айтпайд, — деген, — ер жігіт»  
Қалған сөз бар кейінге  
Жақсылардан бұрынғы,  
Өкінбе, берсең, опынып  
Бізге берген шығынды,  
Ойласам, орта жерің жоқ,  
Мақтасам ешбір кемің жоқ  
Бүгіндегі Адайда  
Сенің қатар-теңің жоқ,  
Қырық қағаз бен бес саулық  
Қолға қашан келгенше  
Алшынжанға сенім жоқ...

июнь, 1964 жыл

## ШАЛАНҒА

Сәттігүл ақын өмірінің соңғы жылдарында Жетібайға қоныс аудармастан бұрын Таупықта келіні Әсиенің қолында тұрған. Бұл Сәтекейінің сексенінің сегізгірінен асып, тұсаулы тоқсанпың табалдырығына тақаған, қарт кісіге үнемі ат үстінде жүру ауыр соғатын кезі, бір жерлерге бару қажеттігі туса, көбіне өзі «жиенім» деп жаңыша жақып тартып жүретін Шалаңды іздеп келеді екен. Шалан Құлпықұлы байырғы люффер, үйі Таупықта тұрады, өзі елгезек, ақын атасының тілін қайырмай, қалаған жеріне маппынасымен апарып жүріпті.

Ақын да бала мінсәді емес пе, іптсей жиеніне ырзалық көңіл күйін өлеңмен өрнектеген ғой. Бұл өлең 1964 жылы ақынның 88 жаста тұрған кезінде туған пығармасынан үзілді, өлеңді ел ішінен іздеп тауып «Маңғыстау» газеті бетінде жариялатын жергілікті Медет Дүйсенов.

... Қойған екен атыңды  
Атаң мен анаң «Шалан» деп,  
Айтпайды ешкім «жаман» деп,  
Мақтайды екен әркімдер  
«Әрбір іске маман» деп,  
«Жау жағасын жыртыпты  
Төңірберген бабан» деп,

Ескі әруақ орынсын,  
Ойламаған сіздерге  
Дұшпан көзін салам деп,  
Айтпайды екен ешкім де  
Сіздерді сірә тапшы деп  
Мақтайды екен жақсы деп  
Жиеніміз Шаланды,  
Бір жігітсің қайратты  
Әр жұмысқа табанды,  
Айтсам аузым толады  
Бұрынғы өткен бабанды,  
Ойран салып қалмаққа  
Бұзыпты талай қамалды.  
Жақсының жарық жан-жағы,  
Жаманның күні қаранғы.  
Ырза бол, Шалан жиенім,  
Мақтамаймын кез-келген  
Керегі жоқ жаманды.  
Айта алмас ешкім мінінді,  
Азаматсың білімді,  
«Алла ырза болсын» айтамын  
«Ақыны, — деп, — халықтың»  
Қайырмадың айтқан тілімді,  
Машинана мінгізіп  
Әркімнен алғыс ала бер,  
Өзіңе пайда дейді ғой  
Еткен қайыр — мұңынды.  
Айтылсын деп әр жерде  
Ақ қағазға жаздырдым  
Шығарған саған жырымды...

1964 жыл





## НАСИХАТ СӨЗДЕР

### ТОЙБАСТАР

Әуелі сөз бастайын «Бисмилладан»  
Білмейді «бисмилләні» қаста-надан,  
Бұрынғы бізден өткен пайғамбарлар  
Әр ісін «Бисмиллосіз» бастамаған.  
Қай жалған мынау жалған — дүние жалған,  
Жер жүзін дүниенің мұнар шалған,  
Әуелден ата-баба салған жол бар —  
Сырлы аяқ сыры кетіп, сыны қалған.  
Бір қызын Пайғамбардың Ғали алып  
Қыз беріп мал алғанды сол шығарған,  
Кімде-кім сүйгенімен кетпес пе еді —  
Айт айттап, той-томалақ содан қалған.  
Ақ отау тіпті, шіркін, мұнарланған,  
Соқтырған күміс пышак алтын зерлеп  
Жоғалып өзі кетіп талайлардың  
Жасатқан көк сауырдан қыны қалған.  
Базардан алып келген ақ матасы,  
Жаксының кімге тимес ақ батасы,  
Сәтіне сәрсенбінің той жасапсын —  
Тойыңыз құтты болсын, қыз атасы.  
Айтайын «айт» дегенде тез келіп-ай,  
Тойына мерекелі кез келіп-ай,  
Атаның ауыр дәулет арқасында  
Таңғалды көрген адам көз көріп-ай.  
Салдырдың көйлегіне алтыннан зер,  
Сылдырлап шолпыларың өң беріп-ай,  
Алдырып асыл тас пен денмент белбеу

Оздырдың жас алаштан өрнегінді-ай.  
Шығасың ақ боз үйден керіліп-ай  
Өңірің алтын зермен төгіліп-ай,  
Па, шіркін, тең құрбыңның арасында  
Басасың аяғыңды ерініп-ай.  
Көргенге оттай ыстық басыласың  
Айдыңның аққуындай көрініп-ай,  
Сұңқардай торға түскен болдың, міне,  
Қауырсыны канатыңның сөгіліп-ай.  
Отырсың кетейін деп атыңды ерлеп,  
Мақпалдан бешпент кидің алтын зерлеп,  
Алшандап асау кердей жүрген басың  
Кетерсің әлдекімнің жерін жерлеп?  
Ақынның жүрген жері күнде базар,  
Жарысса екі горы ат біреуі озар,  
Тойыңды ат үстінде мен бастайын  
Кей жаман осындайда өнін созар.  
Анаңнан үлгі көрдің жасыңыздан  
«Дүние өтер-ау, — деп, — басымыздан»  
Шырағым, өзіне арнап салған өнім  
Табылар бойтұмардай қасыңыздан.  
Мінезің ауыр еді қорғасындай,  
Бұлғандан өстің әке ордасында-ай,  
Аузыңнан шыққан лебің жарасады  
Мырзаның мың теңгелік жорғасындай.  
Ақылың ақ дарияның ағысындай,  
Ақ бетін шарайнаның шынысындай,  
Үйіңнен күндіз-түні ат кетпейді  
Жоғарғы Тілеуқабак ұрысындай.  
Жанарың жан біткенді елжіреткен,  
Аш белін ағын судың қылысындай,  
Көрер ме ед сол құрбының жатқан жерін  
Жылқының жусап өрген тынысындай.  
Түймедей басың сұлу домаланған,  
Қаламдай қасың қара қиылыңқы  
Жұлдыздай тан шолпаны сорғаланған.  
Ажарын асып гуган бір баласың  
Жаралған нұрың көркем атқан таңнан,  
Алыстан жалп-жүлт етіп көрінесің  
Дидарын артық екен жаққан шамман.  
«Той баста» деп алқада  
Көпшілік бізге үйғарған,  
Сылаңдаған сұлуға  
Айтқан сөзім жарасар —  
Салтанаттыңды асырып  
Айғайың көпке жиналған.  
Көріп жүрміз әр жерде

Әншейінде жүйрікгер  
Сөз таба алмай мақтарға  
Мүдіріп тілі қиналған.  
Табаным байтақ сүргінмін  
Түгескен топты жорғалап,  
Дидарлы болып сөйлесем  
Әлеумет түр ғой қаумалап.  
Сөз асылын табармын  
Жалқаулық қылмай қорғалап,  
Екпіндесем кетермін  
Ақ бөкендей ормалап.  
Кезіне келген санлақты  
Жүйрік едім жүлде алған,  
Тұяғым тайпақ сүргінмін  
Топты көрсем ырғалған,  
Арқалы жүйрік мен едім —  
Жерім жоқ менің күр қалған.  
Сен бір ғәуһар асыл тас  
Бітімің бөлек қырланған,  
Ақ күмістей ажарың  
Сары алтынмен буланған.  
Он жасыңа келгенде  
Сән-салтанат сәулет пен  
Ибалы тәлім сай келіп  
Алғыс алдың қол жайып  
Үйіне келген мейманнан,  
Реніш көрмей ешкімнен  
Алғыс пенен бата алған,  
Абыройлы қыз атанған,  
Шын асыл едің жаралған  
Атағың көпке таралған,  
Жасыңнан алдың тәрбие  
Ата менен анаңнан,  
Өнеге-үлгің асып түр  
Осы күнгі адамнан,  
Айта берсем табылар  
Қайнарлы — көзді асыл сөз  
Шымырлап бойдан таралған.  
Мерекені кез келдім  
Көп әлеумет құралған,  
Айт дегенде халайық  
Дәт қылып шыдап тұра алман.  
Той бастамақ ақыңа  
Міндет екен озалдан,  
Құдай жолы айт пен той  
Билік еткен бір Аллаң.  
Казинасы Алланың

Біз емес соны шыгарган.  
Мирасы ата-бабаңнын  
Мерекеге келгесін  
Той бастамай тұра алман.  
Нұр шашып көзде жанарың,  
Тұрғанда баста базарың,  
Көрген адам сүйсінер  
Ақ бетіңнің ажарын.  
Мойыныңа қарасам,  
Сабағындай алманың,  
Текті атаның баласы  
Қыдыр көрген аржағың,  
Қатарыңнан ілгері  
Артыла түсер салмағың.  
Мен ежелгі жүйрікпін  
Талайдың кескен жолдарын,  
Қаумалаған көптікте  
Алқаның алғам байрағың...

## ӘЛЕУМЕТ, КЕЛДІҢ АЛҚАЛАЙ

Әлеумет, келдің алқалай,  
Естуге жауап анталай,  
Сөйлесін енді ортанда  
Жүйрігің қызған арқалы-ай,  
Бұл дүниенің белгісі  
Үйқыдағы түсіндей,  
Азамат болсаң кішік бол  
Мансапқа биік ісінбей,  
Жаманға еткен жақсылық  
Далаға кеткен күшіндей.  
Уайымға салынба  
Уақыт бәрін ондайды,  
Басқа түскен қиындық  
Бір күнгідей болмайды.  
Хәкім болсан әділ бол  
Халқына бол тәлімді,  
Орынсыз жерге ұрынба  
Арқашан байқа әлінді,  
Молдалықтан пайда жоқ  
Ойласан құлқын-камынды,  
Отыз пара Құранды  
Қырағатта тегістеп  
Мойыңға ілмей қарызды,  
Бес уақыт намаз әуелден



Мұсылманға парыз-ды.  
Алдында кеткен сәбиін  
Махшар күні араша  
«Атам менен анамның  
Аманат жанын кешір» деп  
Аллаға айтар арызды.  
Кол созсаң да жеткізбес  
Дүние терең түбіне-ай,  
Жетемін деп жанығып  
Талайдың белі бүгілді-ай,  
Кешені қатар құрбымның  
Біреуі қалмад бүгінде-ай,  
Тоқсанға гаяу жасым бар,  
Талайды көрген басым бар,  
Қырмызыдай сарғайып  
Кетіп жатыр күн санап  
Не азамат-асылдар.  
Ақсұңқардан бақ тайса,  
Жапалақ құстар сақылдар,  
Жүйріктерден жал тайса  
Жабыларды мақұлдар.  
Арманым жоқ, Жасаған,  
Азды-көпті жетпіс жыл  
Мереке-думан көргенім,  
Арқаланған өнермен  
Жастарға гибрат бергенім,  
Тәбәрік еткен шалдарды  
Дастан кылып баяндап  
Көтердім көңіл өркенін.  
Батыр болып не керек —  
Ерегескен дұшпаннан  
Кегін алып білмесе,  
Падиша болып не керек —  
Бұқара халқы артында  
Аш-наразы шерлесе,  
Балам деп айтып не керек —  
Айтқанына көнбесе,  
Әйелім деп не керек —  
Мінезі шайпау, адуын,  
Үйіңе мейман келмесе.  
Тентек деп айтып болмайды  
Айыбы болса мойыңдап,  
Соңынан түзеп, жөндесе.  
Жігіттің бағы тайғаны  
Дүниеде жалғыз «мен» десе,  
Сұлудың бағы тайғаны —  
Блектен бала өрмесе

Көре берер пендесі  
Ажалы жетіп өлмесе.  
Бидің бағы қайтарда  
Пара болар алғаны,  
Ердің бағы қайтарда  
Жала болар алғаны.  
Нар жігіттер көтерер  
Тағдырдың басқа салғанын.  
Әйелдің бағы қайтарда  
Үстіндегі менсінбес  
Алты қанат орданы,  
Бір Алла болар әркімнің  
Жалбарынған қорғаны.  
Жақсы деп айтып болмайды  
Дүниеге қызған молданы.  
Бір Алланың еркінде —  
Көнбесіңе амал жоқ  
Жаббар Хақтың құлдары,  
Атадан бірге тусаң да  
Әркімнің бөлек жолдары.  
Иманыңды хақ деп біл  
Таразы-мизан құрғанда  
Мүсәпір-момын пендені  
Алланың хақ-дүр қолдары.  
Расулды Мұхаммед  
Алпыс үш жасқа келгенше  
Үмбетім деп қайғырып  
Екі қадақ арпамен  
Жеткеріп Алла ондады,  
Солардан-ақ қалғасын,  
Дүниенің айтпай белгілі  
Тұрақсыз фөни-жалғаны.  
Басы қызық керуен  
Қайғының көші сондары,  
Көңілге жайсыз тиеді —  
Жаманның тілі сор-дағы.  
Ақын болып не керек —  
Дүниенің қызық-қиынын  
Өз көзімен көрмесе,  
Күрғақ шайыр кейбіреу  
Сөз білем деп желпініп  
Мақтанады «сен» десе,  
Сондай шайыр атанбақ  
Тауқымет тартып көшпенен  
Азды-көпті шерлесе.  
Жабыға тұмар таққанмен,  
Онашалап баққанмен

Бір бел асар ерлесе.  
Мұсылман деп болмайды  
Алланың салған ісіне  
Шүкірлік айтып көнбесе.  
Не ақсұңқар өтпеді  
Тау үстінде қалқыған,  
Не арғымақ өтпеді  
Керден басып, еркелеп  
Сахырада шалқыған,  
Не шешендер өтпеді  
Аузынан шыққан сөзіне  
Әлеумет тындап балқыған,  
Не төкаппар өтпеді  
Алды-артын болжап біле алмай  
Бастары түскен талқыға,  
Не айтқыштар өтпеді  
Алқаны көрсе тоқтаусыз  
Көтеріп көңіл шалқыған.  
Бүгінгі жоққа қиналма —  
Алланың өзі сахи-дүр  
Жеткізеді артынан.  
Азамат, асыл жігітті  
Айырмағай жат қылып  
Туысқан, жекжат, халқынан...

## ӘЛЕУМЕТ, КЕЛДІҢ ҚҰРАЛА

Әлеумет, келдің құрала  
Сұлулар, келдің бұрала  
Айт дегенде іркіліп  
Қалғаным жоқ сірә да,  
Халқыма даңқым білінді —  
Сонда да мүйіз шыға ма?!  
Аузыма сөз түспей қалған жоқ  
От-жалын жерде сынаған,  
Қатар жүрген құрбылар,  
Жат болып бір күн кетерміз  
Балапан ұшқан үядан,  
Айт дегенде іркілмен —  
Бұл дәурен баста тұра ма?..  
... Мен ежелгі жүйрікпін  
Алдына қара салмаған,  
Күрсанған қара бұлтпын  
Шықтаған жерім жаураған,  
Қайнарлы-көзді бұлақпын  
Ортаймайтын қауғадан,

Жас кезде жырлап қалайын —  
Бұндай қызық аз болар  
Көрілік келсе қаураған...  
... Дүние деген керуен  
Неше бір байлар өтіпті  
Қоралап малын айдаған,  
Не батырлар өтіпті  
Шарыққа болат қайраған,  
Не жақсылар өтіпті  
Қара басын бір өзі  
Мың кісіге тайлаған,  
Неше сұлу өтіпті  
Ажары аппақ айнадан,  
Қаріп пен қасір өтіпті  
Рахат көрмей дүниеде  
Қаса бір соры қайнаған,  
Не төкаппар-шалпы өткен  
Тілі өткір найзадан,  
Тең құрбылар өтіпті  
Әзіл айтып, жарасып  
Қыиылып қасы жайнаған...  
... Әркімге нұсқа сөз айттым  
Шығарып жауап майдадан,  
Несі жігіт жігіттің  
Түскен күні алқаға  
Өнерін топқа жаймаған,  
Мен, мысалы, жүйрікпін  
Ауыздығын шайнаған.  
Алқаға түстім жорғалал,  
Өлең айттым сорғалап,  
Домбыра тарттым бұлғалап  
Өгер деп дәурен жылдам-ақ,  
Түскен күн басым құрмаға  
Отыра алман қорғалап,  
Қатар жүрген жақсының  
Ақ дидарын көргенде  
Ашылар көңілің бір қарап,  
Жөн білмейтін жаманға  
Айтайын десең бір сөзді  
Бата алмайсың қорғалап...  
... Көрілік келсе бір күні  
Жастағы дәурен-күнін жоқ,  
Ауру болсаң қасталы  
Саудағыдай сының жоқ,  
Ажал келсе бір күні  
Дүние өтпей тұру жоқ.  
Базарға барсаң асыл көп

Алайын десең, пұлың жоқ,  
Өсек ерсе сыртыңнан  
Бейкүнә күйдің зарарға,  
Айрыларсың досыңнан  
Әззіл жүрсе аранда,  
Жәрдем сұрап жаманнан  
Иегіңді артып таянба,  
Не келсе де қолыңнан  
Азды-көпті пікірмен  
Өз жөніңде аянда.  
Қара суға кетіреп  
Елігіп ерсен жаманға,  
Өтірік айтып өсекші  
Елсініп көзін салады  
Жуас пенен баяуға,  
Малдының көзі түспейді  
Жарлы менен жаяуға,  
Кирусыз жерге салады  
Жүрмесең аулақ озалда,  
Ниеті бұзық кей адам  
Бірді-бірге итеріп  
Жықсам дейді аранға,  
Шұқыласқан бір заман  
Болынып тұр қалайда...  
... Сөз айттым заман халіне  
Қанша айтсаң да бұл пенде  
Тұра ала ма өзінің  
Әуелгі бармай қадіне,  
Жетпей қалсам таусылып  
Көп жазғырып сөкпеніз,  
Разы болып бәрің де.  
Көңілде жүрген желсөзді  
Айтайын түссе жадыма,  
Асыл туған жүйріктің  
Кім ілесер шаңына,  
Келген күн күй мен бабына?  
Шабытым келсе шабатын  
Шыдармын бір түн-таңына,  
Қайда да назың қалмайды  
Жақсыға айтқан базына,  
Алкалы жердің тұсында  
Бір көрген аға-ініге  
Көріндім ыстық таныла,  
Сіздерден аяп не қылам  
Өнерді тұрған табыла?  
Біразырақ сөйлейін  
Тыныштық күнде шаруа,

Дүниені құлықтап  
Замананың сазына  
Айтайын өртүр мағына,  
Мысалы, мен шалқар көл  
Ішкендер қанар жабыла,  
Байрақ алған жүйрікпін  
Талай жерде шабыла,  
Бұйым сұрап жамақнан  
Ала алмайсың жалына...  
... Күдай деген пендеге  
Жақсының тиер мархамы,  
Нығыздап салып толтырған  
Мен өлеңнің шаптағы,  
Мереке еттім базарлап  
Аралап талай алқаны,  
Алқалы жерде сөз сөйлеп  
Көтеріп көңіл тарқалы,  
Алаң еткен өркімді  
Мен бір таудың арқары,  
Жиналған күні бастарың  
Төгілтіп жырды бастайың,  
Өлең деген дария  
Қауғалап қалай сарқайың?!  
Болмасам да тым жүйрік  
Айтқыш деп мені атады —  
Алашты күртқан әлпайым,  
Күні кеше бала едік  
Үлкен болып келеміз —  
Денсаулық берсе кісіге  
Оңай екен қартаю,  
Жиырма бестің күнінде  
Гуляйт етіп біраз күн  
Аға менен жеңгенің  
Бұйырған таттық нан-шайың.  
Сөз тыңдаған жақсылар,  
Құлағыңның құрышы  
Қанбайтыңға ұқсайды —  
Қанша айтсам да, байқайым.  
Жүйрігі жұрттың болған соң  
Орғанызда іркіліп  
Несіне бойды тартайың,  
Бір бұл емес жыршының  
Ортасында алаштың  
Зейінде желсөз тұрғанда  
Талай бір салған айқайым...

## АБДОЛЛА, ЭБДИ ХАЗІРЕТТЕРГЕ

Әнбия, мүрсал, нәбидін,  
Зайырлы шайхы, уәлидің  
Бұл мекеннен баршасы  
Бақиға барған көшіліп,  
Озалдан Алла жаратқан  
Халық етіп жаңды өсіріп,  
Жүмланы ғарап етпекке  
Әмірі болып қайым күн  
Ысрафил соғар есіріп.  
Ілбіс-шайтан адамға  
Дұшпандық еткен өшігіп  
Бұйрығымен Алланың  
Ахирет күннен үмітсіз  
Тілегі қалған кесіліп.  
Біразырақ сөйлейін  
Жақсылар үшін шешіліп,  
Кең фазылды Күдай бар,  
Рахым етсе, пенденің  
Қатесін тұрған кешіріп.  
Жан мақұлық дүр еткен  
Алуан түрлі ретпен,  
Біреу ерте, біреу кеш  
Келе жатыр қашаннан  
Лаухы менен махфузда  
Сызылған ғұмыр-сүрекпен,  
Пенденің табар мақсатын  
Шың сұраса тілекпен,  
Соныра махшар-майданда  
Шығара көрме, бір Алла,  
Мұылманшылық реттен.  
Мұсылман тәубе етпекке  
Қағбаны ғалил пінә еткен.  
Әнбиялардың ақыры  
Расулы Мұхаммед  
Абзалы артық нұр өткен,  
Артынан келіп төрт имам  
Шариғат жолын күзеткен,  
Пәруар пірдің басшысы  
Қожа Ахмет Яссауи  
Түркістанда бұ да өткен  
Туына жұртын түнеткен,  
Кереметін асырып  
Жеті өлікті тірілтіп

Мұсылманға қайыр-дұға еткен,  
Атағы мәшһүр заманға  
Әшкерә болған ғаламға  
Пәуедин қожа бұ да өткен,  
Солардай асыл шайхының  
Қалынған бізге ибасы,  
Уәлишілік мирасы  
Әр орында мешіт бар  
Күдай үшін салынған,  
Бірден-бірге қалынған,  
Азырақ баян егейін  
Абдолла, Әбді ғалымнан,  
Дін үшін жанған шамымнан,  
Айтқаны зікір-салауат  
Қашсын деп шайтан маңымнан.  
Жақсылардың азайып  
Уақыты еді арылған,  
Бұлардан бұрын қазақта  
Таз Дүйсеке, Нүрпеке,  
Кетеде ахүн Майлыбай,  
Досеке өткен Табынан,  
Олардың кейін артынан  
Біздің Адай халқынан  
Мұсылманға тілекші  
Дін тірегі тағы да  
Осындай жақсы шыққасын  
Дұғасы болған қабылдан.  
Алты Алашқа белгілі  
Таңдайы шешен жарылған  
Ғафурын Қожа Жаналы  
Бірқатар жұртқа тұсында  
Шашылған екен хабары,  
Болған екен халқына  
Асқар таудай паналы.  
Арманы бар ма солардың  
Дұға етіп тұрған артынан  
Бұлардай перзент балалы?  
Ислам діннің жолынан  
Аумап тұрған табаны,  
Уәлилердің істеген  
Болып тұр мақсат-амалы.  
Ғалымдыққа толығып  
Сөжде еткен тағат-намазға  
Көп екен мүрит-жараны,  
Шәк келтірмей Құранға  
Ғалымдар айтса — наналы...  
... Қырымқұл, Есек аржағын



Қасиетті тұқымсың  
Шаригат жолын тұтыңған,  
Хазіреттерге құрадым  
Осындай ләзім шығарып,  
Ортада тұрған жақсымыз  
Пірлерден ізгу дұға алып.  
Жамағаттар, құралып  
Ораза, намаз тұталық  
Ақиқат Хақтан сұранып.  
Құдай жалғыз, Құран шын,  
Ақиқат рас ол анық,  
Ахиретті ойламай,  
Ақылы қысқа пендеміз  
Дүниеге жүрген жұбанып.  
Азырақ бөйіт өшкерттім —  
Ахұндар үшін айтқан сөз  
Жайылсын жұртқа сыналып.  
Осылардай жақсымнан  
Абдолладай мақсымнан,  
Хазірет-ишан тақсырдан,  
Ізденіп Хақтың жолдарын  
Мүрит болып, қолдарын  
Зәкіржан пірге тапсырған.  
Үргеніште пір Зәкіржан  
Құр емес дейді зайырдан,  
Мәдина, Мекке, Шам, Мысыр  
Шәһәрлерде болмаса  
Сахырада артық жоқ дейді  
Абдолладай ахұннан,  
Тәрбиелеп мүритін  
Байқаған әлін мақұлдан,  
Зейнеттеп мешіт салдырып,  
Шаригат шамын жандырып  
Жер-жерден мүрит шақырған,  
Сәжде етіп тағат-намазға  
Жамағаттарын жапырған.  
Шаттанып тұрмыз бүгінде  
Атағы мәшһүр осындай  
Пір шыққасын жақыннан.  
Алланың босты — Хабибі  
Салолланың санасы  
Азайған сайын ғалымдар  
Қауіп етеді ақырдан...  
... Бүгіндері жақсымыз  
Дін түзеген басшымыз  
Хазірет-ишан Абдолла  
Жолдас болған мешітпен

Уөлишілік көсіппен,  
Үлүглардан бата алып,  
Пір-хазірет атанып —  
Астана — халқы есіткен,  
Әуелден-ақ Адайдан  
Әулие Бекет-пір дүреп  
Жоқ екен бақыт кешіккен.  
Қырымкүл деген аулымнан  
Хазірет Әбді бүгінде  
Хатым еткен дәрісін  
Күләп пен Бұхар, Тесіктен.  
Ұлықсағ алып Бұхардан  
Он екі пәнді құтарған  
Баршасын бірдей төмамдап  
Тура жолдан таймай тұр  
Тәуекел етіп табандап,  
Уағыз-үгіт шашулы  
Мұсылманды хабарлап,  
Мүһрәб мешіт ішінде  
Сөһәрден тұрған азаңдап,  
Алланың махшар дәулетін  
Шын тілеген назарлап,  
Күллі тірлік болмысы  
Лаухы менен махфузда  
Сызылад дейді оғалда-ақ,  
Пенденің қалмай баршасы  
Махшарға барар базарлап.  
Әл барында шайқалық,  
Табылса жауап айталық,  
Сөз қалдырып хазірет,  
Ахұндар үшін ажарлап.  
Қалада тұрған жай салып  
Хазіреті ишаннан  
Шариғаттың жолында,  
Расулы имам мүждәһәт  
Солардан қалған орында,  
Көлөми-Құран қолында  
Шариғат айтқан тыңлатып,  
Азаннан тұрған ыңлатып,  
Тағлым, таспих, салауат,  
Зікір айтқан түн қатып.  
Қорқыныш-қауіп қалпында  
Бас болған көптің алдында  
Тақсырлардың есімі  
Әбді менен Абдолла,  
Іждаһат пен Аллаға  
Ғибадат етіп қиналған,

Қылап етпей иланған.  
Талап етіп тынбай түр  
Үмітленіп иманнан,  
Қазақ пен ноғай үстіне  
Мүрит пен шөкірт жиналған,  
Тарқатып шүлен шашып түр  
Хисабы бар деп көбейтіп  
Дүние малын жиганнан,  
Мүттөһи қас қуларға —  
Нәсібе сыйлап жәннәттен  
Озалдан Алла үйғарған.  
Тура жолда тұрмақлық,  
Медірессе-мешіт құрмақлық,  
Аллаға тағат қылмақлық  
Жаксының мирас жолдары,  
Үлүглардың сондары.  
Сөзбенен айтып пәмделі  
Абдолла, Әбді есімді  
Хазірет, ахүн-молланың  
Мүриттер қолын алулы,  
Реушен етіп наданға  
Шаригат шамын жағулы,  
Алладан келген хабарға  
Көлөмнен карап канулы,  
Ібіліс-шайтан залымға  
Жүмсаған қарсы каруды.  
Сафидан бері ол шайтан  
Көз жазбай бізді бағулы,  
«Сыйындым, Алла» деген сөз  
Басталмыш әуел «Агузы»  
Күдай деген құлдарға  
Сегіз ұжмақ-жәннәт түр  
Зейнет етіп салулы.  
Кәпірлер үшін қыздырған  
Ғазабы күшті тамұқ бар —  
Жауыздық еткен көред дейд  
Қиямет күні тамуды.  
Олардан дәйім сақтанып,  
Шарғыларын ақтарып  
Бұлардай үлгі жақсылар  
Бақытымызға шыққасын,  
Расулы Нәбидің  
Шаригатын тұтқасын  
Мадийқтап сөзбен ажарлап  
Мен біразырақ мақталаы.  
Пайғамбар айтқан Хадисте:  
«Құрметтесең ғалымды

Сүйікті маған үмбет» деп,  
Мойнымызда әртүрлі  
Ойласақ, борыш-міндет көп.  
Шарғыда баян етулі —  
Ең әуелі пендеге  
Иманды дұрыс білмек деп,  
Тамамдаса сонысын  
Парыз, уәжіб, сүннет деп,  
Айтады екен ғалымдар,  
Осыларды істеп бітірсе,  
Жарылқаса бір Құдай  
Исламға кәміл кірмек деп,  
Парыз дейді ғалымға  
Бұқараға көрсетіп  
Шаригат жолын үйретпек.  
Алладан келген хабар бар:  
«Әмірімді істемей  
Тәрк етсеңіз, махшарда  
Тартарсың қазап-бейнет» деп.  
Астана халық ішінде  
Білімге терең жүйрік көп,  
Шайтан деген зор дұшпан  
Адастырып біздерді  
Басқа жолға сүйретпек.  
«Мадиқтасаң ғалымды  
Күр тастамас Аллан» деп  
Бұл жауапты шығарған  
Сәттігүлдай шайырың  
Маңғыстау түбек — бұл жакта,  
Атасы хажы, бай Сарбас,  
Бір қазақтың ұлынан  
Олқы деп ешкім айта алмас,  
Сөз шығар деп өтінді  
Хазіретлердің хақында,  
Абдолла, Әбді ахунға,  
Көңілі Аллада, көздері  
Шарғынын жазған хатында,  
Зауқына фәни алданбай  
Іждәһәт етіп тілеп тұр  
«Жеткізе гөр, — деп, — ақырда».  
Қор болмас адам баласы  
Жетіссе кәміл ақылға,  
Асылы, ғаріп пендеміз —  
Жүрмелік бекер ғапылда.  
«Бұрыс жолға түспе — деп  
Бұйрығымды істе» деп  
Әмір болған Алладан

Атамыз Сафи-Адамга,  
Солардан мирас біздерге  
Алладан қорқып, сыйынбақ  
Сәжде етіп басты жығылмақ,  
Бір Аллаға мағлұм  
Сөзіміз айтқан сыбырлап.  
Ісіміз еткен жыбырлап.  
Пасықтардың ісі еді  
Қисық жүру қырындап,  
Ысрафил сүргін үрген күн  
Жан-мақұлық қырылмақ,  
Қопарылып қайтадан  
Жиналар махшар-майданға  
Халайық қалмай қыбырлап,  
Күнә-сауап өлшеуге  
Таразы-мизан құрылмақ,  
Құдайдың сүйген құлдары  
Ысыраттың жолынан  
Өтеді дейді зырылдап,  
Күнәһәрлар сол күнде  
Отқа түсер шырылдап.  
Тамұққа түсіп қалғандар,  
Шырылдап отқа жанғандар —  
Бұларды кім деп сұрасан,  
Әмірін Хақтың төрк етіп  
Біреудін хақын алғандар,  
Аузына харам салғандар.  
Орын алар жәннәттен  
Бірлігіне Алланың  
Ақиқат көміл нанғандар.  
Үжмақтан үміт етсеңіз  
Ізгуліктен танбандар,  
Жандарыңды шыбындай  
Өлмей тұрып қамдандар,  
Атылатұғын ажал бар,  
Ғарасаттай бағар бар —  
Мұны байқап аңдандар,  
Аңсыз жүріп, машхарда  
Иманнан махұрым қалмандар,  
Осылай деп жолдайды  
Шаригы Кәләм-Шәрифтің  
Хабарын оқып қанғандар  
Арбап тұрған және де  
Дүние-фәни жалған бар.  
Дүниеге сенбеніз,  
Жолдас көріп ерменіз,  
Мәләкүл-мауыт жетіссе

Қазылған лаһат-көрдеміз,  
Таң махшары атқанда  
Жатады жерде көмбеміз,  
Ықыласпен сол күнде  
Аллаға «иман бер» деңіз,  
Насихат еттім азырақ —  
Мұнымды бөтен көрменіз,  
Тірлікте сылап-сыйпаған  
Шіриді төн мен кеудеміз,  
Өлген күні, бір Алла  
Өзі жәрдем етпесе  
Біз мүсәпір пендеміз.  
Тыңдауға халық жалықпас  
Сөздің айтсақ пәмдісін,  
Таба алсаң төтті, дәмдісін,  
Хиуада пір Мәткерім,  
Үргеніште Зәкіржан,  
Солардан алған пәндісін,  
Шығарылды бұл сөзім  
Алдымыздағы шамшырақ,  
Күзеткен мешіт Алла үшін,  
Абдолла мен Әбді үшін,  
Тәуекел етіп, бекініп  
Тәңірдің еткен тамғысын,  
Риза болың, жамағат,  
Мұсылманға дұға деп  
Шығарылған жауаптың  
Мүқтасар еттім жамғысын.

1915 жыл

## НАСИХАТ СӨЗ

Кұдыретінмен, бір Алла  
Ең әуелі жараттың  
Он сегіз мыр галамды,  
Түзеттің гұрып-заманды  
Аспан менен Жер жасап,  
Жараттың Сафи-Адамды  
Топырақтан тұрпат тен жасап  
Өргізбекке өгізіп  
Мақұлқат, жанды көп жасап,  
Мақұлық мекен етуге  
Дүниенің жүзін кен жасап.  
Реушен жарық Ай мен Күн  
Екеуін қабат тен жасап.

Қашаннан Қади-Алла түр  
Біреуді биік-жоғары,  
Біреуді төмен-кем жасап...  
...Келіспес еткен ісіміз  
Аллаға пенде болмасақ,  
Күр тастамас Күдайым  
Әмірін тура жолдасақ,  
Баска түсер мұңшылық  
Бұл жүрістен айрылып  
Қараңғы жерге орнасақ,  
Иман керек сол күнде  
Тіршілікте, жігіттер,  
Шайтанға ермей, қорғансақ,  
Баршаға Ие-Алласын  
Он сегіз мың галамды  
Қоя көрме күр жасап.  
Бұйрығын тұтсақ, біз үшін  
Сегіз ұжмақ-жәннәт түр  
Ризығын құрбан, мол жасап,  
Мүбәһ деп жүр молдалар  
Осылай айтып толғасақ,  
Аллаға құлдық етелі,  
Аударады нәпсіңді  
Дүниенің айла-меккері,  
Көңілімізде аян түр  
Фәнидің бастан өтері,  
Рухы жанның төнінен  
Айрылып бір күн кетеді,  
Сегіз ұжмақ-жәннәтте  
Мұсылманның мекені.  
Бәдіғат іс пен жауыздық  
Аллаға дұшпан — шет еді.  
Ізғу болар халал мал  
Дүниенің шырын-шекері,  
Бұл әңгіме-сөз кеңес  
Бұрыннан қалған кеп еді.  
Расулы Мұхаммед  
Алладан соңғы жеке еді,  
Хақ Пайғамбар һәм патша,  
Саһаба ерлер нөкері.  
Алланың досты Мұхаммед  
Құрметі үшін жаралған  
Мақұлық, галам, барша жан.  
Пасықтардың ісі еді  
Аллаға сәжде қылмаған.  
Бұрынғы өткен шайхылар  
Исламның жолында

Күлшылық етіп тынбаған,  
Он екі имам, сегіз жар  
Саһабалар жұмласы  
Отыз үштей мындаған,  
Баршалары бірігіп  
Пайғамбар Расулыдан  
Тағаллым-Хадис тындаған.  
Дәрежелі жандарды  
Алласы қымбат бұлдаған,  
Жарылкаса бір Күдай  
Өтуі шапсаң секілді  
Ысыраттай көпір-жылғадан.  
Расулы Мұхаммед  
Ниетін пөктен бұрмаған,  
Алланың Ғали шері еді  
Дүшпәннан сағы сынбаған,  
Хазіретті Біләлден  
Махфузда азан тындаған.  
Байқасаң қарап, бұ заман  
Соларға да тоқтап тұрмаған.  
Тәрк ету үшін көпірді  
Аспан мен жердің арасын  
Топаң су қаптап күрсаған,  
Нұх пайғамбар кемемен  
Сексен жан ертіп қасына  
Суда жүзіп зарлаған.  
Сүлеймендей патшаны  
Бірнеше жыл қанғыртып  
Жүзігін дию ұрлаған.  
Балық жұтып Жүністі  
Қырық жыл қайғы шырмаған.  
Ол балыққа Алла айтты:  
«Аузыңды ашпа, жұм — деді  
Расулым менің бұл» — дейді  
Дария тасып, су жүріп  
Қайтерін халық білмеді.  
Пайғамбар Жүніс сонда айтты:  
«Мен жазықты құлын» — деп  
Кемеге, сүйтіп, мінбеді.  
Өмір болды Алладан —  
Залуһа деген бір балық  
Жүністі жұтып жалмаған.  
«Қапас еттім қарныңды  
Қырық күн, қырық түн» — деді,  
Қаралғанда Құранда  
Бұл айтқан сөзі шын деді.  
Құдыққа салып Жүсіпті



Ағалары күндеді,  
Баласынан айрылып  
Бірнеше жыл еңіреп  
Атасы Жақып іздеді,  
Аллаға тілек-қол жайып  
Жүсіптен күдер үзбеді,  
Бір Алла сақтар ақ құлын  
Ағалары Жүсіпті  
Атасынан айырып  
Қырық жылдай жат қылды,  
Бір Алланың тағдыры —  
Сонша көркем нұрменен  
Кем бағаға сағтырды,  
Ақырында Мысырда  
Патша тұрып, гақ мінді.  
Нәмруд-Шадат пырғауын  
Ыбырайымды өртеуге  
Отын өртеп жақтырды.  
Хабиболла Нәбиді  
От ішіне лақтырды,  
Құдыретімен Алланың  
Жанған оттан-жалыннан  
Бір қызыл гүл — бақ қылды.  
Шыбын, шіркей — бір пәле  
Нәмрудтың ісін төрк етіп  
Әскерін қырып сап қылды.  
Күдіретті Алланың  
Өміріне қараңыз:  
Ғимранның ұлы Мұсаны  
Пырғауынға бақтырды,  
Кітабы «Таурат» келгесін,  
Пайғамбарлық енгесін  
Залымға қаза гаптырды.  
Орнады адам баласы  
Дүниеге мекендеп,  
Ібіліс-шайтан Алланың  
Дәрғаһынан қуылған  
Тәкаппарлық етем деп,  
Ойлаған жоқ ед ол күнде  
Үш мың жылдық еңбегім  
Рия босқа кетер деп.  
Қәлимолла-Құранда  
Айтылулы әйетте  
Ойламаң мұнын бекер деп.  
Әмір болды Алладан:  
Яһуда деген өгізге  
«Қара жерді көтер» деп,

Зұлқарнайын Ескендір  
Қаптың тауын бекіткен  
Иөжуіж бен Мөжуіж  
Бер қарай өтіп кетер деп,  
Ол күндерде олар да  
Зор патша екен нөкер көп,  
Мұсылманның баласын  
Ойламаған бөтен деп...  
... Айтыла берсе табылар  
Әңгіме-сөздің ығысы,  
Жетпіс мыңдай жыл дейді  
Замананың озалда  
Жаратылған тұрысы,  
Белгісі дейді қайымның  
Ер Мөдінің шығысы,  
Мұсылманның сол күнде  
Көпірге жүріп қылышы  
Соғыстың болар ұлысы,  
Шыдатпайд дейді көпірді  
Ер Мөдінің қылышы.  
Жатқан жері Тажалдың  
Бұл күнде қашық секілді  
Бір қара жердің бұрышы.  
Мезгілі жетсе малғұнның  
Дүние жүзін төмамдар  
Қырық күнде жүрісі,  
Үжмағы мен тамұғын  
Екеуін қатар көрсетер  
Бар секілді қолында  
Құдайлықтың жұмысы.  
Пайғамбардың бір өуен  
Хабарынан болынар  
«Ғайса» деген дыбысы,  
Төртінші көктің үстінен  
Ғайса түсіп аспаннан  
Түздай еріп жоқ болар —  
Тарылар Тажал тынысы,  
Илләһи ағлам, иншалла,  
Осылай болар дұрысы,  
Ғалымдардан сұрасаң  
Болар ма екен бұрысы?  
Таулар ұшып сонан соң  
Бола берер кем-кемнен  
Не ғаламаттың ірісі,  
Ысрафил сорын үргенде  
Жаһанның қалмас тірісі.  
Ғарасатқа барғанда

Жерде жатқан жандардың  
Тірілмей қалмас бірісі.  
Келе жатыр кем-кемнен  
Ақырға таман жақындап,  
Кітаптын сөзіп мақұлдап  
Ахиреттің қайғысын  
Ойлаған жандар ақылды-ақ,  
Дүниені мақұлдап  
Қуғанменен тақылдап  
Мезгілдің жетсе, бір күні  
Ажалдың оғы атылмақ,  
Ібіліс-шайтан зор дұшпан  
Күнәға сүйреп батырмақ.  
Ер қырсыққа шалынса  
Өртүрлі затқа шатылмақ.  
Дүниеге дүрепті  
Хам, Сам, Иәфес — Нұхының  
Балдарынан тұқымы.  
«Алла» деп нәпсін тыйғандар  
Бұрынғы шайхы, имамдар  
Жүргізген екен жұртына  
Шарихаттың хукімін,  
Ұстаған діннің бүтінін.  
Тарихаттың жолынан  
Аудармай көңіл пікірін,  
Қоймаған дәйім зікірін.  
Құдайдың сүйген құлдары  
Тамудың көрмейд түтінін,  
Сегіз ұжмақ-жөннөкте  
Нығметтің көрер не түрін.  
Ораза, намаз — бес парыз  
Тіршілікте тұрғанда  
Іждөһат етіп бітірін,  
Адастырмайд бір Құдай  
Дұрыс болса тұтымын.  
Күнәлі болсаң — жазан бар,  
Алдарында базар бар —  
Өлмей тұрып күтінін,  
Қарызынан Алланың  
Әл барында құтылың,  
Шайхылардың бұйырған  
Шарихатын тұтының.

1924 жыл

## МУШТӘРИХ СӨЗ

Жаралғаннан бер қарай  
Болған екен заманның  
Ауыс-ауыс әр түрі,  
Сапырған мұхит-теңіздер  
Топанның болған сарқыны,  
Хазіреті Нұхынын  
Заманында су тасып  
Көкке толқын шарпыды,  
Таулардан асып шалқыды,  
Айнала тегіс жер жүзі  
Ашығы қалмай қалқыды,  
Кемеге мінген болмаса  
Жоқ кылған дейді жалпыны.  
Көпірлердің сол күнде  
Таусылды қалмай тамтығы.  
Мұсылман-көпір болгалы  
Келе жатыр осылай  
Арамның соғып салқыны.  
Күллі әлемнің ішінде  
Әнбиялар екен артығы,  
Әнбиялардың ішінде  
Баршасынан абзалы  
Мұхаммед екен алтыны.  
Ең әуелі жаралып  
Он сегіз мың ғаламнан  
Нұры бұрын балқыды,  
Расулы Мұхаммед  
Дүниеге келгесін  
Бүтіндеп еді жартыны,  
Мәриям ұлы Ғайсаның  
Алты жүз жыл артынан  
Меккенің байтақ халқынан  
Реушен жарық шам келді,  
Келгеннен соң кідірмей  
Мұсылман діні әлденді  
Расулы көңдірді  
Исламның жолына  
Талай мықты-нәндерді,  
Тұштықты балдай зөрлерді,  
Қураған бақтар қайтадан  
Көгеріп, гүлдеп, дөнденді.  
Қаранғы жарыққа айналып  
Дүние жүзі сәнденді,

Бурхан келіп қылыш ұрып көпірге  
Патша болды пәрменді.  
Пайғамбар келмей тұрғанда  
Арамдыққа айналды  
Мұсылманның діндері,  
Әбубәкір бас болып,  
Омар, Оспан, Ғали мен  
Иманға бәрін келтіріп  
Құдай бір, Құран шын деді,  
Мағыраждан асканда  
Рәббихұл-һйуәлдің  
Он екінші түнінде  
Жебірейіл жетісіп  
Бір пыраққа «мін» деді,  
Жеті қат көктің үстіне  
Шакырды «Достым, жүр» деді,  
Сыдыратұл Мінтәһә  
Қабы қаусайын ғаршының  
Бір сағаттың ішінде  
Бәрін кезіп келгенін  
Ешбір жиһан білмеді —  
Ертең тұрып әшкертті.  
Көпірлердің сол күнде  
Көңілі сенбей, күлгені,  
Әбу-Ләһәб бас болып  
Пайғамбар Расулының  
Дәрежесін күнделді.  
Хазіреті Салолла  
Жиырма үш жыл тұрғанда  
Патша болып дүрледі,  
Ғаламнан артық асыл нұр  
Алшыс үш жастан артылып  
Ол-дағы дәурен сүрмеді...  
... Мұсылманның баласы,  
Құдайды бір деп біліңіз,  
Ғибадат-тағат қылыңыз,  
Қанша айтқанмен, болмайды  
Бір Алласыз күніміз  
Өзі ғафу етпесе  
Толып жатыр мініміз,  
Ғарасат күнде қатты айып  
Жауыздық етсек — мұнымыз,  
Аманатын алған күн  
Кен дүние артта қалған күн  
Қараңғы қабір — ініміз,  
Қорықпаймыз сол күнде  
Қуатты болса дініміз.

Жантөсілім етерде  
Кәлимаға кідірмей  
Келгей-дағы тіліміз.  
Екі жақтың сәууәлін  
Дұрыстасақ жауабын —  
Құдайдың сүйген құлымыз,  
Дін ұстасақ тазалап  
Мұсылманның ұлымыз,  
Бір Аллаға мағлұм  
Іштегі пікір-сырымыз,  
Қабыл болған төубөмен  
Кетед деп түр ғалымдар  
Жабысқан күнө кіріңіз.  
Бү дүниеде баянсыз  
Бір бес-он күн тіріміз,  
Төңір берсе махшарда  
Шатланарсың мақтанып  
Айдай балқып нұрыңыз.  
Мүңкір-Нөңкір сәууәлін  
Берер алсаңыз кідірмей  
Жаңылып тілң мүдірмей,  
Қойылғасын қабірге  
Қаласаңыз тірілмей,  
Сол жатқаннан тұрмайсыз  
Исрафил сүргін үрілмей.  
Ғарасаттай майданда  
Жаһан қалмас сүрілмей,  
Қате қалмас сол күнде  
Тірліктегі, жігіттер,  
Еткен нәрсең білінбей.  
Ысыраттай көпірден  
Құдайдың сүйген құлдары  
Кетед дейді сүрінбей,  
Айбарлы нәрсе жоқ дейді  
Жеті дозақ-тамұқтың  
Жалынының түріндей.  
Қатты қорқып, қауіп етіп  
Бұрынғы өткен шайхылар  
Таң атырып тағатпен  
Көздері кеткен ілінбей.  
Солар үшін ұжмақта  
Пырақтар түр мінілмей,  
Махшар күнде жақсы орын  
Тағат еткен құлға бар,  
Кәлимолла-Шәрифтен  
Келіп тұрған шын хабар,  
Қыл көпірден қиналмай

Имандылар зырганар,  
Айдай жүзі нұрланар,  
Сегіз ұрмақ жөннөттің  
Ныгметтерін күлданар.  
Нәсіп болып барсаңыз  
Ішуге көусар-жылға бар  
Кипоге жібек күллө бар  
Күшуга тұрған нұр де бар.  
Бақшада түр жайнаған  
Ләзәтті шырын хұрмалар,  
Үшбулерден сол күнде  
Кәпірлер босқа құр қалар.  
Ғазабын тамұқтың  
Шықлай, дәйім, шырмалар.  
Жауыздық жанға тым зарар,  
Баяны бар бақидың,  
Фөни-жалған бұл қалар.  
Сақтай гөр, Алла, махшарда  
Жеті тамұғ жалыннан,  
Жан шығарда сақтай гөр,  
Андып жүрген лағыннан,  
Ібіліс-шайтан залымнан.  
Ғаббасын ғафу ете гөр,  
Қатеміз көп-ті жаңылған.  
Жарандар, ойлап қараңыз,  
Жақын бар ма өзіне  
Бір шыбындай жаныңнан?  
Ғани болсаң зекет бар  
Айдап жүрген малыңнан,  
Ахирет күнде пайда жоқ  
Тірліктегі бағыңнан,  
Әлденеше хисап бар  
Сөйлеген тіл мен жағыңнан.  
Тәкаппарлық қалынған,  
Кім десеңіз — Әзәзіл,  
Рия кетіп еңбегі  
Бақыты бастан арылған.  
Атамыз Адам-Сафидан  
Дәрежені қызғанып  
Өз-өзінен тарылған,  
Ойлаймын деп ірілік  
Бұл орыннан қағылған,  
Сүйтіп, тауы шағылған,  
Содан қайтып пайдаға  
Аспады сөзі жалынған...  
... Әмірін Хақтың тұтпаған  
Кәпірлердің ұлты еді,

Алланы бір деп илану  
Мұсылманның құлқы еді,  
Абзал-артық берілген  
Дәреженің үлкені,  
Расулы Мұхаммед  
Ислам діннің кілті еді,  
Жәннәті гала махшарда  
Тұғынатын мүлкі еді.  
Хабибім деп бір Алла  
Өзіне жақын тіркеді.  
Ғарасаттың күнінде  
Үмбеті үшін зарланып  
Көзінің жасын сүртеді.  
Ахирет күнде көпірлер  
Мұсылманға күлкі еді,  
Тағаллық болған тамұқта  
Озалдан дінсіз жұрт еді...  
... Бір Алланың рухын  
Өмірін Хақ деп сеніңіз  
Болғаннан соң пенделік  
Толып жатыр кеміміз,  
Ажал келмей дін тұтып  
Ете гөрдін іждәһәт  
Сау жүргенде деніңіз,  
Қара жердің астында  
Қалады бір күң теніңіз  
Айрылысады сол күнде  
Ағайын-туған, еліңіз,  
Пайдаға аспайд ол жерде  
Айла мен білік, ебіңіз.  
Қайымға дейін қайырлы  
Болғай-дағы, мекендеп  
Жататын төсек жеріңіз,  
Жарылқаса бір Күдай,  
Жарық болар, нұр болып  
Қаранғы кабір-көріңіз.  
Ораза намаз тамамдап,  
Малдан зекет беріңіз,  
Жамандықтан сақтанып  
Ізгулерге еріңіз.  
Исламның жолында  
Жүре алсақ, түзу жолымыз.  
Мұсылманның баласы,  
Таза ұстасан дінінді  
Жәннәтке дақыл едіңіз,  
Ғарасаттай майданда  
Ысыраттан аударда



Жақсы менен жаман айрылып,  
Ашылар сонда жігіңіз.  
Тіршілікке Құранда  
«Һәм тәділі иәумә-әйюһәл  
Мүжримуин» дедіңіз  
Қиямет күнде болажақ  
Осы айтылған сөзіңіз.  
Кітаптарда айтып тұр:  
«Құлшылық ет, тынба, — деп  
Ықыласпен тыңда, — деп  
Барасыңыз бақиға,  
Қала алмайсыз мұнда» — деп,  
Естіген сөзді айтамын  
Жамиғат-жаран «тында» деп  
Азғыратын шайтан бар:  
«Ғибадат-тағат қылма, — деп  
Тағаллым алып, тәубе етіп,  
Асығып әзір сынба, — деп,  
Арылмайтын күнәға  
Бастарынды былға» деп.  
Сегіз ұрмақ салынды  
«Құдай» деген құлға деп,  
Бара алсаңыз жөннәтке  
Пырақтар түр мінуге,  
Қосылуға һүр де көп,  
Болсаңыз мүһмин бұл сөзге  
Шек келтірме «шын ба?» деп  
Алладан үміт үзбейік;  
Сабытыланған әйет бар:  
«Ләтәһнәту мерраһметулла» деп,  
Санаулы демің біткесін  
Бұрылуға сағат жоқ,  
Жасырынуға қабат жоқ.  
Шарғыда айтып қақсап тұр:  
«Жолдас емес кісіге,  
Бү дүние қалад, — деп  
Ете гөрің тағат, — деп  
Ібіліс-шайтан бас алмай  
Сыртыңыздан бағад» — деп.  
Кәләмнен келген хабар бар:  
«Махшар күні ұрмақты  
Имандылар алад» — деп  
Зор дәреже табад, — деп  
Тағамдарын асап жеп,  
Сусындарға қанад» — деп.  
Айтылулы әуелден:  
«Күнәһерлер сол күнде

Отқа түсіп жанад, — деп  
Тамуғыларды түйедей  
Шаяндары шағады», — деп  
Заққұм деген зәһәрді  
Асайтұғын секілді  
Тамуғылар тамақ деп.  
Бірінен-бірі артылған  
Әрбір түрлі азап көп,  
Жамандықты, жарандар,  
Ете көрме «талап» деп.  
Хабарлаулы Құранда:  
«Он сегіз мың ғаламның  
Ақыр түбі — ғарап» деп.  
Ғаламды ғарап етпекке  
Ысрафил соры суырап,  
Он сегіз мың ғаламның  
Заманасын қуырап,  
Ахирет күнде көпірлер  
Гүрзіменен ұрылып,  
Шынжырменен буылар.  
Тамуғының сөнбейтін  
Лаулаған түтін-буы бар,  
Ысыраттың тарылған  
Қараңғылық жолы бар.  
Ысыраттай көпірден  
Жаһан қалмай қуылар.  
Ұранымен Мұхаммед  
Көтеретін сол күнде  
Ләуәлиханды туы бар.  
Жанды жаһан жиналып  
Бір ұлы айкай болынар,  
Құдайдың сүйген құлдары  
Дәрежеге толығып  
Рахатқа молығар,  
Бірлігіне Алланың  
Иланбаған көпірлер  
Жеткізетін түбі жоқ,  
Таусылатын күні жоқ,  
Сақтамаса бір Тәңір  
Азаптың үлкен зоры бар.  
Имансыз кісі сол күнде  
Қатты ренжіп қорынар.  
Мұсылманның баласы  
Дұрыс келсе нәмөміз  
Бір жайшылық табамыз,  
Ағзадан қуат-өл кетсе  
Шыбындай болмас шамамыз.

Жан сауында қимылдап  
Дін қорғанын қалаңыз,  
Ажал келсе емініп,  
Араласып бір күні  
Топырақпенен қаламыз.  
Жан-мақұлық жиналып  
Таңда махшар күнге барамыз  
Кімдер, жақсы кім жаман  
Ашылар сонда арамыз,  
Айрылар ақ пен қарамыз.  
Ғалиым, Саттар, Ғаббарысым,  
Раббым, Алла, сол күнде  
Бола гөр-дағы панамыз...





## АЙТЫСТАР, СӨЗ ҚАҒЫСУЛАР

### БАЗАР ІЗБАС АҚЫННЫҢ ҚАШАҒАН МЕН СӘТТІҒҰЛҒА ТИСУІ

Базар Ізбас деген ақын кезінде Қапаған мен Сәттіғұлды қалқының «Адайдың айтқыштары» деп маддықтап, көрсеткен құрметтеріне қызғанышпен қарап, оларды ақындық жолмен жеңе алмасын біліп, өзінің діни сауаттылығымен сүріндіргісі келіп екеуіне діни тұрғыда жұмбақ өлең жолдапты. Сондағы Ізбастың айтулы екі ақығыға жіберген жұмбақ өлеңі екен:

*Бес дуадақ, бес аққу,  
Отыз екі үйрек жолдасы,  
Әрбіріне қарасақ,  
Екі-екіден бірбасы,  
Ағашына қарасақ,  
Пейіштен екен хұрмасы,  
Тұлғасына қарасақ,  
Аспан мен жердің арасын  
Тіреп тұрған тұлғасы  
Бұл жақсылардың жолдасы  
Жамандардың оңбасы,  
Мұны тапқан адамдар  
Қазбаның ахун-молласы...*

Бұл жұмбақты екі ақығыға жолдаған кезде Ізбас алпыста, Қапаған сексенде, Сәттіғұл отыз бесте екен. Сексенге келген Қапаған Ізбастың бұлайша тиісуіне қатты ашуланыпты.

Бірде Қапаған мен Сәттіғұл қатысып отырған бір жерде Ізбас та келіп, үшеуінің басы қосылып қалыпты. Қапағанның Ізбасқа піскелі отырғанын сезген Сәттіғұл ақын:

— Ей, отағасы, «Інісі бардың тынысы бар» деген, ағамның жұмбағын өзім шешейін, сіз қисайып жата беріңіз» — деп, жұмбақты былайша шешті:

Хат жаздың, Ізбас қалпе, қаламменен,  
Түрленді жылдан жылға заман деген.  
Қағысып, сөз айтқанның керегі не  
Тар-таңқы сіздей гами-наданменен?  
Абыл мен Ақтан, Нұрым, Әбубөкір —  
Бәсім жоқ бұрынғы өткен оларменен,  
Ал енді осы күнгі жүйріктермен  
Ойым жоқ жарысқанда қалам деген.  
Жүре бер Уақымның шағылында,  
Бәс етпе біздей биік панаңменен,  
Әркімнің рет-рет өлшеуі бар —  
Өз халін білу керек адам деген.  
Мирасы екен қашаннан  
Біреу мен біреу алжасқан,  
Әл-қуатын барласқан,  
Мен ежелгі жүйрікпін  
Шабуыл шауып, шаң басқан,  
Сен жасың үлкен ағасың  
Бізден бұрын қар басқан,  
Лайқат емес өзіңе  
Жағадан алып жармасқан.  
Алдың ашық, мінеки,  
Айтсам десең тынбастан.  
Сөзіңнің титтей сөні жоқ,  
Тандайға татар дәмі жоқ,  
Қиын мен ажар тағы жоқ,  
Айтпадым ба әуелден  
«Көкенді біздей таны» деп.  
Мен қайыра жауап айтайын  
Сенің жұмбағыңның мәні деп:  
Бес дуадақ, бес қуың —  
Бес намаз бен бес парыз,  
Отыз екі үйрек дегенің —  
Бес уақыт намазға  
Отыз екі рет жығылған,  
Оқымаған пендеге  
Арылмайтын бұл қарыз.  
Пейіште құрма дегенің —  
Он екі камар ішінде  
Рузаның айы еді,  
Жәннәттің мекен-жайы еді,  
Тұлғасы үлкен дегенің —  
Сауабының көптігі  
Жер мен көкке сай еді,  
Жақсыға жолдас дегенің —

Ораза, намаз тұтқандар  
Иманға гани-бай еді,  
Жамандар оңбас дегенің —  
Күл болмаса, Күдайға  
Келіп тұр мұның қай жері?  
Жұмбағыңды бұл жазған  
Осылай жорып шешемін,  
Қалдырмай құсты санаған  
Осылай шығар есебің,  
Айта алмассың өзін де  
Шешуі мұның өзге деп,  
Жұмбағына бұл айтқан  
Қатын менен баланың  
Бәрі де күлді сөз бе деп.  
Арыдан жауап айтуға  
Адамның пәмі жетпесе  
Шамалы қалды-ау төсегің,  
Көріп жүрміз әр жерде  
Мылжыңның сендей нешеуін.  
Мен қайыра жауап сұрайын  
Сәттігүл-жырау-шешенің.  
Біреуді біреу гайбаттап  
Сыртынан сөйлеу күнө-ді,  
Ғәмменің әлі мағлұм  
Баршасын Алла біледі,  
Әзәзіл-шайтан әуелде  
Отыз мүриттің бірі еді,  
Қабиғын сұрап Алладан  
Қайымға дейін жүр еді —  
Берілген жалғыз тілегі.  
Көп мақсатын бітірген  
Мағыраждың түні еді.  
Арғы жерден хабар айт:  
Мақұлық жанда әуелі  
Некелескен кім еді?  
Он төрт қабат жер мен көк  
Ұсталып немен тұр еді?  
Жеті қат көктің үстінде  
Қазығы неден жаралған,  
Оның нешеу еді тіреуі?  
Неше дүркін қаз-үйрек  
Ысрафил сүргін үреді?  
Иәжуіж бен Мәжуіж  
Бұлар неткен ірі еді?  
Хызыр, Лияс, пайгамбар

Әліге дейін тірлікте  
Не себептен жүр еді?  
Сүлеймендей патшаның  
Құрығынан босанып  
Неше жылда тарқалып  
Келіп жүр құстар жылменен?  
Менің қайыра қойған сауалым  
Осыларды біл деген,  
Білмесеңіз бұларды  
Көтінді қыс та жүре бер,  
Аузынды ашпай тын деген,  
Көне, бұл сауалды шешіп бер  
Және мағынасын жырменен.  
Әлінді білмей, Ізбас құл,  
Бәс етіп жүрсің кімменен?  
Бәдік айтып алпыс жасында  
Өз халіне карамай,  
Адам жоқ саған күлмеген.  
Сен менімен жарыспа  
Меніменен жарыссаң  
Шап-қолтығың созармын  
Күмістей тартқан сымменен,  
Атаңа нәлет, Ізбас құл  
Бимырза менен Жөнтеннің  
Сатып алған құлы едің,  
Түз шағылдың бойында  
Көлдей болып табаның  
Сораң қағып, қияқ жеп,  
Отынын тасып солардың  
Жүргенінді білемін.  
Дәмі жоқ бәдік сөзге парпарсын  
Мендібек, Құлпат деген ағаңменен.  
Абырой сен айтысып таба алмайсын  
Ойласаң мұны егер санаңменен.  
Менімен қашаннан-ақ тең емессің  
Құлпат пен Мендібектен кем емессің  
Халыққа нәһи-мүңкір үйреткендей  
Хазірет, ахүн-молла сен емессің.  
Мысалы, сортаң жерде шұқанақсың  
Желсөзге мендей шалқар көл емессің  
Келгенде алпыс жасқа бәдік айтып  
Халыққа сен бір жүрген келемешсің.  
Сен түгіл үш анаңның жиынында  
Жүйрігін, жұртқа мәлім, тауысқаным.  
Шаригат маған, Ізбас, айтпақ түгіл  
Сабалақ көтіңнің жу сауыс қанын,

Бұл сөзді қатты айтты деп өкпелесен  
Қайтып ал, бізде болса ауысқанын...

Қапаған жатқан орнынан түрегелді:

— Бұл жұмбақ осыменен шешілді ғой, Сәттігүлжан. Сексенге келгенде Қапағанды албасты басып жатыр екен, үндемей қалды деп айтар, маған рұхсат ет, бір-екі ауыз айтайын, — деді.

— Ей, отағасы-ай, қатты кетесіз-ау, дегенмен, сізді қайырып болмас, айтыңыз, — деді Сәттігүл Қапағанға.

Сонда Қапағанның Ізбасқа қарап айтқаны:

Арғы атам менің ер Қосай  
Өзімнің атым Қашаған,  
Ғұмырым сексен жасаған,  
Мен Адай түгіл Алаштың  
Айтқышы едім қашаннан.  
Бұл күндері болғанда  
Жас сексенге толғанда  
Базардағы Ізбас күл  
Сөз салыпты біздерге  
«Жасы жеткен шал ғой» деп  
Буындары босаған,  
Қартайып бүгін тұрсам да  
Мен сені артық көрмеймін  
Шыбын-шіркей, масадан.  
Бұл айтқан сөзің дұрыс па,  
Болмаса жалған бұрыс па,  
Сөз тыңдаған халайық  
Мені сөгіп ұрыспа.  
Атаңа нәлет Ізбас күл  
Сөз білетін адамға  
Естілді бәдік-былшылын,  
Шешеңе барған немедей  
Кемітеп деп сөз айтып  
Жайына жүрген жыршының  
Соңынан қалмай қыршыдың.  
Өсірмейсің сен мұнымен  
Өлеңнің өркен-бүршігін.  
Менің сөзім сары алтын,  
Сенің сөзің қола-мыс,  
Өтірік десен салайық,  
Ортасына сыншының,  
Сәттігүл мен маған тигенін  
Арылмай жүрген қырсығың,  
Жанғабылдың Сәттігүл  
Айтысам деп келгенде  
Сыналар сәтін төнгенде  
Кұрықталып қырсығың  
Шегірткедей және ыршыдың,



Маған тисең, Ізбас күл  
Көлдей болар жыртығың,  
Өзінді өзін мақтайсың,  
Одан да пайда таппайсың  
Бү да аузыңның тыртығы.  
Тастайды дейді тамуға  
Өздеріңдей жауыздың  
Ғайбат айтқан былшылын,  
Жұрт күлсін дет айтамың,  
Одан басқа, сен күлға  
Болады-ау сөзім күр шығың.  
Сен есек те, мен тұлпар  
Адай түгіл Алашка  
Естілді дүбір-дүрсілім.  
Алаштан озған тілді едім  
Адай түгіл Алаштын  
Хан-хөкіміне де бұлды едім  
Жаксылардан әрдайым  
Байрақ алып жүрмін күнбе-күн.  
Сен ежелгі жүйрік емессің,  
Тек бір жүрген зияндас  
Айналдырған жынды едің,  
Мен сенің шығарайын жыныңды  
Ақымақтықпен білмейсің —  
Айналдырған кісің кім?  
Өзіңнің сорың — тигенің,  
Жөніне жүрген жыршыны  
Қиянаттап күндедің,  
Андамай адам сөйлесе  
Ауырмай өлер деген бар —  
Мені, байгүс, кім дедің?  
Мен топты аузына қараққан  
Жасымнан жүйрік тілдімін.  
Анау Жанғабылдың Сөттігүл  
Аржағынан дүлдүд ед  
Келе жатқан жаралып,  
Жүйрік еді қашаннан  
Танылған көпке баға алып,  
Әңгіме-сөзі тыңдаулы  
Үстінде түр көп қамалып.  
Сен бір жүрген жапалақ —  
Көріп пе едің жүргенін  
Жапалақ құстың аң алып?  
Сен Сөттігүлға тием деп  
Қаларсың, байгүс, бір күні  
Базардан жүндей сабалып.  
Мына отырған Сөттігүл

Жыр сүлейі сөйгүлік,  
Келерден бұрын алты күн  
Сөз өрнектер жай біліп,  
Ол арғымақ озған шабандоз  
Сен шабансың жүрген тай мініп.  
Мен тимеймін елге сен үшін  
Сен қосылмайтын келімсек,  
Айта барсем, жөне бар  
Мұнан да басқа келісің,  
Былшылдамай, қарап жүр,  
Таппайсың енді келісім.  
Елдегі жақсылардың көңілі бар  
Онан басқа сен құлдың  
Қаптар едім басына  
Шынымен иттің терісін.  
Қартайсам да, Ізбас-ау,  
Қадірім менің кеткен жоқ,  
Мен қашаннан да халықтың  
Әуелден таттым тәтті жемісін.  
Мен Адай түгіл Байұлы  
Жетірумен де айтыстым  
Халқымның мына ары үшін,  
Көрілік жетті бүгінде  
Алланың берген қашаннан  
Өнерім бер ед тілімде,  
Мен тоқтамаған жүйрікпін  
Таз Қашқынбай, Тама Ізімге,  
Ұят болар, Ізбас құл,  
Таласқан бізбен білімге.  
Сен өзекте жатқан бөлдірке  
Мен теңіздегі кемемін —  
Басармын да кетермін,  
Батарсың да кетерсің —  
Тоғынды шайқап бүлінбе,  
Сен бір жабы, мен тұлпар,  
Сен бір қарға, мен сұңқар,  
Мұхит жатқан тереңмін  
Шамшырақ жанған түбімде  
Кетерсің, байгүс, бойламай,  
Не деп айттын бұл сөзді  
Алды-артыңды ойламай,  
Құл құтырса — құдыққа  
Қармақ салар деген бар —  
Ұрындың мұны ойламай.  
Мен ежелгі жүйрікпен  
Ақбөкендей орытқан,  
Талай келдім бөйгіден

Жерім жоқ мұнан зорыққан.  
Сенің атаң келімсек  
Сатып алған жорықтан,  
Атаңа нәлет, сен құлдың  
Базар деген ауылға  
Кеселатың, сүйтіп, жолыққан.  
Кызыл күмның ішінде  
Сораң қағып, қияк жеп  
Қай жерің бар ед толыққан?  
Өзіңнің малың бұйырмай,  
Кызыл күмның ішінде  
Арқалап шағыр отынды,  
Беліңе салып шотынды —  
Әліне кара, сасық күл,  
Менің түкірігім сөндіред  
Сенің жаққан отынды.  
Аржағың сенің кім еді —  
Жалмырза мен Жәнтеннің  
Сойылын соққан жан едің  
Солардан бұғып қорыққан,  
Базар деген ауылға  
Кесірің тиген пәле едің.  
Өзіңді өзің зорсынба,  
Өзіңді өзің зорсынсаң  
Түсерсің бір күн тұзаққа,  
Үшкының үшпас ұзаққа.  
Сыртымнан жаман күңдейсің,  
Өз өліңді өзің білмейсің  
Қабыланға тиген қарғадай  
Сен бір кара мандайсың  
Сен кімнің арын арлайсың?  
Мен жоғарыда жүзген кемемін  
Сен өзектегі жыртқы қайықсың  
Беліңнен бассам кетерсің  
Су түбіне барып жетерсің.  
Саған қонған әруақ  
Періште емес, шайтандай,  
Мақтанып жүрсің өр жерде  
Ауызың қарған байталдай.  
Шайтаннан туған малғұнсың  
Малғұннан туған албасты,  
Айтысам деп келгенмен  
Кетерсің ләм-мим айта алмай.  
Күдай жақын қылыпты  
Албасты менен ізбасты,  
Одан туған зияндас  
Жүрген жерін мұз басты,

Арсызды қанша сөксенде  
Делебесі қызбас-ты.  
Сөйлеген сөзі су татыр,  
Жегендей болмас тұзды асты.  
Осы отырған көпшілік —  
Енді бір сөз айтайын:  
Күйкентай деген күс болар  
Далада жүріп мақтанса  
Қайраты ауыр пұт болар,  
Қарға деген күс болар  
Қасиеті оның жоқ болар.  
Күс жаманы жапалақ  
Кесіртке, тышқан жедім деп  
Қырғидың күшін көрмесе  
Ол-дағы жүрер есіріп.  
Шөже деген бір торғай  
Ұясында жатқанда  
Көкті тіреп жатыр деп  
Аяғын жимас көсіліп  
Қырғи күсқа гап болса  
Төрт бөлініп төс еті  
Қанағы қалар кесіліп,  
Тиіссен енді, Ізбас құл  
Жыр қалтаң қалар тесіліп.  
Ойлап тұрсам, әлеумет  
Ізбас сондай есірік,  
Өзінен зорға жолығып  
Тілеуі қалар кесіліп.  
Менде кеткен малың жоқ,  
Күйіп жүрген арың жоқ,  
Нағашылы, жиенді,  
Қайыңдылы, күйеулі —  
Саған шатақ жерім жоқ,  
Етіп жүр деуге ерегес  
Манайласар жерім жоқ —  
Кектесің тіпті мен емес,  
Жөніне жатқан бір шалды  
Сорқасқа болған Ізбас-ау,  
Қыласың неге келемеш?!

## СӘТТІҒҰЛ МЕН СҮГІР

Ескелді Сүгір Бегендікұлының сөз өнеріне қабілеті жаңадан таныла бастаған кезінде өйтілі Сәттіғұл ақынмен екеуін бір-біріне айдап салушылардың тілімен қайта-қайта мазалай бергесін, Сәттіғұл ақын Хорезмдегі Сүгірге өлеңмен жұмбақ жазып жіберіпті.

Сүгір келген хатты оқып қараса, өзі жұмбақ өлең де, жұмбақ түгелдей Құран сөзіне құрылған екен. Егітпін арабша сауаты болғашымен, Сүгірдің Құранға тісі батпаса керек, бұл хаттың шепімін сұрап, сол кездегі атақты ғұлама оқымысты Көрпе Размағанбет ақынға алып келеді. Размағанбет жұмбақтың жауаптарын бірнеше кітаптардан ақтарып қарап шепші береді. Оны өлеңге келтіріп өрнектейді де, Сүгір жырау жауабын Сәттігүл ақынға — Маңғык тауға жолдайды.

Мынау сондағы Сәттігүл ақынның Сүгірге жолдаған жұмбақ хаты екен:

Сәттігүлдай ағаңнан  
Көп сәлем шайыр Сүгірге,  
Харазым, Хандық — әр күрал  
Елімді кезіп, еңселеп  
Қосылдым талай дүбірге.  
Болғаннан соң жақыным  
Саған айтар ақылым:  
Мойныңды бұрып көз салып  
Болмайтын жерге үнілме,  
Шамасыз жерге шарк ұрып  
Тоғыңды шайқап бүлінбе,  
Абыл мен Нұрым, Кенже Ақтан  
Осы үшеуі болмаса,  
Кім бар еді, шырағым,  
Ағаннан артық бүгінде?  
Айтысам депсің әр жерде,  
Бұл айтқан сөзің шын болса  
Жоқ екен ақыл інімде.  
Төңіректе ақын көп  
Өнерін болса тілінде.  
Төрк етілген Әзәзіл  
Масығам деп білімге —  
Үлкендік алма көңілге,  
Үлкендік алсан көңілге  
Таптырар жазым гүбінде.  
Мына жұмбағымды шешіп көр  
Бейімін болса ілімге:  
Жаратқан Алла бір еді —  
Һәмменін өлін біледі.  
Біреуді біреу гайбағтап  
Сыртынан сөйлеу күна-ді.  
Он төрт қабат жер мен көк  
Арасында тіреу жоқ  
Үстеліш немен түр еді?  
Он сегіз мың ғаламда  
Ең әуелі қосылып  
Некелескен кім еді?

Қайымға дейін қанша еді  
Бү заманның сүрегі?  
Иәжуіж бен Мәжуіж —  
Бұлар кімнен дүреді?  
Неше мезгіл көрленіп  
Ысрафил сүргін үреді?  
Алланың досты Мұхаммед  
Көкке шығып кезгенде  
Көлігінің түсін айт —  
Нешік еді реңі?  
Хызыр, Лияс, Пайгамбар  
Әліге дейін тірлікте  
Неліктен өлмей жүр еді?  
Ғаршыны неден жаратқан  
Оның нешеу еді тіреуі?  
Сүлеймендей патшаның,  
Бұйрығынан босанып  
Періште, құстар жынменен  
Неше жылда жүреді?  
Жиырма тоғыз өріпте  
Не сөз еді «Нүн» деген?  
Білікті болсаң, шырағым,  
Бұл сөзім саған біл деген,  
Біле алмасаң бұл сөзді  
Маған қарап үндеме,  
Осыменен тын деген.  
Осыларды шешіп бер  
Және мағынасын жырменен,  
Сегіз арыс Адайдан  
Сен де алыпсың көрт-қоспақ  
Осы сөзді білмесең  
Адамға керек көт қыспақ,  
Ар көрмей, бала, сұрап ал  
Жерлерің болса білмеген...

Сүгір жырау бұл хатқа былайша жауап қайтарады

Он сегіз мың ғаламда  
Жаратылған көр мақұлық,  
«Құлым» десе Жасаған  
Сарайлы пейіш толмақлық,  
Жеделге мінген «жеңем» деп  
«Сөздің парқын білем» деп  
Керегі қаншы ғайбатлық?  
Ғалымдар айтса дұрысын  
Жеделдің орны тозақлық,  
Абыл мен Кабыл екеуі  
Бір анадан тұмақлық,  
Көктен қылыш енгенде

Әнбиелерге бергенде  
Алпыс үш еді ылым-бап,  
Мұның несін шеш дедің —  
Дүниенің тұтқасы  
Тұрғандай менің тілімде-ақ,  
Жыр айтуға қалғанда  
Орта емес шығар бүгінде  
Сіздің бақтан біздің бақ,  
Бізге шеш деп тастадың  
Он төрт ауыз бұл жұмбақ,  
Бұл айтылған сөздерің  
Оқыған жанға ортақ зат.  
Көңіліме сөзің көрінді  
Әжеттеуір сып-сыйдақ,  
Кімнің жақсы, жаманы,  
Кімнің жүйрік, шабаны  
Лаухыда бұрын сызылмақ,  
Жақын адам алжасса  
Ара алшайып бұзылмақ,  
Қарағантүп, Бозашы,  
Қызыл күмнан бер қарай  
Нәсібе айдап желіпсің,  
Ең өуелі ініе  
«Некеленген кім?» — депсің  
Некеленген кім десең —  
Некеленген өуелде  
Тәблият пен Жәблият —  
Осылай дейді қаулият,  
Пормыларын сұрасаң  
Бір пормысы жылаңдай  
Бір пормысы шаяндай —  
Мұның несін сұрадың,  
Оқулы жанға аяңды-ай.  
Алдымдағы ағамды  
Артық санап жүр едім,  
Шарифаттан — алыстан  
Жұмбақ шеш деп тіледің,  
Өлтірмесің білмесем —  
Бұқараның бірі едім.  
Иәжуіж бен Мәжуіж  
Жаралып еді үш рет,  
Қайдан шықты десеңіз  
Адам-ата нысанның  
Шаһуатынан шығып ед,  
Хызыр, Лияс, Пайғамбар  
Әбиһуд-мөнүді ішіп ед  
Ғаршыда тіреу төрт еді

Жазулы түр Құранда,  
 Иәумә изен Сәмәния  
 Хадис ортасында Құранның  
 Соның нышан шерті еді,  
 Ысрафил сүргін десеніз  
 Үш мәртебе үргенде  
 Ғарасатқа айдап жүргенде  
 Күл болып таулар ұшар ма?  
 Адамзат, хайуан қысырап  
 Сәбилер бойдан түсер ме?  
 Қарап тұрсам мысалға:  
 Жақын ағам жат болып  
 Акиретті біл деп қысар ма?  
 «Нүн» деген сөзін нүн болар  
 Жаратылған нүн мен деп  
 Бұл айтқан сөзін шын болар,  
 Жер аймағын көтерген  
 Мүйізінің ұшында  
 Яһуда өгіз сол болар,  
 Артында жеткен інінді  
 Не қылғаның мыжындап —  
 Жүк салдың ауыр балаға,  
 Сұрағасын бұйымдап  
 Сөз қайырып жатырмын —  
 Жазығым жоқ ед ағама...

Сәттігүл ақып бұл хатты алып оқыған соң інісінің жазықсыз екенін аңдағты, дегенмен оны тағы да сынау үшін екінші рет жұмбақ жолдайды:

Маңғыстау деген аймақтан  
 Екінші саған бір сұрақ:  
 Далбақа менен Жалбақа,  
 Бұлардың шәрі қай жақта?  
 Заманы қатар іні едің  
 Алматау менен Каратал  
 Білгір болсаң, бұл не еді?  
 Үйілген қызыл құмдар бар  
 Кімдерден қалған белгі еді?  
 Лаухы менен Махфузда  
 Әуелі не зат сызылды?  
 Не себеппен түрленді  
 Ақ пенен кара, қызыл-ды?  
 Өзіреті Нұхының  
 Заманында су тасып  
 Қауымы қалай бұзылды?  
 Дәлектер қалай көтерген,  
 Суда жатқан әуілдек  
 Оны кім суға жіберген?



Ертедегі пайгамбар  
Патшалық құрды нешеуі?  
Бұл айтқан сөзім күнә емес  
Бергі жерден айтылған  
Иәжуіж, Мәжуіж бұл емес.  
Молдалардың айтқанын  
Тыңдамаған жөн емес,  
Осы сөзді шешем деп  
Талайлар болған келемеш...

Сүгір жырау бұл жұмбаққа былайша жауап жолдапты:

Сәтекем сөздің иесі еді  
Дарияны енді кешелі,  
Екінші айтқан жұмбақты  
Басынан бастап шешелі —  
Артыңнан жеткен ініңді  
Көп сынадың-ау, шешенім.  
Жалбақа мен Далбақа  
Болған жандар деседі,  
Мекендеген зат дейді  
Ас мен жердің арасын,  
Адамзаттарды дулаған,  
Қозғалып қойдай шулаған  
Шәрлері бар дейді  
Зәмзүртзатпенен булаған,  
Қолдыаяққа тұрмаған.  
Аспаннан тіреп қакқан жоқ,  
Үстінен байлап гартқан жоқ —  
Өзі жүрген кідіріп,  
Осы сөзді шеше алмай  
Талайлар қалған мүдіріп.  
Магнит бұлты сияқты  
Ас мен жердің арасын  
Өзі жүрген жүгіріп  
Осылай болған зат еді.  
Екі сөзің — Алматау  
Ол Маңғыстаудың аты еді,  
Қаратал деген дария  
Әркімге болған жария  
Әзіреті Нұхының  
Заманында су тасып  
Бір жерлерді қыр етіп,  
Бір жерлерді ой етіп  
Жер бетінде жатқан қызыл құм  
Ұйытып кеткен сол дейді  
Жер Тәңірін той етіп.  
Һәмме жаһан, адамзат  
Көп қалды дейді қырылып

Борқай деген аралдан  
Каспийге құйған бұрылып  
Шілікті, Құрша — қос қаты  
Сол күндер қалған жырылып.  
Су ішінде жатқан өуілдек  
Пырғауынның бастығы  
Пайғамбарларды қырам деп  
Суга түсіп кеткеннен  
Шыға алмай қалған түбінде  
Жатыр дейд содан өуілдеп.  
Сәлем де шайыр тарланға,  
Көңіліме келді азырақ  
Екі рет жұмбақ жазғанға.  
Мұңал түгіл Жаулы едік  
Бірге туған ауыл едік,  
Сіздіңменен бөсім жоқ —  
Ішінен Бекет-пір шыққан  
Біз Адайдың сауыры едік.  
Дұғай сәлем, тарланым,  
Әуелі тиген өзіңіз,  
Айтқанға, аға, шамданба —  
Жаратқан Алла, Жаббар Хақ  
Бү дүниенің жүзінен  
Үлес алды өркім бақ.  
Отыз ауыз менде жұмбақ бар  
Бөрі тегіс шешілсе  
Менің түбім сарқылмақ..

Сәттігүл ақын бұл жауап хаттарды оқып шыққан соң бұл іс өзін де, інісі Сүтірге де айдап салушы арадағылардың ісі екендігін түсініпті, сонымен бірге інісінің жауабына да риза болыпты...

## СӘТТИГҰЛ МЕН СҮГІР (Сәду нұсқасы)

Қазан төңкерісінен бұрын кейбіреулер жасы кіші жыршы, ақын Сүгір Бегендікұлы Сәттігүлмен айтысқысы келеді екен деген сөз жеткізеді. Оны естіген Сәттігүл Сүгірге өлеңмен сәлем хат жаздырып, сол кездегі дәстүрмен бірнеше дүни жұмбақтардың шепуін сұрайды:

Сәттігүлдай ағаннан  
Көп шайыр Сүгірге,  
Елімді кезіп, еңселеп  
Қосылдым талай дүбірге.  
Болғаннан соң жақыным,  
Саған айтқан ақылым,  
Мойныңды бұрып көз салып  
Болмайтын жерге үнілме,

Шамасыз жерге шарқ ұрып  
Тоғынды шайқап бүлінбе,  
Лагнат болған өзезіл  
Масығам деп білімге.  
Төңіректе акын көп  
Өнерің болса тілінде,  
Абыл, Нұрым, Кенже Ақтан,  
Қашағандар болмаса  
Ағаңнан озар, шырағым,  
Кім бар еді бүгінде?  
Үлкендік болса көңілінде  
Таптырар жаза түбінде,  
Алай-бұлай аспалап  
Жүрген болар көңілің  
Жігіттіктің күнінде.  
Айтсам депсің бізбенен  
Ол айтқаның шын болса  
Жоқ екен ақыл інімде.  
Біреуді біреу өсектеп  
Сыртынан сөйлеп күледі,  
Ақындар айтқан жолменен  
Жолдаймын сұрақ ініме  
Қаншасын інім біледі?  
Он төрт қабат жер мен көк  
Арасында тіреу жоқ  
Не себептен түр еді?  
Он сегіз мың галамда  
Әуелі некеленген кім еді?  
Яжуз бен Мөжуз  
Бұлар неден дүреді?  
Атамыз Сафи-Салолла  
Көкке шығып кезгенде  
Көлігінің нешік екен реңі?  
Біреуді біреу айыптап  
Жараспайды күндеген,  
Жиырма тоғыз өріпте  
Не нәрсе еді «нүн» деген?  
Білгіш болсаң шешіп бер  
Бұл сөзімді жырменен.  
Жеңілдім деп ар көрмей  
Жерің болса сұрап ал  
Шырағым інім білмеген...

Сәттігүл жолдаған хатты алысымен Сүгір Оразмағай  
барып жұмбақтардың шешуін сұрап алып, өлеңмен жауап  
Дүғай сөлем хат жаздым  
Сәттігүлдай ағаға  
Не себепті көз салдың.

Балаңмен жасты балаңа  
Арадағы өсек сөзге еріп  
Ер жігіттің  
Шайқалмаушы еді шабазы  
Жетіскен шығар көп болса  
Соңына ерген інінді  
Сәтеке, өзіңнен осал санама  
Көктен келіп мінгенде  
Әнбияға кітап бергенде  
Алпыс үште ыдым-бап  
Мұның несін шеш дедің,  
Дүниенің тұтқасы  
Түр деп пе ең менің қолымда  
Базар менен Назар бір туган  
Айтысқасын екеуі  
Біліп едім сырынды-ақ,  
Сөз айтуға қалғанда  
Орта емес шығар, Сәтеке  
Сіздің бақтан біздің бақ,  
Маған келді төтелеп  
Он екі ауыз бір жұмбақ,  
Осы жазған жұмбағың  
Көрінеді көңліме  
Әжелтеуір сып-сыйдақ,  
Кімнің жақсы, жаманы  
Кімнің жүйрік, шабаны  
Бұл лаухыға сызылмақ,  
Жақын адам алжасса  
Арасы суып бұзылмақ,  
Абыл, Нұрым, Кенже Ақтан  
Сонан соңғы мен депсің,  
Жақсыларға жараспас  
Күр мақтанып қызынбақ,  
Бозашының белінен  
Несібе айдап желдепсің,  
Айтқыш адам мен депсің,  
Өзіңнен басқа жыршының  
Бәрін бірдей тілдепсің,  
Не заманның бәрін де  
Біліп қойған кісідей  
Он сегіз мың ғаламда  
Ең әуелі некеленген кім депсің,  
Өз басымнан ағамды  
Артық санап жүр едім  
Шариғаттан өр жерден  
Шешсем жұмбақ түледім,  
Не қыласың білмесең,

Менен сұра Сәтеке,  
Он сегіз мың галамда  
Ең әуелі некелескен кім десен  
Ол Жақұттың екі баласы  
Халният пен Жалният  
Бір күйрығы жыландай  
Бір күйрығы шаяндай  
Бұл бұқараға аян-ды-ай.  
Көп тұтпаған ғылымды  
Бұқараның бірі едім,  
Яжуз бен Мөжуз  
Кайдан шықты десеніз  
Адам-ата інкөннің  
Шәуетінен жаралған,  
Қыдыр, Лияс, Пайғамбар  
Өлмейді деген себебің  
Мөңгілік судан нәр алған.  
Атамыз Сапи-Салолла  
Көкке шығып кезгенде  
Көлігі тұрады екен құбылып,  
Риза бол, Сәтеке,  
Ақ шалма салған молда емен  
Әрі ұзап бұдан бара алман...

## СӘТТІҒҰЛ МЕН ҚҰМАРДЫҢ АЙТЫСЫ

### СҰРАУБАЙДЫҢ СӨЗ БАСТАУЫ:

Уа, жамағат, сіздерге  
Сұраубай сөзін арнады,  
Ордалы жылан ұйлығып  
Зәһәрін шашып тұрғанда  
Жеңімпаз Қызыл ерлерім  
Тартынып бірі қалмады  
Кездескен жерде кескілеп  
Жауға салды таңбаны.  
Айтпай неғып тұрайын —  
Елімнің асқан қыраны,  
Жеңістердің ұраны  
Көсемім-күнім партия  
Жөн сілтеп, халқын қамдады  
Батырларым батымды  
Тілін жұлып жыланның  
Киевтен қуып, бездіріп  
Украинадан айдады,

Қара ниет, қанды ауыз  
Болса да құзғын, жалмауыз  
Түлкідейін тоздырып  
Ерліктен ерім танбады,  
Ерлерім елін қамдады.  
Байлығым алпыс арналы  
Сол арнадан құйылған  
Бұлақтың көзі ашылып  
Алқаптың толды аңғары.  
Бес түлектен мал өсіп,  
Балық, мұнай, өндіріс —  
Орындалып ұлы іс  
Беруде көмек майданға  
Отанымның аймағы.  
Сәттігүл, Құмар — бұлбұлым  
Елімнің айтып ерлігін  
Ал, көнеки, сайралы...

#### СӘТТИГҮЛ:

— Ақынға айтсам сөз дайын,  
Кем емес бір ауданнан бұл Бақсайым,  
Бес түлік өрісімде қаптап жатыр —  
Біледі мамандарым малдың жайын,  
Құмарым, менің сендей борышым жоқ,  
Жоспарды артығымен орындаймын.  
Байлыққа Бақсайымның қолы жеткен,  
Орындап жоспарымды келем көптен  
Жиырма жеті колхоз екпіндім бар  
Өсіріп өркендеткен, малды үдеткен.  
Берген ант, жазған хатты партияға  
Орындап кешіктірмей сыннан өткем,  
Екпінді малшы-шопан, мамандарым  
Көркейтіп, гүлдендіріп малын күткен,  
Екі қыс бір келсе де мал бермеймін,  
Кемім жоқ, жылы қора, үйген шөптен.  
Белгілі бір ауданмын атақ алған —  
Осы күн озып жүрмін қатарымнан,  
Ішінде ауданымның үш колхозым:  
«Фурманов», «Есбол» менен «Енбекші тап»  
Алып жүр енбек етіп абырой-бақ,  
Тайғара жылқышым бар малға бапты,  
Ұйқысыз ат үстінде тандары атты,  
Беріп түр армияға отыз үш ат.  
Имашев, Көшкінбаев алыптарым  
Қияға құлаш ұрып шолды алапты.

Айбынды күші құрыш алыптарым  
Түрленгті мал өсіру бағыттарын.  
Майдан мен тылға біздер түгел жеттік —  
Беруде азық-түлік жабдықтарын.  
Осындай мақтан етем ерлерімді  
Ұйымшыл, пәтуәлі, ер көңілді,  
Әртүрлі азық-түлік, керек-жарақ  
Майданға беріп тұрмын көмегімді.  
Сұраймын, ақын Құмар, білмек үшін,  
Қайтарып айтшы маған дерегіңді.

#### ҚҰМАР:

— Сөйле, сөйле Сәтеке, бұлақша ағып  
Сөйлер сөздің желісін өнмен қағып.  
Теңім жоқ, терең жатқан тұңғықпын  
Жай жатқан момақансып, өрге шауып.  
Тамаша ауданымның байлығы көп,  
Мен айтсам сіз қаларсыз естен танып.  
Байлыққа меніменен таласпайсыз —  
Гүлденіп, құлпырып түр ел жасарып.  
«Алға» «Еңбек», «Жаңа құрылыс» колхозым бар  
Айтпаймын жетістігін оның не ғып?  
«Степан Разиндей» колхозымның  
Байлығы Қазақстанда бірінші алып.  
Белгілі елге еңбегі ерлерім бар,  
Тыңдаңыз тамашысың құлақ салып.  
Құспан мен Оразғалиев ерімді айтсам  
Сәтеке, танданарсыз қайран қалып.  
Хасанов Сапығали басқармам бар  
Жігерлі қызметі оның да анық,  
«Передовик» колхозында Көшекбаева —  
Көрген жоқ бұл жолдастар артта қалып.  
Аянбай майдан үшін еңбек етіп  
Жеңістің мен отырмын күйін қағып,  
Сәтеке, қанша сайрап желгенменен  
Айрылдың Қызыл Тудан ұйықтап қалып,  
Оянсаң қолыңдағы Қызыл Ту жоқ,  
Қалыпсың сасқалақтап естен танып.

#### СӘТТІҒҮЛ:

Қызыл Ту уақытша түр қолдан келіп  
Аламын, мен қоймаймын, ертең жетіп.  
Жұмысым ақсаған жоқ оныменен  
Еңбекке шын талпынсам түгендеңем,

Күрестім жұмыстардың зорыменен.  
Колхозым мақтау алды үкіметтен  
Күрделі табыстардың молыменен,  
Орындап партияның тапсырмасын  
Келеміз аумап түзу жолыменен.  
Айтыстың меніменен Кұмар ақын,  
Отырған көп сынапды сөздің парқын,  
Жан аяр жалқауың көп, екпіндің аз,  
Жұмысқа колхоздардың қарайд салқын.  
Керенау жалқаулықтың себебінен  
Ауданның бағып жүрсің кейінгі артын.  
Берілген үкіметке уәден қайда —  
Әлі жүр орындауға келмей шарқын.  
Колхозым өлдеқашан орындады —  
Бізде бар екпінділік — күшті қарқын.  
Белгілі облыстағы бір ауданмын  
Жайылып біраз жерге кеткен даңқым.  
Кұмарым, бермен қара, аш көзінді,  
Аянба, ағытып қал бар сөзінді,  
Күтылып кең өуелі борышыңнан  
Содан соң мақтау керек колхозынды.

#### КҰМАР:

Сөтеке, дұрыс айттың мінімізді,  
Үялттың көп ішінде інімізді,  
Бұл жұмыс, шындығында, болуы рас —  
Айтайын, енді тында, жөнімізді.  
Жалқаулық біздің жақта болуы хақ —  
Кетірген сондай жандар құнымызды  
Бақсайым керемет деп мақтанасың —  
Қолыңнан неге бердің Туыңызды?  
Колхозда «Тұңғыш бірлік» Кереевтің  
Ондаған жойған екен қойыңызды,  
Бір колхозға аз шығын емес қой бұл —  
Жасырмай неге айтпайсыз соңыңызды?  
Ал айтшы, қайда кетті осы малың —  
Күр босқа көтересіз бойыңызды,  
Білмейсіз ізі-түзын осылардың —  
Жасырып, жасадың ба тойыңызды?  
Дегендей «семіз қойдың еті төтті»  
Шамданар «басты, — десек, — ұйқы қатты»  
Айрылып ұйықтап қалып Қызыл Тудан  
Көрші ауыл қасындағы бізге батты.  
Осындай шалағайлық істері көп  
Бұл ақын маған неге өлең айтты?



## СӘТТІГҮЛ:

Мұнына, Құмар ақын, сөз беремін,  
Жауапты кешіктірмей тез беремін,  
Аламыз Қызыл Туды ертен жеңіп,  
Отырсың, Құмарым-ау, неңе сеніп?  
Өзіңнің оданда үлкен ұятың бар —  
Малтығып шыға алмассың, айтсам теріп.  
Бір мың отыз төрт бас төліменен  
Кешегі октябрьде қалған кеміп,  
Құмаржан, айтпайын деп жасырасың —  
Мұқашев исполкомың отыр сезіп.  
Жүгіріп олай-былай қымтағанмен,  
Отырмын осылардың бөрін біліп.  
Ежелден «ел құлағы елу» деген —  
Сол малдан өзің де егген жепсін жілік.  
Жілікке тоймай қалып тағы алыпсың,  
Тойдың ба төрт түліктің басын мүжіп?  
Мұныңды естігенде ел күлді ғой —  
Шіріпті қарға көмген етің қызып.  
Менімен айтысуға кезге келдің,  
Осы ма еді сенің менен көздегенің?  
Беретін үкіметке борышыңды  
Себебін үш колхоздан болды дейсің —  
Кетіп пе ед жолаушылап өзгелерің?

## СҰРАУБАЙ:

Ақындар, айтысуға келдік бүгін,  
Жарысып шығардыңыз сөзден шырын,  
Тақымдап бір-бірінді қуа бермей,  
Токталып ескерелік істің түрін.  
Таусылмас, көп айтқанмен, сөздің арты,  
Шешілмес, сынамаса істің паркы.  
Сәтеке, шаршамайсың, тынысың мол —  
Кемшілік, жетістіктің айтылды аты.  
Тіресіп намысыңа жағаластың,  
Екпінді көрінесің, Құмар ақын,  
Екеуің екі ауылдың жүйрігісің —  
Көрініп көпшілікке болдың айқын.  
Қызғындап тұра алмайды бойды тежеп  
Көргенде қалың дуды Сұрау ақын.  
Ағалық Сәттігүлда болу керек,  
Болса да, Құмар ақын, сөзің алтын.  
Тыңдаңыз құлақ салып, асылдарым,  
Айтады тәжірибесін ақындарын,

Қиратар қиындықты ерлік, бірлік  
Майданға көмек берген батырларым.

1943 жыл

## СӘТТІҒҰЛ МЕН СҰРАУБАЙДЫҢ АЙТЫСЫ

### ҚҰМАРДЫҢ СӨЗ БАСТАУЫ:

Қос арна — Мақат, Жылой жарысқанда  
Ұмтылып оза шығып таласқанда  
Ағады майдан жаққа мұндай үдеп,  
Сұраймыз мұнайшыдан «мұнай бер» деп.  
Еңбекпен жанқиярлық майдан үшін  
Тонналап, эшалондап, жүздеп, мыңдап,  
Сарқырап асқар белден майым ақты —  
Фашистің мұнайменен миын шақты.  
Төрт түлік түгел өсіп қаптағанда  
Ерлерім «жеңеміз» деп күлім қақты.  
Жырландар, жыр маржанын ақтарындар —  
Жеңістің құлан иек таңы атты.

### СҰРАУБАЙ:

Айтуға тартынбаймын сөз келгенде,  
Асыл жыр тоқсан түрлі бір кеудемде  
Көпшілік рұхсатпен сөз бергенде  
Шырқаймын шарықтата жеңіс үшін,  
Теңі жоқ Ембіндегі алып күштің  
Басқаға қатар салып тенгергенде.  
Доссорда Молдағалиев Мұқаным бар —  
Тұрады ар-қайраты қатар үдеп  
Майданға қолдың күшін сермегенде,  
Денешев Ашығалы Байшонаста —  
Тамаша, көрген адам таң қалады  
Ағылып, өндірісі өрлегенде.  
Табынов, Ермағанбетов, Михан, Низан  
Мақатта үздік шығып көрінгенде  
Серігі майдандағы Қызыл Ердің.  
Бұлардың мұнай жайлы әзірлігі  
Оқ болып жол бермейді көлденеңге.  
Таусылмас, айта берсем атын атап  
Қаулаған қалың ырыс кернегенде,  
Көмегі Қызыл Ердің осы ұлдар —  
Табысы әзір тұрад іздегенде.  
Кім жетер колхоздағы Қасымдарға —

Жылқысын таза өсіріп өркендеткен  
Бұларды ангармайтын хақым бар ма?  
Кісім бар Омаровтай үздік шыққан  
Емдеген делбе аурудан жылқыларды,  
Бізде бар Айтмұканова іскер адам  
Сиырдың майын жинап артығымен  
Партия тапсырмасын орындады.  
Жас төлды аман сақтап балалаған  
Жаманов Қалам менен Сауаловқа  
Айтатын деректеме ісі сөнді,  
Кезінде қан майданның көңіл бөлген  
Жігерлі осылардай ерін бар ма?  
Сөтеке, қатарыма сен келесің,  
Хабар бер, хәл-жайыннан, қарсы аламын,  
Ағытып асыл жырды тең келесің.  
Жылойдың күйі қандай, түрі қандай?  
Сөзімді хәл сұраған ауыр көрме,  
Ағалық дұрыс жолды сен берерсің.

#### СӘТТІҒҮЛ:

Сұрайбай, айтысатын келді кезек,  
Сөйледім талай жерде тілді безеп,  
Тиісті орындарға шығарамын  
Желсөзді кеудемдегі қоймай тежел.  
Күлсары, Қосшағылым өндірісті  
Мұнайым дариядай ағып жатыр,  
Айтпаймын Күлсарының егістерін,  
Тіпті жоқ айта берсем кемістерім.  
Май да көп, мұнайым да көп ауданымда —  
Байлықтың ұстап тұрмын тегістерін.  
Талабым алға басып, судай тасып  
Табысқа жоғарылап өрістедім.  
Орындап жоспарымды, басшылардан  
Суық сөз — алған жоқтын сөгістерін.  
Өлеңге осы сапар жендірмеймін —  
Қаласың меніменен егескенің.  
Майданға еселеп мол көмек беріп  
Қираттық неміс-фашист төбеттерін,  
Партияның жолбасшылық көмегімен  
Күшейтті біздің ерлер жеңістерін.  
Көркейтіп колхоздарым малды баққан,  
Мұнайым жерге сыймай жоғары атқан,  
Қажырлы стаханов ерлерім бар  
Табысты бұрынғыдан артық тапқан,  
Келемін екпінділік ретпенен,  
Ешкім жоқ жұмысымнан кінә тапқан.

Атақты Жылой деген бір ауданмын,  
Аз емес өндірісі — ірі ауданмын  
Қашаңда өкіметке ісім жаққан.  
Байлықтың әрбір түрі өзімде бар,  
Қашаңда кемдігім жоқ ешбір заттан.  
Мақаттың кемшілігін мен айтайын,  
Сұраубай, жеңемін деп болма батпан.  
Аралап өнеугүні өзім көрдім —  
Байшонас — промысылың артта жатқан.

### СҰРАУБАЙ:

Кемітіп Байшонасты жырлағаның,  
Осы ма тауып айтқан — шыдағаның?  
Майданға мұнай беріп жөнелткенде  
Немістің, көремісін, қирағаның?  
Айтасың сол нәрсені жіпке тізіп,  
Асырып, Күлсары ма, сырлағаның?  
Егоров, Агаджанов бастықтарың  
Айтпай-ақ жалқаулығын мен отырмын —  
Қайратын шығарар деп сыйлағаным.  
Қосшағыл — Ұлы өндіріс қазыналы  
Қарар алтын бұдан сонша табылады,  
Бірінші учаскеде Есеналиев  
Борыштан мойындағы арылмады.  
Мақтайсың жауып қойып өз мініңді  
Көбейіп жалқаулық пен салдыр-салақ  
Өндіріс гасқындаған шағындады.  
Байшонас, Доссор менен Сағыз, Мақат  
Бұрқырап, бұлақша ағып ағындады.  
Жолдыбай, Комсомол мен Ескенелер  
Түс-түстан дамыл алмай қарқындады.  
Қай жерден тең келем деп мақтанасың —  
Төлдетіп гөрт гүлікті тең өсірген  
Жанымда колхоз, совхоз — ауылдарым.  
Майданға тылдан көмек үдегенде  
Неміске ойран салат дабылдарым.  
Самолет, паравоз бен машиналар  
Ембіден қайрат алған күн-күн санап,  
Толығып, қызғындайды тамырлары  
Танкілер, пулеметтер, тракторлар  
Мұнайдан мейірі қанып жүрген шақта  
Күш бермей кеселдерге қарқындайды.  
Аулымның айта берсем қайраттарын  
Тауыса алман бұл жайыңда тамам барын.  
Ахметов, Ниязбеков ерлерім бар,  
Осындай үлгі болар кімдерің бар —

Сәтеке, айтып көрші, танысайық,  
Жылойдың мал өсірген адамдарын.  
Қарабалиев, Мүздақов, Макеева —  
Бұларың кәрсетті ме табыстарын?  
Аздырып баққан малын шабандықпен  
Ұйықтап қап, ойламаған намыстарын.  
Еріншек, жалқаулардың бәрі сенде —  
Менімен ұят болар жарысқаның.

#### СӘТТІГҮЛ:

Сұраубай, тағы айтыстың меніменен,  
Келгенде байлық жаққа сені жеңем.  
Алқабын маң даланың толтырып жүр  
Төрт түлік қаптағанда төлімменен.  
Ерлерге екі өндіріс — мал мен мұнай  
Білетін мамандар бар малдың жайын.  
Қаһарлы боран-қыстан қорықпаймын —  
Әзір гүр пішен, қора — бәрі дайын.  
«Жаңа күш», «Қазақстан», «Қызылжемім»  
Барады алға басып күн-күн сайын,  
«Қызылжем» колхозының күшін айтып  
Еңбектің ерлерінен жыр қылайын.  
Төрт түлік малым семіз, арығым жоқ —  
Сыңға түсіп сыналсам қысылмаймын,  
Бастығы Қожаниязов — қажырлы адам  
Орденді, өнегелі қырандайын.  
Арттағы колхозыңды айтам санап  
«Коммуна», «Шоқат» пенен «Жаңа талап»  
Қыс түссе уайымы жоқ оларыңның,  
Қорасын әзірлемей отыр қарап.  
Мұнысы мал басына үлкен қатер —  
Қайтеді ызғар соқса, боран борап?  
Пішенін жақсы қылып үйе алмаған  
Жұмысқа кей колхозың орашолақ,  
Ақыным, мұны айтты деп ренжіме,  
Қайтейін, адамдарын салдыр-салақ.

#### ҚҰМАР:

— Сұраубай, Сәттігүлым, тоқта азырақ,  
Мұнай бер Ескенеде қарша борап,  
Жүйріксің екеуің де бір қалыпты  
Тоқтаңыз, мен айтайын алдыңды орап.  
Байлыққа бір-біріңе бой бермейсің  
Женістің күйін қағып жол бермейсің  
Жарысты бұдан да алға үдетем деп

Еселеп екеуің де сыр бермейсін,  
Мұнайды тасқан судай селдетейік,  
Майданға мұнай беріп көмектесіп  
Күн санап өр екпінді үдетелік.

## **СӘТТІҒҰЛ МЕН ҚҰМАР** (Екінші айтыс)

### **СҰРАУБАЙДЫҢ БАСТАУЫ:**

Ескене — сәнді ажары  
Облысымның өрлеген,  
Әлемге кеткен атағы  
Мұнайы жерді кернеген,  
Алып тұлға ерлері  
Жеңіске қолын сермеген,  
Ембім — байлық саркылмас  
Тартылып көзі таусылмас  
Шалқып жатқан дария  
Бұрқыраған мұнайы,  
Өндіруге ерлері  
Қаржындаған қайратпен  
Дамыл алмай ұдайы.  
Шығарындар шабысты,  
Үдетіндер жарысты,  
Сұрапыл соғыс кезінде  
Сәттігүл мен Құмарым  
Шалқып жырды шығарың,  
Жырлайық еңбек қыранын  
Арналсын соған жыр-өнің.

### **СӘТТІҒҰЛ:**

Учаскенің бастығы  
Басқаратын мастери  
Еремина қызым бар  
Ерлерден ісін асырып  
Табыстың тапқан ірісін  
Қара жерді аударып  
Қазынасын қайнатты  
Қан майданның кезінде  
Көрсетті асқан айбатты,  
Жарысқанда ерлермен  
Асырып түсті қайратты.  
Учаскенің ішінде  
Еңбек даңқын шығарып  
Тәженов пен Ғұмаров

Майданға мұнай үдетті  
Білектерін сыбанып.  
Бұрқыраған мұнайды  
Мың метрден шығарды.  
Еремина қызымның  
Жұмысқа көзі қырағы,  
Жанқиярлық еңбекпен  
Істеген ісі ұнады.  
Айтысам десең менімен  
Әзірлей бер асыл жыр,  
Сөйлей бер, ақын Кұмарым.

#### КҰМАР:

Атағың кеткен алысқа  
Сәттігүл едің дабылды,  
Жырыңды өттің селдетіп  
Арнасы терең ағынды.  
Өндірісі кең Ескене  
Мұнайы жерді кернеді,  
Мұнай менен газды селдетіп  
Болат толшы қырандай  
Бактияров, Донскова,  
Жаманқұлов, Волкова  
Жоспарларын орындап  
Қарыштады арындап.  
Сәттігүл ақын, сөйлеші,  
Осылардай кімің бар?  
Орындалмай қызардын  
Майдандық айлық планды.  
Мақтап жүрме жалқауды —  
Кемісін қазбай бұларды  
Жасырмай айт соларды.

#### СӘТТИГҮЛ

Данченко атты мастерін  
Жұмысқа көңіл бөлмеген,  
Істеген ісі өнбеген,  
Аузымен ғана бұйырып  
Өзі барын аралап  
Учаскесін көрмеген.  
Жалқаулар да күр емес  
Жұмысына міндетті  
Мезгілінде келмеген.  
Атақтарын айтайын:  
Жақыпов пен Жаманов,

Болды біраз бұлардың  
Жұмысында шалалық.  
Кұралдарын аздырып  
Күтпейді екен қадалып,  
Тоқтатқан эксцентрігі  
Мұнайы өрге шапшыған,  
Майданға кесел келтірген  
Онысы қалай, жақсы ма?

КҰМАР:

Ақын аға, Сәттігүл,  
Мінсіз қылып көркемдеп  
Сұлуладың жырыңды,  
Кемістікті көрсетіп  
Айтпайсың неге шыныңды?  
НГ дейтін құралың  
Талай-талай үзілді,  
Мойыны жетпей қисайып  
Өңештері созылды,  
Әзірлік қысқа жасалмай  
Жатқаны тағы сезілді,  
Салып көрші абайлап  
Жұмысына көзінді,  
Әлі де болса кеш емес —  
Себебін соның біліңіз,  
Күн бұрыннан сұрауға  
Жетпеді ме тіліңіз?

СҰРАУБАЙ:

Айтысуға екі ақын  
Шаршамадың шалдығып,  
Жетістік пен кемшілік  
Айтылды, міне, алда үміт.  
Қапысы жоқ шабыстың,  
Кұмар, тоқта, шешенім  
Жауабың бар ұнаған,  
Ұлы думан шабысқа  
Тынысы кең шыдаған.  
Сәттігүл ақын, кезек бер,  
Ділмарысын халықтың  
Сандақты жүйрік сыналған.  
Жыр етейік мұнайды  
Сан нәрседен құралған,  
Жыр етейік ерлерді  
Сол мұнайды шығарған,



Күш берейік майданға  
Мұнайменен, жырменен,  
Күлі ұшып, күйресін  
Пасық жаулар емексіп  
Баса-көктеп күндеген...





## ЖОҚТАУ, ЖҰБАТУ, КӨҢІЛ АЙТУЛАР

### ӘМІРХАНҒА ШЫҒАРҒАН ЖОҚТАУ

Пәруәрдігер бір Күдай,  
Баршаға өзін дем берген,  
Он сегіз мың ғаламды  
Патшасын өзін менгерген,  
Осал менен мықтыны  
Базарында махшардың  
Әділсің тура теңгерген,  
Әмірің дұрыс өлім хақ,  
Ақырында жан қалмас  
Жаратылған пендеңнен.  
Атамыз Сафи-Салолла  
Ғұмыр сүріп бір мың жыл  
Қаза болып жерленген,  
Жетпіс екі мілләт халайық  
Жүрияты көп еді  
Дүреш өсіп өнгеннен,  
Бір Күдайдың құлы еді  
Мұсылманның ұлы еді  
Ислам дінге жөнделген,  
Зұлқайнарын Ескендір  
Мәңгі суын қаранып  
О да біраз сенделген.  
Құтылмақ жол ажалдан —  
Тар лаһатқа түсерміз  
Бір күні тайып кең жерден.  
Таризы-мизан құрылып,  
Жан мақұлық тіріліп

Ұлы хисап күн болар  
Төңірі алдына тергелген.  
Әл-Хазірет Салолла  
Үмбетім деп зарланып  
Болады дейді сергелден,  
Көзге шырын көрініп,  
Оған да көңіл бөлініп,  
Жалғаншы түр күнде алдап,  
Тоқтатпаса нәпсісін  
Күнөға пенде былғанбақ.  
Көңілдің кірін дос ашар,  
Сөйлесе дұшпан сырды алмақ,  
Абыройы азайса  
Ер талабы шырмалмақ,  
Бұрын-соңды жоқ екен  
Баяндап баста тұрған бақ.  
Дұшпаны дейді Төңірдің  
Үлкендік ойлап бұлданбақ,  
Мирасы екен пенденің  
Дүниені аз күн құлданбақ,  
Өң менен түстей өмірің  
Өте шығар жылдамдап,  
Төңір алдында табылар  
Тірліктегі қылған зат,  
Жүргенменен бұлғандап  
Мал жиганмен тырбаңдап  
Баянсыз фәни-дүние  
Ақыры бір күн түл қалмақ.  
Бір Құдайдан өзгеге  
Өлімнен жоқ-ты түр қалмақ.  
Алланың сүйген құлдары  
Ғарасаттың күнінде  
Толған айдай нұрланбақ,  
Ақырзаман таялса  
Әжептеуір қырланбақ  
Қайғы түссе басына  
Жабығып, көңіл мұңданбақ,  
Ақылынан айрылып  
Ер адасса жолынан  
Қайраты кетер қолынан,  
Ем болады еткені  
Оралса талап оңынан,  
Әзірейіл келген күн  
Бір жаныңа пай ға жоқ  
Бү дүниенің молынан.  
Кім құтылған фәниде  
Ажалдың төтті оғынан?

Талай жандар зырлаған  
Фәни-жалған дүниенің  
Баянының жоғынан.  
Әзіреті Ғали шер  
Душпаннан елін қорғаған  
Жеткен күн қаза қалмапты  
Қайратының молынан.  
Расулы Мұхаммед  
Алпыс үш жаста мұны алып,  
Қайғырған ғалам соңынан...  
... Көтеріп көңіл хошталы  
Болған соң демде тірілік  
Бір Күдайдың күшіне,  
Тәңірдің салған ісіне  
Кек тұтпалы кідіріп.  
Сөжде етпеген адамға  
Селт етпеген шегініп  
Дәрғаһынан Алланың  
Шайтан да кеткен сүріліп.  
Біреуге ерте, біреуге кеш  
Дүниеде жаһан жоқ  
Түгел тұрған бірігіп  
Талай жандар өлімнен  
Торыққан екен түңіліп,  
Қорқыт-ата қашыпты  
Ажалға тапшай бір айла,  
Қалмаған екен қабатта  
Қырық жыл қашып-қыдырып.  
Бұл қара жер қашаннан  
Келе жатыр астына  
Әркімдерді сіңіріп.  
Уақытың бітіп, келген күн  
Қимылдауға шамаң жоқ  
Әзірейіл жетіп үңіліп.  
Өкінсек нәрсе өнбейді,  
Кеткендер қайтып келмейді  
Қайғырғанмен бүгіліп...  
... Пендеге қиын іс екен —  
Құлады туым жығылып,  
Жібек баулы сұңқарым  
Қолымнан кетті шығынып.  
Айрылған әркім жұртынан  
Көз кеткен күні жұмылып.  
Мен шаттықтан қалғанмын —  
Баяны барма ма, байқасаң,  
Дүние — бес күн жалғанын.  
Көңілім қатты қайғылы,

Қапасы көп-ті арманның.  
Ботасы өлген түйедей  
Күндіз-түні зарландым,  
Реушені көзімнің  
Күйігін тарттым қарғамның.  
Парлаған жасым бұлақтай,  
Қасірет-қайғы шыдатпай  
Тынымым кетіп сандалдым,  
Әлдилеп сүйіп кемдікүн  
Қызыгын көріп алдандым  
Ылажым нешік, қайтейін,  
Қайырын сұрап отырмын  
Ендігі жерде қалғанның.  
Жүсіптен тірі айрылып  
Енірепті Жакып пайғамбар  
Шөһөрінде Кенғанның  
Пәрмені болып Алланың.  
Айта берсем, өртүрлі  
Ішімде көп-ті армаңым.  
Әлсіреп, денем егіліп  
Көзімнің жасы төгіліп  
Күндіз-түні зарландым.  
Аудара гөр, ей, Алла,  
Бойымды басқан зіл батпан  
Ауыр жүктің салмағын...  
... Не пайғамбар, шайхылар  
Қара жердің қабатын  
Мекен етіп орнаған,  
Баянсыз фөни сүм жалған  
Қырмызы қызыл түлкідей  
Әркімдерді де алдаған  
Біздер түгіл бұл ажал  
Қарап тұрсақ, алулы  
Расулы Нәбидің  
Баурынан өнген балдарын.  
Тарыққан талай жандарды  
Дем беріп, қорғап-қамдадың,  
Рахымың түскен күн  
Әзіреті Дәуіттің  
Отыз ұлын алғанмен  
Патша болған өлемге  
Сүлейменді арнадың,  
Шүкір еттім әлі де,  
Алдандым сүйіп қалғанын,  
Тиер ме екен біздерге  
Рахымы түсіп Алланың?  
Өтіпті талай асыл жан,

Талайлар толып — басылған.  
Етегім толды еңіреп  
Төгілген көздің жасынан,  
Мен бір ғаріп-шерменде  
Базары суып басылған.  
Ақырын Алла бермесе  
Ақылым айран шашылған.  
Азаматтан айрылдым  
Иығыма асылған,  
Етерге ылаж қалмады  
Азаматым сыланған  
Жөнелген күні қасымнан,  
Көрсеткей-дағы кайырын,  
Есіркесе бір Құдай  
Ер талабы ашылған...  
...Қолымнан кетті Әмірхан  
Қайғының бұлты торлады,  
Жан-жағымды қарманып  
Білмедім қалай болғаның,  
Мен көрдім көктеп гүлдеген  
Бәйтеректің қурап солғанын  
Жел жағымның панасы  
Кұлады қоршау-қорғаным,  
Өсірген жастай перзентім  
Балапан күстай асырап  
От пенен судан қорғадым,  
Жиырма төрт жасыңда  
Қара жердің қабатын  
Мекен етіп орнадың,  
Көріне түсіп жоқ болдың —  
Ұзарып еді қолдарым,  
Сайрап жатыр жүгірген  
Әлі күнге жолдарың,  
Беріпті Алла армансыз —  
Енді есіме түсіп жүр,  
Біле ме пенде толғанын?  
«Алла» деп шырақ аттанды  
Рамазан айының  
Ақырына жақындап  
Күн батқанда — ақшамда,  
Оразаның айында  
Кәлимаңды айттырып  
Сапарыңды ондадым,  
Қала алмадым кідіртіп  
Күндіз-түні басыңда  
Підә болып бақсам да.  
Жас елуден асқанда

Бізге болды бір жұмыс,  
Пана бол Алла, сасқанға.  
Мертілдіріп үн қылды  
Үстімді қайғы басқанда,  
Көздің жасы көл болды —  
Бұдан артық не болсын  
Дария болып тасқанда?!  
Көкірек толы шер болды,  
Аң-таң болдым аландап  
Сұңқарым қолдан қашқанда,  
Рас болса, ғалымдар  
«Мақсаты бітпей кеткен жан  
Тап болады дейді, — махшарда».  
... Әмірхан деп ат қойып  
Құлданым аз-күн пірінде,  
Аманат Тәңір тапсырдың —  
Бермеді гұмыр сүруге,  
Есігі жоқ, төрі жоқ  
Қарағым, қалдың бір інде,  
Басшы қылып, ей Алла,  
Шығара гөр алдымнан  
Ғарасаттың күнінде,  
Рахым-ғафу ете гөр  
Сегіз үймақ-жәннәттің  
Сарайларына кіруге,  
Пырақтарын мінуге,  
Нұрлерменен жүруге.  
Ауырған күні қасында  
Күні-түні басында  
Алладан сұрап тіледім —  
Аз болды гұмыр-сүрегің,  
Шыныменен Жасаған  
Берді ме деп жүр едім,  
Күн ілгері түс көріп  
Қорқулы еді жүрегім.  
Жылатпады кімдерді  
Жеткен күн қаза — бүл өлім?  
Есім кетіп, еңіреп  
Оқ тиген қудай жүдедім.  
Жасаған Жаббар — бір Құдай,  
Ысыраттың күнінде  
Жан мақұлық жаралған  
Он төрт қабат жер-аспан  
Жаңылғандарды түздің,  
Қалмаған ешкім қазаңнан,  
Фазылың кең озалдан  
Ғаламға патша бір-өзін.

Қайғырып, көңіл қамығып  
Мұқалды тауым шағылып,  
Күдіреті күшті бір Алла,  
Жәрдем еткен өзіңсің  
Торыққандарға тарығып,  
Ғаламның барша мақсаты  
Өзіңнен тұрған табылып.  
Keң фазылды Көрімсің —  
Жалбарыңдым жалынып.  
Қайғының күшті зарпынан,  
Пенделікпен налынып,  
Перзентім қолдан кеткесін  
Күнде отырмын қамығып.  
Басқа түскен мұңшылық  
Ашылар ма екен арылып?  
Адастым күшті тұманнан  
Махшардың ұзақ жолына  
Хош айтысып жөнелді  
Азаматым сыланған.  
Сапарыңды Алла оңғарсын,  
Тастамай жүрмін әр жерде  
Оқыған өйет-дүғамнан.  
Таптым ба деп ойлаймын  
Өртүрлі еткен күнөмнан.  
Қарасам, заман қалулы  
Атамыз Сафи, Нұхыдан  
Мың жасаған бұлардан.  
Мұндылар талай өтіпті  
Арманы күшті — жылаған,  
Расулы Мұхаммед  
Бір Алланың досты еді  
Алладан тура нұр алған.  
Хақтан өмір келген күн  
Мөлөкүл-мауыт мұны алған.  
Айрылмаған пенде жоқ  
Ажал құрық салған күн  
Ағайын-туыс, ұраннан,  
Айтты деп айып етпеңіз  
Біздей гәріп-мұндыны  
Сыйғыза алмай бойына  
Іштегі мұңын шығарған.  
Зейін пікір қашып жүр  
Азамат кетіп құралдан.  
Қайғырғанмен, қарағым,  
Енді жоқсың біздерге —  
Жарылгағай бір Аллан.



Қабыл болса, қол жайып  
Оқиды атан дұғасын  
«Бере гөр, — деп, — махшарда  
Мақсатыңды сұраған.

1927 жыл

## АШТАРХАНҒА

Қайғылы қарттан көп сәлем  
Фортта жүрген жеделдес  
Замандас-күрбы ініге,  
Жабығып көңіл налиды  
Әлденеше күніге,  
Баянсыз бақыт-таланым  
Көрінеді келіссіз  
Қарасам байқап түріне,  
Ақырында зар болдық  
Перзенттің жалғыз біріне.  
Талай ауыр жұмыстың  
Қайғысын тарттым тіріде,  
Ризамын бір Құдай  
Өзіңнің салған жүгіңе.  
Ендігі мақсат тілегім:  
Ақырғы демде жаңылтпай  
«Алла» деген есімді  
Келтіргейсің тіліме.  
Қолдағы жалғыз бала жоқ,  
Қорғалайтын пана жоқ —  
Сенермін енді кіміме?..  
.. Бастайын сөзді Алла деп  
Көкіректе қайғы шерленді,  
Мен халқымның тайпалған  
Жүйрігі едім өнерлі.  
Бұл уақыттар болғанда  
Қуатым кетіп бойымнан,  
Қапалық шықпай ойымнан  
Ауыр жүк басты денемді.  
Қапаландым қайғырып  
Қайырлатып кемемді,  
Базарым суып басылды  
Жас та үлкейіп көнерді,  
Тілеп жүрмін Алладан  
Байлығын бер деп иманның,  
Қаңғыртпа деп көп-енді...  
... Көңілді сөзбен делбелі,

Өкінгенмен өткеннің  
Қайтадан болмас келмегі,  
Артық туған асылдың  
Қара жердің астында  
Талайы жатып көлбеді.  
Бұл қара жер — аждаһа  
Тоймаған жұтып пендені,  
Ақырға дейін өуелден  
Дүниеге келгесін  
Пенденің мирас өлмегі.  
Біздер түгіл бұрынғы  
Әл-Хазірет Салолла  
Баласынан айрылып,  
Қапаланып, қайғырып  
Болмаған екен дегені.  
Базары суып басылып  
Парлап жанған кімдердің  
Шамшырағы сөнбеді?  
Уағдасы Алланың  
Жөк қылмақ екен өзалдан  
Бір өзінен өңгені.  
Талайларға бақ қонған,  
Дүниені аз күн күлданып  
Бақ қонғандар да сап болған,  
Ажалдан басын бұра алмай,  
Тірлікте мәңгі тұра алмай  
Әркімдер көшіп аттанған,  
Қайтадан шыққан бір жан жоқ  
Қара жерге батқаннан,  
Оянбайтұғын ұйқы бар  
Бас көтермей жатқаннан.  
Төжірибе етіп қарасақ,  
Ата менен ананы,  
Аға мен іні, баланы  
Уақыты біткен күн  
Кім берген жоқ қапталдан?  
Ауыр қайғы басқан күн  
Қажырынды қайырып  
Жасиды екен көңіл мақтанған,  
Асқар тау биік құласа  
Панасы кетер ығынан,  
Азамат ерлер жүдейді  
Қайғының күшті мұңынан,  
Базарың қайтса пайда жоқ  
Басыңның қымбат бұлынан,  
Жарығы сөніп түн болар  
Күн тұтылса нұрынан,

Жаптырағы үшса бәйтерек  
Айрылар қурап сынынан,  
Тасыған өзен-дария  
Тартылса көзі құрыған,  
Қайғыдан сұңқар өледі  
Айрылған күні жұбынан.  
Он сегіз мың ғаламда  
Өлмей, тірі кім қалар —  
Ақырында кетерміз  
Қыбырлаған тірі жан.  
Өлмесек шайтан болармыз,  
Өткенге болмас өкініп,  
Әлі де болса Алладан  
Тілейік тілек өтініп.  
Жасында кеткен сәбилер  
Атасы менен анасын  
Түсірмейд дейді тамуга —  
Болмаса бұл сөз өтірік?!  
Ақиқат-Құран шын дейді  
Бір Құдайдың сөзінде  
Бар деймісің екілік?...  
... Ауық-ауық басыма  
Ауыр қайғы түсіп жүр  
Көңілдің хошын кетіріп,  
Ойласақ, тұрған бір жан жоқ  
Төрт құбыласы жетіліп,  
Тәңір алдына барғанда  
Күр күнәһәр болмайық  
Өлімге бекер өкініп.  
Қарағымның қазасы  
Уайым ойға салып жүр,  
Айрылып жалғыз жалқыдан  
Қайғының күшті зарпынан  
Ішімде жалын жанып жүр,  
Тыным таппай көзден жас  
Күндіз-түні ағып жүр,  
Ілгері баспай талабым,  
Қайырын көрмей баланың  
Басымды қырсық шалып жүр,  
Өсірген жастай перзентім  
Бір көруге зар болып  
Торығып, көңіл налып жүр,  
Бү дүниеде зарлатып  
Көздің жасын парлатып  
Бізге деген перзентті  
Ажал қоймай алып жүр..  
... Қарағым, қалқам, Аштархан

Ата-ананды аңыратып  
Мекен етіп барасың  
Қара жердің қабатын,  
Жалғызым, сенен айрылып  
Қайрылды, сынып қанатым.  
Сағынғанмен, амал жоқ,  
Атанда дәрмен болмай тұр  
Сені іздеп табатын  
Бізге деген перзентті  
Әзірленіп ажал тұр  
Қыран күстай қағатын,  
Төрелеспей төтеннен  
Ажал тұр келіп алатын.  
Торығулы көңілім  
Болмайды-ау деп бір перзент  
Арт жағымда қалатын...  
... Әлдилеп жастан өсірген  
Қолымнан кетті аппағым,  
Аппағымнан айрылып  
Мен тыныштық таппадым,  
Он бір жылдай мөпелеп  
Рия кетті-ау баққаным.  
Адыра қалды, қарағым,  
Қағазға жазған хаттарың.  
Есімді жүрмін жия алмай,  
Қайғының селін тия алмай —  
Көзімнен жастың аққаның,  
Аманат сеніп тапсырдым,  
Жарылғағай, Жаббарым.  
Сейілдікпен жүргізіп  
Сегіз ұрмақ — жәннәтте  
Мінгізбей пырақ аттарын.  
Шақырсам, даусым жетер ме,  
Айтқан сөзім өгер ме,  
Еңіреген жетім ата-анаң  
Келіспей қалды-ау арт жағың  
Қайғының бұлтын арылтпай,  
Бір перзентке жарытпай,  
Өнебойы, Күдай-ай,  
Ауыр жүк болды-ау артқаның...  
...Көп болсын деп шәһәрдей  
Аштархан қойдым атыңды,  
Біразырақ күлданып  
Ата-анаң сүйіп шақырды,  
Араласып ғылымға  
Ойладың жастан ақылды,  
Көрген сайын жүдеймін

Қағазға жазған хатынды.  
Таусылмас айтсам тамамдап  
Өкініш, арман, қапымды,  
Көңілім қара жер болып,  
Жиналған іште шер болып  
Қайғыға басым шатылды.  
Кеміді қайрат-көмегім,  
Қабаттаған әртүрлі  
Қайғының көрдім нелерін,  
Өзіңнен басқа, бір Құдай  
Енді жоқ менің сенерім.  
Тарыққан талай пендеге  
Рахым қылған сен едің,  
Рахымың түскен күн  
Патша болған әлемге  
Сүлеймендей үл беріп  
Расулы Дәуіттің  
Отыз ұлын төледің.  
Енді ескеріп біздерге  
Болар ма екен берерің?  
Берейін десең табасың  
Әрбір заттың себебін,  
Қазиналы патшасың —  
Жамағат, барша ғаламның  
Бітірген өзін керегін.  
Басымнан тұман ашылмай  
Қаңғыртты қайғы басымды-ай  
Зарлауменен келемін.  
Еткенінді пікірлеп  
Күдіретіне шүкір деп  
Не қылсаң да, Жаббар Хақ,  
Өміріңе, қайтем, көнемін!  
Сұалып қалған тартғылып  
Бұлақтың көзі ашылып  
Толар ма екен кемерім?..  
Разы болып қазана  
Тартайын салған жүгінді,  
Шамшырағым сөнгесін  
Көре алмай жүрмін тынымды.  
Күдіреті күшті Құдайым  
Өзіңнен жылап сұрайын  
Әртүрлі арман-мұңымды,  
Жылады деп, Жасаған,  
Қарсылық көрме мұнымды,  
Ашқайсын, Алла, басымнан  
Қаранғы тұман-түнімді.  
Ақсұнқарым талпынған

Қолымнан ұшып шығынды,  
Жапсырағы жайқалған  
Бөйтерегім жығылды,  
Қолымдағы ең соңғы  
Белімнің кетті тіреуі  
Әддилеп баққан ұл-қыздың  
Қалмады артта біреуі,  
Ар жағында кім қалсын  
Болғасын жалғыз бір өзі?!  
Он екі екен өрбіген  
Санасам ұл мен қызымды  
Бөрінен бірдей айырып  
Зарлаттың біздей құлынды...  
... Айналайын, Аштархан,  
Бір көруге зар болдым  
Кеткесін ажар-түрінді,  
Баратұғын амал жоқ,  
Алатұғын ажал жоқ,  
Сары аурудай сарғайып  
Сағындым қатты үніңді.  
Ажалдың оғы атылып  
Сөндірді жаққан шамымды,  
Көңітпесең, бір Алла,  
Тынысым менің тарылды,  
Шығара алмай отырмын  
Іштегі алау-жалынды,  
Өзіңнен басқа, бір Құдай,  
Ешкім жоқ ойлар қамымды.  
Баяны болмай фәнидің  
Қара жердің астында  
Қарақтарым қалынды,  
Көңілім қатты налынды...  
... Рия кетті еңбегім  
Оқ тиген құдай мендедім,  
Ғайып болды көзімнен  
Қолдағы жалғыз ермегім,  
Шыдамаймын көргенде  
Қадам басқан жерлерің,  
Қайғылы болған пендемін,  
Қақыраған кемедей  
Тарқады құрсау шеңберім,  
Бүйі шыққан түйедей  
Тынышым кетіп, көлбедем.  
Сенің күшті дертіңнен  
Ұмытылып қалып жүр  
Қайғыларым бұрынғы —  
Жүруші едім азсынбай

Күш-куатым, көргенде  
Шүкір етіп бергенге,  
Жан-тәнім басқа болғасын  
Тірі қалдым өле алмай  
Шамшырағым сөнгенде,  
Көзімнен аққан қанды жас  
Кем болған жоқ көлден де.  
Тап болды бізге бір жұмыс  
Жас алпысқа келгенде:  
Жабығар көңіл мұнайып  
Шашылар ақыл-білімі  
Уайым көрсе ерлерге,  
Жүк тарта алмас құба нар  
Арығы жетіп мендерде,  
Ажалды күні ақ киік  
Жолығад дейді мергенге,  
Тура құрық келген күн  
Кімді алған жоқ төрден де?  
Тар лаһатқа түсерміз  
Тұрғанмен қазір кең жерде.  
Сәбилердің пайдасы  
Тиеді дейді ғалымдар  
Танда махшар тергерде,  
Сол күнде сәби шырақтар  
Шапағаты болмаса —  
Біздер ғаріп шерменде...  
... Қалмады көптен сүзегі  
Қасталы болып жүрегі,  
Бойға біткен ісік-дерт  
Күннен-күнге үдеді.  
Қарағым бес ай ауырып,  
Ағзалары жауырып  
Батқан күндей қарайып  
Әлі азайып, жүдеді.  
Опат болды он бірде —  
Бү дүниемен қоштасып  
Бақиға маңдай түзеді  
Ұзамай ғұмыр-сүрегі.  
Катерлі қаза жеткесін  
Аз ғана сүйіп ақ бетін  
Арыздасып, қоштасып,  
Ақ жуып қолдан жөнелттім  
Таусылған күні үнемі.  
Күндіз-түні Құдайдан  
Жалбарынып сұраған  
Болмады қабыл тілегім.  
Еске түссе еңіредім

Өртүрлі кұлық-мінезің,  
Біз гана емес — аңырап  
Күйігін тартқан баланың,  
Қайырлы болғай, карағым,  
Бақиға басқан қадамың.  
Рахымы болса Алланың  
Ұжмақта болып мекенің  
Нәсіп еткей шарабың.  
Бір Алланың ісіне,  
Құдыретті күшіне,  
Қайтейің, бар ма амалым?  
Қастам қатты, қайғым зор —  
Өртеніп күйіп, жанамын.  
Оншақты жыл жаз көрдің,  
Тәрбиесін аз көрдің,  
Ата менен ананың.  
Кейін кетіп, кідірді  
Ілгері баспай талабым.  
Көрермін-дағы өлі де  
Рахымы болынса  
Патша-Кұдай Пананың?!  
Ерте тұрып, кеш жатып  
Әуелі Алла, екінші  
Ерендерге сыйынып  
Бір жаныңды сұрадым,  
Болмады мақсат-мұрадым.  
Артыңда қалған ата-ана  
Қабылдығы болмады-ау  
Жалбарынып Тәңірге  
Тілеген тілек-дұғаның.  
Реушені көзімнің  
Парлаган сөнді шырағым,  
Шырағым сөніп, басымнан  
Тарқады базар-құралым.  
Шамалап едім түс көріп  
Туымның қолдан құларың,  
Аз гана күн құлданып  
Қанбады иіскеп құмарым.  
Қолдан келер қайрат жоқ —  
Шапағатшы болғай деп  
Еңіреп-боздап жыладым.  
Ұжмақтың сәби дарханы  
Иесі емес едің күнәнің.  
Алдыңда кетпей арманым,  
Арт жағыңда мен қалдым —  
Өмірі-дағы Құданың.  
Зейнептенген жәннәт-жай



Болгай-дагы тұрағын.  
Көптен қалған жалғызым,  
Болынбады баяндап  
Тірлікте сенің тұрарын,  
Арманым айтса таусылмас,  
Көшіріп көңіл зарларын  
Бес-он ауыз желсөзді  
Шырағым үшін құрадым.  
Арманда кеткен сәбиім  
Рухына бағыштап  
Оқиды атаң Құранын.  
Сәбиім, Алла, аманат,  
Етейін шүкір қанағат  
Жүргей-дагы шырағым  
Сегіз ұжмақ — пейіштің  
Сарайларын аралап.  
Қайырлы болар, иншалла  
Кетсе-дагы бүгінде  
Көңлімді жаралап.  
Жегі түрлі тамудан /  
Сақтағай, Алла, саламат!  
Он екі перзент-сәбиім  
Таң махшары туғанда  
Алдымнан шығып «аталап»  
Шапағатшы болғай қамалап.  
Азамат перзент — ұлым жоқ,  
Өзіңсіз, Құдай, күнім жоқ,  
Жатсам-тұрсам қайғымен  
Күндіз-түні тыным жоқ,  
Фазылың кең патшасың —  
Жарылғасаң «құлым» деп.  
Ақырында тәрк бол  
Ғаламның бәрі бүлінбек,  
Таң махшары атқанда  
Болад дейд өмір жатқанда  
«Бас көтерің, тұрың» — деп.  
Періштелерге бұйырар:  
«Күнә, сауап өлшеуге  
Таразы-мизан құрын» деп  
Кәпірлердің сол күнде  
Зәресі кетер дірілдеп,  
Құдайдың сүйген құлдары  
Таңда махша күнінде  
Жүздері айдай нұрланып  
Шаттанад дейді күлімдеп.  
Кімнің жақсы-жаманы  
Төнірі алдында білінбек,

Сәбилерді жас кеткен  
Сұрамай сауал ұрмаққа  
Жіберед дейді «кірін» деп.  
Сәбилер болғай жәрдемші,  
Жаббарым ғафу ете гөр,  
Мен — бейшара пенденмін  
Ауыр күнө-кірім көп,  
Алдымда не бар әлі де,  
Өзіңе аян, бір Алла,  
Болжайтын бізде білім жоқ,  
Мысалы: көшкен керуен  
Кеше бар да, бүгін жоқ.  
Бұл сөзімді, Жасаған,  
Жазбағайсың күнөға —  
Көңілдің зарын көшірдім  
Болғасын баста мұңым көп.  
Айналайын, Аштархан,  
Артыңда қалды-ау елдерін,  
Ойнаған қатар-тендерін,  
Көрген сайын жылаймын  
Асық ойнап, алысып  
Қадам басқан жерлерін.  
Өлімге бекер өкінбей  
Шүкірлік етіп тоқтайын  
Тұрғанда баста дерегім,  
Еңсемді басқан мұңшылық,  
Тұрса да торлап басымда  
Үл-қызым жоқ қасымда —  
Халқыма болар керегім...

1932 жыл

## ТҮМЕННІҢ СӘТТІҒҰЛДЫ ЖҰБАТУЫ

Соңау бір жылдары Сәттігүл ақынның балалары өліп, көңілі қаға болып жүрген кездерінің бірінде оның үзеңгілес, сыйлас ақын Түмен Сәттігүлдың көңілін көтеріп жұбату үшін қасына Шамгүл, Дүйсенбей, Жанжігіт жырыпшыларды ертіп, ақынның аулына арнайы барып, жұбатып айтқаны екен:

Аманбысың Сәттігүл,  
Халқыңа сөзің болды бұл,  
Хал-жағдайды білмекке  
Көңілге келді бір пікір.  
Сұрасан, біз де аманбыз,  
Құдай берген денсаулық —  
Аманатқа мың шүкір.  
Тарланы едің Адайдың.  
Жүдегендей ажарың,

Жатысын қалай қапалы?  
Үмітсіз жату жабығып  
Сіздей ерге жараспас  
Халқыңа басың бағалы.  
Сөзіме менің құлақ сал  
Айтқан бір сөзім аталы  
«Үмітсіз шайтан» деген бар  
Үміті жоқ Алладан —  
Сарқылған өзен арнадан  
Тіленіп шөлдеп жатады.  
Біз келдік сіздей саңлаққа  
Жіберіп назар шаңыраққа,  
Алланың басқа саларын  
Тірлікте пенде аңдап па?  
«Түк қалады, — деген бар, —  
Аунаса түйе шандаққа».  
Бойынды тікте, көтеріп,  
Қайғыға көңіл аулатпа.  
Қайырғы болғай кеткеннің —  
Артынан біз де барармыз  
Бақилық қауым — аулаққа.  
Шын азамат бүгілмес  
Үміттен безіп, түңілмес —  
Көнеді түскен салмаққа.  
Сен теңіздегі жайынсын  
Ілінбес гүмыр қармаққа,  
Сөйлеуге шебер дайынсын  
Сыйынған асыл әруаққа,  
Сен бір асқар Алатау  
Басыңды бұлт шалмаққа,  
Сен бір үлкен даңғыл жол  
Үстінен керуен салмаққа,  
Сен бір мұхит — тереңсін  
Жағасындағы халыққа,  
Судағы хайуан, балыққа  
Бөріне азық болмаққа.  
Шүкірлік ет Аллаға,  
Отыз үл беріп Дәуітке  
Ағаттық болып сөзінен  
Аларын бөрін аңдап па?  
Қабыл болды тілегі —  
Тақ Сүлеймен жалғыз үл  
Артынан берді бір Алла  
Езілгесін жүрегі.  
Халқың саған қарайды  
Еліңнің бол тірегі,  
Лөббәйліктен жүрегін

Дүниеге жаралған,  
Тілегін Алла бермеген  
Тіршілік күнде сабырсыз  
Тауыпқысыз адамға,  
«Сабыр түбі — сары алтын»  
Айтылмаған жаманға.  
Басынды көтер, Сөтеке,  
Тіршіліктің күнінде  
Кездестік біздер неше күн —  
Үмітті біздің адалда.  
«Үмітсіз шайтан» деген бар  
Бұл сөзіме құлақ сал:  
Қырық жылдай құрт жеді  
Денесін Айуб пайғамбар,  
Қың етпестен сонда да  
Мойынсұнды Аллага —  
Қабағын бір де шытпады,  
Ісіп-кеуіп жылаумен  
Пенденің бар ма ұтқаны?  
Шүкірлік етті пайғамбар  
Сол жатқанның өзінде  
Алла салып назарын  
Саулығын қайта нықтады,  
Алладан өмір келгенде  
«Баланды шал, — деп — құрбанға»  
Ыбырайым пайғамбар  
Көніпті сонда қылғанға,  
Өз қолымен бауыздап  
Өзі шалу баласын  
Нөбиге оңай болған ба?  
Баласын шалды пышаққа  
Құбылаға басын қаратып,  
Жылапты сонда пайғамбар  
Екі көзден жас атып,  
Пейілін көріп кең Алла  
Ғайыптан тастап көк қошқар  
Құрбанға қылды бағалық.  
Хақ Расул Мұхаммед  
Үлсіз өткен солар да —  
Асылдан хабар алалық,  
Ғафу еткей Құдайым  
Сөзімде болса шалалық,  
Сен халқыңның керуені  
Әр қимылың тергеулі,  
Арғымақ бір күн майрылса  
Балдардың болар ермегі.  
Басынды көтер, Сөтеке,

Жаңалық болса айта отыр,  
Біз дайынбыз тындауга —  
Сынбаған кімнің шөлмегі?

Сонда Сәттігүл ақыш Түменге және қасына еріп келгендерге  
ризапшылығын өлеңмен білдіріп, былайша толғаған екен:

Есен-саумысың, Түменім,  
Ер-тұрманьың, жүгенің?  
Өзіңді бүгін көргесін  
Лапын құстай түледім,  
Алла ыра болсын, Түменжан,  
Жақсы екен асыл лебің,  
С өзіңнің де өзіңнің  
Көрмедім сірә, кемісін.  
Сен келгесін, мінеки,  
Болсам да ойпаң тепіспін,  
Лебіңнен айналдым —  
Тартсам да қуаң, көгісің,  
Әруағыңнан айналдым —  
Арық та болсам семізбін,  
Сен келгесін, Түменжан,  
Қараңғыдан жарық, кеңіспін.  
Дерт бермесін тіліңе  
Жүйріксің ежел білімге,  
Сендей асыл азамат  
Хабарын салса күлімдеп  
Ұят болар біздерге  
Тірлікте мұқап, түңілмек.  
Шын тектінің баласы  
Жүрекпен сезіп, айтқызбай  
Көңілге қарап үңілмек,  
Қанша жүйрік болса да  
Қас-қағым екен сүрінбек.  
Он екі перзент ауыр тас,  
Жанымды қылған жауыр тас  
Шүкірлік қылмай Аллаға  
Шаршатқан қапам арылмас.  
Таршылық етсе бір Алла  
Перзент пен дәулет-бағына  
Тірлікте пенде жарымас.  
Жұбатар көңіл сендей ер  
Өнебойы табылмас.  
Рахмет, Шамгүл-замандас,  
Жүйріксің сен де жаңылмас,  
Хас шебердің белгісі  
Сөз сұрап жанға жалынбас,  
Ер көңілді сахи көп  
Қонақ келсе тарылмас.

Аман ба енді, Түменжан,  
Ел-жұрт, аға-қарындас?  
Айып етпе біздерді —  
Жұбатар сендей тұлпар жоқ,  
Көңілім аңсап шөлдейтін,  
Ағалар да азайды-ау  
«Жүрсің бе есен, інішек,  
Сәттігүлжан, кел» дейтін.  
Аллаң салса басыңа  
Түбі гесік болса да  
Кемең болмас мінбейтін.  
Рахмет саған, Түменжан,  
Сен келгенде көктемдей  
Жөнім бар ма күлмейтін?  
Дүниеде қызық болмаған  
Теңімен ойнап күлгендей,  
Сыйласың болса тым жақсы  
Қадірін достың білгендей.  
Ақ орда жарық болар ма  
Ішіне аппақ нұр келмей?  
Басыңнан өтір кеткесін  
Қайта оралмас базарың,  
Кетерсің қолды бір сермей.  
Жан-жануар, адамзат  
Қыс өтіп, көктем келмесе  
Жерге тұрар түр бермей.  
Қаншы айтқанмен, Түменжан,  
Жастайыңнан бірге өскен  
Болмайды екен көз көргендей  
Жатырмын көптен бейхабар —  
Жақсыдан жауап тыңдасан  
Орнығып, көңіл жай табар,  
Жаманнан жауап тыңдасан  
Бұзылып көңіл, шайқалар.  
Жаратқан лаухы ғаламнан  
Дүреген пенде біз едік  
Науа-ана менен Адамнан  
Рахметімен Жасаған,  
Өзірейіл періште —  
Жансыз салдын тасадан.  
Шүкірлік айтпас Аллаға  
Тәубесі кеткен аузынан  
Құдайменен қас адам.  
Басқанын көңілін білер ме  
Көңілі қарау мас адам?  
Сү қадірін білер ме  
Арада тірлік жасаған,

Ну қадірін білер ме  
Агаштан бұйым жасаған?  
Түменімді көргесін  
Іштегі шерім босаған.  
Аман бол мынау өмірде,  
Сөздерің медет сенімге,  
Қасыннан Қыдыр кетпесін —  
Жүре бер жайнап көңілде,  
Өзін де мойып, берілме —  
Мықты боп бекем темірден.  
Мына заман — қай заман  
Залым мен зұлым семірген?  
Барсаң, сәлем айта бар  
Танитын бізді шалдарға,  
Көз таныс, іні-балдарға,  
Айналып мен де соғармын  
Шаруаны жайлап болғасын,  
Жүрсің ғой байқап өзің де  
Сәт-ағаңның жорғасын.  
Рахмет, енді, Түменжан,  
Өзіңді Алла сыйласын...

### **ҚЫДЫРША БАСПАҚҚА ЖҰБАТУ СӨЗІ**

(Баласы Шахат мырзаның өліміне байланысты жұбатып  
пығарғаны)

Дүредік біз Сафи-Адамнан,  
Рет-рет жақсының  
Талайы кетті заманнан,  
Патшалар өтті тақ алған,  
Батырлар өтті ар алған,  
Шайхылар да өтулі  
Мүриттері камалған,  
Сахи байлар өтіпті  
Үстіне мейман тоқтаған —  
Сұраған нәсіп Алладан.  
Ойласақ барша ғаламнан  
Абзалы артық жаралған  
Алланың досты Мұхаммед —  
Бұйрықты күні оны алған.  
Расулы Нұхының  
Ғұмыры мың деп саналған,  
Байқасақ, карап, бір жан жоқ  
Қалынған ата-бабадан.  
Тәуекел керек ерлікпен  
Жау алған күні жағадан.

Мына жағы Бесқала,  
Мына жағы Шағадам  
Айнала жатқан Айладыр —  
Қашаннан араз ел едік,  
Талай үлкен сын болды  
Қан төгіліп, ер өліп,  
Қыжағының бастауы —  
Мангыстаудан аударып  
Қонысын алдық иеленіп,  
Қол-қайраттың күнінде  
Әруақты ерлерім  
Қайырған жауын шегеріп.  
Ебелектің елу аңғары —  
Босағада соғысып  
Әнеттің ұлы Төлеп бар,  
Балуанияз, Балгеке  
Сол жерде жәуміт-түрікпеннің  
Нашарлап хәлі бір кетті.  
Алпыс кісі Адайдан  
Үш жүз жәуміт бір түнде  
Бастығы бағыр Бөрі өліп,  
Ыстыбай, Сары шабылып  
Қармыс өлген сапарда  
Дарымайтын атқан оқ  
Төлепті халық ер депті,  
Шақшабастын талайын  
Аударып аттан көлбетті.  
Нәсілі артық жаралған  
Бағырлар өтті келбетті,  
Тәңірім бақыт берген күн  
Бес жүз кісі жәумітті  
Токсан батыр Адайдан  
Сонынан барып меңдетті,  
Сүгірәлі Құрман баласын  
Тоғыз ауыл Адайда  
Түрікпен шауып бір кетті,  
Адайдан қуып қырық батыр  
Жесірді қалды айырып,  
Дүшпанның тауын қайырып.  
Сокқы көрген түрікпендер  
Кете алған жоқ дейді  
Ерлердің салған жарадан  
Өлі күнге айығып...  
Соғысқан күні көппенен  
«Азбыз» деп Адай ықпаған  
Сол күнде қорқып-тайынып,  
Бұрынғы жерде жүрегі



Шошынған жаудың шайылып,  
Пәле болды бұл күнде  
Бесатар мылтық жайылып..  
..Әңгіме жайын айтайын  
Кешегі Шахат мырадан —  
Тәрк етпеген кімдерді  
Қатерлі күні бұ заман?  
Пәле болды басына  
Харазымға барғаны,  
«Арманда балам кетті» деп  
Ата-ана шулап зарлады,  
Аза гүтып қайғырды  
Ағайын-тума, қарындас,  
Артындағы қалғаны.  
Қоңыратты базарлап  
Кейін қайтты керуен  
Тәуекел етіп, пана ғып  
Бір Жараққан Алланы.  
Ата дұшпан — кіл жәуміт  
Жолдың бойын кес-кестеп  
Аш бөрідей шарлады,  
Қарауыл салып барлады,  
Тансәріден андады,  
Адамда зәре қалмады.  
Айла таппай сасқанда  
Алды-алдына кашқанда,  
Қазына, малы, атан-нар  
Жанына себеп болмады.  
Елге келді біріндеп  
Жаудан қашып-тозғаны,  
Ол жақта қалып өлгені,  
Хабар айтты келгені:  
«Бізді түрікпен алды, — деп  
Ойрақанды салды, — деп,  
Шыбындыға шыққанда  
Атырып едік таңды, — деп  
Не болғанын білмейміз —  
Шахат сонда қалды, — деп  
Михнат шегіп келгенше  
Қинадық жаман жанды» — деп.  
Осындай хабар тигесін  
«Сөнді, — деп, — қолда шырағым»  
Қайғырып қатты налыдын  
Іздемекке балаңды  
Ағайын-туыс, қарындас  
Қасына ерді халқын.  
«Не болса да барам, — деп

Арманда кетті балам» — деп  
Азып-тозып арыдың,  
Біреулер айтты «барма» деп  
«Алды-артыңды қамда» деп.  
Ағайын-тума, жанашыр  
Бес-алты кісі «Алла» деп,  
«Артықпыз ба Шахаттан?  
Аттанайық қалмай» — деп  
Қатерлі жолға жөнелді  
Ойламай қамын жанының,  
Құдайберген бас болып  
Қайрат етіп аттаңды  
«Өнебойы бір Алла  
Бермес, — деп, — бізге жазымын»  
Елден шықты алты жан  
Алтауы да аршылан,  
Аттарын атап берейін —  
Көтерілсін мерейі.  
Басшылыққа алғаның  
Сәдуақас батырың  
Қиын-қыстау жерлерде  
Жаннан қауіп қылмаған  
Қол-қайраттың күнінде  
Айтулы ердің бірі еді.  
Жасы үлкен демесең  
Қомпидың ұлы Қошқар бар  
Бір өзінің қайраты  
Жүз кісіге пара-пар,  
Мергендік жаққа келгенде  
Құралайды көзге атар.  
Елден тандап алғаның  
Құдайберген, Тапаның,  
Бимағанбет — жас бала,  
Қатарға ерген бас бала —  
Осы аталған алтауы  
Жау тиген жерге жөнелді.  
Жау тиген жерге барғанда  
Шашылып жатқан әр жерде  
Белгісін тауып таныдың,  
Өлі-тірі баланың  
Біле алмадың анығын.  
Балапанынан айрылса  
Қаз бенен қулар шулайды  
Айдыңға төккен мамығын.  
Салмағы сондай баланың —  
Көп болды көңіл аланың,  
Көрмегесін өлігің

Табылар деп қарадын,  
Еңіредің егіліп  
Есіте алмай хабарын,  
Айдаған күні топырақ,  
Шеккенде жолдың азабын  
Сағынар пенде деген бар  
Кәусәрдің суын-шарабын.  
Пенде шіркін білмейді  
Қай күні қалай келерін  
Жіберген Алла ажалын.  
Арманы бар ма өлімнің  
Қолдан жуып арулап  
Оқытып, қойса, намазын?!  
Шыбынды — жаудың шапқан жер  
Жау қамалап атқан жер,  
Бай баласы мырзаның  
Шәһиттік жазым тапқан жер,  
Неше бір жайсан ерлердің  
Қандары судай аққан жер,  
Қашаннан біздің Адайға  
Шыбынды қанды қақпан жер,  
Пәлесі қаулап балалап  
Бедеулерін тағалап  
Жолды тосып жау жүрді  
Шың ернеуін жағалап.  
«Адайдың жолы келетін —  
Ұтыры» деп шамалап...  
... Шыбындыға шыққанда  
Күннің күңгір уағы —  
Атқылады қамалап,  
«Қалды, — дейді хабаршы, —  
Бесатар мылтық қолында  
Шахат мырза сол жерде  
Бір төмекті паналап».  
Ықтияр көштен кеткен күн —  
Жау мүлкінді таламақ,  
Түрікпен тартты жөніне  
Қалдырмай сынық сағанақ,  
Ұтырын тауып ұрынып  
Олжалап жәуміт алған күн,  
Шықтасылы малдарға  
Иесі басшы болған күн,  
Келіспей сапар — шырмалып  
Бай баласы мырзаның  
Артында сәби ұл қалды,  
Жесір әйел тұл қалды,  
Қара орман дәулет-пұл қалды

Ата-анасы аңырап  
Қайғыға батып бұл қалды.  
Әмірі-дағы Алланың —  
Тірі деп іздеп баланды  
Мына жағы Бесқала,  
Мына жағы Шағадам,  
Тәшкен, Шаржау қаладан  
Тыным таппай сұрадың  
Сарсылтып жұрттың құлағын.  
Көңілде күпті бір арман —  
Арыздасып, қоштасып  
Баспадың көңіл құмарын.  
Неше бір жайсаң ерлерге  
Таптырған жазым бұл өлім,  
«Арманда кетті балам» деп  
Егіліп біраз жыладың.  
Тіленіз енді Күдайдан  
Қайыры болсын артына  
Арнаған тілек-дұғаның.  
Біреуден-біреу бөлінбек —  
Хак бұйрығы сірөдан.  
Айтты деп айып көрменіз —  
Аға менен жеңгенің  
Көтергелі көңілің  
Қиындап желсөз құрадым.  
Орын едің ежелден  
Таркамаған құралың,  
Болынған мақсат-мұрадың,  
Әуелден-ақ бақ дарып  
Жүр едің тауың шағылмай,  
Оса і деп жүрген жоқ едік  
Бір асылдан бағынды-ай,  
Осы күнгі Мұңалдың  
Бір белгілі орны едің —  
Ақлыңнан тандырды-ай  
Айналып басың қанғырды-ай  
Қайғы соғып жалындай.  
Қайткенмен де амал жоқ —  
Алғидың ала шөлінде  
Ардақты мырзан қалыңды-ай.  
Есіне түссе шырағың  
Тұра алмассың сағынбай,  
Разы болар рухы —  
Қысы-жазы алты жыл  
Қарадың кинап жаныңды-ай,  
Ізденіп, тыным таппадың  
Артының ат пен нарынды-ай.

Арғы жағын Әнеттен  
Келе жатқан орынсын  
Әруак пен бақыт арылмай,  
Қазаннан кайыр гарқаттың  
Келгенге пейіл тарылмай.  
Амандасып келгесін,  
Зейінге желсөз енгесін  
Аға менен жеңгенін  
Қоштадым көңілін анырмай.  
Айдаған күні топырақ  
Әркімдер көшер халқынан,  
Жақсылар талай айрылған  
Аяулы жалғыз-жалқыдан.  
Үмітіңді үзбей «тірі» деп  
Көңілің болды налыған,  
Енді дұға қылыңыз  
Қолыңды жайып артынан...  
... Кенған деген шәһәрде  
Жүсіптен Жақып айрылып  
Көз жасы көлдей шалқыған.  
Ақ жолда шәһит болғасын  
Өкіну бекер оларға,  
Өкінбеске тағы болар ма?  
Қолыңнан ұшқан ақ сұңқар  
Енді айналып қайтадан  
Тұғырына қонар ма?  
Жақсының орны толар ма?  
Біздер түгіл, бұрынғы  
Хасан менен Құсайын  
Кербаланың шөліңде  
Шәһит болған олар да.  
Не жақсылар, сұрасаң,  
Қиындық жерде қалулы,  
Махшар күні жақсылар  
Жәннәтке дәйім барулы,  
Кәусәрдайын жылгадан  
Раһаттанып қанулы,  
Алтын ермен ерттеген  
Пыраққа мініп шабулы,  
Дәреже, сүйтіп, табулы,  
Һүрдін қызын күшактап  
Раһатқа жаны жарулы.  
Әке-шеше, артыңда  
Тастаған бауыр, бала мен  
Қосылған сүйіп аруды.  
Әрқалай Хактын ісіне,  
Құдыреттін күшіне

Төуекел қылып, сабыр ет,  
Шахаттай маржұм-мырзаның  
Рухы үшін ажарлап  
Біразырақ зауық еттім  
Сөз форымын таныр деп.  
Жазылулы Кәлемде  
Шөһиттерді төуір деп,  
Шөһиттердің алдынан  
Қояды дейді, Басеке-ау,  
Төңірім өзі ұрмақтың  
Нығыметтерін өзірлеп...

## ЕЛЕМЕСТІ ЖОҚТАУ

Көтеріп көңіл хошталы,  
Отырмалы, халқым, жабығып,  
Інілерді көрген күн еді  
Арзу жүрген сағынып,  
Не қыламын пөш етпей  
Тұрғанда желсөз табылып?  
Бұл баянсыз жалғаншы  
Келе жатыр қашаннан  
Әркімдерден қалынып,  
Мәләкүл-мауыт өлімнен  
Екі-үш қабат кебінмен  
Жатыр талай асыл жан  
Топырақты барып жамылып.  
Жүйрігі кімнің кеткен жоқ,  
Шаршыға түскен шабылып,  
Не патшалар өткен жоқ  
Қайтпаған тауы шағылып,  
Не батырлар өткен жоқ  
Жау іздеген сабылып,  
Не шешендер өтіпті  
Әңгіме-дүкен алқада  
Қалмаған сөзден жаңылып.  
Іні айрылып агадан,  
Ата айрылып баладан  
Бұл фәни-жалған жүзінде  
Қайғырғандар көп қамығып.  
Атамыз Адам-Сафидың  
Жүрияты өсіп-өнгеннен  
Бұл қара жер жалмауға  
Ерінбеген жалығып...  
... Сөз шығады, байқасаң,

Белгілі биік қартыннан,  
Орынды жерде сөйлеуге  
Бойымды бұлдап тартынбан.  
Кідіртпелі желсөзді  
Зейіндегі бар тұрған.  
Бұл үкімет-заманда  
Бекдәулеттің балдары,  
Шауып едің жалпыннан,  
Жүйріктер едің тарпынған,  
Дем алып жүр сендерден  
Жәрдем сұрап алқынған.  
Кешегі кеткен Елемес  
Жігіт еді халқының  
Қамы үшін туып талпынған,  
Қайыры болғай артының —  
Айрылдық қолда алтыннан.  
Арты болғай қайырлы-ай,  
Жақсыны мақтап сөз айту  
Мирас еді шайырға-ай,  
Қашаннан қаза — бұл өлім  
Әркімдерді де айырды-ай.  
Елеместі кешегі  
Тіршіліктің күнінде  
Ақыл менен білімге  
Кетіп ед ешкім қайырмай.  
Алқалы жерде сөйледі  
Ешбір жаннан тайынбай,  
Қанша айтқанмен, енді жоқ —  
Көрісер махшар-қайымда-ай..  
... Әруақ қонып орнаған  
Бай Назардың баласы  
Ер Шотанның ақтығы  
Бү күндегі заманға  
Білгірі еді бақтылы,  
Ағайын түгіл, алысқа  
Жоқ еді бөтен-жаттығы,  
Төрт Назардың жүлдеге  
Қосылған жүйрік-шапқыры,  
Пайдасы тиген халқына —  
Болмаған залал-заптығы,  
Білгірі еді пайдалы,  
Ақылға жетік, айлалы,  
Есітіп еді хабарын  
Бірталай жұрттың аймағы.  
Әрбір түрлі біліммен  
Дұшпанын шырмап байлады,  
Бү дүниеден қайтқанша

Бір өзінің басынан  
Абырой-бақыт таймады.  
Тілгірам беріп хабарлап  
Жер шетінен алдырды,  
Естіген халқы қиналып.  
Ақшасын берді аямай  
Алдыруға ұйғарып.  
Жұртына қымбат-қадірлім,  
Тіршілік түгіл, өлген күн  
Құрметпен кеттің сыйланып.  
Қайғырды жақын, жаттар да,  
Естіген күні қиналдык.  
Инабатты білгірім,  
Қазақ пен орыс ден қойды  
Айтқаныңа иланып,  
Жары түгіл Адайға  
Болып еді керегін,  
Білімге түпсіз тереңім,  
Ғылым мен білім өртүрлі  
Көп еді білген өнерін.  
Бақидың ұзақ жолына  
Бір кеткесін — айналып  
Қайтадан болмас келерін.  
Талай паң, бек пен төрені  
Қашаннан қарпып жалмауға  
Қабаты қалың жер еді,  
Айла тауып сасқанға  
Тиіп ед жәрдем-көмегі,  
Елеместі кешегі  
Адай түгіл, аржағы  
Он екі ата Байұлы —  
Алшын да орта демеді.  
Қайыры болсын артының  
Құрманғали, Қосжаным,  
Сендердің де басыңнан  
Бақтарың аумай келеді.  
Байқасаң, кімнің кеткен жоқ  
Қатардан қайрат-көмегі?  
Бір сіз емес, қашаннан  
Туысқаннан айрылып,  
Қанаты сынып, қайрылып  
Жылаған жаңдар көп еді.  
Ауызға жастан ілінген,  
Қазақ түгіл, орысқа  
Зеректігі білінген,  
Жүйрігім еді тұсында  
Қалмаған айқай-дүбірден.



Куралды жерде жок еді  
Жауапка тоқтап кідірген,  
Әкім болып біраз жыл  
Баскарды елді біліммен.  
Атасы қалды артыңда  
Сексен бесте жасы бар  
Қайғы басып бүгілген.  
Не көремін тірлікте  
Осындай жерде жақсыма  
Арнаулы жауап-сөз айтпай  
Сайраған қызыл тілімнен?!  
Ақыл бердің сасқанға,  
Қамын айттың халықтың,  
Куралды жерде жасқанбай,  
Бір өзіңнің салмағын  
Таразының бір жағын  
Болып еді басқандай,  
Заң-зәкүнге әр түрлі  
Жетіліп едің жастан-ай,  
Осы күні халқың жүр  
Қыраны қолдан қашқандай,  
Қайыры болса артының  
Жоқтатпас деп біз жүрміз  
Құрманғали мен Қосжанды-ай.  
Марқұмымды мадиықтап  
Арзу едім бір сөзді  
Ортаға айтып тастарға-ай,  
Өнебойы баяндап  
Кім жүрер дейсің тірлікте —  
Таусылған күні дәмдері  
Қара жерді барып жастанбай?  
Кім қалған жоқ арманда  
Мынау фәни-жалғанда?  
Өлік болған талай жан  
Ел билеген хандар да  
Дөрежелі паңдар да.  
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Қанаты бүтін сұңқар жоқ —  
Дүниеде түгел жан бар ма?  
Қайрат етіп қамданар  
Қайыспайтұғын нар керек  
Ауыр кере салғанда.  
Құрман мен Қосжан — екеуін  
Қатарыңнан жетіліп  
Әл беріп едің талғанға,  
Іздөһәттарың бар еді  
Халқыңды бағып, қамдарға,

Үзілген болса жалғарға.  
Қанша айтқанмен, енді жоқ —  
Елеместің арт жағы  
Қайырлы болсын қалғанға.  
Ғылым оқып жасыңнан  
Білгірі едің заманға  
Зейіндерің ашылған,  
Абзалы артық аржағың  
Сой едің шыққан асылдан,  
Бүгін емес, қашаннан  
Алым көріп, үстінді  
Жоқ еді дұшпан басынған,  
Аржағың батыр ер Шотан  
Бес қаруын асынған,  
Бірендеп жауын қашырған.  
Істерінді осындай  
Алқалаған жиында  
Ортаға салып, өйгілеп  
Ақының едім асырған.  
Бай-патша, би мен бек еді  
Талайлар толып басылған,  
Алаң болып әркім де  
Қыранын қолдан қашырған,  
Ежелден елдің иесі ең —  
Жамаңдаған халқыңның  
Болған жоқ бөтен өсегі.  
Елеместі кешегі  
Ел сағынып бү күнде  
Артыққа жақсы еді деседі,  
Алқалы жерде саспаған  
Түгел еді есебі.  
Бір қолдаушы жанашыр  
Жақының болса құралда  
Иығың сыртқа өседі.  
Қолынан кетті халқымның  
Бү күндегі заманға  
Заңға жетік көсемі,  
Ағайын, қатын-баладан,  
Туысқан, іні-ағадан  
Айырмады кімдерді  
Ажалдың жаман кеселі?  
Мың тоғыз жүз жиырма  
Алтыншы жылы болыңды  
Жер астынан төсегі,  
Келтелеу соғып заманы  
Қырыққа жетпей таусылды  
Ғұмырдың болып тамамы.

Өкінбеніз, мырзалар,  
Келген күні бұл ажал  
Кім берген жоқ қапталдан  
Туысқан, іні-ағаны?  
Жолдас емес жалғаншы  
Бөрімізден де бұл фәни  
Бір күні кейін қалады.  
Сөз тамамын тасталы —  
Кім қалған жоқ, байқасақ,  
Қара жерді жастанып?  
Марқұмымның оң болғай  
Бақиға басқан қадамы...

1926 жыл

## КӨҢІЛ АЙТУ

Саламатұлы Сарбастың баласы Есенғұл мырза қайтқанда  
пығарғаны:

Он сегіз мың ғаламның  
Баршасын құрап басқарған  
Жаббар Құдай ұлығ-ды,  
Жұмланың хәлін білулі,  
Ақырға дейін өуелден  
Айнымай дәйім тұрулы,  
Он төрт қабат жер мен көк  
Осыларды жаратып  
Тақта-тақта құрулы,  
Аралары толған жан —  
Періште, пері, адам, жын,  
Реушен жарық — Ай мен Күн  
Құдыретпенен жүрулі.  
Әмір болып Алладан  
Мақұлық, ғалам — барша жан  
Дүниеге дүреп шығулы,  
Адамды жоқтан бар етіп,  
Һауадай нұрлы сұлуды  
Сол жағынан жаратып  
Некесін қиып берулі,  
Мұсылман, көпір, дүйім жұрт  
Баршасы соның ұрпағы.  
Әнбия, Шайхы, Нәбидің  
Баршасын ажал төрк етіп  
Жер астына тығулы,  
Ақырға дейін ажалсыз  
Өзөзіл гүмыр сүрулі.  
Нәсілі пенде болғасын

Қыбырлаған бұ жанның,  
Таусылмай қалмас ғұмыры,  
Жеткен күні шын бұйрық  
Әркімнің туын жығулы,  
Тура өлім келген күн  
Жапырағы жайқалған  
Бөйтеректер сынулы...  
...Ықылас сүре — Алхамды  
Ағузы тартып жолдайық  
Өліге дұға — қол жайып,  
Хактан бұйрық — қазаға  
«Шүкір» деп күлдық етпеген  
Пенденің ісі бұ да айып.  
Есенгүл марқұм-мырзаны  
Сөзбенен жақтап толғайық,  
Тіршілікте жүргенде  
Алдында талай жырладық,  
Бай баласы мырзадан  
Қараорман дәулет бұл қалып  
Туысқан-туған, жетім ұл,  
Жесір әйел тұл қалып,  
Көздері жасты артында  
Ата-анасы қайғымен  
Отырғанда мұнданып  
Көтеріп көңіл, хоштамай  
Отыру бекер бұлданып,  
Әншейінде жүйрікпіз  
Сөзіміз жүрген тыңдалып...  
...Қолыңнан ұшты сұңқарың  
Өсірген жастан күлданып,  
Ендігі тілек Алладан —  
Махшарға шейін марқұмның  
Қабірі жатқай нұрланып.  
Көтеріп көңіл хошталы  
Тұрғанда баста тірілік,  
Құдыреттің күшіне,  
Алланың салған ісіне  
Кек түтпалы кідіріп,  
Атамыз Сафи-Адамға  
Сәжде етпеген шегініп  
Дәрғаһынан Алланың  
Ібіліс күткен сүріліп.  
Біреуге ерте, біреуге кеш —  
Дүниеде пенде жоқ,  
Түгел тұрған бірігіп,  
Қорқыт-ата ажалдан  
Қалмаған екен қабатта

Қырық жыл қашып қыдырып.  
Бұл қара жер озалдан  
Келе жатыр астына  
Әркімдерді сіңіріп.  
Құтылуға шамаң жоқ  
Уақытың бітіп келгесін  
Әзірейіл жетіп үніліп.  
Өкінсек нәрсе өнбейді,  
Кеткендер қайтып келмейді  
Қайғырғанмен бүгіліп,  
Талай жандар өлімнен  
Торыққан екен түңіліп.  
Көтеріп көңіл хошталы —  
Көріне алмай жүр едік  
Үстінді қайғы басқалы,  
Қыраның қолдан қашқалы.  
Күлады таудай мырзаныз —  
Сүйенген биік асқарың,  
Қолыңнан кеткен секілді  
Қос мүйізді қошқарың,  
Азайғанға ұқсайды  
Таусылып көздің жастары,  
Аға мен жеңге, келіннің  
Қайғы басып, қамығып  
Қаңғырған сүйтіп, бастары.  
Қайыры болмай артының  
Жоғалды қолдан алтының,  
Ата-анасы — сіз гүгіл  
Қатардағы бізге де  
Қалаулысы еді халқының.  
Жібегің еді есілген —  
Естімедік сөзінің  
Көңілге тиер салқының,  
Білуші едік ханнан да  
Тұсында озық-артығын.  
Беріп еді бір Алла  
Жалғанның қызық әр түрін.  
Сахи Сарбас атанып,  
Әркімнен алғыс, бата алып  
Дария-көлдей шалқыдың,  
Бү күндері болқанда  
Алғын туың жығылып,  
Сыныққан сүйтіп көңілің  
Күйігінен қолыңда  
Тұтынған жалғыз-жалқының.  
Жібек баулы сұңқарың  
Қолыңнан кетті шығынып

Түгьрда түрган бағыннан,  
Бір Аллаға зар еттің  
Мәзір етіп малыңнан —  
Болмады тілек жалынған.  
Асылы пенде болғасын  
Қалу жоқ жазған тағдырдан,  
Уақыты біткен жан  
Қала ма қазған қабірден?  
Бір Алла бергей қайырын —  
Ауыр жүк басып үстінді  
Сөгілгенге ұқсайды  
Мертігіп түгел қабырған.  
Перзенттің дерт пен күйігі  
Кем тимейд дейді жалыннан,  
Пендеге қиын бұл жұмыс —  
Айрылған перзент-бауырдан,  
Айналғанда, сұрасақ,  
Артық нәрсе жоқ дейді  
Алла ісіне сабырдан.  
Реушени көзіңнің  
Қуанышы көңілдің  
Айрылдың нұрдай шамыңнан,  
Ардақтаған жалғыздан  
Жүйріктер қалды шабылған,  
Базардан қымбат алдырып  
Асылдар қалды жамылған,  
Қылышбау, денмент, сом күміс  
Омырауын орай тағынған.  
Атасы менен анасы,  
Қағар-күрбы, қалың жүрт —  
Баршасы кейін қалынған.  
Қолдағы сөнді шырағың —  
Сен кеткен күні орныңда  
Иесі ед дәулет-мұраның,  
Таркатпас па деп жүр едік  
Атаңның қонақ-құралын.  
Амал нешік, қайтерсің —  
Ғұмырын тілеп, сұрадың.  
Ендегі жерде сабыр ет  
Егіліп біраз жыладың,  
Көзін көріп әр затты,  
Естіп еді құлағың.  
Көтеріпін жүктін ауырын  
Кеткесін қолдан бұланың,  
Келген шығар көңліне  
Болмады деп себебі  
Алған алғыс-дұғаның.

Ойламаңыз олай деп  
Әмірі-дағы Құданың.  
«Есенгүл мырза өлді» деп  
Қайғырған жандар болды көп  
Қол жайып оқып Құранын,  
«Көшті, — деп, — фәни-жалғаннан»  
Қайғырды жоқтап қалған жан,  
Қанша айтқанмен, енді жоқ —  
Жеткізгей дұға қылғаннан.  
«Ағузу-биллә», «Алһамды»  
Хатым етіп сақтадың  
Қатерлі-қауіп жолдардан,  
Қадірі болмайд алтынның —  
Кеткенде қымбат, қолда арзан.  
Бақилық деген ұзақ жол —  
Келмейді қайтып барған жан.  
Алланың досты Салолла  
Дүниеден көшерде  
Он сегіз мың ғаламның  
Баршасы жоқтап зарланған,  
Ыбырайым мен Смағұл  
Перзентінен айрылып  
Соларда қапа, болды арман.  
Осыларды ойлалық  
Тәжірибе етіп көңілге —  
Көнбеді кімдер өлімге?  
Бір кеткен жан қайтпайды  
Бұйрық емес келуге.  
Бір алланың ісіне  
Құдыреттің күшіне  
Болған жөн пенде көнуге,  
Уақыт бітсе ұсынып  
Әзірленіп отырмыз  
Аманат жанды беруге —  
Алпыс жол сапар шегуге.  
Әр түрлі қиял ойлаймыз  
Бес-он күндік өмірде.  
Болынған екен өзалдан  
Бір Алладан басқаның  
Дәрежесі кемуге...  
... Толысып еді өзіндей  
Шаруа мүлкін иеленіп,  
Әртүрлі өнер үйреніп  
Жетісіп еді теңеліп  
Көрінгесін көзіне  
Көңілін жүрді кенеліп.  
Қатарынан халқының

Тобына түсті бедеумен  
Асылмен бойын бөленіп.  
Төнірдің берген нәсібе  
Күннен күн асты көбейіп.  
Есенгүлдай мырзаны  
Өлген күні өзіңнің  
Орнынды ұстар деп едік,  
Амал нешік, қайтерсің —  
Елу төрт жасқа келгенде  
Шатланып өскен көңілді  
Бір кетті кейін шегеріп.  
Болған күн ғайып қолыңнан  
Бір сіз емес, әркімге  
Сағындырды керек деп,  
Аллаға шүкір, әлі де  
Орны тұр, білсең, тіреліп.  
Артында қалған балдарын  
Өз көзіндей көрелік,  
Ғұмырын сұра солардың —  
Мұрасын тұрар иеленіп.  
Михнат шекті талайы  
Күдай деген құлдардың,  
Мәпелеп бағып, өсіріп  
Бір отыз жыл құлдандың,  
Артында қалған ұл-перзент  
Ендігі жерде, Сареке,  
Қайырын сұра тұрғанның.  
Кеңсесі еді ішінде  
Көкорай шалғын мырғамның,  
Көрем деген күйігін  
Көңліңізде бар ма еді  
Аяулы жалғыз бір жанның?  
Реушені көзіңнің  
Күш-қуаты деміңнің  
Жұмысыңды атқарған  
Тіреуі кетті сенімнің.  
Шығып еді ішінен  
Ағза-қуат дененің,  
Бұл уақыттар болғанда  
Қараорман дәулет қалынып  
Есенгүл марқұм-мырзаның  
Иесі болды бүгінде  
Екі-үш қабат кебіннің.  
Қатарына ерітіп  
Елеуретіп жүйрікпен  
Талай топқа көріндің,  
Қалдың сүйткен ата-ана



Болынып қайғы-қапада,  
Қайғы деген қатты дерт —  
Оқтан осал бата ма?  
Қойды ма Алла шамаға?  
Садақа айтып жеті атты  
Қол жайдың тілек-батаға,  
Қанша мәзір еткенмен  
Уақыты болып біткен жан  
Бұйрықты күннен аса ма?  
Бір ғаламат боранда  
Алланың жетіп қазасы,  
Халқының кетіп мазасы,  
Артында қалған ата-ана  
Қалдырып кетті қапада.  
Бірақ та сабыр етіңіз,  
Сәреке, ойлап қарасаң —  
Біздер түгіл, солар жоқ  
Әулие, шайхы, пайғамбар.  
Отыз үш мың саһаба.  
Айталық сөздің шынынан  
Хазіреті Жакып пайғамбар  
Айрылды Жүсіп ұлынан,  
Қырық жыл жоқтап, еңіреп  
Айрылды көздің нұрынан —  
Көз жасы жылап құрыған.  
Қалып еді бұл қайғы  
Бір Алланың солардай  
Расулы-досты құлынан.  
Жоқтамасқа болмайды —  
Асыл туган бір жақсы  
Жаманның артық мыңынан.  
Ойласаңыз, жарандар,  
Бү дүние өтулі  
Нәсібе толып тасқаннан,  
Талай патша-мастардан.  
Расулы Мұхаммед  
Бір Тәңірмен дос болған,  
Анасынан туғасын  
Солар да жетім, жас қалған,  
Содан бергі заманда  
Мүриттерін басқарған,  
Шайтандармен егесіп  
Дін жолында қасқарған,  
Осылардың баршасын  
Дем біткен күні жаздырмай  
Әзірейіл келіп бас салған.  
Қорқыт-ата қобалжып

Ажалға тапшай бір айла  
Қырық жыл жүрді қашқаннан.  
Қайғы қамап бұрын да  
Болыпты талай сасқан жан.  
Хазіреті Айубтың  
Машақаты көп болды,  
Жеті жылда тауысып  
Денесін құрттар жеп болды,  
Сондай ауыр қастамен  
Ғибадатқа зәредей  
Жалқаулығы жоқ болды.  
Апасы «сүйген құлым» дейд  
Ажалға сабыр еткенді,  
Толып жатыр ғажап іс  
Айта берсек өткенді.  
Хазіреті Жүніс пайғамбар  
Ібілістің тілімен  
Асығыс сапар — жол шекті  
Бір әйел, екі ұлымен.  
Бір жерлерге келгенде  
Төртеуі бірдей адасты  
Кездеспей бірі-бірімен.  
Сабырсыздық етем деп  
Хазіреті Жүніс айрылды  
Бұрынғы дәурен күнінен.  
Залуһа деген бір балық  
Жүністі жұтып қырық күн  
Сау-саламат шығарды  
Теңіздің терең түбінен.  
Сол балықтың қарнында  
Жазбады таспих-тағатын,  
Сондықтан Алла сақтады  
Қаранғылық түнінен.  
Соларға берген машахат —  
Кейінгі жайлар ойланyp  
Етсін деп пікір мұнымен.  
Қайғылы күндер көп өтті  
Бұрын-сонды, қарасақ,  
Осылардың Хиссасын  
Таныссаң оқып, тамаша-ақ,  
Жүз жиырма төрт мың деседі  
Әнбияларды санасақ,  
Қиямет-қайым болынып  
Құрылған күні Ғарасат  
Майдаынында көптіктен  
Біреулен-біреу адасад.  
Құр тастамас Құдайым

Сол күндерде біздер де  
Бір Алланың жолына  
Күлшылыққа жарасақ,  
Имандылар ұжмақта  
Нұрлерменен қосылып  
Бірі менен бірі жарасақ,  
Баянды қызық сонда бар,  
Жүргізіп тұрған бұларды  
Шариғи ғалым молла бар,  
Он сегіз мың ғаламды  
Басқарып тұрған Алла бар.  
Имансыздар ақырда  
Айла тапшай сандалар,  
Айбатынан тозақтың  
Көпірлер шошып танданар,  
Тамұқтың ұшқан түтіні  
Тұлданған бұлттай жарланар  
Әл-Хазірет сол күнде  
Шапағатын аямай  
Үмбеті үшін зарланар.  
Кәлимомлла-Шәрифте  
Осылай деген бар хабар.  
Дүние-фәни зат емес —  
Жұмыстың қиын-ауыры  
Ғарасат махшар таңда бар  
Есенгүл марқұм-мырзаға үшін  
Мүктасар еттім үшбу сөз  
Әркімге болғай Алла жар...





## ТАРИХИ ЖЫР—ДАСТАНДАР

### ОЛ ИТ ЖЫЛЫ ДЕГЕН ЖЫЛ ЕДІ

(тарихи дастан)

Біздің Адай бұл жерге  
Хисап етсем, келгелі  
Екі жүздей жыл өткен,  
Жаралғаннан өуелден  
Ілгері екен реттен,  
Пайда тапқан баяндап  
Мангыстау деген түбектен.  
Әр елдің өлсіз пақыры  
Ішіне келіп күнелткен,  
Береке-байтақ ел болып  
Мал менен басын дүр еткен.  
Ішінде ерлер болыпты  
Егескен жауын күл еткен,  
Сасқан күн ұран шақырып  
Ішінен Бекет-пір өткен,  
Ноғайлы, қалмақ, түрікпен жұрт  
Қонысын тастап бұ кеткен,  
Бізден бұрын алты жүрт  
Бұл жерді талақ-тұл еткен...  
... Миллион байтақ елімен,  
Паңсыған төре-бегімен,  
Нешелер қабылан-ерімен  
Асанқайғы, Қазтуған —  
Олар да босты жерінен  
Дүниеге келгесін  
Талай халық бөліңді  
Рет-рет легімен.

Арыдан жауап айтайын,  
Айтпайын қысқа беріден:  
Бұрынғы өткен заманда  
Жәһилдің қауымы жоқ болды  
Алланың қаһар желінен,  
Нұхының қауымы төрк болды  
Топанның тасқан селінен,  
Лұттың қауымы жоқ болды  
Жебірейілдің бір соққан  
Қанатының лебінен.  
Пигылы азып адасқан  
Алланың тура жөнінен  
Әлек болды талай жұрт  
Бөдіғат істің көбінен.  
Азғындық тапқан өркімнен  
Дөреже, сүйтіп, кеміген.  
Болды ма деп қауіп етіп  
Көреміз бұзық ниеттен...  
...Көп жиналған әлеумет,  
Ортаңызға зауық етіп  
Шайырың келіп көрінді,  
Төнірдің берген желсөзбен  
Көтерейін көңілді,  
Тарқатайын ішіңнен  
Біразырақ шерінді,  
Ит деген жылдың қысынан  
Нашарлық басып елімді  
Үйірінен адамдар  
Әр тарапқа бөлінді.  
Бұлағай заман тап болып  
Қайғырып халық егілді,  
Күндері қарап орысқа  
Пунктен көже берілді,  
Оқиға болып осындай  
Нәсібе жүрттан төгілді...  
... Біздің Адай халқынан  
Алты Алаштың баласы  
Сескенді дабыл-даңқынан,  
Бұл уақыттар болғанда  
Дарияларым су алды  
Кемерін соғып шарпыған,  
Біреуден біреу айрылды  
Иг деген жылдың зарпынан,  
Қайғы басып қамықты  
Хаңдарым талай паңсыған,  
Мырзаларым да тарықты  
Шаршы төрде хансыған.

Ақырын Алла бермесе  
Болмай қалды күні артық  
Қайыршы менен жалшыдан.  
Көрмеген адам зат болды,  
Бұлағай заман тап болды,  
Туғалы қарны ашпаған,  
Аяғын жаяу баспаған  
Ғанилар малдан сап болды,  
Төменгі Адай халқына  
Кетпестей таңба дақ болды.  
Ит деген жылдың зарпынан  
Жақыннан өркім жат болды.  
Бү заман азбай не қылсын —  
Бітіне бұзық көбейіп  
Жер жүзіне тақ толды,  
Бір тенгенің дауынан  
Күранды күшқан ант болды,  
Сорпаны төгіп ақты ішпей  
Тамағы шай мен қант болды.  
Шайдан басқаны ішпеді,  
Бөдігат-күнө істеді  
Төжаптарлар да көп еді —  
Алланың берген дәулетін  
Көтере алмай іскені,  
Орынсыз жерде иықтап  
Момынды залым тістеді,  
Әділдік кетіп хөкімнен  
Бес-он тиын пара алып  
Қараны қолдап күштеді,  
Жауыз бен пасық көбейіп  
Бір Алланың қатері  
Қаперіне түспеді.  
Бұл заман азбай не қылсын —  
Мұсылман оқу азайып,  
Қоралап берген баладан  
Орыстың толды школы.  
Осылай жұртым бүлінді,  
Өртүрлі бұзық істеді,  
Сондайлардан болынған  
Ырыздық-нөсіп тартылып  
Ит деген жылдың зарпынан  
Талайлар қалды шарпылып,  
Өзендер талай құрғады  
Суалып, көзі тартылып...  
... Адай деген ел едік  
Басқа халық бізбенен  
Батырлық пен байлыққа

Бәс етпеген шарқ ұрып,  
Ерегескен дүшпанды  
Табанға салып тарпыдық,  
Әруақ, бақыт, мол дәулет  
Күннен күн асқан артылып,  
Кешегі өткен күндерде  
Дәрия-көлдей шалқыдық,  
Бұл күндердің шағында  
Тап болды мұндай таңқылық,  
Елеуретіп байрақта  
Асылдан киіп, ат мінген  
Озаған жүйрік тарпынтып  
Не кербездер жан күткен  
Жаяу қалды малтығып.  
Бай баласы балпаңның  
Бойынан кетті салқылық,  
Дұға мен тілек кашты ма  
Көпірден қайыр сұранды  
Астана жұртым алқынып.  
Қалың дәулет қабындап  
Қашаннан біткен жапырып,  
Мырзаларым да тарықты  
Арғымақ мінген қатырып,  
Алтын мен күміс соқтырған  
Үй мұрасын сатынып  
Жиын менен той қалды  
Сауын айтқан шақырып,  
Болынды толы жұртыма  
Өкініш, арман, қапылық...  
...Оныншы жылдың шағында  
Аспаннан ай, күн түлданып  
Жұлдыздар ақты атылып,  
Алланың нұры тамбады —  
Топырақ жауды сапырып,  
Жұлдызанда қауыстың  
Күншығыстан бір дауыл  
Сегіз күнді соқты ақырып,  
Қара жерден малды айдап  
Теңізге тықты батырып,  
Ғаламат болып ой мен қыр  
Бүліне жазды қапылып.  
Қаһарланса Тәңірім,  
Қауызына сияр тарынын  
Он сегіз мың мақұлық...  
... Үш түбекте Маңғыстау  
Күлазды мал қалмай,  
Мал кеткесін біздің ел

Нашарлық тапты өл қалмай,  
Мырзалардан хөл кетті  
Сән-салтанат, төрбие,  
Жарастықты сән қалмай,  
Шайқап басқан жорға мен  
Арғымақ аттар тандаулы  
Сыйпалып, жұттан таусылды  
Дулығалы өркеш нар қалмай,  
Қатты жаман налығты  
Кербезінген паңдар да-ай.  
Манғыстаудың Адайын  
Ашаршылық бостырып  
Айла таппай сандалды-ай,  
Жай мен жалды жегендер  
Пункттен өлшеп көже ішіп  
Жүрегі жүрді жалғанбай.  
Патшаға жетіп бұл хабар  
Жәрдем берді талғанға-ай,  
Ғаламат болып осындай  
Көрген жандар таңғалды-ай.  
Әл-қуаты кеткесін  
Нан тіленді орыстан  
Астана жұртым арланбай.  
Әуелден келген адам баласы  
Келгеннен соң жаралып  
Дүние-фәни жалғанға-ай,  
Қайғы шегіп кімде-кім  
Болған екен армаңда-ай..  
... Бұл қоныстың ақыры  
Ауыр қайғы болад деп  
Асанқайғы, Қазтуған  
Желмаямен жеті жыл  
Жер жүзін жүрген шарлаумен  
Жердің бетін барлауға  
Желмаямен жер қарап  
Қатын-бала қамы үшін  
Ақылы болды шартарап.  
Ноғайлының билері  
Тасқорған деген жерінде  
Кенес күрды алқалап,  
«Әумин» десіп жиылды  
Аламандарды аңғалап,  
Бұл жерлерден кетуге  
Маслихатын етулі.  
Мәжіліс құрып айласқан,  
Уәдесін берік байласқан,  
Бұл сапардан қайтпасқа



Бірін бірі қайрасқан.  
Батырлары да бар екен  
Жау-жарағын сайласқан,  
Шешендері де бар екен  
Бұлбұл құстай сайрасқан.  
«Бұл қайырсыз қоныс» деп  
Қазыналы бай да асқан.  
Асанқайғы, Қазтуған  
Тәуекел етіп, жол тартып  
Мандайы кетті таймастан,  
Нешелер пелде қыр асып  
Орнығып жұрты жайғасқан.  
Байқасақ ойлап, бұрыннан  
Адыра-құтсыз бұ қоныс —  
Ел жоқ екен жайласқан.  
Бұл жерлерден, байқасақ,  
Нешелер байтақ ел кеткен,  
Әзіреттің Алатауынан  
Біздің халық ауғасын  
Маңғыстауды белгі еткен,  
Бірнеше жылдай мекендеп  
Талабын Төңір өрлеткен,  
Қоныстан қуып түрікпенді,  
Байырқасып үріккенді  
Бұл Адайдан ер де өткен...  
... Желпіндіріп желсөзбен  
Нақыштайын өрнекпен.  
Байларым болды қайғылы  
Күмістен мұра соқтырып  
Сары алтынмен өндеткен.  
Ойласам, иттің жұтындай  
Болмаған екен бұрын-соң  
Халықты мұндай меңдеткен.  
Заманның соры тап болып  
Мал менен бақыт тең кеткен,  
Науа-анадан айырып  
Атамыз Сафи-Адамды  
Жер аударып сенделткен...  
Сүзілтіп жүйрік балтаған,  
Асылмен мойын қаптаған,  
Арғымақ мінген ұрынтып,  
Адымын алшаң аттаған,  
Бағұланның етін жеп,  
Қымыздан басқа татпаған  
Сал мырзалар осы күн  
Ішерге көже таппаған,  
Бірқатары жер ауып

Байрамалы, Төженнен  
Айырды тамақ мақтадан.  
Налыттын, Алла, халқымды  
Болды ма құлық жақлаған?  
Қазына жасау үбінен  
Қатарлап жиган жүгінен,  
Жарастықты әрбір түрінен  
Балпаң байлар айрылды  
Шалқыған дәурен-күнінен,  
Қазы-қарта, жал-жая  
Қолдағы сары май, сүрінен,  
Сары кымыз, ақ шұбат  
Ашытып күйған күбіден,  
Ордасын мейман қамалап  
Кетпеген күні-түнімен  
Балпаң байдың жолдасы  
Бәйбішелер болды қайғылы  
Ит деген қыстың көрінен.  
Базардан асыл алдырып,  
Сусынын шаймен қандырып,  
Бәсі қымбат тон киген  
Сары алтынга малдырып,  
Зер менен қамқа салдырып,  
Күмістен мұра тағынған  
Не кермеқас кербездер  
Көрмеген жұтқа ұшырап  
Бастарын кетті даң қылып.  
Сахырада өскен жұртымның  
Талайы тозды көже үшін  
Қапалы жерге қаңғырып,  
Оқиға-жұтқа шалдығып.  
Арманы болып, өкінді  
Саламаттың Сарбасы,  
Есіркеп, Қоштай, Бақажан —  
Сол мырзалар секілді  
Бұл қазақтың ұлында,  
Бір Төңірдің құлында  
Салтанат пен байлыққа  
Бұлардан асқан ешкім жоқ,  
Қаумалаған қашаннан  
Күрал етіп үстін көп,  
Он қанат орда тіктірген  
Еңсеме мейман түссін деп,  
Сабасын көлдей көпірткен  
Келгендер қанып ішсін деп,  
Ауданды қазан астырған  
Тай еті сыйып піссін деп,

Сахилыкпен іс еткен  
Адайым үлгі пішсін деп,  
Желісін ұзын тарттырған.  
Әруақ пен бақыт, мол дәулет  
Күніне асып артылып,  
Елеуретіп байраққа  
Озаған жүйрік шаптырып,  
Қашаннан бері түсінген  
Қайырға қолы жаттығып,  
Пақыр мен міскін, өлсізге  
Етпей кеткен қаттылық,  
Біткен жоқ қазақ ұлына  
Бұлардан өткен салқылық,  
Саламаттың Сарбасы,  
Есіркеп, Қоштай, Бақажан  
Дабысы шықты аталып,  
Мұқтаждардан бата алып,  
Пақырларды қақлады  
Қайырып, іркіп-қатырып,  
Қаныққан Алаш даңқына,  
Жәрдемі тиіп халқына  
Жаяулар мінген ат алып.  
Дүниенің көрген келперін  
Мұнайды, сүйтіп, бектерім  
Бүгінде жарлық тақалып.  
Атамыз Сафи-Адамнан  
Дүрегелі бер қарай  
Кімде-кімнің басынан  
Дөреже тайды шаталып.  
Хазіреті Сүлеймен  
Жүзігінен айрылып  
Оларда да болыпты  
Қасірет-қайғы, қапалық,  
Тәжірибе болсын деп  
Баяндадым азырақ  
Мысал етіп бұрынғы  
Жақсыларға апарып.  
Қалу бар ғой қашаннан:  
Патшалардан тақ қалған,  
Мырзалардан бақ қалған,  
Батырлардан оқ қалған,  
Ғалымдардан хат қалған,  
Шешеннен тіл мен жаз қалған.  
Неше бір ерлер өткен жоқ,  
Жөуһәрін жауға оқталған,  
Нешелер хәкім өткен жоқ,  
Лауазымды ісін атқарған,

Неше бір байлар өткен жоқ  
Үстіне дәулет тоқталған  
Нешелер ғалым өткен жоқ  
Күдайдан қорқып сақтанған,  
Нешелер жүйрік өткен жоқ  
Хабары жұртқа жатталған.  
Нешелер кербез өткен жоқ  
Асыл киіп баптанған,  
Қазақта тақтақ өткен жоқ  
Абыл мен Нұрым, Ақтаннан  
Көкіректе сөзі жатталған,  
Болмасам да солардай  
Азырақ жауап өшкерттім  
Нашарлық халқым тапқаннан.  
Дұрыс болмас Аллаға  
Жоқшылықта күйініп,  
Барлықта массың, мақтанған,  
Осылай дейді ғалымдар,  
Қарасаныз шарғыда  
Кәләм-Шәриф, Ақбардан.  
Налыма, халқым, жеткізер  
Патша-Күдай бір дария  
Кеншілік етсе — ақтарған.

1910 жыл

## ДОСАН БАТЫР

(*тарихи жыр-дастан*)

Әңгіме-кеңес бастайын,  
Тарих етіп тастайын  
Бұрынғы өткен ерлерден  
Ертеде ерлер көп өткен,  
Көк сүнтісін өңгерген,  
Көңілі көшіп желденген,  
«Қайырсыз» деп бұл қоныс  
Асанқайғы бабамыз  
Болған екен сергелден.  
Қалған екен бұл мекен  
Рет-рет елдерден  
Елдің аты Айладыр,  
Айладырды аударып  
Манғыстаудың қара ойын  
Адай елі жерленген...  
...Сол күнде болған батырлар  
Атағозы, Есек пен

Сүйінгара, Келдібек,  
Тәнірберген, Бердібек,  
Мыңбай, Төкеш, Құлыбек,  
Балуанияз, Қармыс ер Төлеп  
Шотан, Шабай, ер Қонай  
Солардың жалғас ең соңы.  
Иса мен Досан ер соңы  
Бұлардың еткен ісі бар  
Алашқа даңқы шашылға,  
Тұлпар мініп ту алып  
Алмастан қару асынған.  
Атамекен жер үшін,  
Туып-өскен ел үшін  
Қан майданда шабысып  
Дұшпаннан қайрат асырған..  
... Сол күндердің бірінде  
Халыққа жазған «көнесін» деп  
Қатынас қағаз келеді  
Патшаның мөрі басылған,  
Сол оқиға болған уақыты  
Жетпісінші жылдың шамасы,  
Астана жұрттың данасы  
Бәйменбет биді ақ патша  
Шақырып алып кеңескен.  
«Жабайы жүрген едің, — деп  
Бас бұрмай маған көнің, — деп  
Түсіндір барып халқынды,  
Кезеней салық берің, — деп.  
Бұйрығымнан бас тартсаң  
Ықтиярсыз алуға  
Жетеді күшім менің» — деп,  
Амалың жоқ ететін  
Жерің жоқ қашып кететін —  
Көнесің, — деп — қалайда».  
Бәйменбет келіп патшаның  
Бұйрығын айтты Адайға.  
Хабарды естіп осындай  
Жүген кұрық тимеген  
Асаудай халқым шошынды-ай  
Біреуден біреу айрылып  
Кете жазды қосылмай,  
«Хиуада хан бар, — деп  
Соған барсақ біздерді  
Кәпірге бермей қамдар» деп  
Хиуаға қарай бет түзеп  
Ойлаған халық босуды-ай.  
Сол күнде ояз Реукен

Кетік деген қаладан  
Әскерін ертіп бұл шықты  
Үдере көшкен көп елдің  
Жібермей, алдын тосуға-ай.  
Әскерін ертіп бастады  
«Көндірем деп жібермей  
Халықтың болса қашқаны»,  
Ол ішіндегі орыстың,  
Қол жетпейтін аспаны,  
Зор көрмеген көңілі  
Бір өзінен басқаны,  
Сайланып қару-жарақпен  
Елге шықты аралап  
Сексен солдат составы.  
Бұл хабарды есітіп  
«Қорлығына көнбен, — деп  
Кеженей салық бермен» деп  
Патшаменен қас болып  
Қырық жігітке бас болып  
Інісі Шабай қасында  
Досан шықты алдынан  
Тұлпар мініп қарғыған,  
Кескір қылыш, көк найза —  
Бес қаруын сайланып  
«Жауымменен қастасқан  
Соғысам, — деп — майданда»  
Кездескен жері Үшауыз,  
Шығанақ теңіз — айналма.  
Реукеннің сол жерде  
Отряды көріңді,  
Қарасынан қауіп етіп  
Жолдастары Досанның  
Кейін қарай шегінді.  
Сонда Досан сөйледі:  
«Уәдем бар айтқан — деп  
Мың да болса қайтпан» деп  
Досан жалғыз бөлінді  
Тұлпарын «шұу» деп тебінді  
Түтеп тұрған мылтыққа  
Ойламай шапты өлімді.  
Араласып өтулі  
Бораған оқтың ішімен,  
Қаза тауып Реукен  
Найзасының үшінен  
Кіреуке сауыт кигені,  
Атқан оқ дарып тимеді,  
Қойға шапқан бөрідей

Мергендерін түйреді.  
Берекесін қашырды  
Көрсетті қайрат-ашуды,  
Қимылдады қиратып  
Күйіне түскен қырандый  
Ер қайраты сыналды-ай.  
Би Бәйменбет ішінде  
Бір ояз сексен солдаттын  
Бәрін қырды сол жерде  
Біреуін шетке шығармай..  
... Болғасын мұндай оқиға  
«Қайтеміз?» деп халық састы  
Не қыларын біле алмай.  
«Енді қиын болады» деп  
Ел бүлініп үрікті  
Қонысына тұра алмай,  
Харазымға қарай жол тартты  
Батырлар да баяндап  
Маңғыстауда жүре алмай,  
Көңілдері тына алмай..  
... Патшаға жетті бұл хабар,  
Ломакин деген жандарал  
Бұйрығын алып патшаның  
Ыңыранған топпенен  
Әскерін судан шығарды-ай.  
Солдаты қойдай шұбырды  
Жер ортасы Қаратау  
Қосын тігіп кідірді,  
Қаһарын тігіп халыққа  
Қатты көзбен қарады,  
«Қырамын, — деп — шетіңнен»  
Жетті жұртқа хабары.  
Біріктіріп елді жинауға  
Жан-жақтан шықты шабары.  
Қорыққаннан «көндік» деп  
Ломакинге шұбырып  
Елдің келді адамы,  
Сол жерде салғырт салады,  
Халықты қойдай талады,  
Ақшалары жоқтардың  
Атан мен нарын алады,  
«Қос-қоландымды артам» деп  
Күншығысқа бағыттап  
Жиуаға тартам, — деп,  
Қашқаннан алдын тосам, — деп  
Шашылған елді бір жерге  
Біріктіріп қосам, — деп

Айырықша басқадан  
Жауым — Иса, Досан, — деп  
Іс еткен жоқ осал, — деп  
Қас дұшпаным Досанды  
Өлтірмей, тірі ұстаң» деп  
Әміріне көндіріп,  
Қозғалған елді қорқытып  
Қонысына қондырып  
Харазымға қарай жол тартып  
Батырлардың кетті соңынан  
Хиуаның қанын алам деп  
Харазымға барды отряд..  
... Бір бес-он күн жол жүріп  
Айбүгірдің ақ дария  
Шаршаған қалың отряд  
Соған келіп тынықты  
Көліктері болдырып.  
Сол жерде бұйқыт жатқанда  
Таң сарғайып атқанда  
Досан мен Иса бастаған  
Алпыс кісі аламан  
Айналасын қамаған  
Астына мінген аттары  
Өңкей тұлпар жараған,  
Ауыздықпен алысып  
Көздерін көкке қадаған.  
Бұл жасақтың ішінде  
Төжінің ұлы Досан бар —  
Бір өзінің қайратын  
Мың кісіге балаған.  
Иіріліп жатқан өскердің  
Жарып өтті ортасын,  
Төрт солдатын өлтіріп,  
Он солдаты сол жерде  
Тұра алмай қалды жарадан.  
Сол жерде өскер бекініп  
Топ құрып қақты барабан.  
Батырлар содан кетулі  
Ойлағандарын етулі.  
Сонда Досан айтулы:  
«Жеріміз енді тиетін  
Қалың біткен қамысты  
Лаузан деген тоғай, — деп  
Жалғыз аяқ жолы бар —  
Жүре алмайд өскер нобай, — деп  
Қалың қолмен алысып  
Ұрысуга сол жер қолай» — деп.



Үйғарысты батырлар  
«Жүрейік енді солай» деп.  
Салыпты содан жарысты  
Ақдариядан Лаузанға  
Түзеді мандай шабысты,  
Үзенгілерін қағысты,  
Мінгендері кіл бедеу  
Жақын еткен алысты.  
От орнындай тұяғы  
Ойнап басқан аяғын,  
Желігіп жерді тарпыған  
Ауызын ашып арандай  
Қара жерді қарпыған,  
Кұйысқандары сартылдап  
Кұлашын жазған аршындап,  
Ауыздықтарын басқылап,  
Аузынан көбік шашқылап,  
Артынан үркіп, ұмтылып,  
Тарттырмай басын жұлқынып,  
Бұлдыраған сағымдай  
Екпіні күшті ағындай  
Дауыл-жел соққан артынан,  
Жаптардан үркіп қарғыған,  
Бұрқыраған құйындай  
Жер танабын жиырды-ай,  
Аң жүйрігі ақ киік  
Кете алмады құтылып  
Тер шыққан сайын құтырып.  
Ауыздықтары қаршылдап  
Төңірекке жалтақтап  
Көрінім жерді алты аттап  
Аспандап ұшқан аққудай  
Бедеулер мойын созады,  
Жарысқан құстан озады.  
Аспан мен жердің арасын  
Тұман қылған тозаңы,  
Тозаңынан адасып  
Қатар ұшқан құс қалды,  
Ұзын жолдар қысқарды,  
Екі күндік жол еді —  
Сол күнгі сөске-түсте алды  
Бөлінген ерлер бөрідей  
Сүңгілерін сүйретіп  
Ен тоғайға барысты,  
Қалмайық деп қапыда  
Андып жүрген дұшпанға  
Қарауылдарын салысты.

Ломакиннің өскері  
Келеді деп сол жерге  
Екі күн жатып бағысты,  
Үшінші күн бесінде  
Қарауыл көзі шалады:  
Жеті жүз өскер кіреді  
Қақ жарып қалың қамысты.  
Көптігін жаудың көргесін,  
Сыңайын байқап білгесін  
Кектенген ерлер кескілеп  
Бермеді қолдан намысты,  
Андып тұрып қапталдан  
Бір шенеунігін қадірлі  
Досан тандап шанышты.  
Күйініп сонда жандарал  
Түлданып жаман долданды —  
Өртегті тоғай-орманды.  
Әскерлерін иірді  
Қайғырып қатты күйінді,  
Бөлек-бөлек топ құрып  
Шыр айнала қорғанды —  
Жағдайлары қиын-ды.  
Бас-аяғын жиырды,  
«Жазбай жүр, — деп, — тобынды»  
Командирге бұйырды.  
Көптігіне қарамай  
Ломакиннің тобына  
Хиуаға барғанша  
Бағың жүріп ер Досан  
Екі жерде тиколі...  
... Қайғыменен басы қаралы,  
Солдаттың көбі жаралы,  
Біразынан айрылып  
Жандаралдың ызадан  
Өрт шалғандай ажары —  
Ұстап азап бермекке  
Тек Досан болды назары.  
Токтамастан жол жүріп  
Хиуаның жетті шөріне,  
Қаһары қатты өскердің  
Шыдай алмай көріне  
Қорыққаннан «көндік» деп  
Қол қусырды бөрі де,  
Осылайша патшаның  
Әмірі жүрді бөріне.  
Ханның дуанбегісі  
Ақ патшаға жағам дел

Су күйган екен дәріге,  
Қырсығынан сатқынның  
Заманакыр күн туды  
Үлкен-кіші, көріге...  
... Ломакиннің дүрлеген  
Әскері кірді қалаға-ай,  
Ұрысуға хан қарамай —  
Хиуаның шөрін алады-ай.  
Ұрыссыз алып қаланы  
Қосын тікті жандарал  
Базарының маңына  
Иеленіп шөрді алғасын  
Досанды қалай ұстаудың  
Кірісті шұғыл қамына.  
«Қастасқан жауым Досан — деп  
Өлтірмей тірі ұстаң, — деп  
Маған үлкен дұшпан», — деп  
Бұйрық берді жандарал  
Хиуаның ханына.  
Жасағынан өзінің  
Адамын қосты жанына.  
Ұстамаққа Досанды  
Қаладан шығып хан жүрді  
Нөкер алып тағы да  
Бұл хабарды есітіп  
Салалық деп ойранды  
Батырлар шықты қағына,  
Сауыттарын жамыла,  
Қаруларын тағына.  
Мінгендері кіл жүйрік  
Салып жүрген бабына,  
Құс болмаса қанатты  
Жер басқан жан шапқанда  
Ере алмайды шанына.  
Екпіні күшті ерлердің  
Қарасын көріп хан қайтты  
Жолай алмай маңына...  
... Досан батыр патшамен  
Өле-өлгенше қастасып  
Қарсы болған заңына,  
Алты жылдай андысып  
Қара қанға батысып  
Оңайлықпен түспеді,  
Солдатын қырып оязды  
Өз қолымен өлтіріп  
Ойлағанын істеді,  
Патшалы жүртпен ұстасып

Қиынға кетті істері,  
Сүйтіп жүрген күндерде  
Құралы тарқап қасынан,  
Базары қайтып басынан  
Азайды қайрат-күштері.  
Кетік пенен Манғыстау,  
Харазымды алғасын —  
Баратын басқа жері жоқ,  
Тарылды, жердің кені жоқ,  
Бұрынғыдай тілектес  
Жаны ашитын елі жоқ  
Кәрінен қорқып патшаның  
Еріп жүрген қасына  
Жолдасының көбі жоқ,  
Көрінгеннің бәрі жау —  
Батырлықтың кемі жоқ,  
Ноғайлыдағы бұрынғы  
Орақ пен Мамай болмаса  
Заманыңда Досанның  
Өзіне тайлас теңі жоқ.  
Бір жүрген Иса Досанға  
Бір күні келіп сөйледі,  
Сөйлегенде бұйдеді:  
— Ел қайда, батыр, ел қайда?  
Туып-өскен жер қайда?  
Ойнап-күліп бір жүрген  
Қатар-құрбы, тең қайда?  
Шетке кеттік шығынып,  
Харымға тығылап —  
Бұл жүрістен не пайда?  
Патшаменен қас болып  
Қиынға кетті ісіміз,  
Әлсіреп барад күн санап  
Төмендеп қайрат-күшіміз.  
Төңірекке қарасақ —  
Сегіз арыс Сейілхан,  
Көніп болды Кіші Жүз.  
Әмірі жүріп патшаның  
Құрығын тегіс салғасын,  
Мұсылманды алғасын  
Ұшты ма деп ойлаймын  
Бастығы бақыт құсымыз —  
Қалай болды мұнымыз?  
Солдатын қырып, өлтірдік  
Реукеңдей оязды  
Келген күні жынымыз.  
Айнала жұртты алғасын,

Құрығын тегіс салғасын  
Қараң болды күніміз —  
Өлген жоқпыз, тек тіріміз.  
Көндірген жұртты патшаға  
Тіл алсаң, тіке баралық,  
Кешірім сұрап өзінен  
Жеткенінше тіліміз,  
Батырым, енді сіз біліңіз..  
Сонда Досан сөйледі:  
— Уайым айтпа маған, — деп  
Рүкәт, кетсең, саған, — деп  
Сүйегім тұтам қалғанша  
Қауып етпеймін дұшпаннан  
Ажалдан бұрын алар деп,  
Мен айнапаймын жалынып  
Патшаға енді барам деп,  
Мен аруананың баласы,  
Мыңк етпеймін — нардаймын,  
Иығымды қатеп кессе де,  
Қапталымды тессе де  
Ауыр жүкке болдырман,  
Бес қару белде тұрғанда  
Шыбын жаным сау болса  
Етегіне дұшпанның  
Басымды салып қор қылман.  
Айрылмаса көк тұлпар  
Бұрынғы шабыс-қаржыннан  
Әлі де жауға алдырман,  
Егіме таңба салдырман.  
Кем болған жоқ атағым  
Қарсының ұлы Тарғыннан.  
Сергеткескен жолдас сен едің  
Аршылан ерің мен едім  
Дұшпанның есін тандырған,  
Алмасымды суарып  
Қылышты қанға қандырған,  
Ордасын шауып ойрандап  
Жауымның көңілін қалдырған,  
Халық айтты бізді «батыр» деп  
Енді барсақ бас ұрып  
Айтпай ма екен «қатын» деп  
Бұл айтқан сенін сөзіңді  
Тыңдамаймын «мақұл» деп.  
Рүкәт, — деді, Исаға, —  
Мен барып жауға жалынып  
Бола алмаймын жақын» — деп..  
...Арқанда неше күн жүріп

Иса барған содан оязға  
— Мен саған тура келдім, — деп  
Жасырмаймын, кешегі  
Қанды көйлек жолдасым  
Досанға аз күн ердім, — деп  
Ат жақсысын мінген күн,  
Көк сүңгіні өңгеріп  
Әскеріннің алдынан  
Көлденендеп желдім, — деп  
Не қылсаң да өзін біл,  
Келіп тұрмын «көндім» деп...  
Ояз айтты Исаға:  
— Өзің тура келгесін  
Ғафу етгім күнөнді,  
Тілегінді бердім, — деп  
Жарлық берем қолыңа —  
Әкімі боп елдің, — деп  
Болыс қылып жіберді  
«Бересің ұстап, Досанды,  
Енді саған сендім» — деп...  
...Бес-он кісі жолдаспен  
Досан жүрді бағынбай,  
«Бас имен» деген әуелгі  
Уәдеден жаңылмай.  
Айнала жүріп әмірі  
Патша құрсап алғасын  
Батырдың жері тарылды-ай.  
Тар қоныс талай ерлерді  
Үшыратқан жазымға-ай,  
Хан Жәңгірмен қастасып  
Қаза тапқан қапыда  
Исатай да Нарында-ай.  
Батырлық пен ақындық  
Қабат біткен Махамбет  
Жазымын тауып қалынды-ай.  
Андып жүріп, ақыры  
Қапысын тауып көпірлер  
Досанды қолға түсірді-ай,  
Басынан бағы ауған күн  
Қолға түсті асыл ер,  
Екі қолы байланып  
Абақтыға айдалып  
Басылып көңіл кішірді-ай.  
Бұрынғы болған ұрыстан  
Оң қолынан жаралы  
Ауылда жалғыз жағқанда  
Солдаттар келіп қамады.

Мінуге сол сәт аты жоқ,  
Қылышын ұстап сол қолмен  
Жаяу ұрыс салады,  
Жиырма-отыздай солдатпен  
Қимылын көріп батырдың  
Тұрғандар қайран қалады,  
Қарсы алдына келгеннің  
Талайын батыр шабады,  
Жан-жақтан салған сүнгіден  
Денесінен Досанның  
Қан жоса боп ағады...  
... Бір уақыттар болғанда  
Бастан тиген соққыдан  
Досан естен танады,  
Құлап жатқан жеріне  
Батырды байлап алады.  
Екі қолы байланып  
Солдаттарға айдалып  
Кетікке батыр барады...  
... Көп ұзатпай батырдың  
«Қылмыстық ісін» қарады.  
Жазалаушы тобынын  
Анишкин еді бастығы  
(Тарқамаған мастығы)  
— Беремін, — деді, — қысымды  
Сындырармын түгендеп  
Отыз екі тісінді,  
Ақ патшаға жазамын  
Таудай күнә-ісінді  
Көнбейміз деп патшаға  
Іріткі салдың халыққа,  
Заңын бұзып патшаның  
Қарсы шықтың салыққа,  
Оныменен тұрмадың —  
Қасына жасак жинадың,  
Бір басына жетеді  
Ақ патшаға қылғаның.  
Қылмысын үшін жасаған  
Жазаңды сайлап аласың,  
Орындасан бірақ бір шартты  
Жазадан аман қаласың,  
«Өкілі деген патшаның»  
Қуәлік алып қолына  
Ел ішіне барасың,  
Салық жинап жыл сайын  
Қазынаға саласың,  
Сонда ғана басына

Еркіншілік аласың..  
Сонда Досан айтулы:  
— Таусылған жоқ қайратым  
Андап, зорлап ұстадың,  
Қан төгісіп, қастасқан  
Сен едің менің дұшпаным,  
Ат үстіне мінген күн,  
Бойыма қару ілген күн  
Ақ алмасты суырып  
Заманасын қуырып  
Әскерінді қырған мен едім.  
Өзіндей ояз Реукен  
Қаза тапты сүңгімнен,  
Солдатын қырдым бір жүрген  
Көк тұлпарды ойнатып,  
Көк сүңгіні бойлатып  
Ойран салған мен едім  
Әскерінді шауып бүлдірген.  
Екпіні күшті ер едім  
Қайратымды білдірген —  
Енді жоқ менің арманым.  
Ақ сауытты жамылып,  
Алмастан қару тағынып  
Мінуге тұлпар таңдадым,  
Ломакин жандаралыңның  
Жасқанбай атқан оғынан,  
Бөрідей тартып қоңынан  
Талайыңды қарнадым,  
Жүрген жерін қандадым.  
Қашыда қалма, бок солдат,  
Өлі де болса алмағын.  
Мен халқымның сатқаны  
Бола алмаймын өлсем де,  
Тірідей жерге көмсең де —  
Білгеніңнен қалмағын.  
Жалғыз-ақ менің арманым:  
Қайратымды тауысып  
Ұрысып түспей қолына  
Тістеулі кетті бармағым.  
Қалың әскер қасыңда —  
Дүрлеп гүр сенің заманың.  
Сү сепкендей басар ем —  
Болмай гүр менің амалым.  
Бір ғана айтар арызым:  
Өзін ояз болғанда  
Қатын-балдан да ояз ба —  
Менің қатын-баламды



Түрмеге неге қамадың?  
Олар да қандай жазық бар  
Тартуға түрме азабын?  
Әділ болсаң, оязым,  
Бұл не қылған мазағың?  
Мен үшін, әлде, жазғырып  
Жазалайын деп не едің  
Сахыраның бүкіл қазағын?..  
... Көп сөйлетпей, сонымен,  
Өз еркімен беріліп  
Көнбейтінін көргесін  
Түрмеге салды батырды —  
Сонда үш ай жатулы.  
Азаптың түрін жасады —  
Қол-аяғын кісендеп  
Қыздырып темір басады,  
Тірілей етін шыжғырып  
Қанын судай шашады.  
Қанша азап берсе де  
Терісінен кескілеп  
Таспа тіліп өрсе де  
«Көнемін» деген бір ауыз  
Сөз ала алмай батырдан  
Жендеттер қатты сасады,  
Қиналса да жаны азаптан  
Қорқып, тілін тартпады,  
«Көнбеймін» деген басында  
Сертінен батыр қайтпады.  
Ағасы Ожыр арқылы  
«Ерлерге менен сәлем» деп  
Мынау болды Досанның  
Ең соңғы рет айтқаны:  
— Патшадан қорқып, қасыма  
Жолдас болып ермедің,  
Түскеннен кейін түрмеге  
Иса, маған келмедің,  
Құтқарып мені алуға  
Қол ұшын келіп бермедің.  
Бәйменбет пен Исаға  
Жігіттер біздің тимесін,  
Енді оларға дауа жоқ.  
Шен-шекпенін кигесін,  
Ажырасып ағайын,  
Жауығып кетер ел іші —  
Мен үшін босқа күймесін.  
Атамекен жер үшін,  
Әдилеп сүйген ел үшін

Талай ер туган анадан —  
Тағы да бір ұл қол бастар,  
Бас-аяғын жиынсын.  
Сегіз арыс Адайда  
Ел қорғайтын ерлер көп —  
Әруақтарға сыйынсын.  
Қолға түсіп қапыда  
Арманда кетіп барамын  
Құлдығынан патшаның  
Қорғай алмай елімді,  
Манғыстаудай кең жайлау  
Туып-өскен жерімді.  
Тағы да бір аманат  
Үрпақтарға кейінгі:  
Алындар менің дұшпаннан  
Ала алмай кеткен кегімді...  
Еліне деген ең соңғы  
Сәлемін айтып осылай  
Халқы үшін туган асыл ер  
Түрмеде жатып азаппен  
Қапаланып өлулі...  
Мен — Жанғабылұлы Сәттігүл  
Ерлігін айттым Досанның  
Жетпіс жылдан бер қарай  
Көрінбей жатқан көмулі...

**Бозашы, 1939 — Жетібай, 1952 жылдар**





## ТҮСІНІКТЕР

### 1. ӨЛЕҢ, ТОЛҒАУЛАР

**ЫЗА** — Сәттігүл Жанғабылұлының «Тоқсан толғау» (өлеңдер мен поэмалар) жинағынан. Жинақты құрастырып, алғы сөзін жазған филология ғылымының кандидаты Құбибұлла Сыдиықұлы. Өлең «Ой толғау» жинағында да жарияланған.

**ХАРАЗЫМҒА КӨШКЕНДЕ** — Сәттігүл Жанғабылұлының «Ой толғау» (өлеңдер, дастандар, айтыстар) жинағынан. Құрастырған және алғы сөзін жазған Құбибұлла Сыдиықұлы. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1986 жыл.

**ОН АЛТЫНШЫ ЖЫЛ** — аталған екі жинақта да қысқарған күйде жарияланған. Тұщықұндықтық жыршы Бүркітбай Керелбайұлының айтуы бойынша толықтырылып берілді.

**ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІМ** — екі жинақта да жарияланған, шетпелік зейнеткер Аялы Қуанұлының айтуынан толықтырылды.

**КЕЛ, ЖОДАСТАР, ЖАТПАЛЫҚ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**НҮРЛЫ ЖОЛ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**ДЕРЕК ТИГЕЛІ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**УА, ЖІГІТТЕР, МАСЫҚПА** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**ЛЕНИНАСҚАН ДАНЫШПАН** — «Ой толғау», «Пернедегі термелер» жинақтарынан алынды.

ЛЕНИНДІ ЖОҚТАУ — «Ой толғау» жинағынан алынды.

МЕРЕКЕ ЖЫРЫ — «Ой толғау» жинағынан алынды.

ОКТЯБРЬ АИПТЫ КӨЗІМДІ — «Ой толғау» жинағынан алынды.

ҰЛЫ ОКТЯБРЬДІҢ ОН БІР ЖЫЛДЫҒЫНА — «Тоқсан толғау», «Ой толғау» жинақтарынан алынды.

ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ — «Ой толғау» жинағынан алынды.

ТАЙЫР АҚЫНҒА ХАТ (үзінді) — шетпелік зейнеткер Қабі Қонысұлынан жазылып алынды.

МАҢҒЫСТАУ — «Ой толғау», «Пернедегі термелер» жинақтарынан алынды.

АСЫЛ АЛМАС — «Ой толғау», «Пернедегі термелер» жинақтарынан алынды.

ЛЕНИН ТІККЕН ТУДЫ АЛЫП — «Ой толғау» жинағынан алынды.

ҰСТАЗДАРҒА — «Ой толғау» жинағынан алынды.

ӨНЕРЛІ ҰРПАҚ — «Тоқсан толғау», «Ой толғау» жинақтарынан алынды.

МАЙ МЕЙРАМЫН ҚҰТТЫҚТАУ — журналист-ақын Оразаухан Ізбасарұлының отбасылық архивінен, шетпелік зейнеткер ақын Іздібай Ақбасұлының нұсқалары салыстырылып берілді.

АЛЕКСЕЙ СТАХАНОВ — «Ой толғау» жинағынан алынды.

МОСКВАҒА САПАРЫМ — журналист-ақын Оразаухан Ізбасарұлының отбасылық архивінен алынды.

АЛМАТЫ САПАРЫҢДА — «Тоқсан толғау», «Ой толғау» жинақтарынан алынды.

ПУШКИНГЕ — «Ой толғау» жинағынан алынды.

МЕНИҢ ОТАНЫМ — «Ой толғау» жинағынан алынды.

КАСПИЙ ЕРЛЕРІ — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**БІЗДІҢ САЙЛАУ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ҰШҚЫШТАРЫ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**МОСКВА** — «Тоқсан толғау», «Ой толғау» жинақтарынан алынды.

**ПУТИННЕН БАС ТАРТУШЫЛАР** — «Колхоз жолы» газетінен алынды 4/ҮІІІ-1939ж. № 75.

**БАҚЫТТЫ, ШАТТЫ ЗАМАНЫМ** — «Колхоз жолы» газетінен алынды 1/Ү-1939 № 42

**УКРАИНА ХАЛҚЫНА** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**АТЫ ӨШСІН СОҒЫСТЫҢ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**АТТАНЫП ТҮРСЫҢ АЛЫСҚА** — «Ой толғау» жинағынан, Тұщықудықтық Әріпов Бейсенбі нұсқасымен салыстырған.

**КОЛХОЗШЫ ЖОЛДАСТАРҒА** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**АҚ ТІЛЕКТІ АРНАУЫМ** — Оразаухан Ізбасарұлынан алынды.

**АМАНГЕЛДІ БАТЫРҒА** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**АҚЫҢДАРҒА** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**БІЗ ЖЕҢЕМІЗ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**СТАЛИНГРАДТАН ЖАУ ҚУЫЛҒАНДА** — «Ой толғау» жинағында «Волгадан жау қуылғанда» деген атпен қысқартылып берілген. Оразаухан Ізбасаровтың, Орынбасар Есіркеновтың нұсқаларымен салыстырып, бұрынғы атымен беріліп отыр.

**ӘДІС КЕРЕК ӘРТҮРЛІ** — Совет Нұрмағанбетұлының «Жаңа өмір» газетінде жариялатыынан.

**ИСАТАЙ БАТЫР** — «Ой толғау» жинағында қысқартылып берілген, пікірлік Лияс Бекмағанбетұлының жаңа-өзендік Тұрарбек Нұрмағанбетұлының, пайырлық Мұратбай Сейтмағанбетовтың нұсқаларымен салыстырылған.

**АЖАРЛЫ ЕКЕН ТӨЛДЕРІ** — Совет Нұрмағанбетовтен алынды.

**ҮПІТ ЖЫРЫ** — «Ой толғау» жинағынан, үптігандық Нығмет Көкеновтың айтуында толықтырылған.

**ҰЛЫ МЕЙРАМ** — Бейсенбі Әріпұлының нұсқалары салыстырылып берілген.

**ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ** — Оразаухан Ізбасарұлынан алынған.

**БОЗАШЫ САПАРЫҢДА** — Лияс Бекмағанбетұлынан алынды.

**ТОҒЫЗЫНШЫ АУЫЛДА** — Совет Нұрмағанбетовтен алынды.

**АҚСАП ЖАТЫР ЖҰМЫСШЫ** — Қанатбай Қосымовтан алынды.

**ҰЛЫ ОКТЯБРЬ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**АБАЙ АҚЫНҒА** — «Ой толғау» жинағынан, Оразаухан Ізбасарұлының, Орынбасар Есіркеповтың нұсқалары салыстырылып берілген.

**СОЦИАЛИСТІК ЗАМАНЫМ** — Оразаухан Ізбасарұлынан алынды.

**«ВАРБИНОК» ЖУРНАЛЫНА** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**ПАРТИЯ, САҒАН РАХМЕТ** — «Тоқсан толғау», «Ой толғау» жинақтарынан алынды.

**СССР-дың ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҒЫНА** — Қаржау Қалиұлынан жазылып алынды.

**АРНАУ** — «Сталин жолы» газетінен, 13/III-1957 ж.

**ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ ҚАНЫШҚА** — «Ой толғау» жинағында қысқартылып берілген, Орынбасар Есіркепов нұсқасымен салыстырылып толықтырылған.

**ГУРЬЕВТИҢ БАЙЛЫҒЫ** — Ағзам Бекмағанбетұлынан алынды.

**БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАНЫМ** — «Батыс Қазақстан» газетінен, 24/II-1963 ж.

**СЕКСЕН БЕС** — «Ой толғау» жинағында қысқартылған, шеберлік Алданов Өрісбай нұсқасымен салыстырылған.

**МАҢҒЫСТАУ — МАЛДЫҢ АНАСЫ** — «Батыс Қазақстан» газетінен, 24/II-1963 ж.

**ЖЕТІБАЙ ТУРАЛЫ ЖЫР** — «Тоқсан толғау» жинағынан алынып, толықтырылған.

**ТОҚСАННЫҢ БЕЛЕСІНДЕ** — «Тоқсан толғау» жинағынан алынды.

**ӘЛІ ДЕ СӨЗІМ ДӨҢГЕЛЕР** — «Тоқсан толғау» жинағынан алынды.

**ЖАС ҰЛАНДАРҒА** — Шәрелхан Әленовтен, «Коммунистік жолы» газетінен, 3/VI-1976 ж.

**ТОҚСАН ЖАСТАҒЫ ТОЛҒАУЫМ** — Әзірбайжан Қонарбаевтың, жыршы Бүркітбай Керелбаевтың нұсқалары салыстырылған.

## II. АРНАУ — ТОЛҒАУЛАР

**ТОБАНИЯЗ ХАН ТҰРҒАНДА** — Бейсенбі Әріпұлының, жаңа-өзендік Алпысбай Оңғаровтың, Ж.Бөлекбайұлының, М.Үйсінбайұлының, Қабиболла Сыдиықовтың нұсқалары салыстырылып берілген.

**ТОБАНИЯЗ ТҮРМЕГЕ ТҮСКЕНДЕ** — бейнеулік Сана Таушанұлының, Қабиболла Сыдиықовтың нұсқалары салыстырылып берілген.

**ЗАМАНАНЫҢ САЗЫНА** — жыршы Бүркітбай Керелбайұлының айтуынан жазылып алынған.

**ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ ЖҰБАЕВ** — «Ой толғау» жинағында қысқартылып берілген, Оразаухан Ізбасарұлының нұсқасымен салыстырылған.

**САЛАМАТҰЛЫ САРБАСҚА** — жыршы Бүркітбай Керелбайұлы мен Оразаухан Ізбасарұлының нұсқалары салыстырылып берілген.

**ЕЛДЕН СӘЛЕМ** — петпелік Айтжан Қойлыбайұлының Оразаухан Ізбасарұлының нұсқалары салыстырылып берілген.

**ХАРАЗЫМДАҒЫ ЕЛГЕ СӘЛЕМ** — жаңа-өзектік Тұрарбек Нұрмағанбетұлының Таушықтық ақын Медет Дүйсеновтың нұсқалары салыстырылып берілген.

**ХАРАЗЫМ — ДӘННІҢ АНАСЫ** — қарақалпақстандық А.Аханұлының «Мағұыстау» газетінде 1992 жылғы жариялатуынан.

**ОҢҒАЛБАЙҰЛЫ ҚОНАРБАЙҒА** — журналист Әбілқайыр Спаювтың архивінен алынды.

**ДӘУЛЕТАЛЫ НӘРІК АҚБАЛАҰЛЫНА** — жыршы Бүркітбай Керелбайұлынан жазылып алынды.

**БЕКТЕМІС ҚАЗАНҒАП БАЛАЛАРЫНА** — Оразаухан Ізбасарұлының тапсыруынан.

**ЕСЕНБАЙҰЛЫ АҚШАБАЙҒА** — Оразаухан Ізбасарұлының жаңа-өзектік Тілекбай Қаниұлы Төлегеновтың нұсқалары салыстырылып берілген.

**ҒАНІШКЕН ХАЛҚЫНА БАРҒАНДА АЙТҚАНЫ** — Қаржау Қалиұлынан жазылып алынған.

**БАЙЖАНҰЛЫ АСАР МЫРЗАҒА** — Қаржау Қалиұлы, Оразаухан Ізбасарұлы нұсқалары салыстырылып берілген.

**АЛТЫ АРЫС ҚОСАЙҒА АРНАУЫ** — Қаржау Қалиұлынан жазылып алынған.

**ЗӘКӘРИЯ, ШАМ, ТАЛПАҚТАРҒА АРНАУЫ** — Қаржау Қалиұлынан жазылып алынған.

**СӘДУАҚАСҰЛЫ НӘБИ МЫРЗАҒА (үзінді)** — ішкіқұдықтық Алдажан Алшановтан жазылып алынған.

**МАЙЛАН АМАНҚҰЛ МЫРЗАҒА** — Қаржау Қалиұлынан жазылып алынған.

**ЕСЖАНҰЛЫ ҚАНЖАН МЫРЗАҒА** — Қаржау Қалиұлы, Саға Таушағұлы нұсқалары салыстырылып берілген.

**АЛШЫНҒА** — жыршы Ізбасар Шыршағұлынан, Қабіболла Сыдықовтан алынған нұсқалар салыстырылған.



**АДАЙДЫҢ ОН ЖЕТІ БАЙ** — МЫРЗАСЫНА АЙТҚАНЫ  
— Қаржау Қалиұлына жазылып алынған.

**ЕСЕНҒАЛИДЫҢ СӘТТІҒҰЛҒА АРНАУЫ** — ақын  
Есенғали Бөкенбаевтың «Тоғыз қайық» жинағынан жазылып  
алынған.

**ТӨРТ НАЗАРҒА АРНАУ СӨЗ** — жаңа-өзендік Гүрарбек  
Нұрмағанбетовтың, пиебірлік Ағзам Бекмағанбетұлының,  
тұщықұдықтық Нұрмағанбет Есбосынұлының нұсқалары  
салыстырылып берілген.

### **III. АҢЫЗДАР, ӘЗІЛ — ҚАЛЖЫҢ СӨЗДЕР**

**ӘЗІРЕТІ ҒАЛИДЫҢ ҚҰЛ БОЛЫП САТЫЛУЫ** —  
ақтаулық Орынбай Бәлдековтың 1992 жылғы «Маңғыстау» газетінде  
жариялатуынан.

**МАҚПАЛ ҚЫЗҒА ШЫҒАРҒАНЫ** — ақшымпыраулық Ықсан  
Жұмасовтың 1993 жылғы «Маңғыстау» газетіне жариялатуынан.

**СӘТТІҒҰЛ МЕН КӨК АТ** — пестнелік ақын Әзірбайжан  
Қонарбаевтан алынды.

**КЕНЖЕ КЕЛІН** — ақтаулық Сұлтан Балхаевтың 1992 жылғы  
«Маңғыстау» газетінде жариялатуынан.

**БӘРІНЕН ДЕ ОҢДЫСЫ** — ақын Әзірбайжан Қонарбаевтан  
алынған.

**ҚОЗИНЫ ҚОНАҚ ҚҰРТАДЫ-АЙ** — ақтаулық  
Озғанбаевтың 1992 жылғы «Маңғыстау» газетінде жариялатуынан.

**ТҰРЖАНҒА** — тұщықұдықтық Қыдырбай Қортабаевтың  
айтуынан жазылып алынған.

**АЛШЫНҒА ХАТ** — жырпы Ізбасар Шыртапұлына жазылып алынған.

**ШАЛАНҒА** — ақын Медет Дүйсеновтың «Маңғыстау»  
газетінде 1993 жылғы жариялатуынан.

#### IV. НАСИХАТ СӨЗДЕР

**ТОЙБАСТАР** — бейнеулік жыршы Қорғанбай Әндіровтен қаңтар 1994 жылы жазылып алынған.

**ӘЛЕУМЕТ КЕЛДІҢ АЛҚАЛАЙ** — қарақалпақстандық жыршы-термеші Тұрғанбай Сентрбаевтың айтуынан тамыз 1993 жылы жазылып алынған.

**АБДОЛЛА, ӘБДІХАЗІРЕТТЕРГЕ** — Бейсенбі Әріпұлының, бекілік зейнеткер Асқар Ізжанұлының нұсқалары салыстырылып берілген.

**МҮШТӘРИХ СӨЗ** — жаңа-өзендік Тұрарбек Нұрмағанбетұлының айтуынан жазылып алынған.

#### V. АЙТЫСТАР, СӨЗ ҚАҒЫСУЛАР

**БАЗАР ІЗБАС АҚЫННЫҢ КАШАҒАН МЕН СӘТТІҒҰЛҒА ТИІСУІ** — жыршы Қожали Мекеновтың орындауында жазылып алынған нұсқа мен жетібайлық Қуандық Түйешұлының толықтыруында берілді.

**СӘТТІҒҰЛ МЕН СҮПІР** — ақтаулық Сұлтан Балхаев пен жыршы Жеткізген Сейітов нұсқалары салыстырылып берілді.

**СӘТТІҒҰЛ МЕН СҮПІР** — жыршы Сәду Қайырлаповтың орындауынан жазып алған Қабиболла Сыдықов ұсынады.

**СӘТТІҒҰЛ МЕН ҚҰМАРДЫҢ АЙТЫСЫ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**СӘТТІҒҰЛ МЕН СҰРАУБАЙДЫҢ АЙТЫСЫ** — «Ой толғау» жинағынан алынды.

**СӘТТІҒҰЛ МЕН ҚҰМАР** (екінші айтысы) — «Ой толғау» жинағынан алынды.

#### IV. ЖОҚТАУ, ЖҰБАТУ, КӨНІЛ АЙТУЛАР

**ӘМІРХАНҒА ШЫҒАРҒАН ЖОҚТАУ** — Оразаухан Ізбасарұлы бейнеулік Әддібек Жаманбайұлы, тұщықұндықтық Бейсенбі Әріпұлы нұсқалары салыстырылған.

**АШТАРХАНҒА** — Оразаухан Ізбасарұлы, Әбдібек Жаманбайұлы, Бейсенбі Әріпұлы нұсқалары салыстырылған.

**ТҮМЕННИҢ СӘТТІҒҰЛДЫ ЖҰБАТУЫ** — қарақалғастандық жыршы-гермесі Тұрғанбай Сендірбаев айтуынан жазылып алынған.

**ҚЫДЫРША БАСПАҚКА ЖҰБАТУ СӨЗІ** — шетпелік Нұрдәулет Құдайбергенұлының отбасылық архивінен алынды.

**ЕЛЕМЕСТІ ЖОҚТАУ** — Оразаухан Ізбасарұлының отбасылық архивінен

**КӨҢІЛ АЙТУ** — бейнеулік Сана Таушанұлынан алынған.

## VII. ТАРИХИ ЖЫР-ДАСТАҢДАР

**ОЛ «ИТ ЖЫЛЫ» ДЕГЕН ЖЫЛ ЕДІ** — Оразаухан Ізбасарұлы, Төлесін Көшекұлы, Қорғанбай Әндіров нұсқалары салыстырылып берілген.

**ДОСАН БАТЫР** — Әбдібек Жаманбайұлы, шетпелік Асан Әбдіровтар жариялатқан («Рауан», «Жаңа өмір» 1992 жылдар) нұсқалар мен Оразаухан Ізбасарұлының нұсқасы, «Тоқсан толғау», «Ой толғау» жинақтарындағы және 1939 жылғы ақынның Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының орталық ғылыми кітапхана қорындағы нұсқалары салыстырылып енгізілді.

**ЕСКЕРТУ:** Жоғарыдағы түсінікте көрсетілген күнделікті бұқаралық басылымдарда, өртүрлі жинақтарда жарияланып жарық көргендерден басқа ақын шығармаларын жеке азаматтардан жазып алып осы жинаққа енгізген құрастырушы Жетібай Жықышпыұлы.



## МАЗМҰНЫ

Сыдырқылы Қ. Халық жыршысы .....	3
Жылақышығұлы Ж. Атырау ақындарының ақияғы .....	18
Өлең, толғаулар .....	26
Ыза .....	26
Харазымға көшерде .....	26
Он алтыншы жыл .....	26
Өмір өткелдерім .....	29
Кел, жолдастар, жатпалық .....	30
Нұрлы жол .....	31
Дерек тигелі .....	32
Уа, жігіттер, масықта .....	33
Ленин — асқан данышпан .....	33
Ленинді жоқтау .....	36
Мереке жылы .....	37
Октябрь апты көзімді .....	39
Ұлы Октябрдің 11 жылдығына .....	39
Әйелдер күніне .....	40
Тайыр ақынға хат .....	41
Маңғыстау .....	42
Асыл алмас .....	42
Ленин тіккен туды алып .....	43
Ұстаздарға .....	43
Өнерлі ұрпақ .....	44
Май мейрамын құттықтау .....	44
Алексей Стаханов .....	47
Москваға сапарым .....	48
Алматы сапыңда .....	50

Пушкинге.....	51
Менің отаным .....	52
Каспий ерлері .....	52
Біздің сайлау .....	53
Біздің елдің үшқыштары .....	54
Москва.....	55
Путиннен бас тартушылар.....	55
Украина халқына .....	56
Аты өпкін соғыстың .....	56
Аттанып тұрсың алысқа .....	57
Колхозшы жолдастарға .....	58
Ақ тілекті арнауым .....	59
Амангелді батырға.....	61
Ақындарға .....	62
Біз жеңеміз .....	63
Сталинградтан жау қуылғанда.....	63
Әдіс керек әр түрлі.....	65
Исатай батыр .....	66
Ажарлы екен төлдері .....	68
Үгіт жыры .....	69
Бозапы сапарыңда .....	70
Ұлы мейрам .....	72
Ұлы Жеңіс күніне .....	75
Тоғызыншы ауылда .....	78
Ақсап жатыр жұмысы.....	79
Ұлы Октябрь .....	80
Абай ақыпға .....	81
Социалистік заманым .....	82
«Варбинюк» журналына .....	85
Партия, саған рахмет.....	86
СССР-дың қырық жылдығына .....	87
Арнау .....	89
Халықтың ұлы Қаныпша .....	90
Гурьевтің байлығы .....	91

Бүгінгі Қазақстаным .....	93
Сексен бес .....	96
Маңғыстау — малдың анасы .....	99
Жетібай туралы жыр .....	100
Тоқсанның белесінде .....	101
Әлі де сөзім дөңгелер .....	102
Жас ұландарға .....	102
Тоқсан жастағы толғауым .....	104
Арнау, толғаулар .....	108
Тобанияз хан тұрғанда .....	108
Тобанияз түрмеге түскенде .....	116
Замананың сазына .....	125
Халықтың ұлы Жүбаев .....	129
Саламатұлы Сарбасқа .....	136
Атаңа тартқан сендерсің .....	144
Елден сәлем .....	150
Харазымдағы елге сәлем .....	152
Харазым — дөңнің анасы .....	158
Оталбайұлы Қонарбайға .....	161
Дәулеталы Нәрік Ақбалаұлына .....	163
Бектеміс Қазанғап балаларына .....	167
Есенбайұлы Ақпшбайға .....	170
Ғаныпкен халқына барғанда айтқаны .....	174
Байжанұлы Асар мырзаға .....	178
Алты арсы Қосайға арнау .....	184
Зәкәрия, Шам, Талпақтарға арнауы .....	188
Сәдуақасұлы Нәби мырзаға .....	192
Майлан Аманқұл мырзаға .....	193
Есжанұлы Қанжан мырзаға .....	197
Алпынға .....	201
Адайдың он жеті бай-мырзасына айтқаны .....	204
Есенғалидің Сәттігүлға арнауы .....	209

Есенғалиға Сәттіғұлдың берген батасы .....	214
Төрт назарға арнау сөз .....	219
<b>Аңыздар, әзіл-қалжың сөздер .....</b>	<b>231</b>
Әзіреті Ғалидың құл болып сатылуы .....	231
Мақпал қызға пығарғаны .....	235
Сәттіғұл мен көк ат .....	237
Кенже келін .....	237
Бәрінен де оңдысы .....	238
Қозыны қонақ құртады-ай .....	239
Тұржанға .....	239
Алпынға хат .....	240
Шалаңға .....	241
<b>Насихат сөздер .....</b>	<b>243</b>
Тойбастар .....	243
Әлеумет, келдің алқалай .....	246
Әлеумет, келдің құрала .....	249
Абдолла, Әбді хазреттерге .....	253
Насихат сөз .....	260
Мүпгәрих сөз .....	266
<b>Айтыстар, сөз қағысулар .....</b>	<b>274</b>
Базар Ізбас ақынның Қалаған мен	
Сәттіғұлға тисуі .....	274
Сәттіғұл мен Сүгір .....	282
Сәттіғұл мен Сүгір .....	288
Сәттіғұл мен Құмардың айтысы .....	291
Сәттіғұл мен Сұраубайдың айтысы .....	296
Сәттіғұл мен Құмар .....	300

Жоқтау, жұбату, көңіл айтулар.....	304
Әмірханға пығарған жоқтау .....	304
Алғарханға .....	311
Түменнің Сәттігүлді жұбатуы .....	320
Қыдырша Баспаққа жұбату сөзі.....	325
Елеместі жоқтау.....	332
Көңіл айту .....	337
Тарихи жыр—дастандар .....	346
Ол ит жылы деген жыл еді .....	346
Досан батыр .....	354
Түсініктеме .....	369



**«ПАРЫЗ»**

*ізгілік шағын мекемесі*

**Басшысы**

***Сайын Назарбекұлы***



Мен б. т. м. у. судалсан тэргэл  
Комитетиде зургуун болон  
истеп тэргэл жасту мэдүс  
(1960-61) Солонкын судан  
басмаларнан:

- Воин Солонгон бергээрн  
жал, мнч мнч сурал алданн  
өлөс максална тургалтын

Биде сөбгөн шолондо  
тадн до бир рин Солонгон  
шаргаен чо пайдан асханн  
үшн өр-өр багтанн со  
наблан.

Саян Назарбекчи

Назарбекчи

20.11.1995-н